

84 Казз
420

16184

Мажит Даулебаев

ҚЫЗЫЛЖАР

роман
новеллы
этюды

Мәжит Дөүлетбаев

ҚЫЗЫЛЖАР

РОМАН, ПОВЕСТЬ, ӨҢГІМЕЛЕР

Құрастыруышы: Нарбай ЫБРАЕВ

**„ЖАЗУШЫ“ БАСПАСЫ
АЛМАТЫ—1976**

016184

Д 22 Дәулетбаев Мәжит.
Кызылжар. Роман, повесть, әңгімелер.
Алматы, «Жазушы», 1976.

232 бет.

Жазушы және ақын Мәжит Даулетбаев — 1920-30 жылдар ішінде қалам тартып, қазақ совет әдебиетінің өркен жаюына өзіндік үлес қоскан, артына үлкен мұра қалдырыған көрнекті қаламгер.

Жазушының «Кызылжар» романы, «Партизандар» повесі кезінде жоғары бағаланып, үлт әдебиетінің елеулі табыстарының қатарында санаған.

«Кызылжар» романы — революция алдындағы қала түрмисын, қазақ жұмысшыларының талтық сана-сезімінің оянып, өсүін, Совет әкіметін орнату жолындағы табанды куресін, халықтар достығын шынағы суреттейтін алғашқы туындылардың бір. «Партизандар» повесі де өзінің тақырып, мазмұн бітіммен ерекшеленетін шыгарма. Бір топ ауыз кедейлері бірігіп партизандық топ құрып, жақындал келе жатқан Кызыл Армияга іштеп көмекшілік роль атқаруын автор бейнелі де беделі көрсетеді.

Каз 2

Д 70303 078
402(07)76 8-76

МК
МК

ҚЫЗЫЛЖАР

РОМАН

Ақыра туған ақпанның екпіні долы желге ән салғызып, бозғылт аспанды қара сүр бұлттармен қаптай қойды.

Ақпан ақырды...

Жел-еңірей ұмтылып, аспандағы бұлттарды сендей ағызып, керуендей көшіріп, әлдеқайда — алысқа әкетіп барады.

Ен даланың бетін бүркеген мақтадай қардың үлпегі «жел дамыл таптырмады, мен де көшемін» дегендей болып, кейде еңіреп, кейде айбынданып ыскырып, желден соққы көріп жоғары ытқыйды.

Боран көтерілген сайын желдің үні өзгеріп, екпіні күшейіп, аш бөрі құсап ұлиды. Жайқалған жапырақтардан адыра қалып, қиқы-шойқы болып тұрган қайың ағаштары, бұтақтары тырбыш, құлдырап тұрган бойларымен, күшті боранға қосылып өкіреді.

Қайың аралай өсken өр кекірек қарагайлар андасанда бастарын бір шүлғып қалып, ұлыған жел-боранға кеуде тосып, кезек күткен батыр тәрізденеді.

Жел ұлиды, қалың орман өкіреді.

Қара сүр бұлттар аспан шарықтап, түксііп, бірін-бірі қуалап айдал барады.

Құлағы қалқыған, қүйрығы шолтиған бадырақ көз қояндар секектеп, бір қуыстан-бір қуысқа, бір ағаштан-бір ағашқа көшіп қонып жүр.

Әлденеше күндерден бері қорек таба алмастан, тілдерін салақтатып, тентіреп жүрген көкжал қасқырлар да, көрінген тәбешіктеге шоқиып отыра қалып, сүйір қара тұмсықтарын жоғары шүйіріп, қарды үйитқыта серпіп, көкке қарап ұлиды.

Қасқырлар ұлиды, жел де ұлиды...

Сібірдің бір кездердегі ашулы қысы, міне, осындай еді!..

II

Қалалық полиция бастығы Григорий Медведьевтің бұл жексенбіде «катаитсага» жеккен қос қара жоргасы бүгінгі тамашалаган жүрттың барлығын да таң қалдырыды.

Үлкен көшениң екі жақ бойында жүрт симай тұрды. Мұнда барлығы да бар. Кекшіл шенелді, алтын, күміс пагонді, қабагынан қар жауған чиновниктер де, жандарм офицерлері де, казак-орыс бастықтары да, екі тышқан жағалы тиін ішікті үлбірек әйелдер де, бойжеткендер де, тұлкі тонды, бүйра бөрікті қазақ, ногай, орыс байлары да, саудагерлері де бар. Ұсақ заводтың жұмысшылары да, қаланың кедейлері де, ауыл-ауылдан қалаға сыйтак, тері-терсек, шөп, отын, жүн-жүрқа әкелген қазақтар да бар. Бала да, шаға да бар. Жіккіж болып тұр.

Сейткен самсаған халықтың ішінде, жаңағана тік-тіріп киген қызыл мақпал тысты тымағын басынан асыра көтеріп, айғайлап, тыптыршып қалып тұрған дембеліше бір қара бұжыр жігіт көрінді. Аяғына киген бастама көнетоз етігіне, түте-түте болған байпағының қонышына, үстіндегі қолдан илеген қаудыр сары тонына қарағанда, бұл жігіттің не бір құнсыз байдың мырзасы екендігін, не биылғы жылы бір тымаққа жарыған кедейдің баласы екендігін еске түсіреді. Екі көзі тесірейіп, табанымен қарды түйгіштеп, шапқан, жоргалған аттардың тұяғынан көзін алмай, ұшып кете жаздал тұрды.

Қасында тұрған қазақтардың біреуі:

— Апырмай! Мынау байғұс бірдеңеге соқ болар ма екен? Анау қос жоргалардың тұяғы дамыл таптырмай тұр-ау!— деп, маңайдағыларға қарап езу тартты.

Қара жоргалардың артынан ілесіп, жалғыз торы

жорғамен қаланың жақсы ат ұстаган ногай «Шәріптің Шәкірі» деген біреу өтті. Халық оған да таңданды.

Қаз дауыстылау келген үзын бойлы сары қазақ, түлкі тымақты қара жігітке жақындай түсіп:

— Шіркін, қара жорғалардың жүрісі-ай! Пай-пай-пай! Жүрісіне көз ілеспейді! — деді де, жауырынға қағып қойды.

— Біздің қолға түсер ме еді... Ақ көбігін шұбыртар едік! — деді анадай тұрган біреуі.

— Тәйір, торы шолағыңды баптап ұстап, енді жорғасы қалып па? — деді сары жігіт.

— Арғы атаң Байсалбайдан бері жәнді мал бітіп көрмеген қу сұғанақ еді, енді саған жорға қайдан бітеді? — деді, кейіндеу тұрган бурыл сақалды бір шал, күркілдей беріп.

Қара жігіт ешқайсысына қараган жоқ. Қара жорға қарсы алдыннан өткен сайын, тымағын басынан асыра былғап, қиқу салып қалып тұрды.

Күн төмен сырғанап, қаланың биік үйлерінің сыртында, қызара бөртіп, шоқтай жайнап тұр. Көшениң кейбір бұрыштарындағы фонар орнатқан бағаналардың қасына фонар жағушылар келіп, жогарыдан фонарды бұрып түсіріп, май құйып, жағуға қамданысты.

Бірнеше рет олай-бұлай желдіртіп өткен кезінде түлкі тымағын былғап қалып тұрган қара жігітке қарап Медведьев бетін тыржитты, қабағын түксітіп жерге түкіріп қалып отырды.

Қос қара жорғаның артынан, қалай өтсе де ілесе желіп отырған үш құла ат еді. Үш құланы жеккен кашева шанада кілемді сыртына қайырып тастап, Медведьевтің әйелі, бала-шагасы отыр.

«Ардақы тәренің» мегежін-бөлтіріктерін көшеде домалатып алмайын деген кісіше, алды артына жалтақтап, шананың алдында ат ұстап Найманбай отыр.

Медведьев: «Қос қара жорғаны өзім бір жүргізіп көрейін, әйтпесе сен скотина киргиз, жүрісінен жаңылдырасың. Бала-шаганың мінген шанасына отыр. Байқа! Құлатып алсан, моржаңды быт-шыт қыламын!» — дегеннен кейін Найманбай бүгін үш құланың божысын ұстап еді.

Қара жорға әлден уақытта ызғытып келіп, қазақтар тұрган бұрышқа жетер-жетпесте, тып тоқтай қалды. Городовойдың бірі, Медведьевтің қасына дереу

жетіп келіп, қолын көтеріп тұра қалды. Медведьев қою мұртының қораздана сипап, городовойға кіжіне қарап, шананың устінде отырып тепкіленіп:

— Сен, мошеник, городовоймысың? — деді городовойға.

— Так точно, тақсыр... Гор-радовой,— деді қарның шертітіп тұрып городовой.

— Не қарап тұрсың, сволочь!

— Кө-кө... көшени, тақсыр.

— Қашан қарадың, ақымақ?

— Бу-бу... бүгін, тақсыр.

Найманбай тройкені айдал желдіртіп өте шықты. Шанада отырган қатын, бала-шага қарай-қарай өтті.

Городовойдың көзі жымыннады. Мас кісідей сенделді, ерні бұлкіл қағып қоя берді.

— Сен итсің, городовой емессің! — деді Медведьев.

— Так точно, тақсыр,— деді городовой.

— Әне, қарашиб! Скотина киргиз бәрігін былғап әрі үріктіріп, әрі начальствоны мазақ қылып тұр. Сен оны неге көрмейсің, каналья!

— Қөремін, тақсыр.

— Қашан қөресің?

— Қазір қөремін, тақсыр.

— Жөнел жылдам! Марш!

Медведьев сол сөзді айтып, атты бір салып, қос жорғаны тербетіп кете барды. Ол көзден жогалғанша, городовой көтерген қолын тәмен түсірген жоқ. Қаққан қазық құсап аңырайып тұрып қалды.

Көшениң жиегіндегі сырғанақ теуіп жүрген бала-лар, көшениң ортасында қол көтеріп қақып тұрған «тәртіпшіні» түрліше сөзben мазақ қып барады.

— Господин городовой, қарның есіп барады, жарылmasын.

— Эй... эй!.. Ал, ат басты!

Сөйдегендегенде-ақ городовой селк етіп, қолын тәмен түсірді, екі өкшесін сарт еткізіп, жалт бұрылды.

«Тәртіпші» сабаз тауықтардың қоразы құсап, аяғын ірі-ірі аттап қазақтарға таман келе жатыр. Мұны байқаған адам жоқ. Жалғыз-ақ манағы балаларға ізінше қарап, мазақтап күлісіп қалды.

Городовой жетер-жетпесте, манағы қара жігіт желдіртіп етіп бара жатқан шаналыларға қарап, етіп кеткенше тымағын басынан асыра былғап қиқу сала

берді. Городовойды ешқайсысы байқаған жоқ. Городовойдың оған көзі түсті. Көзін жылық-жылық еткізді. Ұры мысықша еңкейіп келіп, тымақ былғап тұрган қара жігіттің білегінен шап беріп ұстай алып еді, жігіт жалт бұрылды:

— Өй, қоя бер! — деді шегіншектей беріп.

— Начальствоны сен неге мазақ қыласың, ақымақ?! — деді городовой.

— Эй, мынау не дейді? — деп қара жігіт қасындағыларга қарады.

Не дегенін естіген адам жоқ, городовойдың екпінін көре сала маңайындағылардың кебі шетке серпіліп еді.

— Эй, ағатайлар-ау! Мына немемен сәйлесіндерші? Менің қолымнан неге ұстап тұр? Қараңдаршы? — деді қара жігіт, төңірегіндегілерге қарап.

— Начальствоны мазақ қылдың, атын үркіттің... Давай малақайды! — деп городовой малақайға жабысты.

— Е, неге беремін?

— Давай, скотина, арда, сволочь, киргиз.

— Жоқ, не дабай! Менікі емес...

— Менікі незнайт. Давай! Ату, каталочкеге жұр!

— Бармаймын да, бермеймін де... аулақ жұр, өзің!

Осы не қыл деп тұр өзі? — деп жан-жағына қаранып еді, түте-түте жаман тұлыш киген бүкір шалдан басқа таныс ешбір адам көрінбеді.

Жақсы киім киген мырзалар, көгендеулі қой құсал, екеу-үшеу бол ағылысқан қаланың тоғышар-обывательдері, тымаққа таласқан қазақты кекете күліл, етіл барады.

Бүкір шал «әне-міне» деп городовойдың қасына жақындаі беріп еді, городовой қылыштың сыртымен ұрып, қуып жіберді.

— Сол құрғыр тымақты сұрап тұр ғой! Берші! Бастан құлақ садаға! Берші, — деді, кейін барып сүмірейіп тұрган бүкір шал.

Городовой тымақты қолына қысып, жұдырықты бұлғандатып кете барды. Қара жігіт екі құлагын уқалап төбесін сипалап қала берді.

Көшениң фонарлары тегіс жағылған, үй-үйдің шамдары да терезелерден қылтиып көріне бастады.

Батқан күннің қызыара берткен алабы, ақырындағақырындал қара қүренденіп, ұсақ-ұсақ бұлттар ерткен

қорғасын сияқтанып тұрған аспан-көктің бетін, жоғары өрлеп бүркеп барады.

Көшедегі жұрттың біртіндеп азая бастаған кездері еді.

Ат желдірген үлкен көшениң бір жақ жиегімен жүріп бара жатып, екі құлағын әлсін-әлсін уқалаган қара жігіт бір фонардың жарығында қоңырауы сылдырлап, аяңдап бара жатқан тройка атты көрді. Тройканың шанасындағы ақ тышқан жағаны, тиын ішкіті, қара қалпақты, басындағы қызыл мақпал тысты тымақты көрді.

Қара жігіт тымағын таныды.

— Анау менің тымағым ғой! — деді қасындағы бүкір шалға.

— Көне, — деп бүкір шал бұрылыш қарағанша, тройка ат ете шықты.

— Қап! Қере алмай қалдыңыз-ау! Әй, иттің ғана балалары, тымағымды иттің басына кигізгені несі?! — деді өз-өзіне қара жігіт.

Бүкір шалмен екеуі, пәтер түскен үйлеріне жеткенше бір-біріне сөз қатқан жоқ. Әлден уақытта қақпасының алды мен қорасының іші шөп, отын, тері-терсек, артқан шаналармен лық толып тұрған тәпелтек есік бір ағаш үй көрінді.

Қара жігіт сол үйдің қақпасының алдына жете беріп, сарғайған екі құлағын уқалап сырт бұрылды.

— Ата, әлгі ит менің тымағымды не қылмайсың деп алды? Түсіндің бе? — деді шалға.

Бүкір шал он-он бес адымдай жерде теңселе басып, талтаңдап келе жатыр еді.

— Не дейсің? — деді, басын жоғары көтеріп алыш қара жігітке.

— Әлгі итті айтам-ау?

— Е, анау ма?

— Ия, тымағымды неге алды осы?

— Е, шырағым-ай, неге алды дерің бар ма? Аңғал кезді, аңқау халықпаз ғой!.. Не көрмей келеміз? Ай, шіркін-ай! — деді бүкір шал, төмен қарап ауыр күрсініп.

Қалаши түсірген үй — екі бөлмелі. Төрғі үйде бес жаны бар үй иесі Салақи абзи жатады. Қалған бір бөлме қалашылар үшін арналған. Екі бөлменің екеуінде де үй жасауынан көзге түсерлік дәнеңде жоқ. Үй иесі жататын бөлмеде ағаш қерует үстінде бүктеулі

ескі көрпешелер. Ескі кір-кір жастықтар. Ортада төрт бұрышты биік үстел, жағалай сынған, бұлінген срындықтар. Отыра кетсең, жалпия түседі. Төр жақ қабыргада сынған, беті теңбіл-теңбіл ескі айна, сауыт-саба жинастырган шкаф. Еденде қырық құрау ескі кілем. Ас үйдің еденіне шөп төсөлген, үсті түте-түте киіз.

Далаға шығатын үйде ас пісірлетін болғандықтан үйдің іші бу, тұтін. Есік ашылса, даладағы сұық батпандап кіреді.

Қара жігіт мана шай ішерде бастаған әңгімесін жаңа тауысты. Сондағы әңгіме ғып отырганы: «катайтса» күнгі көшедегі ығы-жығы көп халық, шабысты, желісті аттар, өсіреле қос жорға.

— Бұрын қалаға келіп көрмене пе едің? — деді үйдің бір жақ бұрышында жанбастап жатқан бөтен елдің бір қалашысы.

— Келіп көріп отырганым осы. Қала тұрсын, сонау өз аулымыздан он-он бес шақырым отырган орыс поселкесіне де барғамын жоқ. Бар көргенім — кісі қолында жалшылық, жер жырту, егін егу, мал бағу, қора-қопсы бүтіндеу, — деді қара жігіт.

Салаки абзидың әйелі Бәдірниса жеңгей қазан қайнатып, астың қебігін алғып, от басында жүр еді. Қазаның қақпағын көтерген сайын, астың буы бұрқырап, төбеге соғылады. Даладан кіріп келген адамға үйдің ішіндегі адам көрінбейді, дабыр ғана естіледі.

— Қаланды көргенім былай тұрсын, жаңа тіктіріп киген қызыл мақпал тысты тымағымнан айрылдым, — деді қара жігіт.

— Е, не ғып?

Тымақтан қалайша айрылғандығын, екі құлағын әлсін-әлсін уқалап үйге қалайша қайтқандығын, тымақты ең аяғында кімнің басынан көргендігін әңгіме ғып берді. Дабыр күшнейді. Әркім әр жақтан кимелеп, тымақты сөз ғып кетті.

— Өй, атама оларды! Бұл... Бұл городовой дегениң — бұзылған ит.

— Жалғыз городовой ғана емес-ау, онан жоғарылар да...

— Сол иттер емес пе, түнеу күні қалага әкелген бірнеше қойдың стагін «печать басқызбапсың» деп әуре қылышп... каталачқага сүйреп... Аяғында әрең құтылғам.

— Көрінген біреуі дікеңдейді.

Пештің қасында жүрген Бәдірниса жеңгей де қосыла кетті. Қаланың надзиратель, городовойларынан о да зарланды. Қәшеге қар төккізбейтіндігін, пара сұрайтындығын, үйіне түсken қалашыларға дамыл бермейтіндігін, «законнан» тыс штраф салатындықтарын, каталачкамен қорқытатындарын, тізбектеп айтты келіп:

— Қаһар соққан абыралінікі шул енді, ашау, кіші қанын ішу, лағнәтлар!.. Әлі, міне, көрші қорада пәтер тұра тұрған Мақсұт ишімлі рабошыны үйінен үстіреп шығарып, ит орнына сойдылар, кәшеге қар төккөнсін деп. Бір жұмға бальница ятып шықты. Тири заводында ішли тұрған еді, міскін қатын, балалары бір жұмға аш отырдылар. Көрші тирәдәгіләр гінә мұсылмандық шарапаттинә аш кртіп, бальница ятқан. Мақсұтнің қатын-балаларын тойдырып тұрды. Қойыңыз енді, бу қаһар соққан городовойларын да, нәзәрә-тіләрін де, тағы әлле ниләрін!.. Рабоши дисә, шәпләрі урә тұра, көзләрі шақмақ қатлі бола,— деп қойды, астың бетін сапырып алып. Бұл жерде қарғыстың, зардың кебі надзиратель, городовойларға ғана төгілді. Қаланың басына мініп отырған жандармдар, полиция начальниктері, чиновниктер, офицер-атамандар, ауыздарына түспеді. Өйткені, бұлар жоғарғы орында отырған патшадан былайғысын өкім деп үғынатын. «Көкте құдай, жерде патша» деген қараңғы ойды ғана білетін.

Қазандағы ас әлдеқашан түсіріліп, ішіп, желінген. Қалашылар біртінде далаға шығып, көліктерін жайласып келді. Кішкентай ғана шам жоғарғы пештің бір жағасында қылтиып жанып тұр. Бәдірниса ыдыс аяқтарды салдырлатып, қазандағы жылы суга салып, тазалап, ас үйдегі шаруасын бітіріп, ішкегі үйге кірді.

Басы жастыққа тиген қалашылардың біреуі қорылдай түсті. Жалғыз қара жігіт қана ояу отыр. Оның кезінے әлденелер елестеді. Ол әлденелерді ойланды.

«Тымақ?!.. Ол кімдікі? Менікі, жоқ менікі емес, кісінікі. Қалайша кісінікі болады?.. Түлкіні өз қолыммен соғып алғам... Мінген үшқыр ат байдікі. Байдың сал бексе баласынікі... пуліс тыс қана оныкі; тігіп берген — жесір қатын Қадиша. Жоқ менікі де емес, байдың баласынікі де емес!.. Енді кімдікі? Кім күшті болса сонікі. Кім абыройлы, атақты, дәүлетті болса сонікі. «Мынау қаудыр тонға тұлкі тымақ дөн келмейді екен» деп кім көрінген айтып жүрген жоқ па еді?..

Кішкене, кішкене тұра тұр!.. Жас жиырма бірде... Сегіз-тогыз жыл жалшы. Әкені де, шешені де білмеймін, бала күнімде өлген... Жесір қалған апамды ғана, Қадишианы ғана білемін. Сегіз-тогыз жыл!.. Соңан бергі тапқаным қайда?.. Менің өз шаруам, өз дүнием қайда?.. Жоқ... Енді қалага келемін. Қала байына жалданамын... Ақымды елдегі байдан түгел аламын. Түгел!— Құнанышығар... Тайынша, ту қой... киім-кешек...»

Қара жігіт ойды ақырын өршіте келіп, көзі кіртіңдеп, жұмыла берген соң, үйқыға ерік берді. Біраздан соң үйқы сабалап, қорылдағандарға еріп кете берді.

Шамның көзі қысулы. Үйдің іші қара көлеңке. Қара жігіттің қасындағы бүкір шал кеудесін тыр-тыр қасып, ыңырсып, үйқылы-ояу түрде:

— Атымтай, даладағы аттарға көзің салдың ба?— деп қасынып аунақши түсті. Қара жігіттің аты Атымтай еди.

Шалдың ол ыңырсығанына үйқыдағы адамдардың қорылдарынан басқа жауап болған жоқ.

III

Кірпіш сарайдың батыс жақ сайындағы жиырматызы шамалы үйлер Кірпіш сарай аталады. Өйткені, кірпіш істеп шығаратын завод сол сайда болатын.

Кірпіш сарай — қалашығы ежелден кілең жұмысшылардың, кедей адамдардың үйлерінен құрастырылған қала. Басында Домбай дейтін шалдың атындағы қала боп журсе де, бері келе жұмысшылардың дені кірпіш заводындағылар болып кеткендіктен, жұрт оны Кірпіш сарай атап кеткен.

Жебірей тауы дейтін таудың биік жарын бойласп төмен қарай түссең-ақ, алдыңдан мыжырайған кішкентай-кішкентай лашық үйлер кездеседі. Қай үйлердің болса да белдеуі жердің астында, құр бір-екі әйнегі ғана жердің үстіне қарап, жылтырап тұрады. Тіпті кейбіреулерінің әйнегі тәбесінен шығарылған. Сыртынан қараганда, бұл үйлерде адам тұрады деп ойлай-тұғын емес. Сықырлап есігі ашылса, қарайып кісі көрінсе, сонда ғана барып мұның да адам тұратын басспана екендігін білесін.

Бірақ жоғарғы қалада тұратын адамдар Кірпіш сарайдың тұрғындарын адам қатарына қоспайтын, «ұры-қарының ұсысы» дейтін. Малдары жоғалса, шұ-

бырып городовой, надзиратель ертіп Қірпіш сарайдағы үйлерді тінтетін.

Осы сияқты қауессеттердің салдарынан, жалғыз жарым адам Қірпіш сарай көшесінен кешке тұрым жүрмейтін болып алды.

Өйткені, Қірпіш сарай төңірегінен кейде жоғалған мал да, өлтіріп тастаган адам да табылып жүрді. Осының барлығын да жұрт сай астындағы адамдардан көрді.

Сейткен Қірпіш сарайда, Телегин дейтін орыс байының сабын заводы қасында, сыртын қызыл балшықпен сылаған кішкентай гана бір лашық үй көрінеді. Айналасы белетенмен қоршаулы. Бұл үйдің көше жағында сығырайған екі кішкентай терезесі бар.

Бұ — Қылыштың үйі.

Қылыштың бастапқы әйелі Қаныштың баладан қайтыс болғанына екі айдан асқан. Қаныштан Қылыштың қолында бір жасар ер бала қалып еді. Оны күтетін Қылыштың қолы жұмыстан босамағандықтан бала да, Қылыш та көп азап шекті. Қылыш таңертең шыққаннан күн бата бір-ақ қайтады. Ол екі ортада баланы күтіп, тамағын беріп, мезгілінде тәрбие көрсетіп отыратын адам — көршідегі бір үйдің көрі кемпірі Бибиханым болды.

Қылыш екінші жар-жолдас тапқанға дейін Бибиханым баланы өз шешесіндей күтіп, ең аяғы жұмыснан арып-шаршап қайтқан Қылыштың да тамағын өзірлең беріп тұрды.

— Қылыш, шырағым, ана болмағаннан кейін баланың да бабы келмейді. Жүдеп жүргенін көрдің бе?.. Шырағым, көңіліце ұнаған біреуді ал. Тым болмаса, сәби баланың көзі ашылсын. Шіркін-ай! Қаныш марқұм қандай еді!.. Құдай тек ақырының қайырын беріп, жалғыз балаңды тәрбиелеп, күтіп, өсіріп, қызығын көруге жазсын! — деп Бибиханым ауық-ауық көзінің жасын сыйып алатын еді. Қылыш онда:

— Әже, сіз енді ауырсынбай біраз баға тұрыңыз, ренжітпеспіз. Қайтейін... Қарап жүргенім жоқ. Өгей шеше өз шешесіндей болмайды гой!.. Сонда да... Шеше аты бар, тәуір болар еді. Азырақ шыдаңыз, көрейін, — дейтін.

Сөйтіп жүрген Қылыш бүр күні кешке дембелшелеу келгей таспа белді бір қара торы әйелді үйіне ертіп ала келді.

Бибиханым баланың бөстегін жуып жатыр еді.

— Эже!.. Мынау бір шүйке басты өкелдім. Қөңіліме ұнағаны осы болды. Қелініңізбен танысыңыз!— деді Қылыш, үсті-басын шешіп жатып, міңгірлеп.

— Құтты болсын, құтты аяғымен келсін! Қане, шырағым, келін, жоғары шық. Бүгінше қонақсың. Ертеңіне өзің билеп әкетесің гой!— деп кемпір жаңа келіншектің төңірегінде шырқ айналды.

Жаңа келін қаймығып қарап отырған жоқ, біраздан кейін үйдің ішімен танысып, кез үйретіп алғанинан кейін, үйдің ішін жинастыруға кірісті.

— Ойбай, қарағым, келін, отыр. Бүгінгі міндет менікі. Отыр!— деп кемпір келінді орнынан тұргызыбай қойды. Ол екі ортада бала жылап еді, жаңа келіншек баланы жұбатты.

Тамақ ішіп отырып үшеуі әңгімеге кірісті.

— Шырағым, елдікімісің, қаланықімісің?— деді кемпір жаңа келіншекке.

— Елдікімін.

— Руың қай ел?

— Бәсентиін... Қүйеуім бар еді. Былтыр тиғем, жіңішке аурумен ауырып, елдегі бақсы-балгерлердің барлығына қаратып, онаң дәнене болмаған соң, қаланың ләктіріне әкелгенбіз. Асқынып кеткен ауру екен, больницада жатып дүниеден қайтты. Осында тиірменде жұмыс қылышп җүрген біздің елдің бір адамы бар еді, сонда жатқамыз. Ол адам бұл кісіге таныс екен... Сейтіп, дәм жазып келіп отырмыз,— деп келіншек Қылышқа қарады.

— Эже! Қалада болмаған кісі!— деді Қылыш кемпірге.

Кемпір басын изеп, аузын сылп еткізіп:

— Е, байғұс-ай!.. Үйренеді ғой әлі. Қөндігіп алғанша гана. Келін, шырағым, атың кім?

— Кәтіш.

Кәтіш сол күннен бастап Қылыштың жар жолдасы болды. Қылыштың үйіне келгенінің екінші күні тиірмен жұмысшысының үйінде қалған көрпегестарын, киім-кешектерін барып әкелді, жұмысшының әйелі бірге ере келді.

— Қылыш! Қосағың қайырлы болсын! Тойларыңды қашан көреміз? Әлде үндемес бола ма?— деді тиірмен жұмысшысының әйелі Құмісай.

Қылыш қарқ-қарқ күлді.

— Осы алдағы жексенбіге шамадан келгенше тырысып байқармыз,— деді Қәтішке қарап.

Қәтіш жымия қойды.

Жексенбінің кешінде Қылыштың кішкентай лашығы кісіге лық толды. Айналдырган он екі-он уш кісі тауықтың ұясындай ғана үйге көп сияқты көрінді.

Жоғарғы қаладан: гармоньшы Матаій, скрипкашы Александр; тері заводынан: Громов, Мақсұт; Мынауныйдан: Балта, Балтаның әйелі Ұмсындық; тиірмен жұмысшысы Қабыл, оның әйелі Қумісай; Кірпіш заводынан: бір-екі жұмысшы, көрші-қолаңдар отырды.

Әйелдер бірыңғай, еркектер бірыңғай шықты.

Гармон мен скрипка қосылып, татардың «Зиләйлук», «Баламишка» дейтін күйлерін еніретіп жатыр.

Скрипкашы кірәшін Александр той болған жердің қайсысында болсын, аңы дауыспен айтатын «Добрый вечер, господа!» дейтін өлеңін айтуда кірісті. Сары сепкіл беті қызыарынды, шегір көзі қысылды:

Добрый вечеръ, господа,
Там же ляй-ай...
Шей ішебіз бақшада,
Там же ляй-ай...—

деп шиқылдалп қоя берді. Басы айналып, көзі қызыараңдал, кірәшін Александрдың жырын тыңдалп отырған Громов «господа» деген сөзді естіген соң-ақ селк етіп, ұшып түргелді: «Ы-что-о?.. Господа? Оныңның бізге не керегі бар? Жырла... шырқа!.. Бірақ байқа! Мұнда господалар отырған жоқ, рабочилар отыр. Сенің господаның келер пайда жоқ. Халық жырын, еркіндік жырын, шаттық жырын жырла! Господаның керегі жоқ. Сонау түкпірде, тайгада сен білмейсің гой. Эне, олар господалардың тепкісінде жатыр. Вот саған господа!.. Ah, сен антирған!— деп, басын қайқаңдатып, көзін ашып-жұмып отырған Александрдың қасына Громов жетіп барды.

Гармон тыңды, Мақсұт Громовтың білегінен шап беріп ұстай алышп:

— Громов! Саған не болды?— деді.

— Дәнеңе жоқ... Тәбелескелі тұр деп ойлама! Бірақ господалар туралы жырлаганның керегі жоқ, керегі жоқ! — деп Громов басын ұстап орнына келіп отырды.

Мақсұт Громовпен недәуір сәйлесті.

Өлден уақытта Громов Қылышты шақырып алыш,

Мақсұтқа қарап (өйткені Қылыш орысша тілді аз ұғынатын):

— Сен Қылышқа айт, мені кепсін. Мен тәбелесуғе ойлағам жоқ. Неге мазасызданданғанымның мәнісін өзің білесің ғой! — деді.

Мақсұт Қылышты даға шығарып алып:

— Қылыш! Громовқа син әбижатса етмә. Ол сиңдән ғапу өтінірге қошты. Александр господалар хақында жырлады. Бит господалар алар: байлар, бәйбитшәләр. Алардан біз бірдә рәхим көрмибіз. Шоңарға ол біраз қызып алды. Әбижатса етмә! — деді.

Қылыш күлімсіреп:

— Қой, ол не дегенің! Мен оған неге әбижатса етейін. Баймырзадан қайсымыз болса да игілік көргеміз жоқ. Ондай болса, Александрдың жырының керегі жоқ, гармонь ойнаса болғаны. Жарайды, Громовқа айт, мен оған қайта рахмет айтамын, — деді Қылыш Мақсұтты жетелеп ішке кіре беріп.

Бал-сыра жағалай үлестіріліп, стакандар бірінің артынан бірі босатылып жатыр. Отырғандардың шекесі қызыды. Бір бұрышта отырған әйелдер де көңілденуге айналды. Ұмындық білегін сыйбанып, қонақтарды сыйлауға мықтап тұрып кірісті.

Кірпіш сарай жұмысшысы бір татар жігіті түрегеліп, мықынын таянып, қолына стаканды ұстап, теңсөліп, оң аяғымен еденді тепкілеп:

Сүйәлгәнсің шатта бағанаға,
Япырақ түслі сары қозларің.
Қызғанимша халім шыди алми,
Бигірек мұнды қари күзләрің...

деп татардың «Зиләйлүк» дегенін шырқап қоя берді. Отырғандар:

— Тептір, Хамит, тептір! Дүниесі айналсын!

— Вот хорошо, вот песне молодец!

— Соқ, Хамит, соқ! Кірпіш қалағандай соқ! — десті.

Әйелдер жағы сақылдап күлді. Жалғыз-ақ Кәтің қана көзі мәлдіреп, әркімнің бетіне бір қарай береді. Оған бұл жиын біртүрлі жат, жаңа, өзге көрінеді. Оның көңілінде — ауыл, көзінің алдында — қала. Оның қалаға келген бетінде көріп отырғаны, міне, осы. Бірінші қызығы да осы. Жас еді, есті. Сылдыр қақты, еркеледі... Шәлі жамылды, жылады. Әлденеткен жылы

құшаққа кірді. Баста барлық тамыры тартып, қол-аяғы тырысқандай болды. Бірақ бір ғана түн сөйтті. Артынан бір-екі күн денесі сал-сал болып жүрді. Оナン соң үйренді. Кешті сағынатын болды. Бірақ, бұл ұзаққа бармады, жылы құшақтан айрылды. Құні-тұні ыңырысыған аурудың, мола сасыған сасық иістің қасында болды, ауру бақты... Көп азап шекті. Оның құлагынан ыңырысыған дыбыс әлі кеткен жоқ, кейде көзінің алдында аппақ қудай болып, көзі илбіп, жағы суалып, серейіп жатқан бастапқы күйеуі ерекше елестейді. Ол елестегенде Кәтіштің жүргегі мұздай болады.

Осылардың барлығын ойлап, Кәтіш отырған жүргіца қарады.

Күлкі... Ойын... Шаттық...

«Шіркін, тіршілік! Үнемі осылай өтер ме еді?»— деді ішінен ауыр күрсініп Кәтіш.

— Кәтіш, ал!— деген дауысты естіп басын көтеріп қараса, Ұмысындық стакан ұсынып тұр екен.

— Ал, Кәтіш, өз қуанышың, өз бақытың үшін ал! Бұл қала қымызы болады!— деді көңілденген тұрмен Ұмысындық.

Кәтіш стаканды қолына алды. Ішіндегі сары. Қою, иісті. Мұрнына алып барып, кеудесін ұстай қойды.

— Ишіп көр!— деді Қылыш артына айналып қарап.

Кәтіш көзін жұмып қағып салды. Онша қорқынышты дәнеңесі болған жоқ, дәмі тәтті-ақ!

Кәтіш оны да үйренді, әрі-беріден соң қасында отырған әйелдермен стакан қағыстыруға айналды, көңіл көтерілді, жүргегі тебінді.

Тыста ай жарық, кішкентай ғана сығырайған тере-зеден көше, аспан көгілдірленіп көрініп тұр. Көшеде жолдың беті, ай сәулесі түскен жер меруерт төгілгендей түрленіп, құбылып жылт-жылт етеді.

Қылыштың үй ішіндегі айқай, у-шу көшениң арғы жағынан құлақ қойған адамға әлдеқайдан талып келіп естіледі.

Жақында паровоздың да дауысы құлаққа келеді. Бұл — шойын көпірден бері қарай өтіп келе жатқан тұнгі поезд.

IV

Бұқпан Көмееев нотариустерге, сол күнгі чиновниктерге, қара халыққа өзін-өзі: «Көпес Тритай Гелди» деп танытатын. Шынында, ол мақтаншылық па, рас

па, оны Бұқпан отағасының өзі білетін. Бұқпан отағасы осы күнге дейін ол атағын жоятын көнілі жоқ, ол атақ маңдайына басылған мөр сияқты көрінетін.

Бір сандық жатқан Бұқпан отағасының қағазда-рында, вексельдерінде әр екі жазудың басы орысшала-ғанда: «Господину киргизскому купцу Тритай гелдий Букпану Комеевичу Комееву» деп келеді. Неше түрлі төрелердің қолы Бұқпан отағасының қағаздарынан табылады. Бұқпан отағасының өзі әліпті таяқ деп біл-мейтін надан адам. Бірақ оның саудасы жалғыз Ресей байларымен ғана емес. Ағылшын, американ, неміс байларымен де үзілмейтін. Петербордағы Иван Иванович бай арқылы Бұқпанның саудасы шетелге де шығып кетіп еді. Бұқпанның ірі саудасы: өгіз, тері-терсек, қыл-қыбыр... Әсіресе, өгіз жағынан Бұқпан отағасының беделі Ресей байларына, әрі асса шетелге «ардақты» болп кетті. Бұқпан отағасының конторке үстелінің үстінде шетелден, ете-мөтө ағылшын кампанды Бойль Джексон мырзадан келген мәнерлі кәмпитеттердің сыртында Бұқпан отағасының аты сырлы жазумен жылт-жылт етіп: «Пор Россия. Компаниян Anglo-ros. Пормейстр Вухван Коммей»... деп тұратын. Бұқпан отағасы мұның біріне де түсінбейді. Хатшысы чинов-ник Метрееч:

— Ағылшын байынан... — деп аузын ашса болға-ны, Бұқпан отағасы қарқ-қарқ күліп, Метреечті арқа-ға қағып:

— А... А... Знай... Баил Жексон... Баил Жексон... 500 өгіз. Ие. Білем,— деп қоятын.

Бұқпан отағасының ұзын түркү: бойы бір жарым кез және бір сүйем, кебеже қарынды, ешкі сақалды, торсық бетті, түйе табанды, аяқ-мойыны қысқа (тіпті мойын да жоқ!), салпиган бұғақты, есек құлақты, тыр-биган семіз саусақты, түкті білекті адам

Сөйлемейді, мөңгірейді, мөңіремейді екен, бақыра-ды — дауысы сондай.

Бұқпан отағасының данқы байлық жағынан қан-дай күшті болса, құнсыздық жағынан онан да жаман жексүрын, онан да жаман қомағай сарац.

Үстіне киғені: көйлектің сыртынан жеңсіз қамзол, дәл кеудесінде үлкен дорбадай болып қалтасы тұрады. Оның ішінде атам заманнан бергі майланып, тер іісі сасып тұрган бүктеме былгары күмәжник, бір жақ ернеуінде дәрет алғанда аузын шаятын жуан месуегі

тұрады. Оң жақ қеудесінде бауын ілгішінен былай қарай салбырата байлаған күміс сағаты бар. Аяғында — будан екі жыл бұрын Ірбіт жәрмендесіне барғанда өкелген жылтырауық мәсі. Ернеуі сөгіліп, шажамайынан жоғары сары былгарымен бір-екі жері жамаулы. Шалбарының, көбінесе, бір қонышы ішінде жүреді де, бірі сыртында тұрады.

Бұқпан отағасы қала ішінде, көбінесе, жаяу жүреді. Жаяу жүрсе де, ат пен жүрсе де мінезі сол, жерде жатқан ескі темір-тұмырды, таға, жіл, шеге сияқты нәрселерді жия жүреді. Ең аяғы, көшеде ұшып бара жатқан қауырсын, қағаз болса да бұлкілдеп қуып жүріп алады, не кісі бойынан жоғарырақ жерге қояды. Әсіреле, қағаз көрінсе, жұмарланып жатса, оны жазып, оны тәптештеп қалтасына салады. «Мұныңыз не?»— десең; «Алланың есімі жазылған» болады. «Қағазда Алланың есімі болады, шырағым»,— дейді.

Атпен бара жатқан кезінде, екі көзі арбаның жетегінде, аттың бекесінде болады. Аттың түгі жерге түссе де, не құйрығынан бір тал түсे қалса да, атқосшысы болса, атқосшы өзі болса өзі арбадан әдейілеп түсіп, жерге түскен түкті, қылды шумақтап-шумақтап арбасының алдына тастайды. Ең аяғы ат, «жаманың» түсірсе де, мойнын бұрып оған бір қарамай қалмайды. Байқап тұрган адам Бұқпан отағасының ол мінезінен «Әттең, шіркін қалды-ау!» деген кескін елестеді.

* * *

— Сен атаңның көрін... Қораның ішін әлі күремепсің, шілиені әлі тікпепсің,— деп Бұқпан отағасы ат жегіп жатқан Атымтайды қолындағы ұзын қамшымен тартып-тартып жіберді.

Қаудыр сары тонда қамшының ізі жол-жол болып қалып отырды. Жауырынын сипап артына бұрылып қараганша болған жок, үйге теңселіп кіріп бара жатқан Бұқланды Атымтай бір-ақ көрді.

Атымтай, сонау тымақ оқиғасына бір талай өткен соң-ақ, елден қалаға келіп еді. Бұқпанға жалданғалы жылға жақындаған кез, екінші қыс.

«Бұл ит не қылмайсың деп түр? Шілие тігілгелі қашан. Анау өзінің бейаузындай болып жалтырап тұрган қора атасының қақ шекесі ме екен? Оны мен күременде, кім күреген? Өй, өз атаңның ауызын...» деді ішінен ызаланып Атымтай.

Бұл Атымтайдың «жең ішінен жұдырық» көрсеткені болды. Қақпа ашық.

Ат жегілді. Атымтай кашева шананың алдындағы қарын сыпсырып түсіріп отырып, үйден шығатын байды тосты.

Күн сәске, қорада жан адам жоқ. Көшеде күртік қарды кірт-кірт басып, сықырлап өте шыққан дыбыстар ғана білінеді. Қақпа ашық.

Таң сәріден тамақ іздең шыққан Сары малай иығына қабын арқалап, таяғымен жерді шұқылап келіп, байдың есік алдына келіп тұра қалды.

— Эй, бай, бай! Құдай үшін, қайыр садақа деп келіп тұрмыз. Эй, бай... Бәйбіше, үйде бармысың?..

Атымтай үндемей біраз қарады. Әлден уақытта:

— Е, Сары әке!.. Бері кел! — деді.

Сары малай мойнын бұрып бір қарады да, «Эй, тәйір, басымды ауыртпаши, сенен тамар деймісің» деген түр көрсетіп, қайта сырт берді.

— Эй, бай! Берсен бер, бермесең қой... Құдай үшін бересің, — деп Сары малай қолындағы таяғымен есіктің қақпағын бір-екі сабалап қойды.

Ішкі есік ашылды да, тырс етіп қайта жабылды.

— Сары әке! Кет жылдам! Бай шықса таяқ жейсің, — деді Атымтай Сары малайға тағы да.

Сары малай көзін ілбитіп біраз қарап тұрды.

— Эй, сен не деп былшылдан отырсың... Ақшаң бар ма өзіңің? — деп Атымтайға едірейе бір қарады.

— Ақшаны қайтесің?

— Сен қайтесің?

— Қатын алам.

— Бес тыынға ма?

Сары малайдың не деп тұрганына Атымтай түсіне де қойған жоқ, ол екі ортада есік ашылып қолына бір тілім нан ұстап Бұқпанның қызы Құлтай шықты.

— Мә, Сары малай!

— Алмаймын.

— Неге алмайсың?

— Ет керек, күміс ақша керек.

— Эй, адыра қал сол... Тамақ тауып жей алмай жүріп... Күміс ақшаны қайтпексің?

Құлтайдың қолындағы наанды жұлдып алды.

Ақ қасқа күшік Сары малай қораға кіргеннен бері шәуілдеп үріп, маңынан кетпей түр еді.

— Күш, күш! Мә! — деді, нанды итке лақтырып тастай беріп.

— Сары малай, антурған, оның не? — деді аузы көнтектеніп Құлтай.

Қатып, сұқар болып қалған нанга ақ қасқа күшік азуды салып, кітірлетіп жатты.

— Эй, қызы, қызыбысың, қатынбысың, білмеймін. Бұл да әкең Қарынбайдың малы. Мені тойғызба, соны тойғыз. Соңыра сойып алды, терісін шекпен қылышпен жамыларсын, жарай ма? — деді Сары малай, таяғымен жерді бір түйіп.

— Өй, мойның үзілсін!.. Өй, аштан қат! Өй, нан ұрсын!..

Сары малай оны тыңдаған жоқ, бет алдына міңгірлеп, көшеге қарай шыға жөнелді.

Бұқпан ісініп, талтаңдан келіп кашевага жалпия кетті.

Қақланың алдына шығар-шықпаста Атымтайды мықынға бір түйіп қалып:

— Бойняга тарт! — деді.

Бүгін бойняда Бұқпан отағасының шеттен айдал әкелген үш жұз шамалы өгізі қырманға түсетін күн еді. Қырманшылардың көбінің әдеті — малдың етті, майлы жерлерін ұрлап, көйлектерінің, шалбарларының балағына тығатын еді, күнде кешке қырманин қайтқан әйел-еркектердің көбі өнебойы былқылдан теңселіп жүре алмай келетін.

Осындайды сезген Бұқпан отағасы сойғызған малының бір жапырағын болса да бөтеннің қолынан аман сақтап қалу үшін бұл күні бойняның басына тартты.

Атты аяң бұлкілге салып келе жатқан Атымтайға:

— Өлімісің, тірімісің?... Атты неге айдаңқырамайсың, көк соққыр! — деді Бұқпан отағасы.

Атымтай божыны қаққыштап жіберіп, біраз жер барғаннан кейін, басын тартып тоқтата қойды.

— Е, не болды? — деді Бұқпан алдына үңіле қарап.

— Жай, әшейін... Анау бір таға жатыр екен.

Атымтай Бұқпанның мінезін әбден үйреніп алған болатын.

— Ойбай, жылдам ала гой ендеше! — деді Бұқпан.

Ескі қажалған тағаны әкеп кашеваның алдына тастай беріп, атты айдал жөнелді.

Бойня.

Жағалай — таған, қамба. Қан сасиды.

Біреулер малды жығып, аяғын байлап, пышақ салып жатыр. Біреулер тағанға асып, терісін пышақпен, сылып жатыр. Біреулер ішек-қарының ақтарып, қамбага аударып жатыр.

Бұқпан отағасы пысықшалау келген бір қазақтың қасына жетіп келіп:

— Бұл кімнің малы? — деді. Әлгі қазақ іреп жатқан терісін бір жақ пүшпағынан ұстап тұрып, Бұқпаның өне бойына көз жүгіртіп шықты да:

— Қайдан білейік, бай-екесі... Айдал әкелді, сойдеді, сойып жатырмыз... Сізге кімдікі керек? — деді.

— Менікі керек.

Менікі деген сөзді естіген соң-ақ қырманшылардың бірталайы Бұқпанға қадала қарады.

— Сіздікі ме?

— Танымадық.

— Үш жұз өгіз бе?..

— Осы кісінікі шығар?.. — десті жан-жақтан қырманшылар.

Әйелдердің ауыздары сылп ете түсті, саусақтарын бетіне жанып:

— Қөтек, танымадық...

— Бетім-ау, байдың өзі екен... — десті біріне-бірі.

— Менікі гой!.. Бүтін сойып боласындар ма? — деді қырманшыларға қарап.

Ешкім үндеген жоқ.

Қырманшылардың жүрістері жылдамдады. Бірінебірінің айғайы көбейді.

Бұқпан ішек-қарын айналдырып жатқан әйелдердің қасына келіп:

— Ішек-қарынды таза жуындар, бөлек қатырындар! — деді.

Онан Бұқпан отағасы таған қасына келіп, іреушінің біріне:

— Өй, сен антұрган, желке майды қалпымен теріге жібердің гой! Теріні бұлдіріпсің... Мынау не?... Тегі, шұрқ-шұрқ тесік қой? Кесіпсің гой! — деді.

Байдың сыртында сырт айналса, ожырая қараушылар көбейді.

«Осы ит қайдан келді! Құндегі былқылдан құр қа-

ламыз ба? Көзінді... нің көзі қалай еді...» деген өзара қүнкіл де болды.

Қырманшылар дұрсілдетіп малды жығып жатыр. Бауыздап жатыр. Тағанға іліп жатыр. Сылып жатыр. Ішек-қарының ішіндегісін, қан-сөлді қамбага құла-тып жатыр.

Бұқпан отағасы бәрінің қасында шыр көбелек ай-налып шығып, бір қамбаның қасында сырт беріп тұ-рып алды.

Қырманшыларда жүріс те, тұрыс та, жұмыс та жылдамдады.

Жылмаңдау келген пысықша қазақ бес-алты қыр-маншылармен манадан сейлесіп тұр еді. Әлден уақытта Бұқпанның маңайында жұрт топырлай қалды. Бірі ішек-қарын аударыстырган болып, бірі арқан әкеле жатқан болып, бірі тері сүйреткен болып Бұқпан отағасының қасынан ерсілі-қарсылы жүріп жатты.

Сейтіп жатқанда жан дауысы шыққан, қақалған, шашалған адамның айқайы естілді.

- Эй, о не?
- О кім? Ол кім?
- Эй, не болты?
- Бетім-ау, мынау масқараны қара!
- Бай қамбаға түсіп кетіпті.

Сейтіп, аңтарылған қырманшылардың арасында, бет-аузы қан жалаған тәбеттің бет-аузындай болып, кеңірдегінен қан-жынға малынып қамбада тұрған Бұқпан көрінді.

- Өй, арқан әкел!
- Қолмен тартып шығарайық та.
- Байқап жүрсендер болмады ма?
- Е, қамбаның қасында тұрсын деген кім бар оған?..

Осы сияқты айғаймен қырманшылар бойняны бас-тарина көтерді.

Бойняның довернайы шегір көзді бір орыс келіп Бұқпан отағасын қамбадан сүйретіп шығарды.

- Бұқпан отағасында үн жоқ.
 - Қырманшылар орынды-орындарына барып:
 - Қап!
 - Үсті-басы бүлінді-ау!
 - Суық өтпесе не қылсын?
 - Байқап баспаған гой! — десіп таңдай қағысты.
- Әйелдер ауыздарын қайта-қайта сыллі еткізді.

Атымтай дірілдеп, қалшылдаپ, тісін сақ-сақ еткізіп тұрган Бұқпан отағасыны кигізге орап, кашеваға салып жатқанда, бойняның қорасындағы қырманыштар қарқ-қарқ күлісіп, біріне-бірі көз қағып, мәз-мәйрам болып жатысты.

Шанаңда жатқан Бұқпандың үн жоқ,
Атымтай атты айдал ала жөнелді.

* * *

Консерв заводының бергі жағындағы бұзылған, тасталған бір қораның ішінде денесі жап-жалпақ, төрт бұрыштанып келген қызыл шырайлы бір орыс әйелі, көлденең тартқан арқанға жуған кірлерін іліп жүрді. Арқаның бір үші қораның төрінде сорайып, жападан жалғыз тұрган бір діңгекке байлаулы; бір үші қораның көше жақ түкпірінде қисайып, құлаудың азақ алдында тұрган кішкентай ғана бір ескі сарғайған ағаш үйдің маңдайшасына байлаулы. Әйелдің аяғының астында екі жақ, ернеуінде тұтқасы бар бір тоқыма кәрзенке жатыр. Іші жуған кір. Әйел сол кәрзенкенің ішіндегі кірлерді бірінде алады да, сілкіп-сілкіп арқанға жая береді.

Күн ашық, сәске мезгілі. Жұмыстан бос күн — жексенбі.

Қораның ішіндегі күртік бол қатқан қардың бетінде күннің кезі жылтылдаپ, қардың үлпегін неше түрлі әдемі түрге салып гаунардай құбылтып тұрды.

Әйел қолындағы бір кесек кірін арқанға іліп, күннің көзіне қарап, көзін жыптытатып, есінеп, ұзақ уақыт керілген сияқты болды да, кәрзеңкеге иіле беріп өз-өзінен жымия түсті.

Оның көз алдына үйде ағаш кереуettің үстінде, ақ шүберекте, қол-аяғы шолтаңдаپ ойнап жатқан бір нәресте бала елестеді. Бала бірсесе көзінің жасы мәлдіреп жылаган тәрізді, бірсесе бұлқынып қалып қолын-аяғын шолтаңдатып, тілін шығарып күлген тәрізді. Кір іліп жатқан әйел онан жаман құлімсіреп, жымия берді. Тістері маржандай болып тізіліп, аппақ болып жылтырай түсті.

Әйел әрі-берідөн соң, ауыр-салмагын салмай ғана арқанға асылынып тұрып, терең ойға шомғандай болды. Көз қадаған жері — күннің көзімен шағылысып көк, қызыл, жасыл, сарғылт түрде құбылтып тұрган аппақ қар. Әлден уақытта манағы құлімсіреген ажары

сөнді. Қөзі ұғынан шығып кете жаздал, қабагы қа-
рыс көтеріліп, әлденеден шошыған кескін берді.

Оның көз алдына бір шарбактың түбінде ескі қи-
қым шүбереккे ораулы жатқан, беті бүркеулі бір жас
бала елестейді. Кешкітүрим уақыт. Құн жел, боран.
Қалқыган қора-қопсылардан, қаңылтыр төбелі үйлер-
ден әлденеше түрлі дыбыстар естіледі. Ыскырады, ұли-
ды, «қанғыр-құңғыр» етеді. Бала!.. Аузында резенке
емізік. «Тастанды бала!..» шыңғырып жылайды. Өзегін
өртеп өксиді. Ол оны қойнына тығып, құшағына қысып
жүгіріп үйге алып келе жатыр. Алақ-жұлақ, қарайды.
«Ешкім көрген жоқ па екен?»

Сырттағы үйдің тақтаймен, қаңылтырмен жамаган
ескі есігі ашылды да, қисайып шалқия түсті. Ішінен
түбіт шәлі жамылған бір аққұба өйел шыға келді. Бұл
оны сезген де жоқ, ойга шомған қалпы.

— Надежда-а-ау?..

Арқанға асылынып, ойға шомып тұрган өйел селк
ете түсті де, бұрылып қарады.

— Ә, Надежда?

— Әү-ү-ү!.. Қаят, Қаят! Саған не болды? Баланы
жападан жалғыз тастап... .

Үйден шыққан аққұба, жүқа өнді өйел күліп, Надежданың қасына келді:

— Баланы бесікке бөледім.

— Қойшы?!

— Ішің пысты ма? Тысқа неге шықтың?

— Иә, саған болысуға шықтым.

— Мә, саған!.. Нечего, Қаятушка!..

Қаят көрзенкеге иіле берген Надежданың сыртынан
алақанымен қағып қалды.

— Ұрма, жесір қалдырасың!

Соңынан екеуі де сықылықтап, рақаттанып тұрып
куліп жіберді.

Надежда, Қаят екеуі де жесір өйелдер. Бұлар екеуі
де консерв заводында істейді.

Надежда Викторовнаның ері бұрын консерв заво-
дында жүріп, Герман соғысы басталған кезде солдатқа
алынып, соғыс майданына жөнелтілген. Соңан бері
хабар-ошарсыз жоғалған болатын. Қаяттың ері де
сондай, консерв заводында істеп жүріп, өткен жазда
больнициада жатып өлген. Екеуі де бала көтермеген
өйелдер. Алған ақы күнелтүге жеткіліксіз болған соң,
әркімнің кірін алып жуып амал етті.

Кәрзенкедегі ендігі қалған кірді екеуелеп іліп жатты.

— Қаят?

— Әу, жаным!

— Сен қалай ойлайсың? Менімше, біздің осы табылдық баламыз тұрмайды ғой деп ойлаймын!— деді мұңайып қана Надежда.

Қаят, басын жоғары көтеріп алды.

— Тпу, Надежда! Есімді шығардың ғой! Жаман сөзді неге айтасың? Бір жұманың ішінде қандай оңалып қалды, байқайсың ба? Менімше, бұл бала аманесен ержетіп, біздің екеумізді де асырайды әл!— деді Қаят, қуанған, жұбатқан түр көрсетіп.

Надежданың өнінде күлкінің ізі аз ғана білінді. Оның есіне тағы да басқа ой түсті. Баланы тауып алғаннан бері Қаят пен екеуі оны кезек-кезек бақты. Бір кішкентай шыныға сиырдың пісірген сүтін құйып, оның басына резенке емізік орнатып, баланы сонымен қоректендірді. Кейде Надежда тамақты ауызында жібітіп, шайнап беріп жүрді. Консерв заводындағы кейбір тентек қатындар «Надежданың жолдан тапқан баласы», «екеуінің жолдан тапқан ортақ баласы» десіп жүрді. Қаят пен Надежда ондай сөзді көп естіді. Бірақ оларға дәнене айтқан жоқ, ойын сөзбен жұбатып жүре берді. Надежданың ойындағысы ол да емес, басқа еді.

— Қаят?— деді тағы да Надежда.

— Мен мұнда!

Қаят Надежданың қасына жақын келді.

— Қаят! Бала екеуміздікі, ә?

— Енді қалай? Екеуміздікі!— деді жымышп Қаят.

— Атын кім қоямыз? Молда қоса ма? Поп қоса ма?

Надежданың бұл сұрауына қарсы Қаят баланың бас бармағын ауызына салып, ойланып төмен қарады. Үндемеді. Діннің тар шеңбері алқымнан қысып «мұсылмандығынды ұмытпа!» деп тұрған сияқты болды. «Дүнияга тұған адамның барлығы мұсылман болып туса екен» деген сияқты болып тұрды. «Ендеши, сүннитеттеу керек!» деген қорытындыға келді.

— Надежда!

— Ал, құлағым сенде, айт!

— Молдамен сөйлессек қайтеді?

— Ә, поппен ақылдассақ?...

* * *

Қаланың батыс сыртынан, мойка жақ даладан, ұсақ қара сулардың бойынан қараганда, етекте балшығы қып-қызыл болып биік құлама жарлар көрінеді. Сол жарлардың бірінің төбесінде сары сырға боялған әдемі үй тұрады, сары алтындаі болып жылтырайды. Оның қасында ағаш мұржалары сорайып, завод көрінеді, аргымак қамайтын сарайлары көрінеді.

Александр Богомолов — қаланың ең үлкен байлауының бірі. Оның тері заводы онша үлкен де завод емес. Жұмысшылары да шамалы, екі жұзедей ғана кісі. Бірақ жұмыс көп, заказ үнемі үзілмейді...

Александр Богомоловтың отыз-қырық шамалы арғымақтары болды. Барлығы да атақты Орловтың жылжысынан өрбіген тұқым.

Богомолов Герман соғысынан еш зиян көрген жоқ. Шамасына қарай бұл да байыды. «Но и то же! Улken балық — үлкен суда, кішкентай балық ұсақ суларда жүзеді. Бізге осы да жетеді!» — деп қоятын. Мұны ол кейде өзі құсаған байлармен компанияда отырғанда, ірі байлардың соғыс тұсында байығанын, саудасының ескенін сез қылғайда айтатын, көшеде шанаға тиеліп, мас болып, у-шу көтерген рекреттерді (жаңа алынған солдаттарды) көрген сайын ұзын, қою, жирен мұртын екі жаққа ширатып: «Ihim... ihm!.. тон керек бұларға, тон керек!» — деді, мұртынан құліп міңгірлеп.

Қолында шыбық тәрізденген ұзын өрме қамши. Басында ұзын құлақ малақай, үстінде сырты құлыштың терісінен істелген іші жылы тұлышп. Женіл, нәзік шанаға арғымақтарының күнде бірін жегіп шыгады. Күнде таңертең банк көшесінің бір басынан бір басына желдіртіп, жорғалатып, шапқылап жүргені.

Сөйтіп, өмір сүріп келе жатқан Богомоловтардың соңғы кезде «мазасы кете» бастады. Идің, сасық шайырдың ішінде таңертеңнен кешке дейін топырлап жүрген жұмысшылардың арасы күннен күнге өзгерे берді. Кейде ақы даулап, кейде киім даулап, байдың конторына жұмысшылар жиі келетін болып алды. Байдың даверенниый өзінің көршісі Ярков дейтін бір қара жұз неме еді. Конторга келіп дау соғып тұрган кейбір қазақ жұмысшыларын:

— «Арда!.. Қазір табаныңды жалтырат! Әйтпесе, учаскеге жөнелткіземін!» — деп, желкеге түйіп қуып шыгаратын еді.

Бірақ Ярковтың бұл амалы ұзаққа бармады. Громов жұмысшыларды бірте-бірте үйыстырып, Ярковке қарсы қойды. Бәрі де бірауызды болғаннан кейін, енді қайтып қол жұмсамады.

Полицмейстер Медведьев Богомоловтың үйіне келген сайын:

— Александр Александрович! Сіздің жұмысшылардың арасы сау емес. Бунтовчиктер барлығы сезілеңді. Оны байқайсыз ба? — деп жүрді.

Богомоловқа бұл жаңа сөз. Көзін тасырайтып қолын бір-ақ серпеп:

— Қой, ол не дегеніңіз! Мен осы заводпен бірге қартайып келе жатырмын, тіпті ондай оқиға болып көрген емес... — дейді.

— Менімше солай, Александр Александрович!

— Нанбаймын. Не қылған бунтовщик?! Көбі деревняның сасық мұжықтары, бірен-сарап ауылда қойдай маңырап өскен жуас, момын қазақ, біразы осындағы жатақ... татарлар. Мен әрқайсысын саусақпен санап көрсетемін.

— Жо-о-оқ, Александр Александрович, сіз байқамаған екенсіз. Тұнеу күні Зенковтың былгары заводында не болғанын білесіз бе? — деді қабағы қарс жабылып полицмейстер.

— Э, ия, білем. Оның жөні басқа. Онда төңкерішшілердің жасырын үйымы...

— Онымен қатар...

— Іздеріне түсken бір тыңшыны мұздың астына сұңғтіп жіберген.

— Тө-тө-тө... Эне сол! — деді, бармағын жанып, жоғары көтеріп Медведьев.

— Олардың ішінде ысылған сволочтар — катрждар болған. Э, бізде ондай немелер жоқ... Айтып отырмын ғой, мен бәрін де танимын.

— Бекер олай ойлайсыз, Александр Александрович! Олай сенуге болмайды. Қазір қауіпті, мазасыз уақыт. Бұл — жүқпалы нәрсе. 1905 жыл есіңізде бар ма?

Богомолов иегінің астын қасып, төмен қарап ойла на кетті.

— Бізде қазір саяси қашқындар самсал жүр. Бірталайы тұтқында отыр. Біраз адамдарды бұдан бірнеше уақыттар бұрын Петербургтің сұратуы бойынша, Шлессельбург қамалына жібердік.

— Да, бір ойлаганда солай да. Меніңше, біздің жаққа да көз-құлақ болып жүрерсіз деп ойлаймын!

— Эбден, Александр Александрович! Эбден! — деді, полицмейстер Медведьев, Богомоловтың қолын ұстап,— біз патша ағзамның көзі аталамыз!

— Сенемін!

Сонғы уақыттарда жандармдар Богомоловтың қорасына жиі-жіңі көрініп кетіп жүрді.

Бір күні түстен кейін тері салған «саңың» қасында тұрган Громовқа арғымақ бағатын малайлардың бірі жетіп келіп:

— Сізді конторга шақырып жатыр! — деді.

Громовтың ойында дәнеңе жоқ. Усті-басы ій, шәйір сасыған бойымен конторга жүгіріп келді.

— Е, не бар? — деп жан-жагына қаранып алғанша болған жоқ, қолына кінеге ұстап тұрган бір надзиратель үстелдің қасында отырған Ярковқа қарап басын изеді.

— Да, Громов осы! — деді Ярков.

Надзиратель жеңінен бір қағаз алып:

— Петр Иванович Громов? — деді Громовқа қарап.

— Ия, мен соның өзі! — деді Громов.

— Кәсібің не?

— Жұмысшы.

— Жасың нешеде?

— Отызда.

Надзиратель кінегесіне жазып алып, қолындағы қағазды Громовқа ұсына берді.

— Мынау кінегеге қол қой, господин Громов!

— Повеске ме?

— Да, да так точно.

— Ертең сағат... 11-де...

— Да, да... қол қой!

Кінегеде де жазылғанына қарайтындей мұрсата на болған жоқ. Громов қол қойды. Енді айналып тысқа шыққанша болған жоқ, қарсы алдынан екі городовой шығып, Громовты тоқтата қойды.

— Алып жүріндер! — деді, артына ілесе шыққан надзиратель мұртын сыладап қоразданып, екі городовойға...

— Ертең сағат 11-де деп жазылған емес пе, господин надзиратель, бұл қалай?

— Молчай!

Громов дәнеңесіне түсінген жоқ, аяғын ақырын

басыг қорадан шығып бара жатты. Арғымақ баққан малайлар, «саның» қасында жүрген жұмысшылар иіріліп тұрып, біріне-бірі қарады.

— Байғұс Громов, осымен төртінші рет! — деді бір жұмысшы күбірлеп.

Доверенный Ярков есіктің алдында тұрып, екі қолын қалтасына салып ұзак үақыт есінеп алды да, көзімен жеп тұрган жұмысшыларға, малайларға қарап ақырып қоя берді.

— Жұмыстарыңды біліңдер, не тамаша бар, сволочтар!

— Сен өзің сволочь!

— Байдың қаншығы!

— Кадет! — деді жұмысшылардың ішіндегі бірнешеуі шу ете түсіп.

Ерні бұлкілдеп, көзі аларып, жұдырығын түйіп Ярков канторға кіріп жөнелді.

Жұмысшылардың қолы жұмысқа әрең барды. Біріне-бірі анда-санда күңкілдеп қойды.

— Неге әкетті?

— Қайдам...

— Громов ежелден патшага қарсы адам гой, бірдеңе айтқан болар.

Громовтың төңірегіне әбден үйлігіп қалған жұмысшылардың сөзі басқа еді. Олар бұл оқиғаның неден басталғандығын, соңғы кезде полицияның бұл қораны неге көп айналдырганын білетін, сезетін.

— Барлығымыз үйімдасып Громовты босатып алуымыз керек! — деді кәрі жұмысшы, бұрынғы ломовой (жүк тасушы) Иванов.

— Иә, арыз жазып босатып алу керек! — деді, қазақ жұмысшысы Ботай.

V

— Бұқпан отағасы науқастанып қалған екен, соған барып келейін, менің медаль таққан мундирімді сандықтан алыш берші, — деді жуас қана, толық келген семіз сары бәйбішеге, Бейсембай қажы Бұланов.

Бәйбішесі Нұрила тәптештеп бірінің үстіне бірін салған үш сырлы сандықтардың біреуінің астынан жіпке тізген кілттерді сылдырлатып алды да, үстіндегі сандықты бұрап қалып еді, даңғырлаған дыбыстар шықты.

Бейсембай қажы жапсарға сүйеулі тұрған айнаның алдына барып, үціліп пішінің қарады. Оның көзіне жоғары ернің үсті екі жақ езуіне дейін қаптай өскен қою қара мұрт, иегіндегі шоқша қара сақал, салбырап омырауына түскен қалың бұғақ, өзіне бөлек бір өзгеше келбет беріп тұрған сияқты көрінді.

— Қатын, осы бүгін жұма ғой! — деді, алақанын иегінің астынан жоғары қарай серпіп, шоқша сақалын сипап қажы Бұланов.

Сандықты ақтарып-тәңкөріп жатқан Нұрила оны естіген жоқ.

— Саған айтамын, қатын!

— Ия, не дейсіз?

— Бүгін жұма ма?

— Ия, жұма. Бұқпандікіне барсаңыз, жұма намазына кешікпейсіз бе?

— Жолдан Қамидоллаға кіріп, сонымен бірге мештке барам.

✓ Нұрила екі дана «Қазақ» газетіне ораған мундирді қажының қасында тұрған орындықтардың бірінің үстіне әкеп қойды.

— Жұма намазына дейін үйге келіп, киім жаңартып кететін боларсыз?

— Е, неге келем?

Қажы екі үлкен көзін тасырайтып Нұрилаға қарай қойды.

— Кіреш медальмен намазға бармайтын шығарсыз дегенім ғой? — деді Нұрила мұләйімсіп, тоңған адамдай екі қолын біріне-бірін үйкеп, жұмырлап беріп.

— Е, ол қайтушы еді! Мешіт құдайдікі, медаль патша ағзамадікі. Қол орамалмен бүркеп, байлас тастап оқи беремін.

— Енді сізге менің керегім жоқ шығар? — деді Нұрила.

— Шұлғауым даяр ма?

— Даляр.

— Қиіз галошымшы?

— Алып қойдым.

— Тұлқі ішік?

— Бәрі де даяр.

— Бар, ендеше.

Нұрила бәйбіше ақырын аяғының ұшымен ғана базып, ішкегері үйге шыға жөнелді.

Қажы Бейсембай күміс сағалы, екі жақ құлаққа

қоятын көзілдірігін орната қойып, бірсеке көзілдірігінің төбесінен асыра, бірсеке әйнегі арқылы айнаға қайта-қайта үңілді де, екі ернің жыбырлатып «пісмұлда» деп көк шұға мундирді бір сілкіп қойып, үстіне киді. Сол жақ төсінде шүберекке тіккен күміс медаль теріс айналып, тәңселе түсті. Қалтасынан қол орамалын алдып тәж кигізген қос басты қара құс бар жез түймердерді бірінен соң бірін сұртіп, медальді онына қаратып қойды. Оны да орамалмен бір-екі үйкеп, сұрті.

Әбден түймелеп, мундирді нәшіне келтіріп киіп алған кезде, қоқырайған қызыл жиекті жаға қажының бұғагын бұрынғыдан да үлкейтіп төмен түсіріп, ісіндіріп жіберді. Басына түріктің қою қара шашақты қызыл пәсін (биік тақиясын) киді. Сейтті де, айнаның алдында ерсілі-қарсылы жүріп көрді. Сол күнгі байшыл романтик көрі бір «асан қайғы» түрік шайырының бір ауыз өлеңі есіне түсті. Қажыға барған жылы Стамбулда бір түріктен жазып алдып, жаттап қойған еді. Айнаға қарап тұрып, жыламсыраған мосқал әйелдердің дауысын шығарып соны айтты.

Жаһад әйла Бір қарип данайы ол
Я бір санам латип рағнайы ол.
Бо екісінін біріни боламазсаң,
Тәрік әйла масивай, тәннай ол!¹

«Мен осы екеуі де боламын!» деп тұрды ол өз-өзіне. Оның көз алдына өзінің аты шулы қызметі, қызмет орны елестеді.

«Мундир! Медаль... Ол ак патшаның қызметімді бағалаған белгісі, ұмытпастық сыйы. Әуелі, мен — патша ағызам билеген Ресейдің «пачетный гражданин», екінші, мен — қажы (кейбіреулер, әрине Бейсембай жалданып барып қажы болып келді дейді, онысы ничего не значит! Қанша айтса да мен қажы!). Үшінші, мен — уездной начальниктің помощники (кейбір Балта, Қылыш, Громов, Мақсұт сияқты көк соққан «басяктар» мені «қара жұз тыңыш» деп те өсек таратқан. О да ничего не значит! Қанша айтса да мен шен алған господин Буланов). Кейбір қызыл ауыздар, менің уез-

¹ Марғынасы:
Талаптан, білімді бол, ақыл асқан,
Немесе ләззат ал бір сұлу жастан,
Бұл екінің бірі де бола алмасаң,
Мақұл болар бәрімен ажырасқан.

ной нәчәндік хатшысын қаламның сабымен маңдайға қойып қалғанымды өзінше жорып, ұлт геройы, социалист, революционер «деп лақап шашып, беделіме қол сұғып та байқады. Онысы да ничего не значит! (Қанша айтса да мен господин, почетный гражданин, манаргист Бейсембай Бейсембаевич Бұланов. Ұлт геройы болсам, оныма болашақ қазақ баласы қуанса!»

Улken, қалың айнаның алдында ерсілі-қарсылы жүріп, Бейсембай қажы Бұланов өзі туралы осыны ойлап алды. Мундирді кигеннен кейін, оның өне-бойы рақаттанып, іші судай тасып, жүргегі қуанып лобылып тұрды.

— Қатын, әй, қатын!

Нұрила есіктің алдына келді.

— Бүгін газет келді ме?

— «Қазақ» газеті ме, мана балалар ұстап жүр еді.

— Жергілікті «Приешим» газеті жоқ па?

— Көрінбейді.

— Журнал келді ме?

— «Айқап» па?

— Ия.

— Жоқ.

— Ал, есікті іліп қал. Үйге сыйған-мыған кіріп кетпесін.

Бейсембай қажы Бұланов күркे тауықтың қоразындей болып ісініп, тысқа шыға жөнелді.

— Ата, алып барып тастайын ба? — деді, есіктің алдында, атты шанаға жегіп, дайын ғып тұрган қысық кез бұжыр сары бала.

— Тонып қалмайсың ба?

— Жоқ.

VI

Улken қызыл тас үйдің астыңғы подвалы лық толған тұтқындар.

Мұнда түрліше қылмыстылар бар: кісі өлтіргендер, ат ұлағандар, қалтаға түскендер, мастар, қасы-көзі боялған жезекшелер, штрафтан бас тартқан қала жатақтары...

Петр Громов осылардың арасында төрт кеш қонды.

Подвалдың іші сасық, былық. Бит, бүрге құж-құж қайнады. Тұтін. Бір мүйісте көзі бақырайып, өне-бойын қаси беріп, Сары малай да отыр. Кейбір бейбастақтар оны өүре қылышп жатты.

Жағын кір орамалмен тақып алған бір жуан сары әйел бет-аузызы қекпенбек болып ісініп, көзі жұмылып кеткен сары сақалды арық біреуді мойнынан құшақтап, бүркіратып шылым тартып отыр. Кейде әлдекімді боқтайды, кейде аяғымен еденді тепкілеп өлең айтады:

Ақ, шарабан мой, шарабан
Денег не будет,
Тебя продам.

Подвалдың айналасындағы іші әйнек, сырты темір шарбақпен қаптаулы жоғарыдағы сығырайған кішкентай терезелерден даладағы сәуле аз ғана көрінеді. Қара көлеңке.

Бір мүйісте бірнеше адамдар дөңгелей отырып, қарта ойнап жатты. Тыста тықыр білінсе, қарттарын жасыра қояды.

Петр Громовтың оң жағындағы бет-аузының түк басқан, дорба сақал, бұжыр қара біреу таңертенген бері бүктетіліп жатыр еді. Әлден уақытта күрік-күрік жетеліп, басын жоғары көтеріп, Громовқа жақындай түсті де, мыңқ етті:

— Осы жердікімісің?

Громов бетінен үңіле қарап:

— Ия,— деді.

Ол Громовтың ій сасыған, қайысталып қалған шолақ тонына, аяғындағы қысқа қоныш етігіне көз жүгіртті.

— Рабочий?

— Ия.

Бармағымен өз тамағына шертіп қалып:

— Бүйткенсің ғой?— деді.

Онысы «мастықпен түскенсің ғой!» дегені еді.

— Неге ұсталғанымды өзім де білмеймін!— деді ақырын ғана тамағын кенеп қойып.

— Өзім де білмеймін... Қа-қа-қа!.. Неге білмейсің ө? Вот, чудак! Мен өзімнің неге ұсталғанымды, неге қамалғанымды білемін, сен...

— Сен неге жатырсың?

— Ат үрладым. Ишим уезінен ат үрлап әкеліп, базарға салып тұрган жерден ұстап алды.

— Сол-ақ па?

— Сол. Мен «ақ үйді» талай көрген кісі. Менің ат үрлаудан он бес жылдық стажым бар. Мен көп жер-

лерде болдым: Ірбіт, Макаржа, Саратов, Самар, Омский, Томский.

— Ат ұрлаудың не қызығы бар? — деді Громов «сөз жоқта сөз болсын» деген кісіші ерініп қана.

Қара бұжыр тарқылдаш күліп алды да, Громовты арқага қағып-қағып қойды.

— Сен мұндағы Ярохин деген атақты ат ұрысын естігениң бар ма?

— Ия, естуім бар.

— Ол біздің құда. Біз дүниенің қызығын бірге көрдік.

— Е, оны бас-аяғын дал-дал қып жұрт ұрып өлтір-ген жоқ па еди?

— Ия.

— Сені бір күні сөйтпесін қайдан білесің?

— Ничего! Ұрып өлтіргенше әлі талай заман бар. Сен өзі қызық адам екенсің.

— Е, неге?

— Е-е-х! Сен өзің ат ұрлаудың ләззәтын білмейтін адам екенсің! — деді қара бұжыр сақ-сақ күліп.

Громов теріс қарап отырды.

Кеш. Үймырт жабылып, қас қарайып бара жатқан мезгіл. Бір-екі солдат шам әкеліп жақты да, қолындағы қағазға қарап, Громовты шақырды.

— Петр Громов!

— Мен мұнда.

— Кане, тез жылдам, бері жұр!

Громов орнынан ұшып түрегеліп есіктің екі жағында түрган екі солдаттың ортасына түсті.

— Үш сом штраф, сонымен шабаш! — деді, өз ойынша Громовты «мас болып ұсталған» деп ойлаған түкті бет, қара бұжыр ат ұрысы, бір жағына аунақши беріп.

Подвалдағылар Громовты көзben шығарып салды.

* * *

— Сволочь! Разбойник!.. з-з-з-ззадавлю, — деді полиция бастығының кабинетінде, еденде соққыға жығылып жатқан Петр Громовқа полицеистер Медведьев, ерні бұлқілдеп, көзі шатынап. Медведьевтің қолында резенке таяқ (рузга) отыр еди.

— Түрегел!

Кейінірек түрган екі жандармның бірі желкесінен, бірі қолтығынан жұлмалап, Громовты полиция басты-

ғының алдындағы орындыққа қайта отырғызды. Громовтың бет-аузы қан, маңдайы рузганың ізі, сала-сала.

Медведьев есіктің екі жағындағы қақып тұрған екі жандармға иек қақты. Олар честь беріп, сыртқа шықты.

— Но, қалай екен?... Енді айтасың ба? — деді қаламын қолына алып полицмейстер Медведьев.

Громов күбірлей түсті:

— Мен ешкімді көргенім жоқ, білмеймін.

— Е-ех, разбойник!.. Каналья!... Прокламацияны білесің? Жұмысшылардың арасында бунт сөзін сөйлеуді білесің... «Революция! Социализм! Бунт!» У-у-у! Мерзавец!..

Қолындағы білектің жуандығындағы рузгамен Громовты салып қалып еді, Громовтың аузынан қан бұрқ ете түсті. Екінші ұрғанда қан барып үстелдің үстіндегі қағаздарға шашырады.

— Гадина! — деді Медведьев қаламын лақтырып тастап, орнынан түрегеліп, бөлменің ішінде әрлі-берлі жүре бастады. Громов қалтасындағы қол орамалын аузына тосып еді, қап-қара қан көбіктене қалды.

— «Приешим» газетінің типографиясынан қарып ұрлаушылар олар кім? — деді, ашуын тісінің арасынан шығарып, сыйырлап Медведьев. Громов есін жиып, басын көтеріп отыр еді.

— Білмеймін, естігенім жоқ.

— Оны қайда алып бардыңдар?

— Білмеймін.

— Прокламацияны қайда бастыңдар?

— Оны да білмеймін.

— Енді нені білесің, гадина?

— Мен, гадина емес, жұмысшы.

— Молчать, сволочь!

— Сволочь та емес.

— Енді кім?

— Әділдік үшін, теңдік үшін күресуші, жұмысшы.

— Әділдік?! Теңдік?!.. Мә, саған!

Рузга Громовтың желкесіне тағы да сарт ете түсті.

— Ұрмаңыз, господин полицмейстер!

— Бәлем, сені ұрмақ түгіл, түрмеде шірітермін!

Үстелдің үстіндегі звонокты баса қойып еді, манағы екі жандарм жетіп келді.

— Түрмегегі разбойник қырғызды әкелді ме?

— Так точно, господин полицмейстер, әкелген.

— Мұнда жіберіңдер.

— Құп болады, господин полицмейстер.

Екі жандарм саудырап шыға женелді.

«Бұл кім екен?» деді ішінен ойланып Громов. Көзі тұнып, өне-бойы аши бастады. Соққының астындағы екі сағат уақыт оған екі күн сияқты болды. Ішке, бүйірге тепкілегендеге тірі қаламын деп ойлаган жоқ. «Шынымен-ақ, енді қайтып жарық дуниені көре алмайтын болғаным ба? Шынымен, осы иттердің қолында өлгенім бе?»

— Петр Громов! — деді аз ғана жұмсарған дауыспен полицмейстер Медведьев. Сүй деді де, үстелдің қасына келіп отырды.

Громов Медведьевтің ілеzdің арасында неғып жұмсара қойғанының мәнісін сезді. Бұл мінезді ол тәртқабат тұтқынға түскенде, Медведьевтен бірнеше рет сезіп еді.

— Петр Громов!.. Сенде қатын, бала-шага бар, ә?

— Бар.

— Үй бар гой?

— Бар, иттің үясы құсаган. Біздей кісі бұл күнде үйге жарыған ба?

— Сонда да... Сонда да...

— ? ? ? ..

— Дүниеде тұрғың келеді гой?

— Е, неге келмесін! Барлығының да дүниеде тұрғысы келеді. Мен дүниеден тойдым деп кім айтады деп ойлайсыз?

— Да, тұрғың келеді. Ендеше, неге бұйтіп отырсың?

— Бұйтіп отырғаны қалай?

— Алғаның жанға бататын жаза...

Громов ызылды түрде мырс етті.

— Бұл — сіздің өнеріңіз.

— Мен қылмысы жоқ адамды, айыпсыз адамды бүйтпеймін.

— Менің сондағы қылмысым не?

— Сенің қылмысың, біздің патша ағзам үкіметінің заңы бойынша, үлкен қылмыс, саяси қылмыс. Патшашылықта, патша ағзамға қарсы ниет. Сен, сенің тілектестерің 1905 жылғы алған сыйларын ұмытқан жоқ шығар?

— Оны патша ағзамыңыз да, сіз де ұмытқан жоқ шығарсыз?

— Эрине, біз сабақ бердік, патшаға қарсы бейбастақтардың, разбойниктердің бетін тойтардық, қайтып тұрмластай қылдық.

— Бекер болар.

— Как, так!

Медведьевтің көзі шатнай түсті. Громов сөзін жалғап:

— 1905 жылғы көтеріліс — ол баласы ғана, оның әкесі алда тұр.

— Как, так?

— Так. Жұмысшы тап үшін 1905 жыл — күш сынасудың алгащы сабағы.

— Да, да. Жұмысшыларға сабақ...

— Сабақ дегенге, енді қайтып тұрғызбастай сабақ деп үқпаңыз, екінші қайтып болатын жұмысшылар табының төңкерісіне жеңетін жол деп үғыңыз!

— Сен, сволочь, сен, сволочь! Молчать! Молчать! Жап аузыңды, жап!

Медведьев дірілдең-қалышылда, жұдырығын түйіп Громовқа төніп келді де, суынып қайта отыра кетті.

— Та-а-ак!.. Сонымен, Петр Громов, қылмысымды мойныма алмаймын деңіз?!

— Қандай қылмыс?

— Патшаға қарсылық қылмыс.

— Жалғыз патшаға қарсылық, ол — қылмыс емес.

Миллиондаған жұмысшы тапқа қарсылық міне, ол үлкен, ең үлкен қылмыс!

— Значит, сен нағыз пісіп тұрган анахист, революционер, социалист!.. Да!

— Мен анахист емеспін.

— Енді кім?.. Бәрі бір сайтан емес пе?

— Жоқ. Рұқсат етіңіз, ендеше мен сізге бұл жөнінде жік-жікке бөліп түсініс берейін.

— Но, молчать, Громов! Жетер! Сенің пәлсапәнің маған қажеті жоқ. Сен — мерзавец, больше ничего!

Есік ашылып жандармның бірі честь беріп тұра қалды.

— Тұтқын даяр!

— Бері кіргіз!

Әлден уақытта аяғын әрең басып тәлтіректеп төмен қарап біреу кіріп келді де, есіктің алдында тұрган қалпы ақырындан басын жоғары көтерді. Громов сырт қарап отыр еді.

— Петр Громов! Мынаны танисыз ба? — деді Медведьев, есік жақты нұсқап.

Громов сырт бұрылды. Алғашқы қарауда Громов таныған жоқ. Бірте-бірте шырамыта келіп, күбідей бол ісінген бет ауыздым ішінен Балта екенін біле қойды, іші оттай жанды. Денесі ыстықты-суықты бол кетті. Громов Балтага қарап «сездірмे!» деп белгі бергенше болған жоқ. Балта қалышылдаپ жақындай беріп.

— Петр! Петр! — деді.

Громов Балтаның ісінген бет-аузына, жылтыраған көзіне қарап, шыдап тұра алмады.

— Мұның жазығы не? — деді Медведьевке бұрылып.

— Сенің жазығың не болса, оның жазығы да сол!

Сейдеп, Медведьев екі қолын артына салып, бөлмегде тағы да әрлі-берлі жүрді.

— Значит! — «Балықшы балықшыны алыстан таниды» дегенінде салдары осы! — деді Балта мен Громовқа қарап.

— Ия! Господин полицмейстер! Жұмысшы жұмысшыны таниды. Бірақ оған қарап жазықты қыла алмайсыз.

— Менің сезім рас емес пе? Сендер нағыз разбойник емес пе? Қайдағы-жайдагы қыргыз бар ма, сыған бар ма, бәрі де сендерде. Әрине, разбойник! — деді Медведьев өз сезін өзі қуаттап.

— Ия, бірақ сіз ойлағандай разбойник емеспіз. Жұмысшы — таптың негізі интернационалдық үйретеді. Бізде ұлтқа бөлу жоқ, тапқа бөлу бар! — деді Громов, манадан еденде аунап жатқан бөрігін алып басына киіп.

— Жетер, мерзавец! — деді үстелге жақын келіп звонок беріп. Сырттағы екі жандарм кіріп келді.

— Екеуі де түрмеге жөнелтілсін! — деді Медведьев, тұтқындарды оқты көзімен атып.

— Тұрмеде шірисіңдер! — деді шығып бара жатқан екеуіне.

VII

Қол басындаған бурыл сақалды, беті иге түсіп шықсан терідей болып сарғайып қатпар-қатпар болып қалған бүкір бір шал күмістей жылтыраған серіппелі, екі кіслік варшава кереуетінің устінде биқасал тысты

қалың көрпеге оранып жатқан аурудың қасынан тұра беріп, мыңқылдай түсті.

— Депуис қандай?...¹

Бұл — ауырып жатқан Бұқпан Көмейұлының үйіне әдейілеп шақыртылып алғынған доктор Арненбаум еді. Оның ширек ғасыр өмірі шетелдерде жүріп өткен. Париждан әскерлік дәрігерлер мектебін Стіріп, Европаның бірталай қалаларын кезген адам. Орыс тіліне араластырып латын, француз, неміс тілдерін баттастыра сейлейтін.

Мұның әлгі мыңқылдағанына былай отырган адамдар түсінген жоқ. Жалғыз-ак, Метрееч қана түсінген адам құсап көзін жыптық-жыптық еткізді де, Арненбаумға:

— Депуисқунизекорус² — деді.

Бұқпан жатқан бөлмеде бейбішесі мен тоқалынан, Метреечтен басқа, үлкен магазин иесі Шамсутдинов деген татар байы, Бейсембай қажы Бұланов отыр еді.

— У-у-у-у! Ал-лай!.. Не дейді? Өледі дей ме?! — деді Бұқпан, бір аунақши түсіп.

— Алла сақтасын, ол не дегениңіз! Жазыласыз құдай бұйыртса, жазыласыз! — деді, қопақтай түсіп, Бейсембай Бұланов. Доктор Арненбаум, Бұқпанның кантор үстелінің қасында Метреечпен сейлесіп отырды. Метрееч ойын, бойняда болған оқиғаны, соナン бері Бұқпан Көмейұлының жатып алғандығын, сауда-саттық жұмыстарды өзінін басқарып тұрғандығын, жұмыстан қолы босамайтындығын қысқаша түсіндіріп айттып берді.

Бұқпанның онша жанына батқан науқасы жоқ еді. Ол, кебінесе, жұрт көзіне көрінуден ұялып жатты. Оның көз алдына өзі құсаған «беделді» байлар: Шамсутдинов, Қабанбай, Богомолов, Казанцев, тағы әлдекімдер елестеді. «Олар естіді-ау ә?.. Оларға не бетіммен көрінемін? Масқара boldым-ау!» деді ішінен ойлап, көңілін сұрап үйінде отырган Бейсембай мен Шамсутдиновке беттеп қарай алмай, жапсарға бұрыла берді де, ауыр күрсінді.

Доктор Арненбаум бір жапырақ қағазды — рецепті Метреечке ұсынып жатып:

¹ «Депти қай?» — французша «қай уақыттан бері» деген сөз.

² «Депи көніз жор!» — «Он бес күннен бері» — дегені.

— Петр Громов! Мынаны танисыз ба? — деді Медведьев, есік жақты нұсқап.

Громов сырт бұрылды. Алғашқы қарауда Громов таныған жоқ. Бірте-бірте шырамыта келіп, күбідей бол ісінген бет ауыздым ішінен Балта екенін біле қойды, іші оттай жанды. Денесі ыстықты-суықты бол кетті. Громов Балтага қарап «сездірмे!» деп белгі бергенше болған жоқ. Балта қалышылдап жақындай беріп.

— Петр! Петр! — деді.

Громов Балтаның ісінген бет-аузына, жылтыраған көзіне қарап, шыдан тұра алмады.

— Мұның жазығы не? — деді Медведьевке бұрылып.

— Сенің жазығың не болса, оның жазығы да сол!

Сейдеп, Медведьев екі қолын артына салып, бөлмеге тағы да әрлі-берлі жүрді.

— Значит! — «Балықшы балықшыны алыстан таниды» дегенінде салдары осы! — деді Балта мен Громовқа қарап.

— Ия! Господин полицмейстер! Жұмысшы жұмысшыны таниды. Бірақ оған қарап жазықты қыла алмайсыз.

— Менің сөзім рас емес пе? Сендер нағыз разбойник емес пе? Қайдагы-жайдагы қыргыз бар ма, сыған бар ма, бәрі де сендерде. Әрине, разбойник! — деді Медведьев өз сөзін өзі қуаттап.

— Ия, бірақ сіз ойлагандай разбойник емеспіз. Жұмысшы — таптың негізі интернационалдық үйретеді. Бізде ұлтқа бөлу жоқ, тапқа бөлу бар! — деді Громов, манадан еденде аунап жатқан бөрігін алып басына киіп.

— Жетер, мерзавец! — деді үстелге жақын келіп звонок беріп. Сырттағы екі жандарм кіріп келді.

— Екеуі де түрмеге жөнелтілсін! — деді Медведьев, тұтқындарды оқты көзімен атып.

— Тұрмеде шірисіңдер! — деді шығып бара жатқан екеуіне.

VII

Қол басындаған бурыл сақалды, беті иге түсіп шықсан терідей болып сарғайып қатпар-қатпар болып қалған бүкір бір шал күмістей жылтыраған серіппелі, екі кіслік варшава кереуетінің устінде биқасал тысты

қалың көрпеге оранып жатқан аурудың қасынан тұра беріп, мыңқылдай түсті.

— Депуис қандай?...¹

Бұл — ауырып жатқан Бұқпан Көмейұлының үйіне әдейілеп шақыртылып алынған доктор Арненбаум еді. Оның ширек ғасыр өмірі шетелдерде жүріп өткен. Париждан әскерлік дәрігерлер мектебін Стіріп, Европаның бірталай қалаларын кезген адам. Орыс тіліне араластырып латын, француз, неміс тілдерін баттастыра сейлейтін.

Мұның әлгі мыңқылдағанына былай отырған адамдар түсінген жоқ. Жалғыз-ақ, Метрееч қана түсінген адам құсан көзін жыпық-жыпық еткізді де, Арненбаумға:

— Депуискуизекорус² — деді.

Бұқпан жатқан бөлмеде бәйбішесі мен тоқалынан, Метреечтен басқа, улken магазин иесі Шамсутдинов деген татар байы, Бейсембай қажы Бұланов отыр еді.

— У-у-у-у! Ал-лай!.. Не дейді? Өледі дей ме?!— деді Бұқпан, бір аунақши түсіп.

— Алла сақтасын, ол не дегеніңіз! Жазыласыз құдай бұйыртса, жазыласыз!— деді, қопақтай түсіп, Бейсембай Бұланов. Доктор Арненбаум, Бұқпанның кантор үстелінің қасында Метреечпен сейлесіп отырды. Метрееч ойын, бойняда болған оқиғаны, соナン бері Бұқпан Көмейұлының жатып алғандығын, сауда-саттық жұмыстарды өзінің басқарып тұрғандығын, жұмыстан қолы босамайтындығын қысқаша түсіндіріп айтып берді.

Бұқпанның онша жанына батқан науқасы жоқ еді. Ол, көбінесе, жұрт көзіне көрінуден ұялып жатты. Оның көз алдына өзі құсаған «беделді» байлар: Шамсутдинов, Қабанбай, Богомолов, Казанцев, тағы әлдеқімдер елестеді. «Олар естіді-ау ә?.. Оларға не бетіммен көрінемін? Масқара boldым-ау!» деді ішінен ойлап, көңілін сұрап үйінде отырған Бейсембай мен Шамсутдиновке беттең қарай алмай, жапсарға бұрыла берді де, ауыр күрсінді.

Доктор Арненбаум бір жапырақ қағазды — рецепті Метреечке ұсынып жатып:

¹ «Депти қай?» — французша «кай уақыттан бері» деген сөз.

² «Депи көніз жор!» — «Он бес күннен бері» — дегені.

— Суық тиген, дәнеңе етпейді. Біраз күн төсекте жатсын. Даға шықпасын.

— Сүйдеп айтады,— деп тұрған Метреечтің сөзін естігеннен кейін, Бұқпан ақырын басын көтеріп тұрып, керуеттің бас жағындағы жуан бәйбішеге қарап:

— Менің жеңсіз камзолымды әперші!— деді. Бұқпанның бәйбішесі Қадиша еді.

— Пешке сүйенгені несі? Қане, әперші!— деді Қадиша, пешке арқа сүйеп тұрған алса бойлы қарторы жас әйелге — Бұқпанның тоқалына.

Тоқал кеуде жағында үлкен қалтасы бар қара сәтен тысты жеңсіз қамзолды Бұқпанның қолына ұстата берді. Бұқпан кеуде қалтадағы үлкен сары әмияндыштып қалып еді, екі ортасындағы жуан масуак алдына түсти.

— Мә, берші!— деді Бұқпан, Екатеринаның суреті бар жиырма бес сомдық қағаз ақшаны қолына сыйтырлатып ұстал. Ішінен: «Дос-дүшпанның алды шығар, көрсін!»— деп ойлады.

Доктор Арненбаум кішкентай ғана былғары дорбасын қолына ұстал, басын әлсін-әлсін шұлғып бүкірейіп шыға жөнелді.

* * *

— ... Қазіргі қайсы шәһер болса да боталыштар сезилип тұра Богомоловтың әйтуінә қарағанда, ішпіләр арасы тыныш түгілди. Әллә қайда ди, исімдә юқ ұнтым... фронтқа жібәрілә тұрған солдаттар да баш күтәріп: «10 инді бизні алди алмассыз, соғыш бізні тойдырыды» деп, казармаларының тәрәзәлерін уатып, құл-парша иткенлер, ди, магазинларының жиміргенләрди!— деп қойды Шамсутдинов. Тырбықтанған қысқа саусақтары екі ортасына қысқан жуан тобыр шылымды олай-былай қозғап қойды. Жаңа ғана сорған шылымның көк тутіні құрсауланып, төбесінен жоғары бара жатты.

Бейсембай, Шамсутдинов, Метрееч, Бұқпан төртеуі тергі үйде әлдеқашаннан одаша отыр. Бұқпан жеңсіз камзолды иығына жамылып, төсектің үстінде отырды. Оның енді өңі кірді, беті ашылды. «Ұяты» әлдеқашан жоғалды. Бейсембайдың, Шамсутдиновтің манадан бері сейлекен сөздері, оны «жазатайым қыншылықтарға соқ болған жалғыз мен емес екемін ғой! Ақшалы, ен дәүлетті жер дүшпансыз, қағажусызы болмайды екен

гой! Көппен бірге екем!» деген ойға келтірді. Ол өзінше жұбанған баладай болды.

Олар не айтты, қай жөнінде сөйлемді?..

Шамсұтдинов сөзі қаланың үлкен көшесіндегі екі қатарлы өзінің үлкен магазинінен, ондағы сауда-сатық жұмыстарынан, ақшадан, кіріс-шығыстан, піркәшіктерден басталды. Піркәшік арасындағы кейбір тойымсыз қылыштардан, жалақы арттыру мәселесінен басталды. Соның аяғы келіп, «ботышу» мәселесіне — революцияға көшті... Шамсұтдинов кейбір татар байларындай надан емес еді. Сол күнгі ағымнан хабары бар, орысша, татарша газет-журналдарды оқып тұраптық мәліметі бар адам еді. Ақша саясатын, капиталдық өршу жолдарын, оның неше түрлі амалдарын билетін адам еді. «Уақыт ақшадыр, ғапыл болма қашшадыр» деген мәтеді ол аузынан тастамайтын. Бұл мәтел оның ақша алатын кассасының алдында, магазиннің ішінде де жазылынып қойылған болатын. Шамсұтдинов — араб, түрік әдебиетін жақсы билетін бай. Стамбулда, Жүсіп Ақшура ұлының (татар Акчурин байлардың тұқымы) шығарып тұрган «Түрік жұрты» журналын ол үзбестен алғызып тұрды. Шамсұтдинов, негізінде, «Панисламист»¹ еді. Бірақ ол капитал мәселеінде келгенде; «Байлықта шекара жоқ, европа байлығына шомылдып алу керек», — деген пәлсәпені соратын.

Шамсұтдинов салбырап омырауына түсіп тұрган бұғагын тырбиған қысқа, семіз саусағымен бір қасып қойып:

— Господин Бұланов! Сіз мұңар ни әйтесіз? — деді, Бейсембай қажыға қарап, Бейсембай Бұқпан Қемейұлына қадала қарап, күлімсірей түсті:

— Бәйеке! Сіз әлі естіген жоқ шыгарсыз?

— Ол не? — деді ожыраға қарап Бұқпан.

— Осындағы қызыл ауыздардың бірнешеуі Медведьевтің қолына тапсырылды.

Бұлардың тілінде «қызыл ауыздар» жұмысшылардың арасындағы тәңкеріс үйімінің адамдары еді.

— Е, бәрекелді! Кім-кім?..

— Балта, Мақсұт, Громов дегендер бар екен гой?

¹ «Панисламизм» — бүкіл жер жүзіндегі мұсылмандарды біріктіру ниетіндегі жол.

— Громов?... Білем, білем... Бір қаһар соққан нәрсе. Маслаков деген байда грузчик те болып тұрды. Ілік тә болырга кирек,— деді Шамсұтдинов Бейсембайдың аузына қарап.

— Ол иттердің көзін жоғалту керек қой енді,— деді Бұқпан күркіреген дауыспен.

— Тұра тұрыңыз, оның қызығы бар!— деді Бейсембай бір ұмтылып.

— Ал?!

— Эйтіп қарағыз әлі!

Бейсембай сол жерде желкесін күжірейтіп, қабағын қарс жауып еңкейе берді. Манадан үндемей, қозгалмай тыңдал отырған Метрееч те (Метрееч қазақша сөйлейтін, түсінетін) қозғалып тамағын кенеп қойды.

— Давайте, господин Буланч!

Бейсембайдың манағы қажылар құсап шалқайып, құлімсіреп отырған кескіні жоғалды. Төңірегінде гелерге біресе көзілдірігінің үстімен, біресе астымен қаралды. Нағыз барып тұрған жауыз тыңшылардың, правокаторлардың қалпына түсті. Отырғандардан өзге байқап тұрған адам болса, «атақты правокатор, тыңшы Бейсембай Бұланов өз қалпына түсті» деп ойлайтындей болды.

— Мен сізге айтсам, бұл қызыл ауыз адамдардан бүкіл Россия патшалығының қол асты сау емес еken. Тіпті бұлардың бір тізгіні біздің крайдан тыс — Германия, Швейцария, Англия деген мемлекеттерде жатқан көрінеді.

— Пой-пой-пой!— Метрееч, отырған жерінен ұшып кете жаздады.

Бейсембай сөзін жалғап:

— Сіз мынаған қараңыз: бұдан бір жыл бұрын жандарм отделениясының қолына түскен, осылардың үйимы шығарған бір прокламацияда...— Бейсембай ішкі қалтасынан бір кінешке суырып алып:—...бір прокламациясында: «Бұкіл жер жүзінде Америкадан бастап Жапонияга дейін, Швейцариядан алып оңтүстік Африкаға дейінгі жерлердің барлығында да пролетариаттың тиянақты үйымдары бар» делінген сөздер жазылған. Мұны 1913 жылы осы қызыл ауыздардың бір бастаушылары жазған. Пролетариат дегенің, байқасаңыз, жалаң аяқ, жалаң бастар, жұмыста жүргендер еken. Бұларды құтырытып жүрген жолдың өзі, бұдан әлденеше жылдар бұрын Маркс деген бір неміс шығар-

ған жол екен. 1798 жылы осы Россияда шығып тұрған «Вестник иностранной литературы» деген ескі бір журналда сол Маркстың бір кітабына қарсы жазған статьяны оқыдым... Ойбай, Бәйеке, бұл саясат деген нэрсенің өзі, адамның басын быт-шыт ететін көрінеді. Қысқасы... бұлардың алған жолы, патша ағзамға, оның сән-салтанатына, байлыққа, жеке адамның малай, жұмысшы жалдап бай болып тұруына қарсы жол екен...

-- Не дейді, айналайын-ау!— деді Бұқпан жөтеп ліп қалып.— Ол не дегені! Байлықты құдай берген. Қолынан келсе олар да байысын!— деді артынан тағы да.

Бұқпан саясат дегенімізді ұқпайтын адам еді. Оның өз ұғымынша, дүниеде бақытты, беделді, құшті болып тұру үшін бір ғана жол бар. Ол — байлық. Оны тырнақтайдан жинап ұстап тұра білсең, онда сен мәңгі бақыттысың. Егерде оны білмесең, орынсыз шашсан, үсті-үстіне жамамасаң, онда «байлық — бір айлық» деп қана ұғынатын. Ол, екінші жағынан, байлықты бәсеке деп білетін. «Пәлен бай банкрот болған екен, бүлінген екен» деген хабарды еміс-еміс етіп тұрганда, ол өзінше пәлсапа ашып: «Әне, дүние ұстап тұра білмесең, бәсекенің амалын ұқпасаң, ақыр аяғы көретін күнің сол!»— дейтін. Оның білген саясаты сол ғана еді.

Бейсембай Бұланов сезін жалғай берді:

— Ия, сүйтіп сол қырсық біздің қаланы да шалған көрінеді. Мен сізге құпия бір әңгіме айтайын. Әрине, байекелер, бұл осы жерде, өз арамызыда ғана айтылағын әңгіме. Медведьев мырза мені бір күні кабинетіне шақырып алғып, көп сөйлесті. Онда менен басқа Арамқанов та отыр еді. Господин Бұланов! Осы облыстағы қырғыз сахарасының бағалы ақсақалдарының бірі сіз боласыз. Сіздің еңбегіңізді бағалай білеміз: Омбы жанаарал — губернаторы сіз жөнінде бізге үлкен «рекомендация» беріп тұрады. Қалайда, сіз үкіметке қарсы құпия ұйымдардың қалада болсын, сахарада болсын бетін ашып беріп тұру жағына өте көңіл бөлініз. Сахараларда болса, сіздің һиммәтіңізді өзіңізben бірге істес болған болосной, крестьян начальниктері, ұлы ақсақал-қажырлар арқылы білеміз. Әрине, бүгінге дейін, сіз оларды, олар сізді ұмытқан жоқ шығар. Ал, енді қалада болсаңыз, сіздің таянышыңыз біз және атақты,

құрметті байлар, қалалық управа деген сөздерді айтты. Эрине, ол сөздің аяғы неге әкеп соғатындығын мен сезіп, біліп отырдым...

— Сіз, тегі, разбойник Громовларны нишік тұтқанларын әйтігіз әлі! — деді Шамсұтдинов, сабырсызыданып.

— Қазір айтамын... Ия, сезіп, біліп отырдым. Мұратов, Кочков, Палеков тиірмендерінде, Зенков, Трусов заводтарында жұмысшылардың, ломовойшылардың арасында анда-санда құпия жиылыштар болып тұрады екен дегенді Арамқановтан есітіп жүретін едім. Айтқандай, Меновнай жұмысшыларының арасында да сондай бір жасырын жиылыштар болып өткен екен. Сіз қазір осымен айналыссаңыз екен. Сізге көмекке городовойлардан басқа господин Арамқановты және «Зайчик» деген орысты беремін» дейді.

— Кім айтты? — деді Бұқпан.

— Медведьев мырза. Соナン бірнеше күн өткеннен кейін, Трусов заводында істейтін Громов деген біреудің Зенков заводындағы жұмысшылар арасында құпия жиылыш өткізгендігі туралы жандарм отделениесіне хабар әкелінді. Оナン бір күн бұрын Төлеңді баласы Балта дегенді консерв заводында бір жерден ұстап әкеліп еді. Зенков заводының Мақсұт деген біреуі қолға түспей қашып кетіпті. Сүйтіп, осы күні Громов пен Балта деген қарақшылар «ақ үйде» отыр. Бұлардың бір лаңы сол: бұлар қырманшылар арасында да уыт жайған көрінеді. Оның бір нәтижесі Букаевкенің қамбага жағылғаны болса керек. Жандарм отделение-сіндегі материалдар соны айтады.

Манадан үндемей тыңдал қана отырған Метрееч жирен мұртын бір ширатып қойып;

— Оларды каторгага жіберетін болады, — деді.

— Конечно, конечно, әлбетте! — деді Шамсұтдинов, Метреечке жалтақтай беріп.

Бейсембай көзілдірігін түзеп алып, басын шайқады.

— А, как же, как же! Бұланыч! Даже, даже ешапоға салып асып та жіберетін болады, — деді қипалактатып Метрееч. Соナン біраз уақыт аузын ашып аңқып тұрып қалды.

Бейсембай Бұланов жұдырығын түйіп, сөзін зілдендіріп былай деді:

— Нағыз главный себеп — дәлелді материал. Бұл иттерді біз ондай зор материалдармен қолға түсіре ал-

май жүрміз. Бұл туралы мен социал-демократ, қазір қалалық управада қызмет істейтін Алексей Иванович Вендакомен көп сейлестім. Ол қазір Медведьевпен де жақын жүреді. Сол айтады: РСДРП (б) мен біздің арамызыда үлкен шекара бар. Олардың негізгі программаларының бірі — революцияны жұмысшыларды үйістырып отырып, құрал құшімен орнату керек дейді. Ал, біздің партия ешбір қан тәкпестен, өзара келісіп отырып қана революцияны жарыққа шығару керек дейді, олардың жасырын таратқан прокламацияларын, тықкан қару-жарактарын тауып алу керек, сүйтсе, дар ағашының жолы оларға өзінен-өзі ашылады дейді.

— Мұнар қараганда, тігі әлі миньшевик дип юргенләрі бізгө алай уқ дұшман да түгіл икән лабаса. Мінә, нишік! — деп қойды басын сілкіп Шамсұтдинов.

Бейсембай Бұланов жалпақ күміс баулы сағатын жан қалтасынан алып қарады да:

— Уақыттың өзі етіп кеткен екен. Еттеп үй жаққа аяңдау керек, — деді түрегеліп.

— Уай, қайдасындар? — деді күркірей түсіп Бұқпан, арғы бөлмеде отырғандарға естілердей етіп.

Манағы аласа бойлы қара торы жас әйел басындағы ақ жауалығының ернеуімен бетін жасырып, қырындей беріп кіріп, есіктің алдында тұрды.

— Шамсия! Мына кісілерге әзірлеген іштеңелерің бар ма?

— Алдақашан қонақ асы даярлап қойып едік. Сіздер сейлесіп отырғаннан кейін...

— Қане, ендеше, — деп Бұқпан бай ауыр денесін кетеріп түрегеле берді.

— Юққа юмшақталғенсіз. Хәл біліргә гінә и килген идік, — деді Шамсұтдинов, отырған орнында шайқала түсіп. Әлгідей болмай, бір қолына құман, бір қолына шылапшын ұстап Атымтай кіріп келді де, әрқайсысының алдына тосты.

Отырғандар бірінен соң бірі қонақ үйге шықты.

* * *

Бұқпан отағасының тоқалы Шамсия мен Атымтай екі ортадағы көңіл қосқан мінезді, өздерінен басқа еш адам сезген жоқ. Құдіктенген де ешкім жоқ, көңіл сұрай келген кісілер кеткеннен кейін, олардан қалған сарқытты ас үйде отырып Атымтай мен Шамсия ішіп, жеді. Кейде бірі мен бірі әзілдесіп те қойды.

— Биялайың қурап қалыпты ғой! — деді пештің мойнында тұрган сырты көн биялайды уқалап Шамсия.

— Құраса уқалап тұрсыз ғой, икемге келтірерсіз, — деді күліп қана Атымтай. Шамсия мырс етті.

Тамағын ішіп, киініп жатқан кезде, Шамсия Атымтайдың ішкі камзолының жеңінен үстай алып:

— Камзолыңың етегі қақ айрылыпты ғой! Тігіп берейін, — деді ақырын еркелеген дауыспен. Шамсияның ерке дауысы Атымтайдың жүрегін қытықтап өтті. Қөзіне қадалып қарап тұрды. «Аш белінен құшақтап алып бауырға басып жатар ма едім», — деді ішінен. Сүйдеп ойлаганша болған жоқ, жақындан келіп қалған Шамсияны құшақтай алып, тамағының астынан сүйіп алды.

— Ойбай, келе жатыр! — деді сыйырлап қана, демін зорға алып Шамсия. Атымтай қоя берді.

— Кешке жамал бересің ғой, — деді Атымтай есіктен шығып бара жатып. Шамсия сүйініп қарап қалды.

* * *

Громов пен Балта түрменің бір камерасында, ірі-ұсақ ұрлықпен түскендердің арасында жатты. Бұл камера жоғарғы қабатта еді.

Түрменің ішінде он кісі қатарласып жататындейғана тақтай сәкіден басқа, үстел-орындықтан дәнене жоқ. Жапсарының кейбір жерлерінде ақ ізбесі қопарылып түсіп, қызыл кірпіштері көрініп тұр. Кейбір жерлерін көмірмен, қарындашпен сызған сызықтар, жазған жазулар, адамды, атты, сиырды жасаған суреттер бар.

Алғашқыда он терт адам бір камерада жатты. Бері келе азайды. Кейбіреулері екінші қалаға жөнелтілді. Кейбіреулері мерзімді күні бітіп, босанып шықты. Қазір сонан тоғыз-ақ адам қалып еді. Тамақты үш мезгіл беруші еді: бір тілім қара нан, ыстық сұ, кейде лай сорпа болып жүрді.

Бүгін Громов пен Балта және бірнеше тұтқындар жоғарғы қабаттағы үйдің коридорындағы дәретхананы тазалады. Қарауылшы солдаттардың қарамағында жүріп, шелектеп лас суларды тасыды.

Түрменің астыңғы бір камерасында кілең әйелдер жататын еді, сол күні олар да дәретхананы тазалады.

Бетін қызартып бояған, көзі үңірейіп ішке батқан бір әйел шелек көтеріп бара жатқан Громов пен Балтага қарап сақылдап күлді де, көзін қысты.

— Онысы несі? — деді Балта Громовқа міңгірлеп.

Громов күлді:

— Өзінен сұра!

— Бұлардың жазығы не?

— «Қызыл пана» шыгар?

— Ол қандай орын?

— Патша Ресейінің о да бір ашқан «тәрбие орны»...

— Түсінбеймін, — деді Балта.

— Түсінерсің әлі!

Түрме қорасының төрт бұрышында, биік құйманың төбесінде тұрған часовой солдаттар, қораның ішінде жұмыс істеп жүрген тұтқындардан көздерін алмады. Кейбіреулер әйелдерге сез айтты:

— Эй, тетка! Негіп жүрсіндер?

— Қеріп тұрған жоқсың ба? Жұмыс істеп жүрміз.

Сырттан қарауылдап тұрған солдаттар ақырып қоя берді.

— Тұтқындарға сейлесуге рұқсат жоқ!

— Ендеше, олар неге тілді қытықтайды?

— Молчать!

Манағы әйел Громов пен Балтаның қасынан өте беріп:

— Эй, әдемі жігіттер! Шылымдарың бар ма? — деді.

Громов әйелдің кекесін сезіне түсіне қойды. Өйткені Балта мен екеуінің әдемілікке жататын кескіндері жоқ еді. Полицмейстер Медведьевтің розгасының ізі екеуінің бет-аузын көкпенбек қып ісіріп жіберген болатын.

Балта қалтасынан кесетін алып, уысталп әйелге мохорка берді.

— Рахмет. Бізге қонаққа келиңдер! — деді әйел, «мохорканы» пешпетінің қалтасына салып. Сүйдеп, жан-жағына қарады да, Громовтың қолындағы бос шелектің ішіне бір қағазды тастай берді:

— Сендерге берді!

— Кім?

— Вілесіндер. Келіп жүріндер!

— Жібермейді, — деді Балта.

— Жібереді. Надзирательдің көңілін аулаңдар.

— Немен аулаймыз?

— Ақшамен, арақпен. Қош болындар!

— Қош!

— Камераларыңа барыңдар! — деді маңайдағы қарауышылар айқайлап. Громов шелектің ішіндегі қағазды алып, жылдам қалтасына салды.

Тұтқын әйелдер, еркектер біріне бірі қолдарын былғап камераларына тарады.

* * *

Кешкі тексерістен кейін Громов пен Балта екеуді манағы әйел берген қағазды оқыды. Қағаздағы жазу орысша жазылған еді. Басқа тұтқындар әрқайсысы әр жерде отырып, сыйырласып, сөйлесіп жатты. Хаттағы жазудың мазмұны мынау еді:

«Аянышты арыстандар!

Сендердің қандай жұмыспен отырғандарыңды мен естідім. Сендерді сырттан білемін. Мен консерв заводының жұмысындағы бір жесір әйел едім. Қүйеуім он бесінші жылы күзде Герман фронтына кеткен болатын. Онан хат алып жүрдім. Бір күні түнде менің үйіме тінту жасап жандармдар келді. «Сенің күйеуің большевик екен. Фронттан қашып кетілті. Біз осында келіпті деп естідік. Соны бізге тауып бер!» — десті. Қозім көрмеген күйеуді мен қайдан тауып беремін? Соны айттым. Олар маған нанбады. Міне, бүгін бір жұма болды түрмеде отырмын. Мені Надеждадан сұрасаңдар, айтады. Сендердің большевик екендерінді мен сонан білгем. Сырттан таныспын. Бұл қағазды оқып болған соң жыртып тастаңдар.

Тания Гаврилова»,

Громов хатты оқып болған соң, сәкінің үстіндегі май шамға ұстай қойып еді, жалынданып жанды да, күл болды.

— Құнә өртелді! — деді мүйісте қисайып жатқан бір тұтқын. Басқалары бағдарын көтеріп Громовқа қарады.

— Ол қайсы екен? — деді хат туралы ойлад Балта.

— Білмейім. Тысқа шықлағандардың бірі шығар... Әлде, жәй әшейін «provocation» ма екен? — деді Громов.

— Кім білсін?

Ол күні түні бойы Балта да, Громов та үйкіттей алмады. Сәкінің астынан әлдене сыйбырлап, бір мүйістен бір мүйіске жүгіріп дамыл бермегі. Ол тышқан еді.

Бөтен үйіктап жатқан тұтқындардың арасында кей-біреулері қорылдады. Ойланған адамға олардың онысы ағаш кескен ирек тіс араның сырылдағаны құсан естіледі. Әлдеқайсы сандырақтап, ішін тартып жылап қойды. Кейде сырттағы коридорда олай-бұлай жүрген часовийдың аяқ дыбыстары естіледі.

— Сен қалай ойлайсың? Бізді осылай ұстап жата-ма!

— деді, ақырын сыйырлап қана Балта.

— Кім білсін. Материал таппаса...

— Шығарады, ә?

— Жұмысшылар да, комитет те қарап жатқан жоқ шығар.

— Менімше, бізді ұстап тұрарлық ешбір дәлел жоқ.

— Болған күнде де, райдан қайтатын ой жоқ, Балта! Әлде сен босаңсып қалдың ба? Шаршадың ба? Корқасың ба? — деді Громов ақырын гана.

— Мен бе?

— Ия, сен.

— Ол не деген сөзің?

— Жәй, әшейін, шығу жағын көп айтасың.

— Сенің шыққың келмей ме?

— Келеді. Бірақ ойлагым келмейді. Менімше, жа-дыраңқы болу керек, өзінді нық ұстасуың керек, неге де болса шыдау керек.

— Ендеше, мен де сондаймын, Громов! Мені сен өзіндей көр. Сен маған ақылшы да, дос та! Сенің әр се-зің мені бекіндіреді, шынықтырады.

— Рахмет жақсы сөзің! Эне соны іс жүзінде орындауымыз керек. Алда әлі жұмыс көп. Құрестің әкесі әлі алда. Бірақ шындық біздің жақта, біз жеңеміз!..

Тағы бірнеше минуттан кейін камераның ішінде ешбір сыйыр естілген жоқ. Тек әшейін сәкінің астындағы тышқандар гана олай-былай жүгіріп, шик-шиқ етті.

* * *

Громов пен Балта жатқан камераға күннің көзі алдымен түсті. Өйткені, бұл камераның терезелері күншығыс жаққа қарап тұр еді. Күннің сөулесі айқыш-ұйқыш темір шарбақты салалап, жапсарға түсті. Шарбақтың елесі айқыш-ұйқыш болып жапсарда тұрды.

Камераның ішіндегі тұтқындар ерте тұрып еді. Жалғыз-ақ, Балта мен Громов қана жатты.

Тұрменің кілтшісі есікті салдыратып ашып, ашы дауыспен шыңғырып қоя берді:

— Тұрындар!

Оның артынан қылыш, мылтық таққан екі адам (бірі — түрме бастығы) әрқайсысының атын, фамилиясын атап тексеріс жасады. Балтаға қарап:

— Төлөндін Балта! — деді қайқы мұртты, аласа бойлы біреуі.

— Ия, мен!

— Бір сағаттан кейін дайын тұр! — деді.

Сүйдеп ол екеуі, соңынан кілтші камерадан шыға жөнелді. Есіктің сыртында кілттер тағы да сылдырлады.

— Мені қайтеді екен? — деді Балта, етігін киіп жатқан Громовқа жетіп келіп.

Тұтқындардың ішіндегі бетінде қорасанның ізі бар ұзын бойлы, ат жақты біреуі:

— Значит, тұрмемен қош айтисасың, — деді.

Балта оған жалт бұрылды:

— Қош айтисасың!..

— Ия, қош айтисасың, босатыласың.

— Оны қайдан білдің?

— Бұлардың дағдысы солай. Тұрмeden босатылағын адамды сол уақытта шығарады.

Балта не айтарын білмей аңтарылып тұрып қалды да, етігінің қонышын тартып, өкшесімен еденді түйгіштеген Громовқа қарады.

— Босатса, екеуміз де бірге босанамыз. Екеуміздің жұмысымыз бір, — деді міңгірлеп.

Громов күлімсірей берді.

— Мүмкін, солай шығар, — деді, сәкіге отыра кеткен Балтаға.

— Ендеше, неге сені шақырмады? — деді Громовқа қадала қарап Балта. Громов екі қолын қалтасына тығып өрлі-берлі жүрді.

Кілтші есіктің жоғарғы жағындағы тесіктен айқайлад:

— Қане, старосталарынды жіберіңдер. Нан, шай алсын! — деді. Есік ашылып камерадағы староста, талдырмаш бір сары жігіт сыртқа шықты.

— Но, Балта жолдас! Мүмкін, мен де босармын. Бірімізден соң біріміз шықсақ та, бұрын шықсақ та бәрі бір. Мүмкін, мен әлі осында қалып та қоярмын. Бірақ есінде болсын: комитеттегі жолдастарға хабар айт.

Петр Громов тірі, көңілді, мықты де. Мен үшін олар қа-
па болмасын. Мен ешкімге тізгін бермеймін. Партияның
жолында басым құрбан. Саған да айтатын ақылым сол.
Надежда мен Қаятқа да сәлем айт. Тамақ әкелген сыл-
таумен келіп тұрсын. Таня Гаврилова туралы ұмытпа.
Шын ба екен, біліп ал.

Бір сағаттан кейін Балта түрме бастығының кеңесі-
не шақырылды. Громов екеуі бірінің бірі қолын қысып
ұстап, ауыздарын сүйісті.

— Қош, Балта!

— Қош, Петр!

Бірге жатқан тұтқындар да шуласып қоштасып
қалды.

Балта сол шыққаннан камераға қайтып келген жоқ.
Громов кейінірек тұрып, түрменің сыртындағы базарға
қарай сұлаған жолға қарады. Өйткені, Балта сол жол-
мен жүруге тиісті еді. Біраздан кейін көшеде, базар
жак далаңқыда аяңдал жүріп бара жатқан Балтаны
көрді. Қасында еш адам жоқ. «Значить, біріміз босан-
дық» — деді көңілденіп, ішінен қуанған Громов. Ծйтті
де, сәкінің үстіне алқа қотан отырып шай ішкен тұт-
қындардың қасына келді.

Староста сары жігіт құлімсірет түсіп, Громовты ар-
қага бір қағып қалып:

— Мә, сенің есек! — деді бір тілім қара нанды қолы-
на ұстасып.

— Ендігі бір тілім нан қазынаның пайдасына түс-
ті, — деді тұтқындардың бірі қарқ-қарқ құліп.

Оған қарап Громов та күлді. Оның жүрегі көңілді. Көңілі құстай ұшып, өне-бойы жеңілденіп қалғандай
болды. Ол Балтаның босанғанына өзі босанғаннаң ана-
ғұрлым артық қуанды. Бір ойлағанда, ол Балтасыз
ыстық-суықты бірдей көрген жан жолдассыз қалғанды-
ғына күйінуге де тиісті еді. Бірақ ол оған күйінбеді.
Тұрмеде текке жатудан көрі, жалғыз адам болса да бос
жүріп, революцияның артқан міндетін қалың жұмыс-
шылар көпшілігіне ұғындыруы, оған бәрінен де артық,
бәрінен де пайдалы, бәрінен де қасиётті көрінді. Громов
тұрмеде жатуды, «революцияға пайдасыз жатыс» деп
еселтеді.

Громов сол күні кешке өзімен бірге жатқан «голов-
ник» тұтқындарға патшаның саясаты мен революция-
ның екі ортасындағы айырма жөнінде біраз әңгіме айт-
ты. Оны ол қылмыс пен тәрбие мәселесіне әкеп байла-

ныстырды. «Біз неге жатырмыз?» деген сұрауды қойып сол сұрауға анық, айқын, түсінікті етіп жауп берді. Бұрын бірін-бірі боқтап балағаттап жататын «уголовниктер» сол күні сең соққан балықтай болды.

VIII

Сығырайған кішкентай ғана терезенің әйнегіне жаз басындағы жауған жауынның ұсақ тамшылары анда-санда бір тамып, әйнекті шылап тұрды.

Тұс ауған мезгіл.

— Бұл кім? — деді, томпайған доп-домалақ сары баланы, сол қолымен кеудесіне қысып түрегелген Надежда. Есікті әлдекім жұлып тартты.

— Мен, аш, Надежда!

«Еркек даусы! Бұл кім еken?» деді ішінен Надежда

— Мен, Балта, аш, Надежда! Су өтті!

Надежда селк ете түсті де, есіктің ырғак темірін кетеріп, сырттан кіре берген адамды құшақтап алатын кісідей оң жақ қолын керіп тұра қалды.

— Бал-та!...

— Ия, мен... мен, Надежда!

Жаңбырға шыланған құлақшының басынан алып, Надежданың қолын ұстады.

— Бал-та... Бал-та! — деді, Балтаның бетіне тесірейе қарап күбірлеп Надежда. Тіпті Балтаның кескінінен шошып, шырылдал жылай бастаған баланың даусын да сезген жоқ. Қол ұстасқан бойымен Балтани жетелеп төрге қарай жөнелді де, отырғышты көрсетті.

— Танымай қалыпсың ғой! — деді Балта отырғышқа отыра беріп, күлімсіреп. Бірақ Балтаның бетінен ол күлімсіреудің ізі де көрінбеді. Жалғыз-ақ, үңгейген көзінің қарашығы ғана аз қозгалып жылтырап тұрды. Тыстан түскен жарықпен қатар Балтаның көз қарашының үстіне терезенің елесі түсті.

Надежда бірнеше минуттай сөз таба алмай дағдарып қалды. Жыламсыраған баланың бетіне аузын тигізіп, арқасына қағып, теңсeltіп, Балтага қарай берді. Бірақ оның көңілінде тірі Балтани көріп отырмын деген ой жоқ еді, болса да дудамал болып отыр еді. Сондықтан ол кенет көктен түскендей болып отырған Балтага айтатындаи сөз таба алмады.

Балта орнынан тұрып, қолына жұмарлап ұстаған құлақшының есіктің алдына таман алып бірнеше рет

сілкіп, шегеге ілді де, дәл тәбесіндегі үрпісіп тұрган қою қара шашын бір сипап, Надежданың қасына қайта келіп отырды:

— Кане, Надежда! Не хабар бар? Сөйле. Қалдерің қалай? Қаят қайда?... Балаң құтты болсын!..

Сүйдеп, баланың кішкентай ғана қолын алғып, еркелеткен іспетті болып, бір-екі қозғап қойды.

— Ү-у-үх! — деді әлден уақытта Надежда.— Балта! Мен сені тірі деп естігем жоқ, өлді деп естігем. Тіпті, біз Қаят екеуміз қосылышын жылап та алғып едік.

— Е, неге?

— Сол. Шешін, кейін сөйлесерміз.

Балта үстіндегі берзент шекпенін шешіп, іштегі қысқа қара бешпентінің түймесін ағытып, терезенің алдындағы отырғышқа келіп отырды да, қалтасынан кестелі кесетін шығарды.

Надежда Балта отырган терезе мен бергі терезенің екі ортасындағы кішкентай биік үстелдің қасына келіп отырып, Балтаның өніне, үсті-басына көз жүгіртті. Балтаның ақ араласа бастаған қою қара шашына (Балтанаң жасы жиырма бестен аз-ақ асса да, шашына ақ кіре бастаған еді), ернін жауып түскен қырқусызың қою мұртына, имек келген мұрнына, үңірейген көзіне, иегіне, жұқарған өніне қарады. Кірі айғыз-айғыз ішкі көйлегінің жағасына, майланип жылтырап тұрган бешпенінде қарады.

— Ал, Надежда, сөйле! — деді шылымын тұтатып, үстелге шынтақтап Балта.

Надежда сүйсінген тұр көрсетіп, жымиды.

— Не сейлейін? Баяғы өзің көрген тұрмыс, өзгерісі кем. Өліп тірілген сенің сезің таңсық.

— Өлгені қалай?

— Ол былай: сені тұтқын қылып алғып кетті дегенді біз «Менаунай двордың» жұмысшыларынан естідік. Соңан кейін барып Мұратов тиірменіндегі, консерв заводындағы жұмысшылар: Қабыл, Громов, Мақсұт барлығы арыз жазып, қол қойып, сені босатуға амал көздел жүргенді, комитетке жандармдар тінту жасап, онан дәнене таба алмаған соң, тері заводынан Громовты тұтқын қып әкетіпти. Соның артынан бірнеше күннен кейін тұрмеге сендерді іздел, тамақ алғып бардым. Тұрмеге қараушылары: «Бізде ондай кісі жоқ!» — деп мени балагаттап қоя берді.

— Неге балагаттайды?

— «Разбойник, большевиктерге жаның ашиды екен. Керек болса, саған да орын табармыз» десті. Соңан кейін мен, қой, пәле үстіне пәле жабыспасын деп, үнде-мей кете бардым.

Балта қолындағы шылымын сөндіріп, есіктің алдындағы шылапшынга тастай берді.

— Өлді деп кім айтты?

— Оны біз базар ішінде саудагерлерден естідік. «Менаунайдан» ұстал әкеткен бір большевик қазакты полицмейстер Медведьев соққыға жығып өлтіріпті» деген қауесет шығарды,— Надежда күлімсірей түсті,— Сенен басқа ұсталған «Большевик қазак» болмағаннан кейін, біз отырып Балта деп жорыдық.

Балта тісін ақситып қарқылдалп күліп жіберді.

— Сол-л-лай!... Надежда! Қаят екеуіңе Громов сәлем айтты.

— Құдай саламаттық берсін!

Надежда қолындағы баланы Балтаның қолына ұстата берді.

— Біз баланы байсыз да таптық.

— Мариям ана сияқты ма?

— Ия.

— Онда дүниеге тағы бір Айса пайғамбар туды десейші!

— Ия, тағы бір Айса туды. Бірақ бұл көктікі емес, жердікі!

Балта баланың жұмсақ басын алақанымен сипап мұртынан күлді. Түбін сыммен шырмал байлаған, бүйірі біраз жапырылған кішкентай сары жез самауырды көтеріп пештің алдына алып бара жатқан Надежда кезін толтырып балаға бір қарап қойды.

— Айналайын, сол!

Балтаның алдына отырган бала Надежданың еркелеткен сезін үқсан адам құсап, тілін шығарып, қолаяғын шолтаңдатып қойды.

— Надежда!— деді кенет есіне бірдеңе түскендей Балта.

— Эу?

— Сен Таня Гаврилова деген орыс әйелін білесің бе?

«Мұнысы кім екен?» деген төрізді болып Надежда аз ойланып, таңдайын сырт еткізді.

— Консерв заводында ондай әйел болды ма?

— Жоқ, болған жоқ. Мен барлығын да білемін.

— Еш уақытта да болған жоқ па?
— Білмеймін, біз көргеміз жоқ.
«Провокация болғаны ма?» деді ішінен ойланып

Балта.

— Оны неге сұрадың, Балта? — деді Надежда.

Балта күрмеліңкіреп жауап берді.

— Жәй әшейін... сондай бір әйел түрмеде отырды.

Громов екеумізге хат жазыпты. «Консерв заводында істеп ем, бір себептермен түрмеге әкеп жатқызды» деді.

— Кім біледі? Басқа заводтардан түрмеге түскен әйелдердің барлығы естіледі. Бірақ консерв заводында ондай әйел болған жоқ,— деді Надежда, салмақты дауыспен.

Балта терезеден көшеге қарады. Жаңбыр сол баяғы қалпы. Қайта, күшейген тәрізді. Жоғарыда алақанның аясындай ғана болып аспан көрінеді. Қара қоңыр бұлттар көшкен керуендей болып бірте-бірте жоғалып барады.

Надежда Балтаның алдындағы үстелдің үстіне дастарқан әкеліп жайды, наң, қант, бір консерв әкеп қойды.

— Громов неге келмеді? — деді, баланы Балтанның алдынан алып Надежда.

Балта тәмен қарады.

— Әлде...

Балта басын жоғары серіпті.

— Әлде, оны босатқан жоқ па? — деді Надежда Балтага үңіле қарап.

— Ия,— деді Балта ауыр курсініп.

— Неге?.. Неге босатпады? Барлығында бір жұмыспен әкеткен жоқ па?..

— Жоқ. Онікі тағы да ауыррақ,— деді, дастарқаның бір шетін бас бармағымен түйгіштап Балта.— Ол мың тогыз жұз он төртінші жылы Бакуда болған саяси забастовкеге де қатынасыпты. Жандарм иттердің қолына хабар түссе керек,— деді тағы да артынан.

— Е-е-е, Иван, Иван!.. Жүрмеген жерің де, көрмен бейнетің де жоқ екен! — деді мұнды дауыспен Надежда.

Балта бір қозғалып қойып:

— Сірә, Громовты... бір жерге айдал жібермесе неғылсын? — деді.

Надежда да, Балта да мұнайып тәмен қарады.

Жалғыз-ақ, Надежданың алдында отырған бала ғана былдырлап сейлеп, төмен қараған Надежданың кеудесін жұлмалады, қолдарын шолтандатты. Тыпрышып отырды.

IX

Улкен көшемен түйіскең бір көшениң мүйісінде аласа ғана бір қабат тас үй тұрды. Кеше жағында баспалдақты үлкен, қызыл сырлы есік. Бергі жағында сол түсті қызыл сырмен бояп, жоғарыдан төмен қарай жасыл сырмен салалап әдемі өң берген үлкен қақпа тұр. Ашық қақпадан бұл үйдің қорасының төріндегі кішкентай үй, үлкен сарайлары көрінеді.

Бұл — қаладағы белгілі қазақ көпесінің Несербайдың үйі. Бұл үйдің қарсы алдындағы мүйіс — үлкен көшеге қараған жақтағы асты тас, үсті көк сырға боялған екі қабат үй — Несербайдың немірі. Эр жерден келген жолаушыларды түсіретін гостиница. Оның бергі жағындағы бір аласа ағаш үйде Несербайдың інісі Мәули тұрады.

Несербайдың бой жетіп, сыланып отырған төрт қызы болатын еді. Бесінші қызы тағы бар. Олардың Жәмжан, Қалима деген екеуі таңдалап отырып төренің, байдың балаларына тиді. Ол екеуінен кіші, Кепей деген біреуі ерекк-шора боп жүрді. Төртінші қызы — Бәтжан. Оған Мәулидің Жәмжан деген қызы тетелес болып қосылды да, Бәтжан, Жәмжан аталып кетті. Бұл екеуі әйелдер гимназиясында оқып жүретін.

Несербай, Ресейдегі қазақтар былай тұрсын, Қытайдағы бай казақтармен, торғауыттармен, қытай қазақтарының шенді адамдарымен танысып, байланыс жасап тұрды. Қытайдағы Мамырбек төре дегені жылда Несербайдың үйіне мейман болып жатып кетіп тұратын. Несербайдың үйінде бір жұмадан бері бірнеше кісі болып, солар жатыр еді.

Бүгін күн батып, қас қарайғаннан кейін пар-пар ат жеккен тарантас-пәуескелер қақпаның алдындағы жырақаның үстіне салған тақтай көпірді дұрсілдетіп Несербайдың қорасына кірді.

Екі-үш күн жауып басылған жаңбыр көшени, қораның ішін селғып тастап еді. Аттар шылл-шылл ба-сып қорага кіргеннен кейін, есіктің алдында фонар бар, жарық.

- Ассалаумәләйкум!
- Қош келдіңіз, Бейсеке!
- Жоғары шығыңыз.
- Мал-жан аман ба?
- Жоғары... жоғары...

Есіктің алдында үймелеп, меймандарды қарсы алаң тұрған даяршылардың арасынан сондай дауыстар келді.

Бүгін Несербайдың үйінде, Мамыр төренің келген күрметіне жасалған кеш еді, «бал-сыра жиыны» еді. Несербай қаладағы өзінің тамыр-таныстарының барлығын да шақырган болатын.

Тыстан келе берген адамға төргі бөлмеден скрипканың аңы даусы естілді. Онымен баттасып дабырланаң дауыстар да естілді. Әйелдердің сақылдалап күлген дауыстары естілді.

Сұқсыр Арамқанұлы қала байларының ешбір той-топырынан қалып көрген жан емес. Ол даяршылық етпеген той-топыр жоқ. Ол бас сұқпаған жер жоқ. Сүйткен Сұқсыр даяршылық етіп мұнда да жүрді. Оның аузынан тастамайтын дағдылы сөзі: «Е, байекелер, ағалар, дүние екі айналып келмейді. Ішіндер, жендер!» болатын. Бірақ бұл үйдің меймандары толық жиналдып болмай, үстел басындағы қызу басталмағандықтан, ол әлі мұны аузынан шығарған жоқ еді. Оның күлген даусы ешкінің бақылдағаны сияқты еді. Сол күлкісімен күліп, Жиенбайды арқага бір қағыш қойды:

— Жиеке!... Сен әйелдер жағынан босай алмай жүрсін-ау!

Жиенбай Аманжолұлы езуін жиырып күлімсірей тусти.

— Қашан?

— Білем, білем. Күнә емес, жарайды Жиеке, жарайды!— деді Сұқсыр.

Анығында, Жиенбай басқа бөлмеде отырган әйелдердің қасынан шыққан жоқ. Қөзден таса болса-ак, Қөпейдің қасына жетіп барады.

Жиенбайдың Несербай үйіне қайдан келіп қосылғандығын жүрт түрліше айтатын. Біреулер: «Жиенбай Несербайдың малайы еді. Несербай оны оқытып здам қылды» дейді. Біреулері: Жиенбай Несербайдың Қаракесектен әкелген молдасы. Қыздарын оқытуға

жалдаған» дейді. Екінші біреулер: «Жиенбай Несербайдың давернайы» дейді. Қысқасы, Жиенбай Несербайдың үйіне әлдеқашаннан келіп бауырласып, біте қайнап қалған адам еді. Оны «оқытушы еді» десе жени бар, ол сол күнгі татар газет, журналдарын үзбестен алғып оқып тұрды. Оның шкабын ақтарған адам Қазанда шығып тұрған «Ялт-юлт», «Ақ юл», «Шукіш» журналдарын, «Юлдыз», «Бақыт», «Қазақ» газеттерін, «Айқап» журналын көретін. Бері келе жүрт оны: «Несербайдың кіші күйеуі, Қөпейді алмақшы болып жүр» десті. Ол рас еді. Жидебайдың көңілі әлдеқашаннан Қөпейде болды.

— Келетін кісі келіп болды ма? Қақпаны жаптым, аузына құлып салдым! — деді Несербайдың малайы Найманбай теңселе басып кіріп келді де.

— Болды, — деді Сұқсыр, меймандар отырған бөлмені сығалап, айнала көзben шолып.

Малай тысқа шықты.

Ұзыннан-ұзақ үстелді жағалай отырған адамдардың әрқайсысының алдында бір-бір стақан тұрды. Оның ішінде бол-боз болып бал-сыра тұрды. Отырғандар бірте-бірте қыза бастап еді.

Сұқсыр мен Жиенбайға дамыл болған жоқ. Әлсін әлсін ерсілі-қарсылы жүріп тұрды. Подносқа салып бал-сыра тасыды. Әйелдер басқа бөлмеде еді, оларға пілегірде тұратын қызметші сары ногай әйелімен Шәрипа, Қалима даяршылық етті. Кейде бұларға даяршылық етіп Сұқсыр мен Жиенбай да қабаттасып кетіп жүрді.

Бәтжан мен Жемжанның бүгінгі киген көйлектері кең женді, неше түрлі bezегі бар жібек, торғын араластырып тіккен қытай көйлек, шаштарын орап әкеліп, төбелеріне қоқырайтып қойған. Оны әлденеше түйреуштермен жан-жағынан түйрекен. Жалғыз-ақ, қазаша-орысша араластырып сөйлегендері болмаса, сыртқы кескін-келбеттеріне қараған адам қытай қыздарынан айырып боларлық емес. Жалғыз-ақ, Қөпейғана бұрынғыдай ерекек-шора. Устінде — ерекекше костюм. Аяғында — әйелдердің биік өкшелі кебіс-төплесі. Шашын ерекекше қырықтырып тастаған. Несербайдың жуан бәйбішесі Айшаның қасында отырды да қойды. Тек анда-санда әйелдер отырған бөлмеге, сыра тасыған Жиенбайғағана көзінің астымен күлімсіреп қарал қояды.

Еркек жағы қызды. Дабыр күшейді.

Бурыл шоқша сақалды, ақ шашты, аш өнді арық Ешмұқан төре үстелдің ең басында отыр еді. Оның узын етекті қара мундиріндегі жез түйме оттың сөулесімен шағылысып, жылтырап тұрды. Иығындағы саусақтың жуандығында көлденең жапсырган пагон Ешмұқан төрені жанаарал-губернатор тәріздендіріп көрсетті. Ол қолына стақанды алып ақырын орнынан түрегелді де, жағалай отыргандарға қарады. Дабырлап, бірімен-бірі сөйлесіп қызып отырган адамдар сөзді былай тастап, барлығы да Ешмұқан төреге жалт бұрылды.

— Мырзалар! Госпада! — деді Ешмұқан. Алғашқыда даусы тұтығып шықты. Тамағын кенеп алып, былай деді:

— Госпада! Бұгінгі кеш, алты алаштың ақсақалдарының, ұлықтарының бас қосқан кеші. Құрметті мейманымыз Мамырбек ақсақалдың құрметіне арналған кеш. Біздің ойдағы-қырдағы алты алашты ел болып отырган қазағымыздың Ресей патшалығының, патша ағзамының құшағына кіріп, саялы жерге, сапалы ен дәүлетке ие болғанына бір талай жылдар болды. Патша ағзамға, патша ағзамының мынау сұрапыл соғыста жеңіп шығуына алты алаш біз де тілектеспіз. Мұны біржәлі қылғаннан кейін, тізгін біздің қолымызға шексіз тиеді. Бұл қазақ хандығы. Сол үшін ішейік. Ор-ра!

Ешмұқан сүйдеген кезде, үстелді жағалай отыргандардың барлығы да «оралап» шулап, стақандарын қағып-қағып салды.

— Брава, брава-брава! — деді бұғагы салбырап Григорий Медведьев.

— Бис! Бис! Бис! — деді, есік көзінде тұрған Сұқсыр.

Барлығы да орындарына қайта отырды.

Үстелдің бер жақ муйісінде отырган меньшевик Бекешев Қали шыдамады, ұшып тұра келді. Аласағана бойлы Қали жан-жағындағы еңгезердей адамдардың қасында бала сияқтанып қана көрінді. Жасы отыздан асқан адам болса да, сақал-мұртын қырып тастаған, беті бір уыс қана қара кісі еді. Қасында отырган Бейсембай қажы етегінен тартып қалып Қалиды қайта отырғызды.

— Рұқсат етіңіз, рұқсат етіңізші! — деді қопақтай беріп Қали.

— Қане, социалиске сөз береміз! — деді анадайдан байқап отырған Медведьев бақылдай түсіп.

Қали тағы да тұра келді. Алдымен Григорий Медведьевке қарады. Оナン кейін көзімен сүзіп отырып Ешмұқанға, Мамырбек төреге, аяғында келіп шалқия түскен Нәсербайға қарады.

— Господа, меймандар! Мен — социалист. Но, толкі, біраз ғана разница болмаса, түбінде біздің мақсатымыз біріне-бірі үштасады. Біз большевиктер емеспіз. Олардай қан проливайт ететін революциядан біз аулақпыз. Біз... біз барлық халықпен договорится етіп, тізе қосып отырып қан проливайт етпей ғана, құралсыз ғана революция жасауга талаптанамыз. От части... күншығыс халқына (мәселен қазақ сияқты) республика беруге де қарсы емеспіз. Егер жалпы халық қамын жеуші кеменгерлер табылса, ханғып қоюға да қарсы емеспіз.

— Ұғымды, ұғымды господин социалист! — деді Григорий Медведьев.

— Да... Біздің тілегіміз — ақыр түбі жеңіп болғанға дейін соғысу, вот! Жасасын...

Қалидың соңғы сөзін отырғандар шулап естіртпей кетті. Қали орамалымен бетін сұртіп орнына отырды.

Атымтай есіктің алдында тұр еді. Анда-санда Бұқпанға қарап қойды. Бұқпан кім сөз айтса, соған жалтақтап қарап, құлімсіреді де отырды.

«Осылар не айтып отыр?» — дейді ішінен Атымтай. Есіктің бір жағына келіп жарықшадан сығалап: «Мұның ішіндегі қытай қазагы қайсы екен?» — деді тағы да өз-өзіне. Сұқсыр Атымтайды жеңінен тартып, тысқа шығатын есіктің бір жағына отырғызды да, қолына стакан берді:

— Шырагым, қай елсің? — деді Сұқсыр.

— Атығаймын.

— Ә-ә-ә... Кімнің малайысың?

— Қемейдікі.

— Ә-ә-ә... Кісілер отырған үйдің есігінің алдына барма. Ұят болады,— деді кетіп бара жатып Сұқсыр.

Атымтай стакандағы сыранны қағып салды да, кетіп бара жатқан Сұқсырды етектен тартты:

— Мә, отагасы!

— Орныңа барып, отыр, шырагым! — деді, еппен гана Сұқсыр.

Басы қазандай ұзын бойлы бір аққұба жігіт орнынан түрегелді.

— «Талап» қауымының председателі господин «Ібраш» Жұмажан Тілекұлы сейлейді, — деді Бейсембай қажы алақанын шапалақтап.

— Ihim-ihim... Біз қазақ жастарын, алты алаштың жаңа еспірім үрім-бұтақтарын өнер-білімге даярлаймыз. Земства төңірегіне ұйыстырамыз...

— Orrra! Orr-pa!

— Брава! Брава!...

— Orrpa! — Byra-a...

Оның да соңғы сездері естілген жоқ.

Отырғандар алдын ала көтеріп, шу етө түсті. Барлығы да қызған еді. Артынан музыка ойналып, сез былай қалды.

Ешмұқан төрениң баласы Қигаш пен Бәтжан екеуі қора жақ есіктің сыртында, тыста тұрды. Қорадагы лай болып жатқан батпақтың исі мұрынға келеді. Аспандагы теңбіл-теңбіл бұлттардан жылтыраған ешбір із көрінбейді.

Бәтжан Қигаштың құшағына еніп, басын қеудесіне қойып, сыйырлап сық-сық күлді.

— Бәтжан! Был қайда боласың?

— Был ма?... Был тағы да сол Жарқайынға барып жатамын.

— Омбыға келсең қайтеді? Жарқайында не бар?

— Білмеймін... мұмкін...

Тағы да сық-сық күлкі. Шөпілдеген сүйіс.

— Қигаш! Сіз Кадецкий корпусты қашан бітіре-сіз?

— Бәтжан!

— Өү!

— Сіз Женский гимназияны қашан бітіресіз, Кадецкий корпусты мен де сол жылы бітіремін.

— Ха-ха-ха... Қойыңызышы!

— Қоятын дәнеңе жоқ. Серъезный!

— Серъезно?!... Ха-ха-ха...

Екеуі де таңдай қағып тұрган тәрізді. Бұл сүйіскен дыбыстары.

— Бәтжан!

— Слушаю!

— Барсақ қайтеді?

- Қайда?
- Анау жерге.
- Қиғаш сырт қорага мезгеді.
- Лай, батпақ...
- Ол қайтушы еді?
- Туплиімді былгаймын.
- Қөтеріп алып барайын.
- Қөтере алмайсыз. Мен салмақтымын.
- Қөтеремін!
- Қөтере алмайсыз.
- Қөтеремін.
- Шөпілдеген сүйіс.
- Қөтере алмайсыз.
- Қө-те-ре-мін!..
- У-у-уқ! Құлаймын...

Қораның ішіндегі лай-батпақ аяқтың астында, шылп-шылп етіп жатты. Аяғын ауыр басқан біреу ағарандаган бірденені сыртқы қорага таман алып журді.

— Құ-құ... лаймын... Құлаймын!

Бергі жақта байлаулы тұрган аттар қасынан өткен адамнан үркіңкіреп, осқырып қойды.

Төрт бес малай аскананың еденінде, жайған кенептің үстінде тамақ жеп отырды. Атымтай табақтың ішінен бір жапырақ етті алып, кішкентай кеседегі горчицаға малып аузына салып жіберіп еді, әлгідей болмай-ақ қақалып-шашалып бүркіп қайта түсірді.

— Е, не болды? — деді, Несербайдың малайы Найманбай Атымтайдың желкесіне түйгіштеп. Ол сүйекке қақалды ма деп ойлады. Атымтай біраз уақыт үндемеді. Артынан міңгірлеп:

- Май екен десем...
- Уа, қа-қа-қа...
- У ма екен?
- Thy! У екен! — деді, женімен аузын үйкеп Атымтай.

Асханаға келген Сұқсыр еденде отырғандарға ожырайып қарап:

— Бұларды мұнда кім шақырды? — деді қазан басында жүрген аласа бойлы сары әйелге.

— Мен едім, — деді әйел.

Сұқсырға бұлардың мұнда отырып тамақ жеуі Несербайдың тәбесіне отырғандай көрінді, маңызын түсіргендей болды.

— Ұят қой!... Қане, Найманның балалары, аяқтың

астынан былай шығындар, ұят қой,— деді қыпсылдан, шыр көбелек айналып Сүксыр.

— Жей берсін. Меймандардан қалған тамақты аяй-сыз ба? Оны, бәрібір, ешкім жемейді! — деді, ыдыс тазалап жүрген сары ногай әйелі.

Малайлар орындарынан түрегеліп есік жаққа кетті.

Қытай қазағының төресі Мамырбек өз атына арналып шақырган кешке өте ырза болып отырды. Қасындағы тебесінде ұзын кекілі бар арық қара жігітке-неке-ріне қарап жымын еді, бүкіл жағын қатпар-қатпар қып жиыршық сырғып әкетті. Қақсан, сарғайып түрган ұзын-ұзын тістері көрінеді. Ұсақ-ұсақ болып екі көзінің жиегі де шиыршықтаңды... Бұлар үш кісі еді. Үшеуінің де кигені — Қытай күімдері. Мамырбектің жағасынан тәмен қарай тізген тас түймелері шамның сөүлесімен шағылысып, гауһар құсап түрлі түске құбылды.

Бөлменің дәл ортасындағы биік ұзын үстел жиналып алынды да, меймандар кейін сырлылып отырды. Орталары алқа қотан ашық қалды. Музыка «Мазурка» биін ойнады.

Екі беті қыздардың бетіндегі домалақтанып қып-қызыл болып түрган жез-түймелі бір жас жігіт, «мен қазір билеймін» деген кісідей болып орнынан түрегелді. Жанағана қарайып мұрт шығып келе жатқан жігіт еді. Сүйтсе де, қою мұрты бар адамдай болып, екі жақ езуінің үстін екі бармағымен бұрай береді. Мұнысы — оның дағдыланған түрі. Сұлу мұртты студенттерден, офицерлерден үйренген әдеті. Қыздың қасында болып имие келген қасын бір-екі секіртіп қойып, есік жаққа қарады. Бөлек үйде отырған қатындар, келіншектер, қыздар топталып есіктің алдында түр еді.

— Әбіш! «Мазурканы» сізден басқа адам билей алар ма екен? — деді Сүксыр тұрып. Түрегеліп түрган әдеміше жас жігіт — Әбіш мырс етіп күлді де, есік алдындағы әйелдерге жақыннады. — Сіз екеуіміз мазуркаға бір түссек қайтеді, — деді бетінде аздал қорасаның ізі бар, мыртықтау келген дембелше бір қара торы қызға жақыннадап Әбіш. Ол — Сүксырдың қызы Жұмабике еді. Манадан бері Әбішке қадала қарап, кезін ала алмай тұрып еді.

Әбіш Ділдабай баласы Омбыдан, оқудан келген бетінде Сүксыр Арамқановтың үйінде жатып жүрді. Осы келген бетінде де сонда жатыр еді. Екеуі көніл қосып

жұрген болатын. Жұмабике билеу білмейтін. Билеу былай тұрсын, ауелі жұрген жүрісінің өзі өрескел еді. Кейде митындал, кейде тырп-тырп басып, аяғын ломовойлардың атындағ әрең алып жүретін. Білсе-білмесе де Ділдабай баласы оны көнілді болсын деп әдейі шақырды. Бірақ, Жұмабике өзіндегі кемшілікті білдірігісі келмегендей болып, аузын майыстырып, тырбықай саусақты, жуан білекті қолын ақырын бір серпіп қалып, шолжың тілімен:

— Жоқ, Әбіш! Кейіме, нұқшаниет келіп тұр. Мені қойыңыз! — деді.

— Билегің келсе, биле қарагым, биле! — деді шешесі тұрып. Жұмабике қызырақтап кейін шегінді.

Қигаш пен Бәтжан «Мазурканың» ырғағына басып әлдеқашан секіріп жөнеліп еді. Еш адам шықпаған соң, Әбіш Ділдабай баласы жападан-жалғыз соқірді. «Өнердің негізгі бір тарауын аямай көрсетіп қалайын» деген кісідей болып, өзін-өзі олай да, былай да ыргалаңдатты. Қыздың беліндегі нәзік белі былай да майысты: әлсін-әлсін кезін жауып әкетіп тұрган үзын қара шашын басымен серпіп қалып жүрді.

— Брава!... Брава! Әбіш! Брава! — деді Бейсембай Бұланов алақанын сарт-сұрт еткізіп.

Отырғандар алақан шапалактады. «Значит менікі!» деді ішінен ойланып Әбіш. Музыка тоқтаған кезде кеудесін ұстап, ентігіп барып отыра кетті. Басы айналғандай болды. Неге екені белгісіз, оның көз алдына Омбыдағы Учительская семинария, ондағы жолдастары елестеді. Кадецкий корпус, онда оқып журген Сентүр Менатаров елестеді. Есіктің алдында тұрган Қигашқа қарады да, күлімсірей тұсті. Қигаш Әбішті өзіне шақырды.

— Әбіш!

— Да, господин прaporчик, Қигаш!

— Болашақ...

— Дос, болашақ!

— Сіз, кадрельді білесіз гой, ә?...

— Қөп емес, аз ғана.

— Музыка қалай болар екен?... Музыканттар біле ме екен?...

Қигаш музыкантердің қасына барды.

— Бәтжан!

— Эу! — деді иығына қолын салған Жұмабикеге қарал Бәтжан.

— Шашыңа шәп қайдан жабысқан?... Алып тастадым,— деді ақырын ғана сыйырлап.

Екеуі бірін-бірі жетелеп, Бәтжанның бөлмесіне қарай жүгіре басып жөнелді.

Жастар жағы бимен әуре болып жатқанда, ішкен-жегендері бастарына шыққан «ақсақалдардың» арасында кейде көтеріңкі, кейде саябыр, кейде сыйыр болып өзара әңгімелер естіліп жатты.

— Менімше, қазақтан солдат алу деген хабар — маңызды хабар. Мәдениет дегенді ауызга алатын болсақ, Европаны аламыз. Мәселен: бір, тағы есті деген халықтар — арабтар, ұндістандар, зәңгілер... олар ағылшын үкіметіне солдат береді. Африкадағы зәңгілер өзі бағынған үкіметке солдат береді,— деді, «Талап» қауымының басты адамы Жұмажан. Сүйдеп, тап-тақыр ғып қырған басын сипалап Жұмажан орысша сейледі. Үйткені, әңгіменің ішінде Григорий Медведьев, байлар: Казанцев, Богомолов, Маслаков отыр еді.

— Междупрочем... да... татарлар мен башқұрттар да азият. Олар патша ағзамға әлдеқашаннан бері солдат береді,— деді Богомолов отырып. Алпамсадай болып отырган Маслаков тоқты қойдың басындей жұдырығын жұмарлап тізесін бір қойды да, өршелене тусты:

— Бүгінге дейін қазақтан солдат алмаған мәнісін байқайтын шыгарсыздар, господа! Қазақтарға қаранды татарлар азият емес, өзімізбен біте қайнаган халық. Олар... олар — мәдениетті. Оларда фабриканттар бар, ірі магазин иелері бар. Күпештер бар, дворяндар бар... бәрі де бар. Ә, қазақ оларға қарағанда нағыз азият. Қойдай өрген халық. Оларда жауынгерлік жеке,— деді «бәрін де өзім білем» беген кісідей болып өркөкіректеніп.

— Иван Алексеевич, қате айтасыз, қате!— деді үлкен көзін тасырайтып Григорий Медведьев... Ол көптен үндеңей отыр еді. «Саясат» сақтап отыр еді.

— Қалайша қателесемін, Григорий Павлович?— деді жуан мойны икемге келмей, денесімен тұтас бұрылып Маслаков.

— Қазақ жауынгер халық, бірақ надан. Мұндағы сіз айтқан дворяндар, миллионерлер қазақта да бар... Значит, байлық бар. Байлық болған жер Ресей патша-

сына пайдасыз болмайды. Ал, енді солдат қызметіне келсек, бірте-бірте оны да үйретеміз. Алдымен қара жұмысқа, окоп қазуга, барак салуга жұмсаймыз...

— А-а-а... мен сізді понимаю, Григорий Павлович! — деді қарқ-қарқ күліп Бейсембай Бұланов.

Тісін шұқып-шұқып керіле отырган Бұқпан:

— Не дейді? Не дейді? — деп, Бейсембайға қарады.

Манадан екі қолын қалтасына салып, қақып тұрған Жиенбай да бір жағынан кимелей түсті. Ұзын қою мұртын сылап-сипап, тамағын кенеді:

— Гапу етесіздер, господа!

— Пожалуйста, пожалуйста!

— Пожалуйста, отырыңыз!

— Отыр, Жиенбай мырза!

Әрқайсысы Жиенбайға сүйдеп қойды.

— Гапу етесіздер!... Менімше, қара жұмысқа алғаннан да, тұра солдат қызметінің өзіне алған жақсы. Эрине, патша ағзам үкіметі оның мәнісін өзі біледі. Бірақ біздің қазақ қара жұмысты «қалу бәледен» бері істеп келеді. Ысылу үшін, тәрбие көру үшін солдат қызметінің өзі дұрыс. Біздің қазақ надан, ол рас. Бірақ патша ағзам Ресейнің қай қызметіне болса да қарсылық етпейді. Оны біз, қазақ оқығандары, жақсы білеміз,— деді Жиенбай.

Ол өзінше «біздің қазақ» деген сөзімен өзінің патриоттық та, ұлтшылдық та пікірін алдында отыргандарға анық түсінірдім деп ойлады. Оның сөйлеген мақсаты да сол еді. «Социалист» Қали Жиенбайдың бұл сөзіне сүйінгендей болды. Қалтасынан күміс шылым сауытын алды да, жағалай отыргандарға шылым үlestіріп болып, Жиенбайға да ұсынды.

Музыка «Полька» деген биді ойнап еді, Қали мен Жиенбай билеушілер жанына қарай шықты.

Үйде отыргандар бір-бірлеп тарай бастады. Алдымен Бейсембай, Григорий Медведьев, Богомолов, Казанцев жөнелді. Несербай өзінің даяршыларымен, бірнеше әйелдермен, өзінің меймандарын шыгарып салды. Өзінше, ол кешін көңілді өткіздім деп ойлады, ішінен сүйінді, көңілденді.

Мамырбек төре өзінің нөктерлерімен Несербайдың номерінде, ең жақсы, әшекейлі бір бөлмесінде жатыр еді. Несербайдың қоян-қолтықтасып ырза болып жөнелді. Несербай оларды ертеңгі шайға шақырды.

Түн жарымы. Аспан қара, тұнеріп тұрды. Аз ғанаң жел ескендей. Қөшесіненің мүйісіндегі газбен жаңып тұрган фонарлар анда-саңда тенселіп қалып тұрды. Қөлеңкесі бір олай, бір бұлай шығады.

* * *

Сұқсыр сол күні үйіне қайтқан жоқ еді.

Үйдегілер үйықтап қалған кезде (Сұқсырдың үйінде «Мойнақ» ауылдан келген ауыл адамдары жатыр еді). Жұмабике, ішкергі үйде, кішкентай бір бөлмеде жатқан Әбіштің қасына келді де, мойнына асылды. Әбіш шошып, Жұмабикенің қолын серпіп жіберіп еді, есіне түсіп, оянып, қолды өзіне қарай тартты... Жұмабикенің былқ-былқ еткен семіз денесінің ыстық буы Әбіштің мұлде үйқысын қашырды. Жұмабикені көрпенің ішіне кіргізді.

— Мен сізге өкпеледім,— деді ақырын сыйырлап қана, демін зорға алып Жұмабике... Жүрегі алқымына келіп тығылғандай болып, ентігіп жатты...

— Неге, сәулем?— деді жұмсақ белінен құшақтап Әбіш.

— Мен сізге өкпеледім,— деді ақырын сыйырлап қана,— көзіңіз Жәмжан жақта болды,— деді өзінше еркеленіп Жұмабике.

— Отірік айтасың. Көзім сенде болмаса да, көңілім сенде болды,— деді Әбіш. Сүйдеп, Жұмабикенің тамағынан аймалап иіскең жатты. Жұмабике тырп сткен жоқ. «Қашан сүйер екен? Қашан сүйер екен?»— деді ішінен сабырсызданып.

X

Қаланың батыс жағындағы кішірек көшелердің бірінде, ылдилау жерде, сыртына бір-екі тұп тал, терең өсірген, айналасы қоршаулы кішкентай ғана екі бөлмелі бір ағаш үй тұр.

Қарагайдан тізіп салған бөренелері Сібірдің ақ жауындарына шыланып сарғайған. Темірмен қапталған тебесінің ернеуі сөгіліп, шекесі көтеріліп, жел, дауылды күндерде тақтайы сабалап қаңғыр-күңгір етеді. Екі жақ самайындағы қызыл кірпіштен салған екі мұржасы, алыстан қараганда түріктердің қызыл тақиясындаид, онан будақтап шыққан қара тұтін ша-

шагындағ болып елестейді. Ақшасы үй салғызуға жетпегендікten бе, қақпасының сиқы жоқ. Шіріген, сынған тақтайларды құрастырып шегелеп, қиқы-шой-қы қып ілекерлеп қойған.

Қорасын қоршап алған плетеннің іші-сыртына малдың жапасы сыланып, плетен ұстап тұрган қазықтардың басы сорайып тұр. Қатты жел соқса құлаудың аз-ақ алдында, солқ-солж етеді.

Қоршаған үлкен қораның ішінде мал тұрарлық кішкентай тоқыма қора тағы да бар. О да ескі, о да малдың жапасымен сылаулы. Бұл қораның түклірінде бір шанадан асар-аспас шөп, көтеремнің аз-ақ алдында тұрган бір тарғыл сиыр тұр. Науаның алдында тұз жалап бір кішкентай қара ат тұр.

Бұл тері-терсек «сортовщигі» Бөгөнбайдың үйі. Жұрт оны «қара Бөгөнбай» дейтін еді. Үйткені, Бөгөнбай қазанның күйесіндегі қара кісі болатын.

Бұғін таңертенең бері қала қара жауынның астында қалды. Қаланың сонау басынан көшке-көшени салалап, жырағаны бойлап сарқырап ақсан лай су, Бөгөнбайдың үйінің сыртындағы биік жарға келіп, тауды-тауға атқан бұлақтай болып күрілдеп төмөн түсіп жатты. Сайдың астындағы терең арықты бойлап, қаланың шетіндегі ұсақ қара суларға құйып жатыр.

Тұңғат шешесінің басты мұжіген, құлақты ойған, жүректі тырналаган зарын естіл болып, тұс ауа тереzenің алдына келіп, Богомоловтың тері заводы жақ көшеге қарап отыр еді.

Жауын астында арбалы жаяу адамдар шылп-шылп басып, ерсілі-қарсылы жүріп барады. Жауын әлі ба-сылған жоқ.

Аспандағы бұлттар қандай тұксіп қабақ шытып тұрса, үйдегі ызбарлы шешесінің де шырайы Тұңғат қа сондай көрінді. Күннен күн есейіп бара жатқан шақтары, балалығы, құрдастары кез алдына елестеді. Көзіне жас алған жоқ, бірақ ішінен жылап, еңіреп отырғандай сезілді.

Бөгөнбай шал ағаш кереуettің үстінде бүктетіліп үйіктап жатыр еді. Тұңғаттың он төрт жасар інісі Қалмырза қорасан шығып, төргі үйде жатты. Қол ток-пақтай ғана татар кескінді сары әйел намаз оқып отырды. Ол — Тұңғаттың шешесі еді.

Тұңғат сол кезде он алты жаста болатын. Экесі Бөгөнбай оны он екі жасынан бастап қаланың байла-

рына жалға беріп, қара жұмысқа салып қоя берген болатын. Бес жасынан бастап қаланың дүмшес молдаларынан сабақ оқытты. Қыс сабақ оқыса, жаздың күні біресе мойкеде, біресе «Менаунай дворда», біресе қаланаң етшілеріне жұмыс істеді. Ол жұн де жайды, тे-ріге істік те шанышты, қой да бақты.

— Мал оңайлықпен табылмайды, еңбекпен табылады. Сенің әкеңде тигенімде, әкенің жалғыз ат пен салт қамшыдан басқа, бит басқан тонынан басқа дәненесі де жоқ еді. Әкенің адам қылған мен. Қарашы! Тапқан-таянғаның тырнақтап жинап, аяғында үстімізге ымарат салғыздым. Осылар біз өлсек, сендерге қалады. Ашы-тұщының дәмін тат! — дейтін қит етсек ақ шешесі.

Бірақ ол жағына Тұңғат терең көз жіберген жоқ. Оның көңілінде: «Өзімдейлер не болса, мен де солмын» деген ой болды.

Тұңғат терезенің тубінде отырып осының барлығын ойлап шықты. Тыста есік тарсылдамаса, Тұңғат әлі де ойланып отыратын еді.

Есік ашылған кезде, үсті-басы су болып, солдатша киінген бөлесі — Қасен Әмежанұлы кіріп келді.

— Жоғары шық! — деді Қасенді қолынан жетелеп, Тұңғат.

Қасен Әмежанұлы ел ішінде, қазақ арасында өскен жігіт. Бірақ паспортта татар есебінде жазылған-дықтан, солдатқа алынып, қалада учебная команда да үйреніп жүр еді.

— Екі күнге босанып шықтым! — деді Қасен, Тұңғаттың шешесінің қолын ұстап. Сөйлескен дауысқа кереуетте жатқан Бөгөнбай шал ояиды. Басын көтеріп тұрып отырды.

Бөгөнбай соғыс әңгімесін тыңдауға әуес еді. Қасеннен соғыс туралы сұрастырды:

— Соғыс қашан тоқталады екен? Оны білесің бе?

— Жоқ. Сірә, күшайсе керек. Бізді де фронтқа же-нелтпекші болып жатыр.

— Қай фронтқа дейді?

— Білмеймін. Бізді жолдастар Австрия фронтына дейді.

— Мүмкін, ол жақ онша қорқынышты болмас. Австрияның өзі пленге түскіш халық па? Немене? Осында толып жүр гой! — деді Бөгөнбай, аңқаусымақ түрмен.

Қасен жылымиш күлді:

— Біздік де олардың қолында аз емес шығар!

Біраздан кейін Бөгенбай тағы да сұрады.

— Қазақтан окопке солдат алады деген қауесет бар дейді. Оны естіген жоқпышсың?

— Ауық-ауық естімін. Ел іші бүлінісіп, бұлқан-талқан болып жатыр дейді.

— Құдай сактасын. Өміріне ата-бабамыз солдат беріп көрмеп еді. Қазаққа қол салса, бұл иттің әбден алжығаны ғой, сасқаны ғой! — деді кейіп, бурыл сақалын салалап, Бөгенбай.

— Көрмейсіз бе енді мыналарды! — деді Бөгенбайдың әйелі Қасенді көрсетіп.

— Экесінен ғой! Әлдеқашан қазақ арасына сіңіл, қазақ боп қалған немелер... Әлі күнге паспорттарын да түзеп алмапты. Ал, енді!.. Маршта да жур! — деді, әлдекімді кекеткен, мұқатқан тәрізденіп Бөгенбай шал.

— Қазақтан да алатын болған соң, бәрі бір емес пе! — деді, міңгірлеп Қасен.

Ішкергі үйдегі науқастанып жатқан Қалмырза сандырақтап әлдене айтқан тәрізді болды. Қемпір бүкшешідеп ішкергі үйге жөнелді.

— Ата, сіз Төлендінің үйін білесіз бе? — деді Қасен әлден уақытта.

— Қай Төленді? Етікші Төленді ме?

— Осы Қірпіш сарай төңірегінде, тау астында деп естіп ем, — деді Қасен.

— Е, ие сол, етікші Төленді. Осы жерде, таудың астында, Домбай шалдың үйімен қатар тұрады, — деді, иегін көтеріп Бөгенбай шал.

— Мен ертіп алып барайын. Керек пе еді? — деді Тұңғат отырып.

Қасен мен Тұңғат кешкे таман Төлендінің үйіне баратын болды.

Кешкे қарай жауын басылды. Батыстың ұшығы қызыра бөртіп сала берді. Құн ашыққа батты.

* * *

Балтаның әйелі Ұмындық Қасен мен Тұңғатты жіберген жоқ. Қазанға біраз ет салып, қолда бар та-мағымен сыйламақ болды.

Балтаның үйінде Қасен мен Балтадан, Тұңғаттан басқа Қылыш та отырды. Қасен өзінің учебная коман-

дадағы тұрмысымен, солдаттар мен офицерлердің арасындағы қатынастарымен таныстырыды. Ұрудың, гауптвахтаға жабудың күнара болып тұргандығын айтты.

— Бұдан бір ай бұрын алты солдатты аристовайт етіп, Томскийге жөнелтті,— деді Қасен отырып.

Балта мен Қылыш Қасенге ентелей берді.

— Не үшін жөнелтті?

— Солдаттардың арасынан «домалақ қағаз» шығыпты. Таратып жүргендегер солар болса керек. Бір күні түнде алтауын да айдал алыш жөнелді.

— Ол «домалақ қағаз» сениң қолыңа түспеді ме?

— Түсті. Аяғындағы «рабочий комитет» дегенін ғана көзім шалып қалды. Фетфевл келіп қолымнан жұлдып алды. Жармаса кетіп ем, кеудеге бір түйді,— деді жынысып Қасен.

— Ал, сен ауызға неге бір салмадың?— деді, қарылдан күліп Қылыш.

— Сені қашан жөнелтетін түрі бар?— деді Балта, Қасеннің иығына қолын салып.

— Жақында жөнелтеміз дейді.

— Онда бізбен ұзақ жолдас бола алмадың гой!— деді Қылыш.

— Ия... рас. Ұзақ бола алмадық. Қайтесің? Бүйіркү солай!— деді күрсініп Қасен.

Бір шақырым жердегі шойын көпірдің үстін басып өтіп бара жатқан поездың ауыр салмақты жүрісі, күрсілдегені үйдің ішіндегілерге естіліп тұрды.

— Әнел! Жә, зеңбірекке жем болатын солдаттарды өкетіп барады. Жә болмаса, көгендереген қойдай қып тізіп көк киімді австриялықтарды тасып әкеле жатыр,— деді, поездың дауысына құлақ қойып Балта.

— Бізді де сол Австрия фронтына жібереді деседі.

— Австрияларды топырлатып ұстап әкелемін десейші!— деді Қылыш.

— Мен соғысқа барсам мылтық атпаймын.

— Енді қалай? Ұйықтап жатамысың?

— Ұйықтамаймын да.

— Енді қайтпексін?

— Аспанды көздеймін.

— Сені сүйткізіп «құс атқызып» қоя ма?

— Қоймаса қайтейін?

Балта мен Қылыш қарқылдан күліп жіберді. Оларға қарап ерікті-еріксіз Қасен де күлді.

— Элі шикісің,— деді бетіне қадала қарап тұрып Балта Қасенге.

Қасен ұқлады. Тек әшейін жымия берді.

— Элі шикісің, Қасен!.. Сен өздеріңмен бірге жатқан Павлов Аркадий деген жігітті білесің бе?— деді Қасенге.

Қасен аз ойланып, жалт қарады:

— Ия, білем. О да фронтқа бізben бірге женелтілеңді. Өте жақсы жігіт.

— Ол қайсысы?— деді Қылыш, Балтаның жеңінен тартып.

— Былтырғы жылы Москалевтің қолында барлығымыз бірге жүк тасып жүргеміз.

— Э-э... мандайында тыртығы бар, сепкіл бетті сары жігіт пе?— деді Қылыш.

— Ия, сол. Ол — жақсы жігіт.

— Біздің солдаттардың арасында ақылды, жайдары мінез адам сол!— деді Қасен.

— Ендеше, сен, қайда жүрсендер де сонымен бірге бол. Ол тұрмыстың ашы-тұщы дәмін көп адамнан артық біледі. Өлсе амал жоқ, өлмей тірі қалсандар, ол саған жол мегзей білетін жігіт!— деді әрбір сөзін зілдеп, қабағын қарс жауып, мандайын жиырып Балта.

— Жарайды,— деді Қасен орнынан тұрып, шылапшынга қарай барып. Үйдің іші булана қалды.

XI

Саусақтың жуандығындағы гана май шам вагонның ортасындағы кішкентай пештің үстінде ырғаланған жанып тұрды. Пеш жағусыз. Оның қазір вагонға керегі де жоқ тәрізді, ұмытылған тәрізді. Бұл вагонда Петр Громовпен бірге он төрт кісі жатты. Олардың деңесінде, бет аузында розганың ізі бар. Кейбіреулерінің бет-аузы мұлде жара боп кеткен. Петр Громов бұлармен өлі танысқан да жоқ еді. Өйткені, бұлардың арестанттар вагонына мінгеніне ұзақ та болған жоқ. Бұдан екі-ақ сағат бұрын, кешкес таман гана вагонге қамалды. Петр түрмеден жапа-жалғыз айдалып келді. Бұларды ол вагонда гана көрді. Қайдан, неге тұтқын болғандықтарын сұрауга шамасы да келмегі. Қалжырап вагонның ішіндегі тактай сәкіге құлай кетіп еді. Соңан үйықтап қалыпты. Бас көтеріп тұра келсе, вагон ыңїндегі көрініс әлгі. Көршілері, әрқайсысы әр

мүйісте бұктетіліп жатыр. Вагон іші қара көлеңке, сырты екі жақтан жабық. Жалғыз-ақ, үлкен бір жүректің лобылып сокқанында болып дүрсілдеп вагон гана жүріп барады.

— Э, көрші! Ұйқың қанды ма? — деген дауысты естіп Петр жалт қарады.

Темендең тақтай сөкіде, вагонның мүйісінде алдымен шылымның қызарған шоғы көрінді. Оナン көз ашып-жұмғандай да болған жок, қызарған шоқтың үстінде әлдекімнің иегі, ерні, қою мұрты көрінді. Артынан тағы да қара көлеңкеленді. Қескін жоғалды.

— Қай стансаны өттік? Оны білесің бе, көрші? — деді тағы да манағы таныс дауыс.

Сүйдегенше болған жок, қою мұртты, қалың ерінді, үстінде солдат шинелі бар біреу, сәкінің астының жағынан сүйретіліп түрегелді де, шамның жарығына жақыннады. Петр Громов көршісінің бетіне ұзақ қарап тұрды. Оған бұл бет-өң таныс сияқты көрінді. Мандайдағы тыртықты, сепкілденген бетті әлдекай жерлерде көрген тәрізді болды. Бірақ қою мұрт оның есіндегісін жаңылдыра берді. «Қой, ол емес шыгар!» деді ішінен.

— Қай стансаны өткенімізді білмеймін. Мен жаңа ояндым гой!

Манадан май шамның лапылдан, ыргалаңдан жанғанына қарап алып тістерін ақситып жымия түсті.

— Мен де әлгіде гана ояндым, — деді. Артынан ауыр курсінді.

Петр өзінің жатқан орнында, қараңғы жерде отыр еді. Бұ да түрегеліп, ақырын аттап шойын пештің қасына келді. Шамнан көзін алып Петрге қараған көршісі аузын ашып аңқия қалды. Ол да шырамытқан сияқты. Бірақ Петрдың үнірейіп ішке батқан көзі, қауқиган сақалы үстіңгі ернін жауып, екі жақ езуін айналып, сақалымен тұтасқан мұрты, қатпар-қатпар болып кеткен мандай оның да ойындағысын елестете алмай тұрган тәрізді.

«Мен мұны қайда көрдім?» — деді Петр ішінен.

«Таныс сияқты гой! Қайда көрдім?» — деді ішінен шенелді адам да.

Екеуі де ойланып, май шамның жапырақтанып тұрган отына қарады.

Петр шенелді адамның аты-жөнін сұрауға батпады. Үйткені, өзі ойлап тапқанды тәуір көрді. Шинелді

адамның да ойы сол еді. Екеуінің анда-санда қозғалған лебінен ыргаландап, серпіліп, майысып қалып тұрған қылтиған от, жаздың әдемі кешінде жарық айдың сөулесі түскен жапырақ тәрізденіп тұрды. Аз гана жел үрлеп, сыйбыр қағып тұрғандай болды. Соны елестетті. Екеуінің де ұмытқанын еске түсіретін жалғызы-ақ нәрсе осы от, осы қылтиған шам ғана сияқты болып, екеуі де тесірейіп соған қарады.

Шинелді адам тым әріден ойлады. Ол көзінің алдына Герман соғысын, фронтты елестетті. Окоп... бір терең шұқырда айнала алқа қотан болып оншақты солдаттар, арада бірлі-жарым тәмен дәрежелі офицерлер де бар. Большевиктер комитетінің солдаттарға ариап жазған хаты. Талқы... орта бойлы бір сары жігіт сақтықда қойылды, күзетте. Ол — Петъка аталағын. Фамилиясын да біледі Громов. Соңынан ол көзге түсіп, жоғалып кетті. Штабтан ізделп келгендер де болды. Жандармдар да ізіне түсті. Тағы да қайда көрді? Шинелді адам жаралы. Сыртқа жіберілді. Лазареттен шығарылып уақытша учебная командаға қойылды. Сонан... сонан кейін...

Сол кезде Петр ойланып болып басын жоғары көтерді де, қын бір жұмбақты шешкен баладай болып қуанып:

— Аркадий Павлов, товарищ Павлов! — деді, ма-сайраған тұрмен.

— А-а-а... Петъка... Петъка товарищ... товарищ Громов! — деді алқынған дауыспен шинелді адам да.

Бұлардың дауысына үйқыда жатқандардың кейбіреулері оянып, бастарын көтерді. Бұл кезде Петр мен Аркадий екеуі бірінің қолын бірі ұстап сілкіп тұр еді.

— Таныстар.

— Үйқыдан кейін!

— Мен тіпті әлдеқашанғы уақыттарды ойладым. Есіме жаңа ғана түсіріп келе жатыр едім, — деді, сол қолын Петрдың иығына салып, Аркадий.

— Мен, ендеше, берірек ойладым, — деді күліп Петр.

Сәкіде отырғандар көтеріліп шылым орап жатты. Қылтиып жанған шам әрі-беріден соң бірте-бірте тұнжырап барып, мұлде сөнді. Мүйіс-мүйісте жунді құрт құсап қызыарған шоқтар, иек, ерін, мұрындардың ұшы ғана көрінді. Құбірлеген дыбыстар ғана естілді. Вагондардың дүрсілдері естілді. Әлдеқайсы түрегеліп

есікті тепкіледі. Жауап жоқ. Әлден уақытта поезд токтады. Вагонның есігі шиқылдаш барып ашылды да, алдымен қолға ұстаған фонар көрінді. Оның артынан екі кісі ентелең вагонның есігінің алдына келді. Бірі — мұрны таңқиған, көзі тасырайған ұзын бойлы арық офицер, бірі — жабайы киімді дембелше, қаршыға мұрынды, бұжыр қара жігіт. Иегінде шоқша жирен сақалы бар. Офицер қолындағы қағазға қарап біреудің атын шақырды. Түргеліп отырғандардың арасынан көзілдірікті, жағасы қоқырайған, белі бүкірейген қара берікті, қырма сақалды біреуі:

— Мен мұнда! — деді, орнынан қозгалып.

— Бері тұс!

Сүйдеген дауысқа әлгі көзілдірікті адам вагоннан қарғып түсе қалды. Манадан көрінбей тұрган істікті мылтығы бар екі солдат, сыртта есіктің екі жағынан сап ете түсті де, өлтіні әлдеқайда айдал алып жөнелді.

— Шам беріңдер! — деді Петр фонарь ұстап тұрганға.

— Шам?.. ным! Шам?.. Көздерің көрмей бара ма?..

— Қараңғыда отыра алмаймыз.

— Үйренесіндер.

— Ол не деген сөз? — деді Аркадий ызбарлы дауыспен.

— Ол ма? Ол... үйретеміз деген сөз.

Фонарь ұстап тұрганның қасында тек әшейін дембелше бұжыр қара жігіт қана қалып еді:

— Әй!.. Адамның жолдан туған балалары! Өліп мұрдем қатып қалдындар ма? Неге тұрмайсындар? — деді сәкінің үстінде серейіп-серейіп үйықтап жатқан тұтқындарға айқайлад.

— Тұргызганда беретіндерің не? Жатсын! — деді Петр оған.

— Молчать!.. Айуан!.. Керек болса қалагандарыңды аларсындар! — деді кекетіп фонарь ұстаған адам.

Көп ұзаган жоқ, манағы айдал әкеткен көзілдіріктіні алдында офицер, артынан екі солдат айдал тағы әкелді.

Вагонның есігі қайта жабылды. Көзілдірікті адам бүрісіп жата кетті де, көзі жылтырап, пештің қасында отырған Петр мен Аркадийге қарады. Пештің үстінде жаңа шам жанып тұр еді.

Поезд орнынан қозгалған жоқ. Сыртта, стансаның

алаңында, ерсілі-қарсылы жүрген аяқ дыбыстар, ай-қайлаған, бірін-бірі атап шақырған дауыстар естілді. Құрсілдеп, буы пысылдап ерсілі-қарсылы паровоздар жүрді.

— Бұл қай станса? — деді, тұтқындардың бірі көзілдіріктіге.

— Татарка!

Көзілдірікті сүйдеді де, теріс қарап жатты.

* * *

— Бізді қайда алыш барады?

— Менің ойымша, Омскіге.

Петрдың сұрауына Аркадийдің жауабы сол болды. Тұн ортасы ауған. Петр мен Аркадий екеуі жоғарыдағы нардың мүйісіне тығылышырап қатар жатты. Екеуінің де көзінде үйқы жоқ. Екеуінің де ойлағаны оз бастарынан кешкен ащы-тұщы өмір.

Өмір соңғы кезде бұрынғыдан анағұрлым тәтті сияқты. Эйнектен, жарықшадан жылтырап көрінген от, не күндіз көрінген көгерген аспан, ұзак, кең дүниенің, тәтті өмірдің сүйкімді бір кесегі құсан елестейді. Азғана қараңғылық тынысты тарылтып тұншықтырып тұрган тәрізді. Зілдей болып еңседен басып тұрган тәрізді. Қабағын қарс жауып, тұксиген қараңғылық одан да көңілсіз. Адам тірідей көрге көмілген сияқты болады. Ол неге солай екен?

Неге екені белгісіз, Петрдың көңіліне осындаі ой келді.

Әрине, соғыс соты, онан басқа дәнене де емес. Бұл жалғыз фабрик-заводтағы жұмысшылардың арасында жүргізген жұмыс емес, үкіметтің жоғарғы тірегі болып отырған солдаттардың арасына... Солдат итпен бірдей, солдат не, ит не — патша үкіметіне бәрібір. Соғысқа барса, зеңбірекке жем. Мұйізінен бас жіп тағып сүйреген өгіз тәрізді. Оған саңылау беруді патша үкіметі өгізге сөйлейтін тіл берумен бірдей көреді. Оларға саясат түсіндіруді керосинге от бергенмен бірдей көреді. Патша үкіметі үшін ол — ең барып тұрган қауып-қатерлі жол.

— Меніңше, маған соғыс соты. Мені соған айдаң барады. Онан басқаны бұл иттерден күтуге болмайды!

Аркадий, сүйдеп ойланып жатып, ұйықтап кетті.

— Аркашка!

— ???...

Петр аунақши түсті.

Төменде әлдеқайсы үйқысырап жатты.

— Маша! Маша! Шпиондар ізіме түсіп жүр! —

Патшаның иттері менің соңымнан қалмайды. Маша!..

Қош!..

Вагонның іші тағы да қара көлеңке, май шам қалтылдаپ әзер жаңып тұр.

Көзілдіркіті адам басын ақырын көтеріп, вагонның астылы-устілі қабаттарына көз жүгіртіп шықты. «Селт!» еткен ешкім жоқ. Ақырын аяғының ұшымен ғана басып барды да, шамға шылым тұтатты. Жан қалтасынан кішкентай ғана бір книжка алышп біраз сез жазды да, екі қолын қалтасына тығып әрлі-берлі жүріп алды. Ойланған адам тәрізді.

* * *

Петр Громов екінші рет үйқысынан оянған кезде, оның көзіне алдымен көрінген нәрсе — вагонның есігі, екі ортадағы аз ғана жарықшадан түскен сөүле еді. Ол біраз есін жиып, үйқысын әбден ашып алғанға дейін вагонның еденіне көлденеңдей түскен жалпақтығы бір елі ұзыннан ұзақ сәуледен көзін алмады. Өзінің қайда жатқандығын ұмытқан кісі сияқтанып, көзін жыптықжыптық еткізді. Әрі-беріден соң ұшып тұра келіп, есіктің қасына барды. Сыртта у-шу. Вагон бір орында тұрған тәрізді.

— Но, как?.. Жібермей ме?

Сүйдеген дауысқа Петр жалт бұрылды. Вагонда терт-ақ адам қалған. «Он кісі қайда?» деп ойлағанша болған жоқ, аяғына жөкеден өрген «шабата» киген, қысқа бешпентті қаба сақалды сары крестьян құсаған біреу:

— Да, Омбыға да келдік! — деді.

Вагондағы тұтқындардың азайғанына таң-тамаша болып тұрған Петр көзі ұясынан шыға жаздаپ әлгі адамға қарады:

— Сіз қайдан келе жатырсыз?

— Мен бе?.. Мен алыстан!

— Қай қаладан?

— Пензаны естүіңіз бар шығар?

— Ия.

— Сонан этаппен айдалып келем.

— Қайда алышп бара жатыр?

— Черт білсін!

Бұл төрт кісінің ішінде Петрдың таныған адамдарынан екі кісінің екеуі де көрінбеді. Оның есіне алдымен Аркадий түсті. Оナン кейін түндегі көзілдірікті, қара бөрікті бүкір кісі түсті. Әлгі адамга тағы да қадала қарады:

- Басқалар қайда қалды?
- Оларды поезд тоқтаған соң-ақ, таңертең әкетті.
- Олар кеткелі шамасы қанша уақыт болды?
- Шамасы, үш сағаттай болар,— деді крестьян кескінді адам.

Отырғандар бірін-бірі қарады.

Аркадийдің негып оятпай, сейлеспей кеткеніне таң қалды. Өкінді. «Соншама қауырт әкетті ме екен?» деп ойлады.

Тыста сылдырлап вагонға жақындаған аяқ дыбыстары білінді. Дауыстар естілді.

- Мұнда не бар?
- Арестанттар.
- Сендер соны күзетіп тұрсындар ма?
- Ия, тақсыр.
- Саясатшылар ма?
- Так точно, тақсыр.
- Қайда барады?
- Айта алмаймын, тақсыр.

Аяқ дыбыстары сыйбырлап алыстай берді. Біраздан кейін зілді жүріспен дүрсілдеп, әлдеқандай поезд келіп тоқтады. Паровоз пысылдалп, арестанттар қамалған вагонның дәл қасында тұрган сияқты.

Айқай, у-шу басталды.

- Бай! Госпадин бай!.. Соғыстан келген мүгедек-пін. Біраз қайыр қылсаңыз?
- Пошол! Пошол!
- Аяғымда етігім жоқ.
- Пошол!..

Әлденеткен бір әйелдің айқай салып жылаған даусы естілді. Біресе шынығырады, біресе солқ-солқ жылайды.

— Қарауыл! Қар-ауыл! Шамаданымды әкетті. Шамаданымды...

- Городовой қайда? Городовой!..
- Бұл жерде саған не қылған городовой!.. Ішіп, сілейіп бір фонардың түбінде жатқан шыгар, сонан ізде!
- Қа-ра-уыл!.. Қара...

Петр вагонның сыртындағы сол дауыстарды есітіп төмен қарап ұзақ уақыт отырды.

— Айтыңызыбы, бізді қайда алып барады?

Петрдың бұл сөзіне, қасындағы отырган біреу, жауырынын жиырып, қолын екі жаққа керді.

— Черт білсін!

Сырттағы даусы саябырлаған сияқты. Бірақ вагонның қасында тұрған паровоз ғана буын екі жақ бүйіріне бүркіп, манадан пысылдаپ тұр. Гудогінің даусы құлақтың ішін жарып жібере жаздады.

Күн әлдеқашан батқан. Жұлдыздар жымың қағып, кек барқыт аспанды сірестіріп барады.

Вагоннан түсіріп айдан әкеle жатқан бетінде Петрдың әлсін-әлсін ішінде тартқаны кешкі таза ауа болды. Алды-арттары атты казак-орыстар. Төрт адамды орталарына қысып, қоршап көшени бойлап айдан барады.

— Омбы жақсы қала екен,— деді тұтқындардың ішіндегі ұзын бойлы біреуі.

— Да! — деді сырттан бірі.

— Молчать!

Биік, екі қабат бір ақ тас үйдің алдына келгенше, біріне-бірі ым қаққан жоқ.

— Двердеке келдік! — деді манағы крестьян кескінді тұтқын қасындағыларга.

— Молчать! Сейлеме!

Тұтқындар қақпаның кішкентай тесігінен бір-бір-леп қораның ішіне кірді.

XII

Аспан-көктің ұшығы қызарған шоқтай болып тұрды. Кешкі салқын самал үрледі. Құлақтың түбінен сыйырлап, сүйіп өте шықты.

Қаланың табынға қосқан сиырлары дөңнің етегіндегі Бескөл сүйін бойлап, шаңды бүркүратып у-шу болып келе жатыр. Беті — дөңнің басындағы «загон».

Оң жақ далада қаладан бірнеше шақырым отырган поселкелер: Архангель, Кировозор көрінді. Олардың сыртында қалың ағаштардың арасынан ағараңдаپ Ново-Камень поселкесінің ақ тас шеркеуі, бірлі-жарымды үйлері көрінді. Бері, қаланың етегі, қара құртша қыбырлаған атты казак-орыстар. Тұс ауғаннан бері ұсақ қара сулардың бойында олай да, былай да шапқылап жүрді. Қазір күн бата олар да лек-лек болып

Қалаға барады. Олар да шулап келеді, аттарының тұяғы шанды аспанға шығарып, үйіріліп келеді. Даға у-шу айқай.

Загонның басы да сол.

Доп ойнап жүрген бозбалалар, карта ойнап отырған мосқал еркектер, алқақотан отырып алып бірінен-бірі «жаңалық» тыңдаған қатындар, еріп жүрген қыздар, зыр жүгірген балалар Бескөл жағынан жоғары көтерілген, будақтаған шанды көріп, барлығы да мойындарын сол жаққа бұрды.

— Табын келеді, табын келеді!

— Аукім-аукім...

— Қане, жүріндер, алдынан шығайық!..

Табынның алды дәңнің басына шықты.

— Му-у-у... му-у-у-у...

— Найт, тишу!.. ха, ха!..

— Аукім-аукім-аукім!..

Дәңнің бір жақ шекесінде, лек-лек болып шулаған казак-орыстар көрінді.

Калинушка ламала, ламала, ламала,
Бубарики шепши ламала...
Вдоль полыни Кавказа,
Там сизой орел летал...

Православный генерал!..

Дауыстар біресе үзіледі, біресе қарлығып, шырыл-дап шығады. Әрбір легінің әндері де, дауыстары да басқа-басқа естіледі.

Атымтай аттың үстінде тұрып ұзақ уақыт тыңда-ды. Табынды, сиырларды ұмытқандай болды. Ол алдымен аттың үстіндегі өндерін шаң басқан казак-орыстарға, самайларындағы үрпіген шаштарына, баста-рындағы қоқырайған картоздарына, мандаларындағы какардаға, белдегі қылыштарға, сырттарындағы асқан мылтықтарына қарады. Найзаның басына ілген тула-рына қарады. Оナン кейін барып аттарына көз жіберді. Доп-домалақ бір қара ат оның есіне өзінің плұш тысты тымағын түсірді. Өткендегі тымақ, қара жорғалар, городовой, Григорий Медведьев көзінің алдынан бір-бір етті. Ауыр курсініп қойды.

— Эй, жігіт! Анау сиырларды қайыршы! — деген дауысқа сескеніп, басын жұлып алды. Бірнеше сиырлар табыннан бөлініп «Миновный» жағына шығып ба-

рады екен. Атымтай қайырып әкеліп табынға қости.

Әркім айнала қоршаған загонның ішін аралап жүріп өз сиырларын сыртқа айдал шығып жатты. Тұңғат та осында еді. Миновныйдан жұмыстан шыққан бетінде жалғыз қасқа сиырды күтіп о да отырды. Қазір о да сиырын загоннан айдал шықты.

— Эй, қүйеу бала! — деген дауысты естіп Тұңғат бұрылып қарап еді, төрт-бес сиырды ақырын айдал келе жатқан Атымтайды тани кетті.

— Ө, қайын аға, хал қалай? — деді Тұңғат та.

Бұл, «қүйеу бала», «қайын аға» деген сөздер, екеудің қалжыны еді.

— Күлтайды қайда?

— Үйде. Саған сәлем деді.

Сүйдеп Атымтай күліп жіберді.

Анығында-ақ Тұңғат Күлтаймен жүзбе-жүз таныс та емес еді. Тіпті тіл қатып та көрген емес. Бірақ Күлтайды жақсы көретін. Тек әшейін сырттан көріп, «әй, осы менікі гой!» деп, өзінше меншікten жүрді. Күлтаймен мінезін, құлқын білмейтін. Жұмыстан шыққан қалпында өзінің осы кескінімен, терінің шаң-шайыры жабысқан басымен Күлтаймен көзіне көрінуді Тұңғат ойламайтын. Шамасының келгенше сыпайырақ, таза кескін-келбетпен көрінгенде жақсы көретін. Бір рет ол Күлтаймен осы табында көрді. Қасында Бұқпанның тоқалы Шамсия бар еді. Тұңғаттың жұмыстан шыққан беті еді. Қасқа сиырды айдал Шамсия мен Күлтаймен алдарынан тәмен қарап Атымтайға айтқан болатын. Соңан бері Атымтай Тұңғатты «қүйеу» атап қалжындаш жүрді.

— Қүйеу, тұңжырап не ойлап келесің?

— Кім? Мен бе?

— Ия.

— Қалжырап қалыппын. Бұгін бақауыздан жылқының терісін тасып шыгарып, күннің көзіне кептіріп едік.

— Кімнің терісі?

— Әркімдікі. Кейде Шауали Оспанов дегеннің терісін, кейде Зайнулғабиден Бурнашев деген мырзаның терісін кептіреміз. Пұшпақ-пұшпағына істік шашшамызы.

Біраз жерге барғанша екеуінде де үн болған жоқ.

— Ия, қүйеу бала, мал тап! Қызымызды тегін бермейміз. Оны өзің де сезетін шыгарсың? — деді тағы

да қалжындан Атымтай. Бірақ Тұңғат бұл жолы сөзді екінші жаққа бұрды.

- Қасенниен хат келді,— деді Атымтайға қарал.
- Әмежановтан ба? Ия, қайда екен?
- Австрия фронтында, соғыста.
- Не жазады?
- Мені көрген-білгендерге сәлем айт депті.

Атымтай Қасенде бала жасынан білетін. Екеуі бір ауылда ойнап-күліп өсken жігіттер. «Ол, солдат болды-ау, ә» деп қойды ішінен. Екеуінің елде жалшылықта жүрген уақыттары есіне түсті. Қасен Аққошқар қажының үйінде жүретін. Оның сырыйтайдырынан сұзы құрып жүрді. Үйткені, Қасен онша көркем жігіт болмаса да, денелі, жауырынды, толық жігіт болатын. Ол сол қыздардың барлығымен де «көңіл қосып» жүрді. Ауылдағы байдың сал балалары оларды Қасенниң қызғанып жүрді. Тіпті кейде ұрарманға келген күндері болды. Бірақ Атымтай екеуі ол мырзалардың көздеріне шықкан сүйелдей еді. Шамалары келмеді. Атымтай лездің арасында соны ойлап шықты.

— Қасенге менен хат жазындар. Аққошқар қажының қыздарынан ешкім қалған жоқ. Барлығы да бытырады, мал болды,— деді. Тұңғатпен айырылатын мүйіске келгенде Атымтай.

- Жарайды.
- Қолың боста біздікіне келсейші.

Тұңғат кезін жылтыратып «рас айтасың ба» деген кісідегі болып Атымтайға қарады.

— Күйеу бала, кел. Құлтайдың қолын ұстатамын, кел!— деді алыстал бара жатып.

Көшедегі бытырап келе жатқан сиырлар әр қорага кіріп азая берді. Тұңғат Крайний көшени бойлап таудан төмен қарай түсіп бара жатқанда, алыстағы Зенков заводының гудогі естілді. Богомоловтың қақпасының алдынан топталып шығып келе жатқан жұмысшылар көрінді. Бұлар — тері заводындағылар еді. Сонынан қабагы қара түнеріп Ярков шықты, оның сонынан бір топ болып шыққан қазақ, орыс, татар жұмысшылары бірін-бірі тіркестерімен нұқып қалып, Ярковке қарады. Мүйістегі үйіне жеткенше қақпасына кіріп жоғалғанша, жұмысшылар оны ашулы түрде оқты көздерімен шығарып салды.

Тұңғат мұны сезді.

Миновныйдың ішіндегі кішкентай ғана мешіттің ішіне үйіле, намазын оқуға кірген бай-мырзалар, шулап, топырлап, сасып далага шықты. Кейбіреулері шамасы келмеген соң, кебістерін қолдарына ұстап шықты. Кейбіреулерінің қиімдерінің бір жеңін киіп, бір жеңін тыста киді. Кейбіреулерінің бастанындағы сәлдelerі тарқатылып, аяқтарының астында шұбатылып жүрді.

— Иә, алла, не бар? Не болып қалды?

— Өрт бар ма?

— Ұры ұсталды да?

Миновныйдың дәл ортасында жұрт үйіріліп, топталып тұр еді. Қебі жұмысшылар. Кейбіреулерінің қолында уыстал ұстаган қамыс істік, бір қолында пышақ, бәкі, кейбіреулерінің қолында тері ілетін тағанның сырғауылы, дәл ортасынан сындырып, ықшамдал төбесіне көтеріп жүр. Солардың сыртында, үстерінде ақ қамзол, белдерінде қылыш-мылтых, иықтарында пагон екі-үш городовой жүрді. Қоршаған жұмысшылардың дәл ортасында, алдарында кенеп алжапқыш, жалаң бас, қолдарын олай да, бұлай да былғалаңдатып екі жұмысшы тұрды. Бұлар Балта мен Мақсұт еді. Екеуі де бірдей сөйлейді. Екеуі де ашулы, екеуінің де көзі қанталап кеткен. Екеуі екі жаққа сейлеп жатыр.

— Миновый фабрик емес, завод емес. Бірақ бұ да байлардың ұясы, бұ да ауыр қара жұмыстың орны. Кімге тері кептіреміз? Байларға. Кімнің қылын күзейміз, терісіне істік шанышамыз? Байдікін. Кімдердің малын Іrbітке, Иван постқа — жәрменекеге асырып жөнелтеміз? Байлардікін. Кімнен алған ақымыз күндік тамағымызға жетпейді? Байлардан... Қит етсең городовоймен, участкемен, түрмемен, каторгамен қоркытатын кім? Байлар. Енді олардың «түшкіргеніне жаралқым алда» деп отыруға орын қалмады. Кеше тері заводының бірнеше мықты жұмысшыларын байлар жер аударып жіберді. Бүгін байлардың доверенныйы бір жұмысшыны таспен ұрып жықты. Айыбы-ақысын толық сұрағаны, қарсыласқаны. Нанбасандар, әне қараңдаршы! Қараңдаршы! Жандарың аши ма? Жоқ па? — деді Балта.

Балтанаң нұсқаған жағында бет-аузын қан жауып кеткен бір татар жұмысшысы тұрды. Екі адам екі жақ қолтығынан сүйеп тұр еді. Әрқайсысы үңгіліп қараң қойды.

- Өй, минау Шапиқов қой!
- Мұны бүйткен кім? Қай жауыз?
- Блоктың довернайы дейді.
- Ол қайда өзі?
- Қашып кетіпті.
- Блоктың өзі қайда?
- О да жоқ, қашқанға ұқсайды.

Қанды көргенде Тұңғаттың көзінен жас өз-өзінен шығып кетті. Оны өзі де байқаған жоқ. Оның көз алдына жас күнінде балалармен төбелесіп жүргенде, бір баланың таспен ұрып басын жарғаны елестеді. Олар онда папкеге таласты, ә, бұлар не үшін?.. Ол жағын Тұңғат түсіне алмады. Жалғыз-ақ басынан қан ағып тұрган Шапиқовты ғана аяды!

Мақсұт өзінің зор даусын көтеріп, өршеленіп, айғайлап та жіберді:

Байларының политикасының қайсы жаққа алып бара тұрғандығын бігірек яхша білесіз. Әйі шул, білеңбіз!.. Соң бұни?.. Ішләрін ішлісің, нинді михнәтләрін күрәсің. Э, алар... алар нишли? Алармы, алар... таяқтай. Полиция, городовой, китргөннәр, қарағыз әл! Кімнәрге китергөннәр соң аларны? — Іншіләргә! Әие шул, мінә бізгә! Бізне естіріп алып китергө тұралар. Эйдегіз, туғанан, бізне тотып биргізер! Ниге тұрасыз, тұтып биргіз. Біз сізің үшін әрләшик, ә сіз алар үшін бізni тұтып биргісіз. Тұрмегә отыртсыннар. Әие шул!..

Теңселген топ күнірене түсті. Екеуін ұстауға ыңғайланған городовойларға қараң жұмысшылар ентелей берді. Городовойлар ысқырып жатты.

- Полицияға! Полицияға!
 - Солдаттармен қоршап алуға керек.
 - Иттердің басынғанына не берерсің!
 - Нағыз жүлік қой өздері!
 - Иә, алла! Заманалар бозылып бара!
- Мешіттен үркіп шыққан байлар, саудагерлер шетте топталып тұрып, сүйдеп айқайлады.
- Полицияның қолына бермейміз.
 - Соққыға жығып алып, полиция шақырып тұрғандарын қара!
 - Қане, жақындал қеріңдерші!

— Қане, өздеріңе не керек?

Сүйдеп шулап, ат қойған бірнеше жұмысшыларды көріп, байлар бірінен соң бірі ақырын зыта жөнелді. Өрік, мейіз сатып тұрган өзбек байлары, саудагерлері дүкендерін жапты. Сыртын көк сырға бояған темір есіктерге ауыр-ауыр құлыптар ілінді.

Мақсұт пен Балтаны орталарына алып, Шапиқовты сүйемелдеп жұмысшылар Миновныңдың есігінен сыртқа шықты. Жан жоқ, шұбырған бала-шаға. Қаланың Миновныңға жақын отырған жатақтары. Анда-санда Балта мен Мақсұтты ұстауға ыңғайланаип, ұмтылып қалып екі-үш городовойлар арттарынан еріп отырды. Амалдары құрыды.

— Тараңдар! Атамын! — деп айқайлады бір городовой. Бірақ атқан жоқ. Қолдарындағы мылтықтарын бүлғаландатып, топтың бір оң жағына, бір сол жағына шықты.

— Далада, ойнап жүрген казак-орыстарға кісі жіберді, — деген сыйбыстар естілді.

Жұмысшылар городовойларды маңайларына жолатқан жоқ. Қарсы алдарынан өтіп бара жатқан ломовойлардың арбасына Шапиқовты отырғызып алып, бірнешеуі больница жаққа жөнелді. Қалғандары — Мақсұт, Балта және бірнеше жұмысшылар бір арбага отырып, қаланың батыс жағына қарай кетті. Городовойлар аңқиып қалып отырды.

— Вот, разбойники! — деді, маңдайындағы терін сүртіп, ерні бүлкілдеп, қою ұзын мұрты селтендеп, жуан қарынды, мұрны қолақпандай бір городовой.

Мақсұт, Балта отырған арба қалага кіріп жоғалғанша, Тұңғат ұзақ уақыт қарап тұрды.

— Uh!.. Жоғалды сволочтар! — деді мұрны жапырылған, бет-аузын түк басқан тапал бір мал дәрігері. Бұл екінші жағынан тыңшы да еді.

Тұңғат жалт бұрылды. Бірақ мал дәрігері Тұңғатты елең де қылған жоқ, жүріп кете барды.

XIII

Ноябрь айындағы күзгі салқын жел қуарып сарғайған ағаштың жапырақтарын жан-жаққа ұшырып түсірді. Аяқтың асты сырт-сырт етеді. Аспандағы сұрғылт бұлттар терең суда жұзген сендердей болып сіресіп, айнала ұшықты қаптап әкетті. Жел ысқырады. Терезелер-

дің бос тұрган қақпақтары бір ашылып, бір жабылып тұр. Кеше қаптаған жүрт.

Қара, көк түсті шенелдерінің жағасын қоқырайтып, бүрісіп топ-топ болып тұрган австриялықтар үлкен шеркеудің далаңқысында жүр. Кейбіреуінің қолында күрек, кейбіреуінің қолында балта, балшық сылайтын қалақ, кейбіреулері екеу-екеу болып көтергішке салып құм, балшық тасып жүр. Бұлар — тастан үй салып жатқандар.

Бүгін прием басталған күн. «Новосвет» киносының алды қыбырлаған жүрт-қазақтар. Киноның алдындағы ат байлағышта тізбектелген арба, салт аттар. Тіпті, ол көшеден атпен өтіп еш адам жүре алатын емес. Елдің шалдары, бала-шағасы, кемпірлер, жас әйелдер барлығы қабаттасып кеткен. Кейбір қорапты арбалардың сырт жағында лықылдан толып тұрган саба, піспектің төрт қырлы көртпеш басы көрінеді, қой көрінеді. Әрқайсысы үстінен киізге орап, арқанмен таңып тастаған. Кейбір сабаның астынан қымызы жыламсырап ағып та тұр. Арбалардың маңы қымызы иісі аққиды.

«Новосветтің» есігінен біреу кіреді, біреу шығады. Кейбір пұшпақ берікті, күміс кемер буынған жалпақ бетті жігіттер есіктен шыға сала езу жиырады. Жуан қарынды, қаптал шапанды, кісе байлаған кең қоныш мырзалар теңселе басып алдарынан шығады.

— Балам, не болды?

— Қалдым, жарамадым.

Езуінде күлкі, көзінде шырадай жанып жайнандаған от.

— Е, айналайын, жарықтық қожа Баустен, қырық шілтен аулие-әнбиялар жар болған екен,— дейді ерке баласын құшып, бәйбішелер, кемпірлер.

— Жасағанға құрмалдық!— дейді қуанганның барар жерін таппай ақсақалдар, бай-мырзалар.

— Шырақ! Біздікі қайтер екен?

— Мениң Нұрланымды көрдің бе?

— Жоламан не қылды екен? Басы таз еді, қотыры бар еді.

— Біздің баланың мойнынан агатын ықпасы бар еді. Оны алмайтын шығар?

Есіктен шыққан әр біреуге осындағы сұраулар тәпей берді.

Олардың ешқайсысында жұмыс жоқ. Барлығының да қамы өз басы, өзінің муддесі.

Белі бүгілген, көзінен сорасы жылтыраған аппақ сақалды бір шал таяғын демеу етіп алай да, былай да жүрді. Шықсан бірінен сұрастырады. Ешқайсынан жылы жауап жоқ.

— Қергеміз жоқ.

— Алды білем.

— Алынғандарды солдаттар қоршап бөлек үйге қамап жатыр.

Шал жылайды. Жүргегі шерлі, көңілі зарлы. Көзінен аққан жасты қолының сыртымен анда-санда бір сұртіп қояды. Бүкіл денесімен қалышылдайды. Бірақ үні шықпайды. Кейде ақырын бүкшендеп барып, байлаулы тұрған арық атының маңдайын сипайды, терісі қатпарлағып тырысқан саусақтарымен атының жалын салалайды. Аты анда-санда кірпіктерін бір қағып шалға қарайды. Ұзак уақыт көзін алмай тұрады да, басын шұлғып-шұлғып қояды. «Ей, байғұс шал! Балаң қайда?» деп тұрған тәрізді. «Бәсе, жалғыз балам, Амантағым қайда?» деп тұрған тәрізді көзінен сорасы аққан аппақ сақалды қуарған шал.

Бұл қаладан алпыс шақырым ауылдағы бір кедей шал. Жалғыз баласын приемға әкеліп, тағдырын күтіп толғанып жүр. Кемпірі толғанып ауылда жатыр, кім білсін, ауыр қайғыны көтере алмай талып өліп те қалған шығар!

— Агатайым-еї! Ағажаным-ай!.. Шынымен, бізді тастап кеткениң бе? — деп жылайды, шешесін құшақтап, мұрны таңқиган бір қара қыз. Ағасы алынған. Бірақ, шешесімен екеуі тас үйді шыр көбелек айналып бебеу қағып, зар жылап жүр.

Бірнеше мырзалар, бірі таз, бірі ақсақ екі баланы қоршап, кезек-кезек құшақтарына алып қысып-қысып қояды. Сыртынан қарап тұрған адамға, бұлардың мұнысы мазақ-келемеж сияқты көрінеді. Екі баланың екеуінің де үсті-бастары жамау, ескі, «Бұларға негып жаңы ашып тұр? Неге бүйтіп ерекше қойды еken?» дейді сырттан қарап тұрған кісі.

Бұл екеуі — байдың балаларына айырбасқа келген балалар. Байлар үшін, бұлардың алынғанынан келетін зиян, қалғаннан келетін пайда жоқ. Сөйлескен ақыларын берсе болғаны!

Қуанышы қойнына сыймаған бір арбалылар сабаларын лықылдатып аттарын айдал ала жөнелді. Олардың соңынан күміс ер-тоқымды, салт жігіттер шапқы-

лады. Іліктес, ашна қала байлары, молдалар, саудагерлер шапқылады.

— Бұйырса, бір мәжіліс құратын болдық!

— Шабден қажының Нұрсейіті қалды!

— Салмақбай таниды ғой! Приемның тілмашы емес пе?

— Бейсембай қажы да бар.

— Бұланов па?

— Ие.

Шапқылап бара жатқандардың әрқайсысынан сондай сөздер естіледі. Арбаның доңғалағы мен аттардың тұяғы опыр-топыр қылған шаң-топырақты күздің салқын желі үрлеп ұшырып әкетті.

Белі бүкірейген, аппақ сақалды шал қуаныштылардың соңынан мөлиіп қарады да отырды. Оның Амантайы қашан шыгар екен? Ол неге кешікті? Әлде, рас-ақ алынды ма? Ендеше, неге естіртпейді? Қой, алған жоқ шыгар!

Манағы қара қызды жетектеген әйел өлі жүгіріп жүр.

— Аға жаным! Аға жаным!...

Әлі де бірталай адамның көзі телміріп есікке қарап тұр.

Әлден уақытта қасына көзілдірікті, ақ киімді, пагонды бір орысты алдына салып Салмақбай Қүсемісұлы шықты да, баспалдақтың алдында тұрып, жирен сақалын салалап, қасындағы орыстың сөзін аударды:

— Приемның бүгінгі жиналысы тарқайды. Ертең келесіндер,— деді.

— Менің аға-жаным қайда?

— Менің Нұрланымды бері шыгарындаршы!

— Ей, балам! Біздің Амантай деген бала бар еді.

Соны...

— Менің боздағым, құлымым қайда екен? Ой аллай!

Есіктің алды күнірене қалды.

— Приемға түсе алмай іште қалғандар қазір шыгады!— деді де, Салмақбай мен әлгі чиновник кіре женелді.

Жұздеген көз тағы да телміріп есікке қарап тұрды. Бірақ оның ішінен жігіттер аз шықты. «Новосветтің» сыртқы есіргі жабылғанда, есікке телміріп тұрған бір топ адамдар аңтарылып біріне-бірі қарады. Оның ішінде шал да, қара қызы жетелеген жесір әйел де бар еді.

Атымтай «Новосветтің» қызыл тас үйіне, қалай кіріп қалғандығын сезген де жоқ. Бейсембай қажы Бұланов сыртынан итермелеп отырып залға кіргізді. Залдың іші тер сасиды. Үлкен кең залға кіргендердің басында, сахнада көлденең ұзын биік үстел жағалай тәрт-бес адам отырды. Ақ шапан жамылған, қолында жалғыз көзді дүрбі құсаған бірденесі бар, бурыл сақалды бүкір шалдың алдында бірнеше жігіт тырдай жалаңаш болып қатар түзеп тұрды.

— Осы жерге отыр. Кезегің келгенде шақырады,— деді, Атымтайды залдың ең алдындағы бір орындыққа отырғызып Бұланов. Сүйдеп, басбалдақты аттап сахнаға мінді де, үстел төңірегінде гілердің қасына барды.

Бір жақта мылтық, қылыш асынған бірнеше солдаттар, приемнан өткен, алынған жігіттерді бір бөлмеге қамап жатты.

Атымтай әрі-беріден соң өзінің мұнда неге келгендейгін ойлады. «Мен неге келдім осы?» деді өзіне-өзі сұрау қойып. Бірақ мұнда келе жатқанда оның себебін ішінен ойлап, біліп келіп еді. Неге екені белгісіз, Бейсембай Бұланов Атымтайды Бұқпан бай екеуі (қастарында тағы бір жуан қазақ бар) болып ортага алды. Бұрын жылдың шырай көрсетпеген, адам деп елемеген Бұқпан «балаам!» дейтін болып алды. Ол неліктен? Атымтайды неге олар приемге түсуге үгіттеді? Мұның мәнісі не? Бұлановтың қылығы ма? Е, оған не істеп еді? Не жазығы бар? Әлде Бұқпанның өзі ме?.. Шамсиямен екі ортадагы жақындықты сезіп қойды ма?.. Кім білсін? Ұфымсыз бір нәрсе әйтеуір.

Үйдің іші ығы-жығы, толған қазақ жігіттері. Дабырлаган сез. Ішінде неше түрлі мугедектер бар: ақсақ та, соқыр да, бүкір де, тазы да, кекеш те, селтек бас та, сақау да...

Манадан қасындағылармен әжептәуір сейлесіп, сыйырласып отырган кейбір жігіттер доктордың, комиссияның алдына барғанда не сақау, не кекеш болып шығады. Қойши құсаған бір бүкір баланы желкесіне түйгіштеп доктор өлгенше шыңғыртты. Шалқасынан да, етбетінен де жатқызды. Аяғында доктор:

— Не годен!— деп, артынан балағаттап қолын бірақ сермеді. Бүкір бала қуанып, домалап шыға жөнелді.

Сақалы қауқиған біреу сақаусып, доктордың алдында былдырап тұрды.

- Атың кім?
- О-о-оу. *Уаяу...* Ө-ү-ү
- Фамилияң?
- Ө-ү.
- Жасың нешеде?
- *Уах..ха..ө-ү...*

Отырғандардың тістері ақсиып жымия тұсті. Мана-дан жүрегі дүрсіл қағып үндемей, күлмей отырған Атымтайдың да өңіне күлкі жүгірді.

Доктор қауқиған сақалдының жанын қинап бірнеше өрескел әдістер қолданып еді, «сақауға» тіл бітті. Салмақбай күлімсіреп тұрып, оның айтқан сөзін докторға түсіндіріп берді.

— Жарайды, алынады,— деді доктор, қеудесінен итеріп қалып сақалды кісіні. Ол өкіріп жылап қоя берді. Солдаттар бөлек бөлмеге итеріп кіргізіп жіберді. Өкірген дауыс біраз уақыттан кейін ғана барып қойылды.

- Атымтай Әупілдеков!

Комиссия хатшының сүйдеп ағайлаған дауысын естіп Атымтай «селк» ете тұсті. Жүрегі алқымына келіп тығылғандай, ақырын орнынан түрекеліп, шақырған жерге жөнелді.

Доктор Атымтайды онша ұзақ қараган жоқ:

- Таза, жарайды, алынады,— деді.

Бірдене айтпақшы болып балпылдаپ келе жатқан Бұлановты Атымтай қеудеге итеріп қалды да, киімдерін құшактап, солдаттардың айдаған ыңғайына барды. «Енді айтатын не бар. Жұмыс бітті!» — деді ішінен өз-өзіне. Киімін киініп жатқанда оның көз алдына Қасенниң кескіні жарқ ете тұсті. Басын оң жақ ығына таман жыға түсіп ойлана кетті. Етігі қолында тұр еді, оны байқаған да жоқ, ұстап отырды. Оның артынан күлімсіреп, еркелеп тұрған Шамсия елестеді. Бірсесе, мұңдайып қарагандай болды. Бірсесе, аузын бұлтитып, өкпелеген тұр көрсетеді. Ауыл, жас шагы, ашына достары, құрдастары көзінің алдынан елестеп бір-бір ұшты. Жұн иіріп отырған кемпір шешесі, етік жамап отырған кәрі өкесі елестеді. Жан-жағын орлап тастаған мола елестеді. Атымтайдың өні бірте-бірте тұнжырай берді. Жексүрын кескінді Бұқпан қарсы алдында қарқылдаپ күліп

тұрған тәрізді. Аузының тістері сарғайып, сорайып тұр. Екі көзі үңгірдей. Аузы бір түпсіз шыңырау тәрізді.

Атымтай сол тұнжыраған бойымен асығып киініп алғанын байқамай да қалды.

Залдың іші құңгірт. Дабырлаған дауыстар естіледі. Әлдеқайсы сыңсып жылаған тәрізді. Мұрнына ауыр тер исі келді.

— Ша-гом марш! — деген дауысты естіп алдына қарай беріп еді, топырлап далаға шығып бара жатқан жігіттермен бірге ере шықты. Алды-арты қоршаған солдаттар.

Кеш қара көлеңкеленіп, тұн пердесі бері қарап сырлылып келе жатқан сияқты болды.

XIV

Тұн аспан-көкті қара пердесімен қаптал, түнереді де тұрады. Қөшениң әлдеқай жерлерінде абалап үрген сақ иттердің дауысы жаңғырығып, біресе оңдан, біресе солдан естіледі. Қөшеде жан жоқ. Шет көше, еш адам мезгілсіз жүрмейтін қауыпты қөш. Қаладағы қыбырлаған жанның барлығы да шырт үйқыда жатыр. Қөп үйлер, терезе қақпақтарының сыртынан көлденең темірмен бастырып тастанған. Әлдеқай көшелерде квартал күзеткен күзетшілер жүр. Олардың дағдылы, тұнгі белгілері:

Ток-тоқ! Тоқи-тоқи, тоқ-тоқ!..

Тоқылдақ ұрып жүр... Олардан басқа тағы кімдер ояу? Қазармадағы күзетте тұрған солдаттар. Полицияның, түрменің алдындағы кішкентай күркешіктердегі қарауышы солдаттар. Үй, қора есігін бұзып, қолына түскен затты көтеріп әкететін ұрылар. Ит құсал әр жерді тіміскіп, патшаның, байдың, солардың үкіметтіңің амандығы үшін жалданып «қәсіп» қылыш жүрген тыңшылар...

Надежданың үйінде, күбірлеген дыбыстар естіледі. Біресе көтеріңкі, біресе саябыр. Іші лық толған адам, бықсыған көк түтін. Жалғыз-ақ жапсардағы шегеге ілініп қылтиған шамғана байқалады. Кезді үйретіп алғанша, үйдің ішінде түк көрінбейді.

Әр жерде әркімнің өні көрінеді. Біреулері орындықта отыр, біреулері жапсарға арқа сүйеп түрегеліп тұр. Пештің қасында үш-төрт әйелдер де көрінеді. Қаят пен Надеждадан басқа екеудің бүгінге дейін көрінбеген бөтен әйелдер.

Омырауы ағытулы, шашы үрпиген еңгезердей біреу қағазды жайып тастап үстелдің қасында отыр. Анда санда қолын бір көтеріп қалып, отырған орнынан ұшып түрегеле жаздал қопақтап қояды. Көзі көрінбейді. Жалғыз-ақ сыртында тұрган шамның жарығында жылтырап үрпиген шашы, ағараңдаған өңі көрінеді. Орыс сияқты.

— Жолдастар!.. Соңғы кездерде біздің большевиктердің Орталық Комитетінен алынған хабарында, орыс армиясының немістерден жеңіліп бері қарап шегінгенін айтады. Бірақ газеттер оны жазбайды. Меньшевиктер, эсерлер соғыстың үдегенін тәуір көреді. Немістер біздің армияны Польшадан, Карпаттан бері тықсырып тастапты. Осы күнгі күшті соғыс Польша жағында болса керек. Бірақ оған қарап, патша үкіметінің қыспағы, тегеуріні босаңдаған жоқ. Байлармен бірігіп алып меньшевиктер, эсерлер «немістерді жеңгенше соғысу керек» деп ұран көтеріп жүр. «Алдымен, немістерді жеңіп алайықшы, революцияны соңынан көрерміз» деседі. Бірақ біз, большевиктер, олардың ниетінен аулақпаз. Біздің ұранымыз: «Соғыс бітсін! Еңбекшілерді табанға салып илеген байлар үкіметі жойылсын! Жұмысшы тапқа үстемдік берілсін!» Міне, осы жол, әрине, мұны біз жалғыз құргақ тілекпен ғана іске асыра алмаймыз, не істеу керек? Жұмысшылардың, қара шаруалардың, солдаттардың арасында үгіт жұмысын күштейтумен, қару алып патшалыққа, байлар үкіметіне қарсы соғысумен жарыққа шыға аламыз. «Завод, фабрика — жұмысшыға, жер — қара шаруага!» деген ұранды біз сол уақытта ғана іске асырамыз. Революция қансыз, құрбандықсыз жасалмайды. Біз меньшевиктер емеспіз. Қынышылықтан, қорқыныштан қаймығып, жауырды жаба тоқып жүре бермейміз...

Ешкім отырған орнынан қозғалған жоқ. Бастарын жоғары көтеріп сез айтып отырған адамға қадалып қарады да отырды. Ол бұл сәздерді әрбір сейлемін зілдендіріп, ашық-ашық қып айырып тастап отырды. Әрқайсысының қолында тұтіні жоғары көлбеп тұрган шылым көрінді.

— Да, учебная командағы солдаттар арасындағы үгіт-тусініс жұмыстары бізге арзанға тускен жоқ. Аркадий Павловичтен айрылдық. Громовтың жұмысын тағы да өздерің білесіндер. Олар кеткеннен кейін комитет көп ойсырады. Арамыз көп олқыланды. Бірақ

олардың еккен жемісі құрыған жоқ. Фронтқа біз революция рухы бар бірталай солдаттарды жібердік. Әрине, олардың ішінде революция үшін әбден белін бекем буып, білегін сыйбанып жетпеген кейбір солқылдақтар да бар. Оны да жасыруға болмайды... Медведьевтің тыңшылары біздің сонымызға мықтап түсті... Зенков, Богомолов заводтарындағы оқиғаларды әлі ұмытқан жоқ шығарсыздар!.. Жұмысшылардың муддесін ұстап беріп жүргендердің кім-кім екендіктерін біз жақсы білеміз. Меньшевич, эсер, кадет... ұсақ байлардың арасынан шыққан зияллылар, поп пен молдайлар. Патшаның сый қып тартқан шекпеніне, наградына мәз болып, урядникке, крестьян начальниктеріне предатель (ұстап беруші) болып ерген волостнойлар, қазақтың байлары... Тегінде, Балта, Қылыш, Мақсұт, Қабыл жолдастар олардың қылықтарын ашып айтты. Бізде қазір консерв заводындағы жұмысшылар арасы да жақсы. Механический завод жұмысшыларының арасы да жаман емес. Бізде әлі күнге дейін көнілдегідей ұйыстырылмаған жерлер: ломовойлар арасы, тиірмендегілер, Зенков, Богомолов заводтарындағы жұмысшылар арасы болып отыр. Громов жолдас барында Богомолов заводының жұмысшылары арасында үгіт жұмыстары жолға қойылып келе жатыр еді. Жағдайсыз оқиға туып қалып, ондағы жұмысшылардың арасы бізben байланыссыз қалды. Мениңше, «тыңшылардың ізі сусысын» деген пікірді былай қоя тұрып, осы айтылған жерлердің жұмыстарын қайта жолға салу керек. Әрине, комитет басында жүргендер, біз, азыз. Бірақ көбейтуші де, көбеюші де өзіміз. Большевик партиясының төңірегіне жұмысшыларды ұйыстыру: ол — біздің үздіксіз, ешбір бұлтарусыз істейтін міндетіміз... Революция бізден соны тілейді!..

Үрпіген шашты, омырауы ашық жігіт сүйдеп сөзін тоқтатты да, жан-жагына қарады. Біраздан кейін отырғандар біртінде қозгала бастады. Бірі жетелді, бірі тамағын кенеді. Бірі есік алдындағы шылапшынга түкірді.

— Маган сөз беріңіші, жолдас Макаров! — деді барылдаған дауысты біреу, есік жаққа тұрып. Бұл — Богомолов заводындағы жұмысшы Иванов Алексей еді.

— Сөйлеңіз, жолдас Иванов!..

— Жолдас Макаровтың сөзіне түгел қосыламын. Бірақ, менің азгантай ғана замечаниям бар, ол мынау:

жолдас Макаров айтады, Богомолов заводындағы жұмысшылармен байланыссыз қалып отырмыз дейді. Менімше, жолдас Макаров ондағы жұмыспен таныспаған болар. Мен жолдас Громов тұсында, соның рекомендациясымен партияға кірдім. Онша сауатты емеспін. Бірақ жолдас Громов арқылы біздің большевиктердің программасымен, революцияның негізгі әліппесімен таныстым. Қазіргі күні біздегі жұмысшылардың бірен-саран сыңаржақтары ғана болмаса, басқасы тегіс большевиктер жағында, большевиктерге тілекtes. Бізде орыс пен ногайдан бірнеше кісі социал-демократтар бар. Өздері ақ-қараны танымайды. Бірақ өздерінше шешен-ақ. Олар: «большевиктер неміске сатылғандар. Бізге немістерді женіп болғанша соғысу керек. «Учредительное собрание керек» деп соғады. Бір күні біздің Ботай деген мықты бір қазақ жұмысшы қойып қалып біреуін шаңға құлатты...

— Ха-ха-ха...

— Хо-хо-хо.

Шашы үрпиген жігіт, Макаров, орнынан ұшып түрегеліп қолын жоғары көтерді:

— Тыс-сс-сс!.. Бері қараптар, жолдастар! Тарқайтын уақыт болды. Айтатын бір-ақ ауыз сөзім бар: қаружарақ жинау керек. Кімнің қолында қару қылатын зат болса, комитетке әкеп тапсырын.

— Жарайды!

— Дұрыс!

— Бар!

— Тапсырамыз!

— Табамыз!

— Біз бір бердеңке мылтық тығып қойдық! — деді пештің қасында түрған әйелдер.

— Молодец, әйелдер.

Үйдегілер бірінің сонынан бірі ақырындан шыға жөнелді. Қақпасыз, құймасыз қораның әрқайсысы әр жағынан шықты.

— Таня! Сендер Ұмсындық екеуің осында қоныңдар! — деді Қаяят екі әйелге.

— Жоқ, мен күйеуіммен бірге қайтамын. Таня қонсын! — деді жалпақ бетті қара торы қазақ әйелі.

— Балта кетіп қалды ғой!

— Жоқ ол далада күтіп түрған шығар!

Сүйдеп, қоштасып Ұмсындық шыға жөнелді.

— Таня Гаврилова дегені кім екен десем, аяғында сен болып шықтың гой,— деді, сақылдап күліп Надежда.

Танертең жұмысқа баардың алдында үш әйел — Қаят, Таня, Надежда шай ішіп отырды.

— Иә, мен, консерв заводының паяльный тарауында жүргенде, көдімгі деревняның крестьян әйелі Маша едім, тұрме мені «Таня Гавриловаға» айналдырды,— деді Таня.

— Біз сен туралы... Маша консерв заводынан өз бетімен шығып кетті деп жүрдік,— деді Қаят, Таняның иығына қолын салып.

Таня күлді.

— Үйімде тінту болғаннан кейін мені аяғында тұрмеге айдал алып барып қамады. Бірнеше күннен соң түстен кейін терезенің алдында отыр едім, солдаттар үш-төрт адамды қоршап әкеліп түрменің қорасына кіргізді. Петрды бұрын танып жүретін едім. О да мені танитын. Бір күні тұрмеде тазарту жүрді де, бірнеше әйелдер сыртқа помой алып барып төгіп жүрді. Біздің арада жезекшелікпен кәсіп етіп жүріп, біреуді талап тұрмеге түскен Наталия деген біреу бар еді. Мен сол арқылы Петрга хат жаздым. «Тысқа шығып жүрсе, берерсің» дедім. Үйткені, мені тазартуға шығармады. Наталия менің хатымды тапсырыпты. Бірақ Петр маған жауап қайырмады.

— Қалай жауап қайырсын. Өзінің шын атынды жазбасың. Тек әшейін «мені Надежда біледі» депсің де қойыпсың. Біз Балта екеуміз «провакация» деп үқытық,— деді Надежда тағы да сақылдап күліп.

Сол күннен бастап, бұл үйде үш әйел тұрды.

XV

«Псков қаласынан шықпаймыз гой, сонда жатып жатып елге қайтамыз гой деп едім. Бекер екен!» — деді ішінен Атымтай!

Іші сасық, сұық бір үлкен ағаш үйдің ішінде қазақтың жігіттері быж-быж қайнап жүрді. Бұл — Герман фронтынан бұрын бөлінген, қираган бір кішкентай қаланың мектеп үйі. Бұл маңайда бұдан басқа ешбір үй жок, қора-қопсы жоқ. Кейбір жерлерде, айнала

жапсарлары жермен-жексен болып, құр әштейін мойны ғана сорайып, жетімсіреп тұрган пештер ғана көрінді. Мындаған қазақ жігіттерін солдаттар айдал әкеліп осы үйге қамады. Бірақ, олар бұған сиған жоқ, аузы-мұрнынан шықты, тіпті бірталай адам құздің қоңыр салқын әуесінде далада жатты. Тұн болса, немістердің оқобына қараган терезелерді үйдің ішіндегі жылтыраган оттар көрінбестей етіп, қантап қойды. Соңғы кезде жігіттер жұмысты түнде істеп жүрді. Үйткені, түнде соғыс саябырлайтын, ол бір. Екінші, күндіз немістер дамыл берген жоқ. Зеңбіректің, пулеметтің, мылтықтың оғы жаңбырдай жауды. Жігіттер бір озеннің үстіне көпірді үш рет салып еді. Соның үшеуін де немістер аэропланмен ұшып жүріп, аспаннан бомбы тастап қиратты.

Енді бірер сағаттан кейін, түнде окоп түзеуге баратаң болған соң, жігіттер «тынырып» жатыр еді. Кейбіреулері қара наңга, сорпаға таласты. Қазандагы ботқага таласты. Кейбіреулері үйлеріне хат жазды. Кейбір өлеңшілері өз бастарындағы оқигаларды тізбектеп өлең шығарып жатты. Кейбіреулери киімдерін жамады. Тағы біреулері шалқасынан жатып әлденеге мұңдайып, көздерін жылтыратып, ой ойлады. Атымтай да соңғылардың бірі еді. «Жаным-ау, елге қашан қайтар екенібіз?» деді үйдің ашасына көзін тігіп. Жігіттердің кебі-ақ соны ойлады:

«Елді аман-есен көреміз бе? Әлде қыыр шетте қырылып қаламыз ба?»

Екінші бір жағынан солдаттардың бастықтары да, офицерлері де дамыл берген жоқ. Қит етсе-ақ боқтап, балағаттап онбасы жүр. Кейбір қазақ жігіттерін сабапта тастанады. Оған қарсылық еткен ешбір адам жоқ. Зығырдандары қайнап, ашу кернеп, бұйрықтарына бойсұна берді. Жігіттердің арасындағы молдалар:

— Сабыр етіңдер, жігіттер! Ыждағат етіңдер, жігіттер. Патша ағзамның низамына бойсұнбасқа болмайды! — деп үгіттеп жүрді.

Бойсұнбағанда қолданатын амал не?..

Күндей күркіреген зенбірек дауысы, нажағайдай жарқылдаған оқ, ол зәрені бір алса, бастықтар зәрені екінші алды. Атымтай мұны да ойлады. «Былай тартсаң өледі, олай тартсаң — арба сынады», — деді ішінен тағы да Атымтай.

Кеше жарапыларды, өлгөндерді көтерткіге салып теріп жүретін адамдар соғысып жүріп өлген солдаттармен бірге, денелері бытшып болып кеткен бірнеше қазақты да әкелді. Бірақ мұны жігіттердің көбі көрген жоқ. Атымтай оны көрді. Бір қазақ жігітінің денесі бар, басы жоқ. Оқ жұлып кеткен. Жалғыз-ақ, қазақ екенін киген түте-түте болған киімінен гана білуге болады. Біреулерінің қарыны жарылып шегі салбырап жатыр. Тағы біреулерінің екі аяғын, қолын жұлып әкеткен. Қаны шашып тұр. Өне бойлары үлпілдеген қызыл шақа. Осылардың барлығын да терең бір шұқырға көміп тастай берді. Молда мен поп арасында жүр. Атымтайдың көзінің алдынан бұл да елестеп өтіп жатты.

Бұлардың артынан Атымтайдың есіне Несербайдың үйінде болған кеш, ондағы жиналған түрлі кескінді адамдар түсті. Сейленген түрлі сөздер есіне түсті. Әсіресе, оның көзінің алдында көзі күлімдеп, ерні жыбырлап тұрган Жиенбай Аманжолұлы, кішкентай гана қара тақияны шекесіне орнатып, сырлы подносқа салып сыра тасып жүрген Сұқсыр тұрды. Екі қолы қып-қысқа, денесі жуан, бұғагы салбыраған, екі көзі тасырайған Бұқпан, аудай ақырған Медведьев, тағы да әркімдер тұрды. «Ұят болады, ұят болады» деді өз-өзіне Атымтай. Бұл — Несербайдың үйіндегі жиында Сұқсырдың Атымтайға айтқан «ақылы» еді. Онан кейін Атымтайдың ойына, сол жиында Жиенбай Аманжолұлының біраз сөздері түсті: «Гапу етерсіздер!.. Менімше, қара жұмысқа алғаннан да, тура солдат қызметінің өзіне алған жақсы...» деді өз-өзіне тағы да Атымтай. Осыларды ойлап олай да, былай да аунақшыды, өзінің сол жиында азын-аулақ естіп қалған сөздері құлағының түбінде шыңылдан тұрғандай болды. Сейтіп жатып, қалтасынан, жиегін қызыл-жасыл жіппен кестелеп тіккен бет орамалын алып бүктеуін жазды да, айналдырып қарады. Мұны Шамсия беріп еді. Енді есіне Шамсия түсті. Кішкентай гана доп-домалақ болып Атымтайға қарап сызылып тұрган сияқты, қалжыңдағы әлдене айтып күбірлеп тұрган тәрізді. Сол бірнеше минуттың арасында Атымтайдың көз алдына өз өмірінің бірталай оқиғалары, көріністері елестеп өтті. Миның ішінде біраз жылдар өтіп кеткен оқиғалар да бар еді. Бірақ осының барлығы да қазір бірнеше

минуттың ішінде қайталанып көзден бір-бір үшты. Түс сияқты болды.

— Тұрындар! — деген дауысты естіп Атымтай селк ете түсті де, отырган орнынан басын көтеріп, шоқия түсті. Артынан түрегелді.

Әр жақта бытырап, үйме-жүйме болып жатқан жігіттер өндөрі аппақ қудай болып біріне-бірі қарады. Ұйықтап жатқандары біреулердің жұлқылағанына есі шығып кеткен адам құсан аузы аңқиып, көзі тасырайып, алақтап жан-жаққа қарады да, есін жиып алып, ақырын түрегелді. Ешқайсысында үн жоқ. Жалғыз-ақ мылтық, қылыщ асынған «бастықтар» гана әрқайсысына бір өкірендереп, кейбіреулерін жеккеге бір қойып қалып, опыр-топыр қылып жур. Олар жүрген жер қойға тиген қасқырларды еске түсіреді.

Қазір жігіттер окоп түзетуге барады. Тағы да қауып-қатер. Тағы да терең ордың ішін бойлап отырып, фронттың алдыңғы жағындағы көлденең қазған позицияға шығады. Құм толтырған қаптарды тізеді. Доп түсіп қираған тіреуіштерді қайта түрғызады. Тағы да жердің дымқыл иісі мұрындарына кіреді. Тағы да...

Ешқайсысында үн жоқ. Сондай бұйрық бар. Ешбір жылтыраған от көрінбейді.

Ешбір қаруы жоқ, мындаған қазақ жігіттері бірінен соң бірі көгендеген қойдай қатарға тізіліп, аяқтарын әрең басып, шұбыра жөнелді. Тұнерген тұн. Барлығы да жым-жырт. Дала қауіп-қатерсіз тәрізді. Еркін тәрізді. Бірақ неге екені белгісіз, жүректе дамыл жоқ. Ойлаган ойды да, даланы да, тұнерген тұнді де көңілсіздендіріп жіберді.

Ең әуелі аспанда жап-жарық болып қызылды-жасылды оттар көрінді. Артынан үлкен шелекпен шелектеп қүйғандай болып әр жерге оттың қою сәулесі жүгірді. Біресе сөнеді. Тағы да қап-қараңғы тұн. Вірнеше минут сөйтіп тұрды.

Атымтайдың қолындағы темір күрек әлденеткен бір жұмсақ нәрсеге тиді де, былқылдады да тұрды. Құректі барлық салмағын салып төмен түйреп еді, әрі бармады. Сол жердің балшығын бір-екі рет серпіп тастанап, қолын жүгіртпіп еді; қолы сұп-суық, былқылдақ жұмсақ бір нәрсені сипалай берді. Жоғарырақ жүгіртіп еді, өлген біреудің денесі болып шықты. Қолы барып иегін ұстады, қолын жылдам тартып алды да,

күректі иыққа салып, былай шықты. Әлдекімді сүйкеп етті.

— Эй, бұл кім?..

— Мен!

— Е, не болды?

— Жәй, әшейін... Балшықтың астында өлгөн солдаттың денесі жатыр.

— Ол қайда?

— Анау жерде.

Сол сөзді айтып бұрылғанша болған жоқ, біреу қарсы алдында тұрып алды.

— Қайда баrasың? — деді орысша әлгі адам. Дыбысы жыланның ысылдағаны тәрізді.

— ???

— Қай-да, бара-сың? — деді тағы да, күшті сыйбымен.

Атымтай «бастықтардың» біреуі екенін білді де, кейін шегінді. Қүргегін қолына ұстап жерді шұқылауға кірісті.

Тұннің кескіні баяғыдай. Жалғыз-ақ манағы сәуле бірсесе аспанға, бірсесе жерге шығады. Қызылды-жасылды оттар да жиі-жиі жарқылдай бастады. Тұн тұңғиық бір сырды ішіне жасырды да тұрды.

Жігіттерде үн жоқ. Кімнің қайда жүргені белгісіз. Позицияның іші, жолы жықпыл-жықпыл, бұралаңдал әлдеқай жерлерге барады. Бір бүйірдегі жолды бойлап, ұрланып әлденеткен адамдар ілгері қарай өтіп жатты. Бұлар позицияның алдыңғы жағына бара жатқан солдаттар еді. От жарқылдан жоғары шыққанда, өтіп жатқан солдаттардың, әр жерде бытырап жүрген қазақ жігіттерінің тараулары көзге көрініп қалып тұрды.

Бір кезде тып-тыныш тұрған тұңғиық тұн қақ айырлған сияқтанды. Жер өкірді, тулады. Аяқтың асты тербеліп тұрды. Жігіттердің үйреніп қалған дағдысы еді, бұғып жата қалды. Әлденеткен бір ұлken құс жоғарыда ұшып келе жатқан сияқты.

— Лоқ-лоқ-лоқ-лоқ-лоқ!..

— Ба-ба-бақ! Бух!.. — деді бір кезде.

Жердің астында әлденеткен бірдене күркіреп тұрған тәрізді. Жерді аударып, тәңкеріп тастайтын тәрізді. Алдыңғы жақта күңіренген, еңреген, айқайлаған дауыстар естілді.

«Жаным-ау! Ал-лау! Бұл соғыс түнде де болушы ма

еді?» — деді етбетінен бұғып жатып Атымтай. Өйткені, бұлар оны білген жоқ еді.

— Құдай-ай! Сақтай гөр!

— Жетім-жесірлердің кез жасын ие көр.

— Аллай! Жасаған-ай!

— Не болдық? Неге душар болдық?

— Ел қайда? Жұрт қайда? Туган-туысқан...

— Уай, қайдасындар?.. Қайда...

Қазақ жігіттерінің арасынан кейде сол дауыстар естіліп қалып тұрды. Қебінесе, күркіреген зеңбірек дауыстары, алдыңғы жақтағы у-шу, айқай бұл дауыстарды бүркеп өкетті. Естіртпеді.

— Прицел! Трубка... Пли!

— Біріңен біріңе хабар беріндер! Командасыз атпасқа! Командасыз атпаңдар!

— Правая батарея!.. Прицел! Трубка!..

Бұл дауыстар қазақ жігіттерінің алдыңғы жағындағы солдаттардың арасынан естілді. Күркіреген дауыстар үсті-үстіне қүшейді. Бұдан кейін ешбір бөтен дыбыс естілген жоқ. Жер күрілдеп, тыным алмастан дірілдеп, қалышылдаپ тұрды.

— Сиыр құсан неге жатырсындар?

— Скотиналар!

— Енелерінді...

— Вс-тать!

— Құректі қолға алышындар!

«Бастықтардың» бұл бұйрығын жігіттер тыңдады ма, тыңдамады ма, Атымтай оны байқаған жоқ. Өзі «келген жағымыз осы ғой» деген оймен, сырт бұрылып ақырындал жүріп келе жатты. Жан тәтті, тіршілік сту қымбат-ты. Бостан-босқа өлгісі келмеді.

— Бұл кім! — деді бір ауызда топталып, дауыстары қалтырап, бірнеше қазақ жігіттері Атымтай бұл дауыстарды естіп қуанғандай болды. Жүргегінің дүрслі басылғандай болды.

— Мен! Қазақ! — деді ентіккен дауыспен.

— Біз қайтатын бетімізді біле алмай тұрмыз... Осы ауыздың қайсысы екен?

— Бері келіндер.

Атымтай тұн іші болса да келген жағын есінен шығарған жоқ еді. Әлгілерді соңынан ертіп жүрді.

— Апырмай! Құдайдың мынау кісіні кез келтіргенін айтсайшы! Тері, жолымыз болар, аман-есен елге

қайтармыз,— деді қарлыққан дауысты бір жігіт, Атымтайдың соңынан жүріп келе жатып.

Сыртта манағы қалпы. Жерді тербелтіп, күркіреп жатты. Аспан жарқ-жұрқ етіп тұрды. Бір кезде, жоғарыдан мысықтың даусын шығарып, жыламсырап, ысқырып, тарам-тарам болып мылтықтың адасқан оқтары етіп тұрды. Бірақ жігіттер оны елең қылған жоқ.

— Бүйткен құдайдың да, патшаның да, діннің де...

Бірақ арғы жағын Атымтайға ешкім айтқызыған жоқ. Жігіттер тұс-тұсынан шулап қоя берді.

— Бізді аман қалдырган құдай шығар.

— Қой, тіл тигізбені!

— Қанағына душар болмайық!

— Жасаған ие, өзі сақтар!

Жігіттер бірінің соңынан бірі сүйдеп міңгірледі. Біраз жүріп барған соң, бірімен бірі сөйлесе бастады.

— Мә, саған Германия!

— Әлі, осы жендік, Германия қашып барады дегені қайда?

— Мынау дүмпіне қарағанда, Германияның өзі кейін қарай емес, ілгері қарай қашып келеді.

— Әй, осы Мәулімбек қайда еken?

— Мәулімбекің кім?— деді манадан үндемей келе жатқан Атымтай, мойнын бұрып.

— Кәдуилгі өзіміздің Мәулімбекші!

— Қай ел?

— Е, мұсылман дейді ғой!

— Жоқ қай ел? Аты-жөні бар ма?..

— Мәулібек, Мәулібек, әлгі... соғысатынды айтам.

— Ондай мұсылманды естігенім жоқ!— деді ызы болып Атымтай. «Есі дұрыс адам ба, өзі?» деді ішінен.

— Ей, аузың құрсын сол! Кім еken десем. Өнербекті айтып келе жатыр еken ғой!— деді сыртта келе жатқан бір қазақ.

Ешкім дәнене деген жоқ. Тәмен қарап, аяғын тен-зеле басқан Атымтайға еріп, бір топ жігіт шұбырып келе жатты. Бұлар жоғары қырға шығып еді. Фронт үш-төрт шақырым жерде қалды. Бірақ зеңбірек дауыстары дәл жақындағыдай болып естіліп тұрды.

XVI

«Большой собордың» бергі жағында, Казанцев магазинімен түйіскең үлкен көшениң алаңға шығатын аузында, күрең қызылмен сырлаған үлкен ағаш қақпа.

Маңдайшасында желбіреген қызыл тулар. Екі жақ босағасында екі үлкен плакат шегелеулі:

Ресей пролетариат, еңбекшілерін үш жүз жылдар бойы табанға салып илеген, сұліктей сорған байлар үкіметі — Романовтың үрпағы Николай II тағынан құлады. Петроград жұмысшыларының ызбарлы екпіні оларды шыдатпады, құлатты. Оның орнына уақытша революционный үкімет құрылды, Ресей еңбекшілері патша шеңберінен азат!

Жасасын Кеңестер үкіметі!

РСДРП(б)

Николай Романов тағынан безді. Кара бүқараның уақытша үкіметі құрылды. Революция аяқталды. Біздің ендігі жауымыз немістер, оларды жеңіп болғанша барлық күштеріңді аямаңдар.

Жасасын қансыз революция!

Социал-демократ партиясы.

Кеуделеріне қызыл таспа таққан самсаған қалың көпшілік, кеше-кәшени керіп әкетті. Алдымен лек-лек болып Зенков, Богомолов тері заводтарының, механический заводтың, темір жолдың, тиірменнің, консерв заводының, Миновныйдың, Қірпіш сарайдың жұмысшылары өтті. Оның соңынан банкінің қызметшілері, магазиндердің сатушылары, ұсақ байлар, бақалшылар, студенттер, қаланың обыватель-мешандары өтті. Барлығының да көңілдері көтеріңкі, барлығы да бір туысқан сияқты. Барлығы да бір ниетте, бір тілекте жүріп бара жатқандай көрінеді. Бірақ әрқайсыларының айқайлары, көтерген ұрандары басқа-басқа шығады.

— Жасасын бостандық! Жойылсын патша үкіметі!
Жасасын Кеңестер!

- Яшасын хұррият!
- Жасасын биш құйрықлы юлдыз!
- Жасасын уақытша үкімет!
- Жасасын земство!
- Жасасын учредительное собрание!
- Жасасын саяси партиялардың хурлігі!
- Керенский үкіметі жасасын!
- Жер — крестьянға, завод, фабрика — жұмысшыға берілсін!

Жұмысшылар лектерінің арасында төңкеріс жырлары естіліп жатты.

Түрегел, көтеріл.
Жұмысшы халық
Көтеріл күреске, ашыққан жүрт,
Алға! Алға! Алға!..

Бұғін қою мұртты, тоқпақ мұрынды, өр көкірек, қабагынан қар жауған жандармдар, городовойлар көшеде көрінбейді. Бұғін олар қолдарына сыйызғы ұстал, қызыарынып-бәртініп ыскырған жоқ. Фаэтонға отырып, сонынан атты жандармдар ерткен полицмейстер Григорий Медведьев те көрінбейді. Олар қайда?.. Жер жүтқан ба?

Қаланың ұсақ байларының, обыватель-мешандарының арасына қосылып сыртын өзгертуен көкжалдар: Бейсембай Бұланов, Сұқсыр Арамқанов, Жиенбай Аманжолұлы, Бұқпан, Богомолов, Қазанцев, Қамидолла, Шамсутдинов бай, «Зайшік» саудагер, қора жұз Каметай, жуан Мұқаматше, күйеуі Жалалай, Маслаков тағы әлдекімдер кетіп барады. Барлығының да кескіндегі таныс. Бірақ сыртқы пішіндерін құбылтып «біз де шатпыз, біз де тілектеспіз!» деген сияқты түр көрсетеді. Ұры мысық құсан ұрланып жан-жақтарына қаранады. Бұлардың бұл көріністерінен «бізді жүрт танып түр ма екен?» деген кескін елестеді.

— Жасасын хұрriят! — дейді, өкірген өгіздей болып, Шамсутдинов бай.

Көшениң былайғы жағында қаз-қатар тізіліп тұрған қаланың еңбекшілері сақылдаپ тұрып куледі. Шамсутдинов бай сияқтылардың жүрістеріне, кескіндеріне, дауыстарына куледі. Бұлар, алдыңғы қатарда бара жатқан топтарға — завод жұмысшыларының маңайына үйлеспейді. Бұлармен олардың екі ортасы жер мен көктей сияқты. Бұл көкжалдардың бұдан былайғы жүріс-тұрыстары еңбекшілер алдында күлкі, мазақ тәрізді.

Жұмысшылардан кейінгі чиновниктердің, обывательдердің ең алдында қеудесіне қызыл таспа тағыр Қали Бекешев, Омармәзіннің баласы Тайлақ, тағы бірнеше меньшевик орыстар кетіп барады.

— Жасасын саяси партиялардың еркіндігі!
— Жасасын Керенский, хүкімәті! — дейді бұлар.

Балта, Қылыш, Мақсұт, Иванов, Қабыл, Надежда, Қаят, Таня, Ұмсындық қайда? — Олар жұмышылардың алдыңғы сапында кетіл бара жатыр. Жалғыз-ақ, Громов пен Аркадий Павлович қана көрінбейді. Құлашын кең жайып желмен бірге желпілдеген қызыл туда «Жасасын Кеңестер өкіметі!» деген жазу күннің көзімен шағылышады.

— Жер — крестьянға, фабрик, завод — жұмышшыларға берілсін!

— Жойылсын таж бен тақ, патша үкіметі!

— Жойылсын сұліктей сорған Николай!

— Бүкіл дүние еңбекшілері, біргіндер!

Жұмышшылардың ызбарлы, құшті дауыстары осыны айтады. Тұңғат аяғын аптыл-таптыл жаңа ғана басқан баладай болып, бұл лектің бір ол жағына, бір бұл жағына шықты. Қөнілі шат, көтеріңкі. Көзі құлмің қақты. Бірақ кенет өзгерген өзгеріске түсінген жоқ. «Аптарай-патшаны қалай түсірді екен, ә?» деді, қақпага ілулі плакатты көріп. Ол Зарком, Салсал және басқа қиссаларды оқығанда, оның кезіне патша деген нәрсе сондай бір тұқымнан деп ойлады. Бірақ қисса оқығанда ол солардың қылышын көріп, өзінше батыр құсап, сол патшалардың бастарын шайнап тастандардай болып отыратын. Қазір ол қуанышты. Әлденеткен бір батырлар шығып, Николайдың таж-тағын ойран қылышп, өзін тымақтай алып ұрып отыр. Міне, құш! Міне, батырлық! Міне, өжеттік!

«Ол батырлар кім екен?» деді өз-өзіне сұрау қойып Тұңғат.

Шіркеудің бергі жағындағы аланда, биіктігі екі кісінің бойындей саты тұр. Тебесі он шақты адам топталып тұргандай жалпақ. Бірнеше адамдар соган шығып жан-жаққа қарап тұрды. Арасында кеспелтек, ат жақты, қыр мұрынды бір қара жігіт тұр. Бұл — Балта. Иванов та бар. Үстіндегі березент бешпентінің омырауын ағытып, екі құлағының түбіне дейін дөңгеленіп келген күрең сақалын оң қолымен анда-санда ширатып қойып, құлімсірей түседі. Қеудесінде мүйіздендіріп, қоқырайтып қадаған қызыл бант. Бір жақ мүйісте сақалы жіп-жирен болып Салмақбай, беті бір уыс болып күжірейген қара кескінді Қали Бекешев көрінеді. Толқынданған қалың кепшілік у-шу болып, сатының төңірегін ііріп тұрып жатыр. Бір жағында ііріліп солдаттар тұр. Біріне-бірі сендей соғылады.

Желпілдеген жалаулар, барлығының да төбесінде күнмен шағылысып қызырып тұрды. Бір кезде сатыда тұрғандардың арасына қара сенсөң берікті, қара пальтолы жалпақ бетті, тасырайған үлкен көзді, мойнына жібек ораган ақ құба жігіт барып қосылды. Бұл — Жұмажан Тілекұлы еді. Ол өзінің «талапшыларын» ертіп бірге келді.

Гимназияның, сауда мектебі студенттерінің арасында, бірін-бірі қолтыққа алып сый-сыйқ құліп тұрған бірнеше қазақ қыздары көрінді... Бұлар: Бетіш, Жеміш, Көпей, Көлтай, Жұмабике, тагы сол сияқты сылаң қыздар.

— Азаматтар!.. Қалың бұқара! — деген айқай естілгенде, барлығы да басын жоғары көтеріп, биіктегі адамдарға қарады. «Не айтылар екен?» — деді барлығы да.

— Азаматтар! Қалың бұқара! — деді ұзын бойлы, бурыл, ұзын қайқы мұртты, ұзын кірпікті, көзі үңірейген бір орыс шалы. Бұл қалалық управаның өкілі еді. — Иә, қалың бұқара! Вүгін барлығымыз да шаттыз. Иә... күнің көзі жылдытып, жаздың өдемі көркі жақындаған келе жатқанда, біз кенет бір сұық хабар естідік. Бұл аспаннан жауған мұз бүршақтай сұық. Өне бойымызды тітіркендіріп жіберді. Иә... да, алғашқыда бұл өте таңқаларлық хабар. Пат... ә, Николай Романов тақтан безген ә... Конечно, үкіметке әлдеқашан жаңару керек. Опырошим, егер Михаил Николаевич, не патшаның ағасы Николаевичқа берілсе, о да жаңалық...

Алғашқыда жұрт селт етпестен тынцады. Бұл алжыған шалдың не айтайын деп тұрғанын ұға алмады. Соңынан жұмысшылар, солдаттар жағынан күндей күркіреген ашулы дауыстар естілді:

— Бұл кім өзі, ә?..

— Қалалық управаның тышқаны!

— Күнің әлдеқашан біткен! Үйіңе барып жылы жамылып жат!

— Долой! Да-да-да-а-лой!

— Долой монархист! До-а-лой!!!

Шал мұртын, сақалын сипап тұрды да, кейін шықты. Желкесі күжірейді. Қолындағы қара бүйра бөркін қалш-қалш етіп басына арең киді.

— Сөз социал-демократтар партиясының қалалық үйімі атынан Қали Бекешовке беріледі, — деді Жұма-

жан Тілекұлы үрпек қара бәркін басынан алып еді, шашын қырган жуан тақыр басы айнадай болып жарқ ете тусти.

— Ардақты, граждандар! Қала халқы! Қалың бұқаралың қара! Николай Романов тағынан құлады. Қалың қара бұқараның үстінде түнерген қара бұлтты қансыз, жанжалсыз революцияның желі әлдеқайда алысқа айдал әкетіп барады. Бірақ әлі мұнымен ғана тынышталып, қарап жатуға болмайды. Бізде үлкен хауіпты жау бар. Олар — немістер. Оларды әбден жену керек. Қазіргі уақытша үкіметтің еңесінде осындай ауыр жүк бар. Мұны жалғыз үкімет қана көтермейді. Бүкіл қалың бұқара болып көтеруге тиісті. Уақытша үкімет «бостандық заемы» деген заем таратудың қасында отыр. Эрбір сезімді, саңылауы бар азамат төңкерісті сақтаймын десе, осы заемды сатып алсын! Мұны біз, социал-демократтар, жақында таратамыз. Естерінде болсын: біз немістерге оқпен де, наизамен де, зенбірекпен де, ақшамен де тойтару береміз. Оларды жеңбей тұрып, бізге атар таң, шығар күн жоқ. Жасасын қансыз, жанжалсыз, революция! Жасасын аяғына дейін үдеткен соғыс! Ур-ра-а!..

Қаланың обыватель-мешандарының, ұсақ байлардың, саудагер-бақалшылардың арасынан, жұмысшылардың арасынан бірен-саран адамдар, әр жерден терінді дауыспен шулап өтті:

— Уррра!.. Урррр-а-а!..

— Уррраа Урра!..— деді, гимназияшылардың арасы да.

— Жасасын уақытша үкімет!— деді бір жалғыз дауыс, айқайлад.

— Уррра!— деді тағы да манағы терінді дауыстар.

— Жойылсын соғыс! Жасасын Сөвдеп!

— Сатынды социалистердің сезі керек емес!

— Жасасын Кеңестер!

— Бізге жұмысшылардың, крестьяндардың үкіметі керек!

— Уақытша үкімет соғысты қуаттаса, бізге ол үкіметтің керегі жоқ.

— Урра... Жасасын Кеңестер! Ур-ра!..

— Балтаны, Ивановты тыңдаймыз!

— Қанекей, Иванов шықсын! Балта шықсын!

— Қане, сейле Балта!

— Товарищ Иванов. Товарищ Иванов!

— Балта-а-а-а!..

Жұмысшылардың тасқын судай тасыған шуы күрілдеп барып биік тас үйлердің қабыргасына соғылды. Магазиндердің қалың тerezeleri, тerezelerінің сыртынан қаптаған жиырышықты қақпақтары күшті дауыстардың екпініне сілкініп, дірілдеп тұрды. Жапырайған, майланған, түте-түте болған ескі бас киімдер жұмысшылардың тәбесінде ойнайды. Солдаттар «урапап» мылтықтарын тәбелеріне көтеріп, наизаларының ұшын, істіктерді, күннің көзіне шағылыстырып, жарқ-жүрк еткізді. Боз беріктегі аспанға шүйірді.

— Сез большевиктерге берілсін!

— Товарищ Иванов!

— Това-а-а-рищ, Балта!

— Жасасын большевиктер.

— Жасасын Кеңестер! Совдеп!

— Долой самодержавие!

— Долой байлардың министрлері, князь Иванов!

Сатының үстінде тұрған Қали, тағы бірнеше орыс меньшевиктері, эсерлер табандарын түйгіштеп, өңештерін керіп манағы өздері айтқан «қара бұқараға» өкпе айтып айқайлады:

— Революцияны немістерге сатпақшы болдыңдар ма? Бұлар — большевиктердің өсегі, олар неміске сатылып, революцияны ұстап бермекші. Кім революцияға қарсы болса, сол — предатель!

Жұмысшылар, солдаттар жағы онан жаман шулады.

— Білеміз қандай революцияны айтып тұрғаныңды!

— Енді бізді алдай алмайсыңдар!

— Долой меньшевиктер, эс-ерлер!

— Бізге Иванов пен Балтаны сөйлестіңдер!

— Енді сөйлесендер істіктің басына ілеміз!

Жұмысшылар, солдаттар сүйдеп шулады.

Иванов дуда-дуда болған шашын оң қолымен сала-лап, сол қолымен бұзау терісінен істеген қызыл малақайын қысып, сатының көлденең қоршауына келіп тұрды. Ол жұмысшылар жағына қарады. Оның көзіне жұмысшылардың арасындағы өзінің жолдастары металшылар, шойын қүюшылар, (Иванов соңғы кездे механика заводында істеп жүрді) темір жол жұмысшылары, тері заводындағы таныс кескін-келбеттер көрінді. Қабылды, Сәтпайды, Мұқатайды көрді. Эйелдерді

көрді. Бастары қызыл-жасыл болып Таня Гаврилова, Надежда, Қаят, Ұмсындық және толып жатқан консерв заводының ерек-әйел жұмысшылары көзінің алдында тұрды. Иванов бұлардың барлығын да біледі. Құр олардың өндерімен ғана таныс емес, әрқайсының мінезімен, құлқымен, ісімен, пікірімен таныс еді. Ол ұзақ уақытқа дейін үндег алмай тұрды. Өйткені, кеп уақытқа дейін «уралап» шулаған дауыс басылмады. Біраз уақыттан кейін дауыстар басылды. Тек әшейін қаланың обывательдарының арасынан біреудің:

— Большевиктерге сөз берілмесін деген даусы шырылдан келіп естілді. Жұмысшылар мойындарын созып қарап еді, әлгі айқайлаған адам топ кісінің арасына кіріп жоғалды. Жалғыз-ақ, Қабыл ғана ол адамды байқап, танып қалды.

— Жолдастар! — деді әлден уақытта Иванов нығыздап тұрып. Барқыттай жұмсақ, жәйлі дауыс санқ ете түсті. — Жолдастар!.. Біз, большевиктер, революцияны социал-демократтар айтқандай түсінбейміз. Олай түсіндірмейміз де, қансыз, жанжалсыз, тартыссыз революция болмайды...

— Немістер үйреткен! — деді айқайлаپ Қали тәне беріп еді, Иванов қолын көтеріп тоқтала қойды.

— Иә, қансыз революция болмайды! Монархия — еңбекшілерді үш жұз жыл бойы сұліктей сорған патшалық сән-салтанат жұмысшылардың алдыңғы сапы болған большевиктердің, қалың жұмысшылар көвшілігінің құшті екпініне шыдан тұра алмады. Жұмысшылар оны құллатты. Бірақ бұл әлі революцияның басталуы ғана. Онымен ғана әлі байлар үкіметі мулде құриды деуге болмайды. Николай тақтан құлаған соң-ақ, қазіргі күні уақытша үкімет құрылып отыр. Мұның басында — белгілі князь Льев, менышевик Керенский. Бұл — уақытша үкімет, Ресейдегі барлық саяси партияларға ерік берген болып отыр. Бұл — уақытша үкімет амнистия жариялады деген хабар. Ол, әрине, әлі алдағы күнде көретін нәрсе. Уақытша үкіметтің қандай үкімет екенін осыдан-ақ байқарсыздар!.. Енді соғыс мәселесіне келсек: біз, большевиктер, немістермен соғысты күштейтуге қарсымыз. Социал-демократ Қали мырза айтқандай, «женгенше соғысу керек» деген ұранға қосылмаймыз! Бізге осы соғыстың салдарынан ашиққан, торыққан елді жөнге салу керек, түзеу

керек. Олай ету үшін, бірден-бір жол: немістермен бітім жасап, фронтта ашығып жатқан, неше түрлі ауруларга шалдығып қырылып, күйзеулік көрген солдаттарды үйлеріне қайтарып шаруашылықтарын жөнге салғызу біздің міндетіміз. Қазір фронтта жатқан солдаттар өздері де қалжырады, өздері де мұны білді. Фронтты тастап, үйлеріне келіп жатқандары да бар. Ал, енді Қали мырзаның манағы «бостандық заемы» дегеніне келсек, ол шындыққа келмейтін нәрсе, оны сатып алсандар, соғысты қүштейткен болып табыла-сындар!

Ұсақ байлардың жағында әлдеқайсылары ыскырып қойды.

— Жолдастар!.. Қазіргі күні Петроградтағы жұмышшылар ескі үкіметтің мүшелерін, министрлерін абақтыға қамаған. Ішкі істердің министрі Протапов думаға өзі келіп, абақтыға алыныпты. Ахранка, жандармдардың барлығын да быт-шыт қып жіберген. Полицияның учаскелерін бұзған. Мәскеу мен Петроградтағы саяси тұтқындарды түрмеден босатыпты. Өз қаламыздың көлемінде біз де соны істедік. Милиция үйистырылды. «Красная гвардия» жасағын үйистырып жатырмыз. Әрбір саңлауы бар еңбекшіні қатарға шақырамыз. Жасасын социалдық революция! Жасасын большевиктер партиясы! Жасасын Кеңестер! Урра! Урра!..

Дауыс, шу бұрынғыдан анағұрлым қүшейді. Бөріктер бұрынғыдан анағұрлым жоғары лақтырылды. Жұмышшылардың қала еңбекшілерінің, солдаттардың арасы бұрынғыдан анағұрлым толқынданды. Жалғыз-ақ, үркөрдей ғана болып тұрған бір лектер сең соққан балықтай болып біріне-бірі қарады. Қали, Жұмажан сез айтамыз десіп әлденеше рет оқталып байқаса да, оны ешкім естіген жоқ. У-шу естірткен де жоқ.

— Долой, меньшевиктер!

— Долой, предательдер!

— Жасасын Кеңестер!

— Жасасын, большевиктер!

Зор мұхиттың толқынында болып өрлеген дауыстар, тасыған тасқындаш шу кең аланды, көшеп-көшепіні керіп әкетті. Сатының үстінде Жұмажан, Қали, тагы бір меньшевик орыстан басқа ешкім қалған жоқ. Жұмышшылар, солдаттар, қала еңбекшілері Иванов пен Балтаны көкке шүйіріп жатты.

Жиенбай Аманжолұлы ұсақ байлар, саудагерлер, бақалшылар тобынан шығып сатының қасына барды да, Жұмажан мен Қалиды шақырды:

— Біздің үйге барайық. Біраз тамақ бар еді!

Сатының үстіндегі үшеуі де төмен түсті. Өндөрі түнжыраган. Қөздері өлең айтып бара жатқан қалың җұмысшылар жағында болды. Бірақ оларға сүйсініп қаралған жоқ. Несербайдың қыздары да бұлардың қасына келіп, бірге еріп жүрді. Басқа байлар, әрқайсысы әр жаққа мана-ақ зыта жөнеліп еді.

— Халықта бірлік жоқ! — деді Жұмажан кейіп.

«Талаптың» бірнеше жігіттері де еріп келе жатты.

Жиенбай тісі ақсиган, толық денелі, орта бойлы, басына шляпа киген бір жігітке сыртынан келіп қол берді. Бұл Омбыдағы учительская семинарияның студенті, ақын Ақыжан Құрманбайұлы еді.

— Қалай? Революцияның бұйымтайлары сізге ұнады ма? — деді Жиенбай, Ақыжан қыздармен амандастып жатқанда, құлген бойымен.

Ақыжан ойшаң көзімен Жиенбайға біраз қарап тұрды да, артынан түнжырап міңгірлей берді:

— Ihim!.. Немене боп кетті өзі!.. Аяғы мырқылданған доңыздар мен ызыңдаған қоңыздар! Больше ничего!..

Сейдеп келіп, Жәмжанды қолтығына алды.

— Сіз неге жүдеусіз?! — деді.

— Кім? Мен бе?

— Иә, өңіріз аппақ қудай, қан жоқ, сөл жоқ. Черт вазьми, бұрын үжмақтың қорындаидай едіңіз ғой! Не болып қалғансыз?

— Науқастандым.

— Қандай науқаспен? Әлде, революцияның желі, суығы сізге де тиді де?

— Жоқ. Не панимаю! Революцияны білмейміз!

— Значит, «ваша хата в краю?»

— Да!

— Дұрыс! Жәмжан! Сіз бұлбұлды жақсы көресіз бе?

— Конечно!

Қасындағы қыздар сық-сық құлді.

— Гүлді де жақсы көресів бе?

— Иә, гүлді де жақсы көремін.

— Ендеше сіз — гул.

— Онда қалай? Сіздің бұлбұл болғаныңыз ба?

- Тұра тұрыңыз. Иә, сіз — гүл. Иісті жұпар гүл.
- Иіссіз гүл бола ма?
- Болады!

Көлденен көшеде қызыл туды жоғары көтеріп өлең айтып жұмысшылар, қала енбекшілері кетіп жатты. Келе жатқандар олар өтіп кеткенше тоқтап тұрды.

— Бірақ сіздей гүлді солғызбайтындаі өтіп ұстау үшін кіршіксіз жүрек, сүттей аппақ қол керек.

- Ол не деген сөз? Не понимаю!

— Егер, сол гүлді мынау кетіп бара жатқан Ивановтардың, ақымақ Сәрсембайлардың қолына берсе...

Ақыжан сүйдеп алдындағы көлденен өтіп бара жатқан қалың топқа қарады.

- Онда қайтер еді?

- Лезде солар еді!

Жәмжан еркелене берді. Бірақ Ақыжанның не айтып келе жатқанына түсінген жоқ.

- Сіздің сезініз жұмбақ екен! — деді Ақыжанга.

- Менің өзім де жұмбақ!

- Маған жұмбақ болуыңыз қате ғой!

— Солай ма?!. Бірақ көрінген жан щешіп тастай бермесін дегенім ғой!

- Мен көрінген жан емеспін ғой!

— Дұрыс. Сіз көп көрінгеннің ішінде, олардан бөлінген жансыз.

- Ол не деген сөз?

- Артықсыз дегенім.

Жәмжан Ақыжанның қолтығы астында қиқаңдай берді. Ол еркелегені еді. Өзінше өзге бір «мәнерлері» еді. Ақыжанның қасында доп-домалақ Көпей тоқтыйдай бұлт-бұлт етті.

Қала үйлерінің қақпаларының көбінде қызыл жалаумен қатар плакаттар да ілінген. Өйткені, оның бірнеше бөлмесінде РСДРП (б) Комитеті тұратын.

- Үйге жүріңіз!

— Жоқ. Ертең келемін, — деді үйіне шақырып тұрган Жәмжанға Ақыжан.

- Сіз кейде келмей алдал та кетесің!

- Кім?

- Сіз.

Ол екі ортада Бәтжан келіп Ақыжанның қолын ұстады да, қоштаса бастады.

— Қигаш қашан қайтады екен? Білдіңіз бе? — деді Ақыжанға.

— Эбіш екеуі жақында келіп-ақ қалар,— деді салқын ғана Ақыжан.

Бәтжан мүйістен бұрылып үйіне жөнелді.

— Сіз маған арнап өлең жаздым дегеніңіз қайда? Оныңыз қайда? Қашан бересіз?— деді мұнайып қана Жәмжан.

Ақыжан күлді.

— Объязательно беремін.

Анығында, Ақыжан ол өлеңді жазған да жоқ еді. Тіпті оны жазу ойында да жоқ болатын. Жолыққан сайын Жәмжан сұрай берген соң, «жазып берейінші» деді ішінен. Жәмжанның бүгінгі кейпіне, өніне, қабағына барлығына да әбден үйреніп алғатын кісідей болып, ұзақ уақыт қарады. Жазатын өлеңінің бірнеше сөздері, шумақтары Ақыжанның ойына сол жердің езінде-ақ түсіп тұрды.

— Қош!— деді Жәмжанның қолын тартып.

— Қош! Қутемін.

Жәмжаннан айрылып, былай ұзаган кезде, Ақыжан қойынынан дәптерін алып манағы есіне түскен шумақтарды тез-тез сыйып қойды:

«1.2.3.4.5. жүдедің,

1.2.3.4.5.6.7.8.

1.2.3.4.5. жүргегің

1.2.3.4.5.6.7.8.»

* * *

— На!.. «Құрыжат! Құрыжат!» деп, қатындарға көйлек-дамбал болатында қызыл сисадан дәнене қоймаған білем, сірә! Қақпа-қақпаның мандайшасында бірталай кездеме құр босқа тұр әншейін!— деді Бөгенбай, бергі үйде отыргандарға, аргы, тәргі үйде жүріп сейлеп. Оның «Құрыжат! Құрыжат!» деп кекеткені «хұррият» деген сөз еді.

— Сен, не бітіремін деп бардың?— деді, есіктің алдында етігін жамап отырған Тұңғатқа. Тұңғат үндеғен жоқ. Өйткені, сырттан қараганда момын көрінсе де, ашуы жаман тентек кісі еді. Сондықтан Тұңғат оған дәнене айтпады.

Е, балаларға ермек керек, қызық керек,— деді пештің алдына балш еткізіп түкіріп Өмірбай. Бұл, Бөгенбайдың інісінің баласы еді. Бұл да Миновныйда жұмыс қып жүретін. Өлгенше надан адам.

— Осы хүрияттың қырсығынан, бүгінгі жұмысты да догардық! — деді ішкегі үйдегі ағасына.

Бүгінгі кенет өзгеріс, шу, қалың жиылды Бөгенбай-дың үйінде түні бойы сөз болды. Әрқайсысы өр түрлі талқылады.

— Патша құласа құлап-ақ қойсын! Оған қарсылық жоқ! Бірақ осы үкіметтің өзі нан бере ме екен? Кездеме бере ме екен? — деді, ең аяғында Бөгенбай қорытынды шығарып.

Ешкім жауап берген жоқ.

XVII

Не істей керек?.. Қайсысы тыныш? Қайсысы тұрақты? Қали Бекешев жағы ма? Кәрім Бекешев жағы ма?... Қызық өзі!.. Тұысқан туысқанға қарсы келгені қалай? Бірі — меньшевик, бірі большевик! Қали — меньшевик, оның жағында кісі кеп. Үлкен байлардың, саудагерлердің, бақалышылардың, мәзін-молдалардың балалары барлығы сол жақта жүр. Тіпті Маслаковтың кейбір жүк тасушы жұмысшыларының өзі Қалидың төңірегінде жүр. Ал, енді Кәрім Бекешев жағына келсек: өңшең жалаң аяқтар. Сары малай құсаған құл құтандар, қайырышылар. Иванов, Балта, Қабыл дей ме, тағы да әлденеткен қашқындар, қатындар. Қашқан-пысқандардың барлығы да солардың арасында жүр. Не қыламын?.. Әлде Мойнаққа барып құдайдан күтіп жатамын ба? Бәлки, осының барлығы да уақытша шығар, ертең патша келіп тағына қайта отырап. Господин Медведьев қызметке қайта енгізер, ә?.. Әлде ешқайсына жазылмай тұра тұрам ба?.. Жұрт жазылып жатыр-ау, ә?.. Әлде алаштың арасына қосылам ба?.. Мұның әлі қадет, эсер, меньшевик, большевик, монархист дегендері толып жатыр-ау. Ақай, Жақай деген мырзалар алаш дейді. Жұмажан, Жиенбай сол жағын қуаттайды. Қой! Бәрін айт да, бірін айт! Меньшевик пен алаш екеуі біріне-бірі онша теріс те қарамайды. Екеуінің де шашбауын көтерейін.

Сұқсыр Арамқанов керуеуеттің үстінде шалқасынан жатып соны ойлады.

Казак-орыстардың полкы қаланың үй-үйлеріне бөлініп жатып алды. Ат-саймандары, қылыштары өздерімен бірге еді. Жалғыз-ақ мылтықтары ғана жоқ. Неге екені белгісіз, көшеге аз шығады. Шыққан күнде топ-топ болып жүреді. Жалғыз-жарым көрінбейді, түнде аз ғана тықыр не мылтық дауысы білінсе-ақ бастарын төсектен жұлып алады да, құлақтарын түрді.

Бөгенбайдың екі кішкентай бөлмесін бірдей алды жатты. Кемпір мен шалды, екі баласын мүйіске тықсырды. Шалда да, кемпірде де ун жоқ. Анда-санда өз беттерімен құйініп, міңгірлеп қояды.

«Құдай-ай, бұлардың тәлкегінен құтылар күн бар ма?.. Әлгі, жанға жайлыш болады деген құрыжаттары қайда?» — деседі.

Бір күні атыма шөп бермедің деп бір казак-орыс Бөгенбайды шауып өлтірмек болып қылышына жүгіріп еді, бірнешеуі бас салып үстап жібермеді.

Қалада түк өзгеріс жоқ, баяғы қалпы. Байлары сол баяғы кескіндері. Екі езулері екі жақта. Завод та, Міновный да, мойка да, тиірмен де өз қолдарында тұрды. Банкі көшесіндегі бір сары терезелі үйдің маңдайшасында «Талап қаумы» деген жазу бұдан әлденеше айлар бұрын, патша тұсында шегелеулі тұр еді, әлі де сол баяғы қалпы.

Бір күні кешке таман, банкі көшесінің сыртынан, таудың төменгі жағынан қаланың ортасына қарай гүрследеп, көше бойындағы үйлердің терезелерін қозғалтып бір грузовой машина өтіп бара жатты. Ішіндегі адамдарының кескіндері адамның зәресін аларлық — бастарында қара бұйра бөрік, беттері қара күйе, машиналарында жан-жагында пулеметтер. Үстінде он шакты кісі. Бөгенбайдың үйінде отырган казак-орыстар ақырын жұмылып қарап еді, өндөрі аппақ қудай болып, қайтадан бұғып отыра кетті.

— Красная гвардия!

— Большевиктер!

Казак-орыстар сол күні түні бойы ұйықтаған жоқ. Бірнеше күннен кейін жоғарғы қаладағы казак-орыстар полкы шұбырып төмен қалага қарай көшті. Жоғарғы қаланы мұлде босатты.

— Атаман Волковтың казак-орыстары! — деді

көшеде топталып, кавак-орыстарды қөздерімен шығарып салып тұрган обывательдер.

Олар қайдан келіп жатыр? Темен қалаға неге көшті? Негылмақ боп жүр? Оны ешкім білген жоқ. Қала әлдеқандай бір терең сырды ішіне жасырып тұрган сияқты. Қаланың ішпіндегі обывательдер күн батар батпаста-ақ қақпаларын бекітіп жауып ала бастады. Күндіз дүкеннің алды, шөп базары, отын базары, талкочке, мешіттің алды пыш-пыш өсек, сыйыр-кубір сез.

— Петроград пен Мәскеуде «Красная гвардия» деңгей бір отряд құрылған дейді. Осында да бар көрінеді.

— Совдеп дегеніне түсіне алмай-ақ қойдық.

— Білмәсәңіз миң әйтіп бирим әлі: совед дипутаты дигенларі икән!

— Ө, құррияті мі? Біләбіз.

— Вәсе, құржаты де!

— Немістерге сатылды дегені қайсы?

— Э, әнә шүл сәбипләрі инді! Большевиклар!

Қаланың тоғышар-обывательдерінің аузынан шықкан сөздері осында болды.

Өндірістегі жұмысшылардың арасында күн сайын митингі, күн сайын жиылыс.

— Жолдастар! Уақытша үкіметтің бастығы Керенский фронттағы соғысты күшетуге бүйрек шыгарған.

— Ондай үкіметтің керегі жоқ!

— Петроградтағы жұмысшылар қару-жарактанып, қыр көрсетіп көшеде жүріпті. «Үкімет Совет қолына көспін!» деген ұран көтеріпті.

— Совет үкіметі болсын!

— Біздің де ұранымыз сол!

— Уақытша үкімет құрысын!...

— Жетер!.. Соғыстың керегі жоқ.

Большевиктердің комитеті өндірістегі жұмысшылардың арасында жұмысты күшетті. Балта, Иванов, Громов, Максұт, Аркадий, Қабыл дамыл көрген жоқ. Күндіз-түні комитеттің қарамағында болды.

Тұңғат дәнеңесін ұққан жоқ. Оның көз алдында бұл езгерістердің барлығы да күздің құлпырмалы әуасіндей көрінді. Ол барлығының ортасында тамашапы ғана болып жүрді. Ол базарды да, дүкендерді де, заводты да, тиірменді де, Миновныйды да, кірпіш сарайды да — барлығын көрді. Бәрін де аралады. Бірақ ол тереңірек кіре алмады. Сондықтан, болып жатқан тұңғының оқи-

ғалардың маңыздарына түсіне алған жоқ. Оған, жалғыз-ақ, өрбір өндірістің еткен еңбектері ғана таныс. Ол кейде өз басындағы өмірдің тармақтарына кез жүгіртті.

Қазір ол он сегіз жаста. Не бітірді? Бес жасынан бастап қолына «иман шарт», арқасына сұйық шыбық; он екі жасына дейін әптиек, құран, жағына шапалак, арқасына таяқ, құлағына шымшу. Ол цыгандардың таяқпен ұрып биге үйреткен аю баласындей болды. Ол вейінін, сезімін, ақылын көрінген дүмше молданың қолына беріп «тағдыр алладан» деп отыратын дүлей сияқты еді. Он екі жасынан бастап қара жұмыс: мойка, «Миновный двор», қасапшыларға қой бағушы... Бері келе өзіндей ауыл балаларына «кішкентай молда-мұғалім». Қыс мұғалім, жаздың күні тағы да мойка, «Миновный», қара жұмыс, қара жұмыс!.. Ол осының барлығын да көзін жұмып жүріп, дәнецені сезбей жүріп істегендей болды. Қазір де сол тәрізді. Айналасында не болып жатқанын сезбеді. Кейде ол жынды адам құсап жылап та алады. Бірақ неге жылағанын өзі де білмейді. Ол сейтіл есті!

XIX

Аркадий Павлович таңертең ерте тұрып, қақпаның алдына шықты. Оның ойы штабқа кіріп-шығу еді.

Күннің нұры жердің бетіне жаңа ғана өріп, ұпық нұрга балқып тұрды. Қақпа-қақпаның алдында, жырақаның бойындағы көгерген көк шепті жеп жүрген сиырларды табын бағушылар қуалап айдал кетіп жатты. Оナン басқа көшеде тірі жан жоқ, терезелерінің қақпақтары жабулы, жұрт ұйықтап жатқан тәрізді.

Есік алдында мылтығының сұңгісін жоғары қарастып, анда-санда дүмімен тақтайды түйгіштеп қалып тұрған красный гвардеец қолын көтеріп тәжім белгісін көрсетті де, Аркадий Павловичты ішке кіргізіп жіберді. Ол Аркадий Павловичтың штабқа мұнша ерте келгеніне таңданған жоқ. Өйткені, түнде, қашан болса сонда штабқа бір кіріп шығатын. Ол — штаб бастығы.

Аркадий Павлович екі қабат биік үйдің аяқтың астындағы жыбырлап көртпеш-көртпеш болып жатқан көп басбалдақтарын ақырыннан аттап, жоғары қарай шыға берді. Сейтіп, бара жатып тәмен қарап үңіле қойды. Аяғының астында сіріңкенің бір кішкентай ғана

қорабы жатыр еді. Неге екені белгісіз Аркадий Павловичтың қорапқа көнілі бөлінді. «Қытай спичкесі» деді өз бетімен күбірлеп. Алайын ба, алмайын ба? — деп тұргандай болды да, ақырын іліліп барып кішкентай гана қоралты қолына ұстап, айналдырып қарап, алдына қарай журді. Жарты қорап сірінке. Бұл анығындағақ, неге сызысаң соған жанатын сірінке еді. Бұл қалада тіпті жоқ, болса да сирек кездесетін.

«Мен мұны Омбыда көріп едім. Жақсы, бірақ өзінен-өзі қалтада жүріп тұтанып кететін қауыпты сіріңке!» — деді ішінен Аркадий Павлович, сүйдеп қалтасына салды.

Кең залдың ішінде винтовка, жапон мылтығы, бердеңке тізген «пирамида» ағаштың айналасында бірнеше гвардеец ұйықтап жатыр еді. Аркадий Павлович есікті ақырын гана сыйырлатып, ашар-ашпастан-ақ еденде жатқандар бастарын көтеріп алды.

— Ұйықтап жатырыңдар, ө? — деді Аркадий Павлович құлімсіреп, есіктің алдында тұрып.

Дембелше қара бұжыр қазақ жігіті көзіне тіпті ұйқы ілінбегендей болып Аркадий Павловичке қарап жымия түсті.

— Жаңа гана құлап едік, жолdas Павлов! Ұйықтап кетіппіз.

Сары сырмен сырлаған тақтай еденге сыртқы киімдерін гана тәсеп жатқан жігіттер бірінен соң бірі ұшып түрегеліп киініп жатты.

— Но, как? Тұнде ондай-мұндай сыйыс болған жоқ па?

— Жоқ, Аркадий Павлович! — деді сұр көзді, жуантық, қызыл шырайлы бір зергер неміс. Қит етсе-ақ ойынды-шынды «муттер...» деп боктап қоя беретін. Соңынан оны гвардеецтер — орыс, қазақ, татар жігітері — «муттер» атап кетіп еді.

Аркадий Павлович тұндеғі қал-жайды өзі де білетін. Әйтсе де, сұрады. Өйткені, осы күні өрбір селт еткен сыйыс қауыпты. Қорқыныш. Қаланың іші өсек-өтірік. Қаланың байлары, мещан-обызвательдері амал-сыздың күнінен гана бағынып тұрган сияқты. Олар мылтық асынып өтіп бара жатқан гвардеецтерді көрсө, көздерін біздей түйреп қалады. «Бәлем, қолға түсер ме едің» дегендей кіжінген көзбен қарайды. Аркадий Павлович оны әлдеқашан сезген болатын. Заң жузінде қала Қызыл гвардеецтердің — большевиктердің қолын-

да болса да, іс жүзіне қалаға казак-орыстар ие сияқты. Меньшевиктер екі ортада дөлдалдықта жүрді. Кейде бірер жұмыспен Қызыл гвардияның штабына айдан келген байларды, саудагерлерді меньшевиктер әлденеше рет сұрап (парукаға алған болып) босатқызып жіберді. Алашорданың жігіттері де сейтті. Бір күні РСДРП(б) комитетінің, Кәрім Бекешев пен Громовтың қол қойған бұйрығы бойынша, Штейнер мен Қабыл Мәулиді штабқа айдан әкеліп еді. Мәули Несербайдың номеріндегі комитетке келіп: «офицерлерге үй керек. Бұл үйді босатындар. Сендер жарытып ақша төлемей-сіңдер!» деп ақырып қоя берген. Соны штабқа алыш келгенде, Жиенбай Аманжолұлы, Жұмажан, тағы бірнеше алаштың жігіттері ере келді. «Парукаға» алды.

Аркадий Павлович дембелше қара бұжыр жігіттің қасына келіп, иығына қолын салды да, кезінің құйрығымен қасындағыларды сұзді. «Не айттар еken?» деді ішінен. «Бір жерге жұмсағалы тұр ма еken?» деді тағы да ойланып.

— Но, товарищ, мен сенің атынды ұмыттым! — деді зілді дауыспен Аркадий Павлович.

— Атымтай! — деді қара бұжыр жігіт.

— Да, жолдас Атымтай! Маган қара! Сен байыңнан мұлде шықтың ба?

— Мұлде.

— Ақынды түгел алдың ба?

— Алдым. Сіз түнеу күні шақыртып алыш зәресін үшірганан кейін, ақымды түгел берді. Бірақ...

Атымтай мұдірді. «Бірақ...» деді де, тілін тістеп алғандай болып төмен қарады.

— Но.

— ???...

— Ал, «бірақ?»

— ???...

«Шамсия туралы айтсам ба еken? Айтпасам ба еken? Осындаі сапырылысқан уақытта қатынды не қылмақсың? Сен біздің араға қатын алуға келдің бе десе, қайтем?» — деді ойланып Атымтай:

— Мұнікі қатын мәселесі, Аркадий Павлович! — деді бір кезінің шапырашы бар жириен, арық орыс жігіті езуін жия алмай.

Қасындағылар қарқылдаپ күліп жіберді. Атымтай қызаңаңдаап, төмен иіліп, етігінің қонышын тартты да, тамағын кенеп қойды.

— Ну, что же! Жасыратын дәнеңесі жоқ... Қане, жолдас! Картаны ашып сал,— деді, Атымтайды тере-зенің алдына қарай тартып, Аркадий Павлович.

Атымтай өзінің өміріндегі бір тарауды Аркадий Павловичтың алдында қысқаша ғана сейлеп берді. Ауыл, бақташылық, қаладағы малайлық. Шамсиямен көңіл қосу, Бұқпан Қемейұлының жиенінің орына окоп қазуға кету... Бейсембай Бұланов... Шамсия жүкті екендігі...

Аркадий Павлович еркелеген баланың сөзін тыңда-ғандай жайдары міnez көрсетіп, Атымтайдың әңгімесінен құлағын алмады, ұйып тыңдады.

— Өзің осы күні қайда тұрсың? — деді Аркадий Павлович салмақпен.

Кірпіш сарайының қасында, Қылыштың үйінде.

— Ендеше, қатыныңды қолтығынан ұстап сонда алып бар.

— Оны кейін сейлесе жатармыз... Вот, мес қарын!

— Бай дау салса қайтем?

— Біреуде бір қатын жоқ, ол екі қатынды құшақ-тап отыр!

Онан басқа дәнеңе айтқан жоқ. Атымтайды жа-уырынға бір қағып қалып:

— Сейт, товарищ,— деді де, сырт бұрылышп, тез-тез аттап кабинетіне кіре жөнелді.

Күн жарқырап жоғары өрледі. Қоюш жанданды. Қаланың халқы ерлісі-қарсылы жүріп жатты.

— Жолдас Штейнер! Ә, жолдас Штейнер! — деді кабинет жақтан дауыстап Аркадий Павлович.

— Мен!

— Бұғін кешке дежурда тұратын адамдардың тізімін өкелші! — деді, есік алдында қақып тұрган Штейнерге.

— Қазір!

Штейнер қалтасынан бір сары қағазды суырып алды:

— Громов, Иванов, Белоусов, Телендинов... Гаври-лова...

— Бері өкелші! — деді, қолын созып, Аркадий Павлович.

Штейнер уқаланып, ернеуі жыртылып қалған сары қағазды Аркадий Павловичтың қолына ұстады.

- Пожар! Пожар!
- Өрт! Өрт!..
- Казанцевтың дүкені, магазині жанып жатыр.
- Жо-о-о-қ... Ганчиннің магазині дейді!
- Не айтып тұрсың өзің! Өзім көрдім!
- Ендеше, соқыр екенсің. Мен сонан жаңа келдім. Ганчин магазині!
- Фронттан келген солдаттар магазинді талап жатыр!

Қаланың халқы у-шу болып «Үлкен собордың» алаңына қарай жүгірді. Бақшаның ішінде серуен құрып, дөңгеленіп жүрген жүрттың барлығы да қақпа-ның алдына шығып, қып-қызыл болып жалынданып тұрған кектің ұшығына қарады. Қебі үлкен көшени бойлап өрт көрінген жаққа жүгіре жөнелді.

- Пожар!.. Пу-у-у-жар!
- Құдай-ай сактай гөр, біздің үйдің тұсында гой!
- Ойбай, жүгір жылдам!
- Пу-ужар!
- Эйдә инді, тиірәк инді!..

Халықтың у-шуымен қабаттасып өрт сөндірушілердің ерсілі-қарсылы шапқандағы қоңырау дауыстары естілді. Каланча қоңырауды үсті-үстіне қақты. Әр жерде ұзақ уақыт гудок айқайлады. Ың-жың...

Устері түте-түте болған сұр шинелді солдаттар, фронттан ашығып қайтқандағы ашууларын байлардың магазиндерінен, дүкендерінен алды. Бұл қаладағы «сорпаға шығар» магазин Ганчиндікі еді.

Солдаттар «Ганчин» магазинің ішіндегі сауыт-сабаларды, бас, аяқ киімдерді, неше түрлі әдемі барқыттарды, жібектерді, сисаларды, әйел-еркектердің тігулі киімдерін, былғарыларды, шай-қанттарды барлығын магазиннің терезелерінен көшеге лақтырды. Қалыңдығы бір елі әйнектерді мылтықтың дүмімен ұрып күлпаршасын шығарды. Магазиннің астыңғы подвалиндағы неше түрлі арақтарды шынылап, бөшкелеп алыш келіп жыраға ағызды.

- Кімнің тамағы қышыса, жұтқыншағы кеүіп бара жатса, кенелсін!
- Сволочь, буржуйлар! Біз фронтта ашпыз, жалаңашпыш....
- Бізден аяғаны осы гой, ө!

— Біз кім үшін соғыстық, ә!.. Кім үшін қан тектік, ө?..

— Үр! Қиарат! Жырт!..

— Лактыр! Аяма!.. Енеңді!..

Қаланың тоғышарлары, саудагерлері тегін олжаға кездескендей болды. Терезеден түскен нұрселиерді әкетіп жатты. Өзара таласып, төбелесіп те жатты.

— Бер әкеңнің... тұмсығынды бұзайын ба?!..

— Қызыл барқыт менікі! Менікі!

— Сенікі емес, менікі! Менікі!

— Мен бұрын қағып алдым!

— Эй, самауырды қайда алып барасың?

— Ўйге!

— Бирі өкел!

— Е, неге?.. Керек болса барып ал!

— Қане, қайда жатыр екен?

— Тігіндә! Тігіндә ятта!

— Үр яңа Паташев самауыры икән лабас! Харап иткәнләр бит, янішкәнләр бит!..

— Эй, худайым! Эй раббым!.. Нинди матур бизәклі жіфекләр бар икән. Ала алми қалдым бит!

— Эй қатын! Қабыңды... Қабыңның аузын бері усташы!

— Енді сыймайды!

Кейбіреулері етбетінен түсіп, жырақадағы сарылдал бара жатқан қызыл арақтарды, конъяктарды ішіп, тәлтіректеп тұрып жатыр. Кейбіреулері шелекке құйып жатты. Бірнеше адамдар әбден ішіп, сілейіп жырақаның ішінде аунады.

Ішіндеғі товарды әбден «құтты жеріне» қондырғаннан кейін бір бөшке бензинді магазиннің айнадай жарқыраган еденіне төгіп жіберіп, тәлтіректеп, солдаттар сыртқа шықты.

— Ванька! Сіреңке тұтат!

— Менде бомбы бар!

— Бомбы!.. Бомбы!

— Раз! Два... Три... Е-e-e-eh!

Магазиннің ішінде от жарқ ете түсті де, лапылдаған көк жалын жоғары бір-ақ шапшыды. От гүрлідеп ала жөнелді. Әлдеқай жерлері күтірлеп жеміріліп түсті. Жұрт кейін серпілді.

— Же, буржуй!... Бізден аяғаның осы болса, ал! Же!

— Уррра!..

Үш қабатты, сұрғылт түсті әдемі тас магазинді сансыз тілдерін салақтатқан көк жалын жалап-жалаң алды. Оны ол бір ғана түн жем етті. Таңтерең тұрың қараган жұрт, денесі бақша-бақша болып, терезелері үңірейіп, қара қүйе болып тұрган магазинді, жемірліп ішіне түскен төбені, тастарды, әр жерде сорайып майысып тұрган жуан темірлерді, қаңылтырларды көрді. Айналасындағы шашылып жатқан жәшіктің тақтайларын, кірпіш шай ораган жұқа қағаздарды, арақтың, терезенің құлпарша болған әйнектерін, шыныларын, кездеменің қиқымдарын аяқтың астына басылып боялған, топырақта билғанған қатырғы жағаларды, папирустарды, бас, аяқ киімдерінің қатырғы қараздан істеген қорапатарын көрді.

Бұйрық №

«Барлық қала халқының есіне!

Ганчин магазинің фронттан қайтқан кейбір саңасыз солдаттардың группасы талап, өртеп жібереді. Қала халқының ішіндегі бейбастық, паракорышылар, саудагерлер, бақалышылар революцияның жолын талау, өртеу деп үққандар, магазиннің товарларын үйлеріне тасыды. Иесіз жатқан тегін олжа деп үқтты. Анығында, сол товарлардың барлығы да революция үкіметінің қолына көшкен нәрселер.

Кім де кім сол күнгі болған оқиғаны олжалап, үйіне товар тасыған болса, ешбір тоқтаусыз Красный гвардияның штабына әкеп тапсырсын. Ең аяғы бір сыйырғы жіп алса да сөйтсін. Бұл бұйрықты жиырма төрт сағаттың ішінде орынданаған адам революцияның жауы деп танылып, қатаң жазаға бүйірлады.

Қаладағы К. Г. штабының бастығы: А. Павлов, хатшы: Б. Төлендин.»

Бұл бұйрық көше-көшениң құймаларына, бақшаның алдына, барлық жерге жapsырылды. Жұрт топталып оқып жатты.

Бұқірекен бурыл сақалды бір қара шал, бұйрықты оқып жатқандардың қасына келіп тұрды. Бұл Бөгенбай еді.

— Ал, қарт! Товар олжаланған болсаң, қазір штаб-

қа алып барып тапсыр!— деді сақал-мұртын қырган
қызық көзді бір орыс шалы Бөгенбайға қарап.

Бөгенбай басын шайқады.

— Мен балаларымды ондай тегін олжага жіберген
нім жоқ. Бізде ескіден бір ырым бар: «Бұлінгеннен
бұлдіргі алма!».

Бөгенбай сол жерде өзінің ескі ырымына мәз болып
кулімсірей түсті.

— Иә, «бұлінгеннен бұлдіргі алма!»— деді тағы та
өз-өзіне.

XXI

Қабагы ісініп, желкесі құжірейіп, ерні салбырап,
бұғагы омырауына түсіп Бейсембай қажы Бұланов
Аркадий Павловичтың алдында, штабта отырды.

— Сізге не керек?— деді Аркадий Павлович.

— Маган дәнеңде керек емес. Мен бала оқытатын
мұғалім едім. Мені сіздің кісілеріңіз аристовайт етіп
осында айдан әкелді.

— Кім-кім аристовайт қып әкелді?

— Үш кісі. Екеуін танымаймын, біреуін танимын.
Өзіміздің қолымызда өскен бір қазақ жігіті еді, аты —
Атымтай.

Аркадий Павлович үстелді қатты-қатты түйіп қа-
лып, сырттан кісі шақырды:

— Жолдас, Атымтай!..

Винтовкасын сүйретіп Атымтай кіріп келді.

— Ну-ка, товарищ! Мынау кісіні танимысың?.. Мұ-
ны арестовайт еткен кім?

— Танимын. Біз!

— Қане, түсіндірші! Не үшін ұстадындар?

— Үйінен бірнеше топ кездеме шықты.

«Ал, енді не айттар екенсің?» деген кісідей болып
Аркадий Павлович Бұлановқа мойын бұрды. Ол басын
төмен тұқырып, Атымтайға көзінің астымен қарап
отыр еді.

— Жоқ, тақсыр!.. Товарищ! Ол менің өзімдікі. Мен
магазин өртенген кезде үйде болғаным жоқ. Нанбаса-
ныз сіздің... Анау, товарищ Белоусовтан сұраңыз. Онаң
басқа да куәм бар... Анау... Торговой көшеде тұратын
товарищ Арамқановтан сұраңыз. Мені осы қаланың
Жиенбай Аманжолов, Қали Бекешев деген зиялышлары,
Ұлқен адамдары барлығы біледі. Доктор Жұмажан

Тілекұлынан сұрасаңыз, о да айтады. Мен өзім ешкімге зиянсыз адаммын. Ескі уақытта біраз орысша оқып...

Атымтай мұртынан күліп тұрды. Ол Бейсембай қажының ентігіп, булығып сөйлеген сөзіне емес, кеше «төбем көкте» деген кісінің, бүгін жусаннан да аласа болып кішірейіп, мұсәпірсіп отырганына күлді. Атымтайды окопке жіберерде Бұланов байлармен екі ортадағы делдал еді. Бұқпанның сал бөксе жиенін қалдырып, Атымтайды айырбас қылышп, приемға қаратып айдаш жіберген дәл осы отырган Бейсембай қажы болатын. Атымтай оның мұнан басқа «өнерлерін» білмейтін еді. Соны ғана ойлады. Бірнеше топ кездеме тауып алып, қылмысын мойнына қойып айдаш әкеліп отырганда айтып отырганы мынау!

— Шырағым, мұсылмансың ғой! Айтсайшы! Бейкүнә бір алжыған шалды әуре қылышп қайтесіндер. Кездемесі құрсын, алындар. Өзімді қоя беріндер, әуре қылмаңдар!

Бейсембай қажы сүйдеп, мәлиіп Аркадий Павлович пен Атымтайға кезек-кезек қарады.

— Бұл кісіні астағы үйге алышп барындар. Белоусовты шақыртындар! — деді, алдындағы қағаздарды қарап отырып Аркадий Павлович.

Атымтай Бейсембай қажыны алдына салып, айдаш алышп жөнелді.

— Е-е-е-ей, шырағым-ай! Әуре...

Бейсембай қажының жарым сөзі жабылған есікпен бірге өшті.

Аркадий Павлович орап аузына салып отырган шылымын тұтатты да, есіне бірдеңе кілт түскендей болып, жан қалтасынан бір кішкентай қорапты суырып алышп, айналдырып қарай берді. Бұл шылым тұтатқан сіріңкеден басқа еді. Бұдан бірнеше күн бұрын баспалдақтан тауып алған құрттай сіреңкесі еді. Әрі-бері қарап, үстелдің астыңғы тартпасына тастады да, көзін бір нүктеге тіреп ойға шомды.

* * *

«Егер құдай өзі өмір беріп, осы иттердің қолынан аман құтылсам, қаланың мықты біраз адамдарын еткө, қымызыға бір тойғызамын!.. Сол кездемесі құрығырды үйге неге әкелдім осы? Нәлет соққыр, мойның үзілгір Атымтай ит-ай! Қылдың-ау қылышты!.. Әй, ит-ай! Тым

болмаса саған германның бір оғы аяулы болды ма екен?.. Астыңғы сары сандықты ашқызбаганы, мұндай төүір болар ма! Оны ашса ғой... Садағасы кетейін, патша ағзамның... кек қамзолынан, күміс меделінен... Құдай сақтаған шығар!..»

Тас үйдің астыңғы подвалында отырып Бейсембай қажы Бұланов сүйдеп ойланды. Подвал дымқыл, салқын, күңгірт. Бірнеше гвардеецтер мылтық тазартып, патрон оқтап отырды.

Тот басқан үлкен алты атарының шүмегін Бұланов отырған жаққа қаратып, ішін көзімен сүзіп, сығалаған тапал сары гвардеецке қарап, Бейсембай қажы қалшқалш етті:

— Эй, мырза... товарищ! Атылып кетеді, атылып кетеді!..

Гвардеец күлді.

— Бай-екесі! Жаның сонша тәтті болғаны ма?..

Онысы рас еді. Бейсембайдың көніліне өмір бұрынғыдан да қымбатты, жан бұрынғыдан да анағұрлым тәтті көрінді. Ол өз қолымен ешкімді де атып көрген жоқ. Бірақ ол нысанашығана болды. Патшаның «әділ заңына» қарсы келгендерді мегзеп, ұстап берушіғана болды. Ондай ұсталған адамдарды «әділ заң» ата ма, шаба ма, аса ма, ол ойлаған жоқ. «Менен кетті, ахранкеге жетті» дейтін ол. Барлық «ойлағаны» солғана! Ал, қазірші?.. Қазір мулде басқа. Бейсембайдың дүниеде тұрғысы келеді. Басқа адам не болса, ол болсын, оныңғана тірі қалғысы келеді. Мылтық көрсө, жүрегі мұздай сүннады. Дөп-дөңгелек болып қарайып тұрған аузынан зөресі ұшып кете жаздайды.

«Иттің түсі суық қой!» — деді жүрегі дүрсіл қағып, Бейсембай өзі-өзіне.

Бір-екі сағаттан кейін, бір гвардеец Бейсембайды айдал жоғары шығарды.

— Нука, господин Буранов!.. Жолдас Белоусов, міне, отыр! — деді Аркадий Павлович, алтын сағалы көзілдірігі бар, шашты, сақал-мұртты жылтыратып, қырып тастаған біреуді нұсқап. Бейсембай Бұланов барып қол берді. Бірақ Белоусовтың бетіне тура қараган жоқ.

— Отыр! — деді Аркадий Павлович Бейсембайга.

Бейсембай қажы түгі, серіппесі сыртқа шығып, ес-кіріп, жыртылып қалған диванға ақырын отыра кетті. Аркадий Павлович Бейсембай мен Белоусовқа жалтақ-жалтақ қарады.

— Үйінен бірнеше топ кездеме шыққан адам осы!

— Мен мұны білемін, жолдас Павлов! Бұл — зиянсыз адам! Бір алжыған шал. Менімше, кездемесін алдып, өзін босату керек.

Белоусов сол сөзді айтты да, қалтасынан сіріңке алдып тізесіне үйкеп тұтатып, шыбығын еденге тастай берді. Кекпенбек тутін папиростың басынан шыбып дөңгеленіп жоғары көтерілді.

— Жарайды. Бірақ, товарищ Белоусов, бұл адамды билетіндігіңізді айтып қағаз жазып бересіз! — деді көзінің құйрығымен сіріңкенің еденге тастаган шыбығына қарап Аркадий Павлович.

— Ол не дегеніңіз, товарищ Павлов?.. Өз арамызда сондай...

— Жоқ! Тәртіп осылай еді ғой? Оны енді бұзбайық!

Белоусов кібіртіктеп барып міңгірлей түсті.

— Но, ладно, ендеше!.. Черт с ним!..

— Кездеме өзімдік еді, оны... — деді Бұланов.

— Кездеме қазынаның пайдасына түсті. Оған қам жеменіз! — деді кекесін түрмен, зілмен Аркадий Павлович.

Жұз жыл жасаған жуан емен ағашының тубіріндей болып домаланып Бейсембай Бұланов көшеге шықты. Қалтасынан орамалын алдып бетін сұртіп, сыртына қарады. Оның көзіне екі қабат ақ тас үй тажалдай болып көрінді.

* * *

— ...Жолдастар! Мен Белоусовтан сезіктенемін. «Мен білемін! Мен сенемін!» деп қолға түскен қылмысты, саяси сенімі жоқ адамдардың әлденешеуін босатқызып жіберді. Белоусовтың берген анықтамасының өзі менің қолымда үлкен бір дело бол қалды, бір топ қағаз. Қысқасы... мен оған сенбеймін! — деді Громов пен Бекешевке, Балтаға қарап Аркадий Павлович.

«Сіріңке туралы айтайын ба? Айтпайын ба?» деді ішінен ойланып.

Балта Громовқа қарады. Біріне-бірі жалтақтады. Ешқайсысы үндеген жоқ. Бекешев төменгі ернін тістеп, қою курең мұртын сипай берді. Әлден уақытта ақырынғана, жұмсақ дауыспен:

— Аркадий Павлович!.. Қазір өте қауыпты уақыт. Оны біз барлығымыз да білеміз. Патшаның тақтан құлатылғанығана болмаса, уақытша үкімет пен оның

екі ортасындағы айырма аз. Үкімет, анығында, революция жауларының, қиянатшыл меньшевиктердің, эсерлердің қолында отыр. Бізде қазір күш аз. Біз бір жағынан үгіт жүргізіп, жұмысшылар, еңбекшілер көпшілігін ұйыстырып жатсақ, меньшевиктер, Қали сияқтылар қара жүздіктерді бізге қарсы қояды, өз үгіттерін жүргізеді... Уақытша үкіметтің В. И. Ленинді тұтқын қылу жөніндегі қарапарын барлығымыз да есіттік, оқыдық. Уақытша үкіметтің қандай үкімет екендігі сонан да белгілі. Қазір біздің жағдайымызға қарасақ... қауіпты! Орталықта төңкөріс жауларымен, саботаждармен, спекулянттармен күресетін төтенше комиссия (ЧК) құрылды деп жазған хабарды әлдеқашан алдық. Бірақ бізде ол құрылған жоқ. Оны біз штабқа жүктеп отырмыз. Енді Белоусовқа келейік. Меніңше — Қарім Бекешев біраз мұдіріп барып, Аркадий Павловичқа қарады:

— Меніңше, ол — большевик! Қазір ол өте белсенді болып жүр. Комитет оны сынап та жүр. Жұмысшылар арасына барып ұйымдастыру жұмысын да жүргізді. Баяндамалар жасады...

Аркадий Павлович мырс етіп құліп қойды да, Қарімнің иығына қолын салып тұрды. «Ақылдысың, бірақ көңілшексің» деді ішінен. Артынан Қарімге былай деді:

— Жолдас Бекешев!.. Мен үқтym. Эйтсе де, онан гөрі тереңірек ойлау керек қой деймін. Мүмкін, мен қателесетін де шығармын. Бірақ мен неге де болса сын көзімен қараймын. Онан кімге де болса сенімсіз көзбен қараймын деген мағына шықпайды. Революцияның жаулары жағдайға қарап әлденеше түрге құбылады. Оның ішіндегі ең қауіптысы мынау: екі түрлі «версия», екі түрлі тактика қолданады. Бір жағы пайда келтірген болып белсенді болып жүреді де, екінші жағы — сол пайдалы жұмыстың астын шірітеді. Устінен қараганда, «ел аман, жұрт тыныш», барлығы өз қалпында сияқты көрінеді. Үңіліп асты-устін бірдей қарасаң, бір жері же тіспей тұрган сияқты, кетіліп, желініп бара жатқан сияқты. Міне, революция жауларының бұл тактикасы біз үшін, революция үшін өте қауіпты!

— Бұған қараганда, Аркадий Павлович, сіз Белоусовты осы екі «тактиканың» адамы деп ойлайсыз гой, сірә!

Балта сүйдеді. Громов пен Бекешев «осы сөзге жа-

уап беріңзіші» дегендей Аркадий Павловичқа қарады.

— Жо-о-ок!.. Менің қолымда әзір ондай дәлел жоқ.
Бір дәлел бар, бірақ ол әлі...

Аркадий Павловичтың ойына тағы да сіріңке түсті.
Бұл дәлел болып жете ме? Бұған қарап, біреудің тағ-
дырын, бір улken жұмыстың түйінін шешуге бола
ма?.. Черлок Холмс, Нат пен Кертон болмай-ақ қояй-
ын! Мен бай-манаптың, монархияның тыныштырың
іздеген, соны қорғау үшін сабылуға бел байлаған «ил-
люзионист» (қиялшыл) емеспін. Мен революция
адамы! Қа... сіріңке! Әзір, бұл дәлел емес...

Аркадий Павловичтың көңіліне осы ой нажағайдың
отындей болып жарқ ете түсті.

— Сонымен, бұл жұмысты маған тапсырасындар
ма?— деді үшеуіне қарап Аркадий Павлович.

— Болсын!

— Дұрыс!

— Жүктелінсін!— деді үшеуі де бірінің сонынан
бірі.

XXII

— Эк! Ҳасен Әмежанов келді, Қасен Әмежанов
келді,— деді, түстен кейін керуектің үстінде бүктетіліп
жатқан Бөгенбайды оятып, Тұңғат.

Бөгенбай күнде түстен кейін бір ұйықтап алатын.

— Ә?.. Кім? Ә!— деді ұйқылы-ояу түрде Бөгенбай.

— Қасен келді! Қасен!

Қасен Әмежанұлы фронттан қайтып келіп тұр еді.
Тұңғат пен Қалмырза екеуі бөлесінің екі иығына асы-
лына кетті.

— Тура стансадан келдің бе?

— Поездан келдің бе?

— Аман қайттың ба?

— Оқ тиген жоқ па?

— Жаралы емессің бе?

Сұрау үсті-үстіне төпеленді. Қасен етегі білтеленген
ескі шинелін, жапырылған картозын, арқасындағы
қоржының шешіп төрге отырды. Үсті-басынан әлде-
қандай бір ауыр ііс сасиды. Не тутіннің іісі емес, не
шылымның іісі емес, әлдеқандай бір ііс. Әлсін-әлсін
үйдің жапсарын, төсемін, пешті, терезені көзімен сүзіп,
жарық дүниеге жаңа шықсан адам сияқтанды, арты-
нан ауыр күрсінді.

— Неге күрсінді? Өзің науқас емессің бе? — деді жағын таянып пешке сүйеніп тұрган көз ернеуі қызарған кемпір. Ол жылап алып еді.

— Жоқ. Жәй әшейін... шаршадым. Поезда кетіп бара жатқандай болып отырмын. Басым айналды, — деді Қасен міңгірлеп.

Белі бүкірейген, сақалы агарған, көзі қызыраңдаган Бөгөнбай шал Қасениң қолын алып амандастып ақырын отыра кетті.

* * *

Қасениң фронтта көрген оқигаларын тыңдалап отырған Тұңғаттың көңіліне, «түске кірсе шошытады гой!» деген ой келіп отырды. Қасен өте аянышты, өте қорқыныш істер жайында сейледі. Ұзақ сейледі. Тыңдауга ешкім жалыққан жоқ. Тыңдалап отырғандардың көзі дәңгелек үстелдің үстіндегі, тілдің ұшындағы ғана болып сарғайып жаңып тұрган отта болды.

...Австроия фронтында болдық. Жаздыңгуні жасыл-ала кілемдей, ағашы қалың жер. Алма ағашы көп екен. Қозғап-қозғап қойса, топылдалап алдыңа келіп туғсіп жатады. Алманы, жемісті көп жедік. Бірақ сол ішкен-жегеніміздің барлығын да фронт мұрнымыздан сығып алды. Мен пулеметшілердің ротасында едім. Герман фронтынан ауысып келген солдаттар «немістерге қараганда австроия фронты балалардың ойыншығы» десті. Бірақ мен ойыншық көргенім жоқ. Өзендей сарқыраған қанды, денесі бөлшек-бөлшек болып жатқан адамдарды, мипалау болып жатқан адамдардын милярын, ақтарылып иісі бүркүрап жатқан ішек-қарынды, өр жерде бытырап кесек-кесек болып жатқан бас-аяқты, қолды, кеудені көрдім... Бір күні кезек біздің пулеметшілер ротасына келді. Алдыңғы позициямымыз. Қек шинельді австроиялықтар алдымыздай құмырсқадай быж-быж қайнап келе жатыр. Мен қолыма винтовканы көздел ұстап пулеметтердің қасында тұрдым. Жаудың келе жатқаны, өлімнің келе жатқанымен бірдей екен, келіп қалғанынан, ұзақ уақыт «келеді» деп күтіп тұрган уақыт адамзатты тез мұқатады екен, қинайды екен. Мен соны байқадым. Дәл жақынга келіп қалғанға дейін пулеметшілер тырп еткен жоқ. Жау қалай жақындарап келді, солай ал пулеметтер сатыр-сұтыр ала жөнелді. Мен көзімді жұмып отыра кеттім. Жоқ, ешкімді ату-

ға, түйреуге батылым бармады. «Мені атса атсын, түйрекес түйресін. Қөзіммен көрмесем екен» деймін. Ойыма өкем, шешем, туысқандарым тұсті. Елдегі жақын жолдастарым қөзімнің алдына келді. Жүргім елжіреп өзіліп тұрды. Қөзіме жас келген жоқ. Бұл алдыңғы позицияға бірінші шыққаным еді. Бір кезде пулеметтің дауыстары сейіле бастады. Әрі-беріден соң мұлде тынды. Қөзімді ашып, ақырын көтеріліп алдыңғы жаққа кез салып қарап едім, қалқып көрінген дәнеңе жоқ. Манағы, алдымызды құмырысқадай қыбырлап келе жатқан жүрт жусаған қойдай болып қалыпты. Әлдеқай жерлерінде ыңырысныңған, жыламсыраған дыбыстар естіледі. «Жаралылар» дедім ішімнен.

Тыңдал отыргандар ауыр күрсініл, әрқайсысы өртүрлі ойға шомды.

— ...Бір күні таңертең «штик пен штик» бетпе-бет келіп наизаласатын, қылыштасатын соғыс болды. Барлығымыз да мылтықтарымызды оқталып, ықшамдал қолымызға ұстап алып, алдымызға қарап «уралап» жүгірдік. Мылтықтың, пулеметтің оғы ысқырып етіп жатты. Доп, шарапнель күркіреп жарылып, жалын, қара тұтін, жердің қара топырағы араласып жан-жағымыз опыр-топыр болды. Жер үлкен үйдің алабындай болып сойылып, үңірейіп-үңірейіп қалды. Әрқайсымыздың қөзіміз қанталап кеткен. Жығылған-сүрінген-нің қасына баратын шама жоқ. Быт-шыт боп бөлініп аспанға шыққан жердің қыртысымен, топырақпен бірге біреулердің аяғы, қолы, басы жан-жағымызда топырлап жерге түсіп жатты... Жан тез шықпайды екен. Оны да байқадым. Кейбіреулер мылтықты тежеп ұстап бара жатып сүріне кетеді де, «агаларым, құрбыларым мені қинамай атып, түйреп кетіндер» деп зарлайды. Кейбіреулердің басын оқ жұлдып әкеткен. Бірақ қолынан мылтығын тастамастан құр денесі бірнеше адым жүріп, жүгіріп барып құлайды.

Қасен сол қорқынышты көріністерге қарап отырган сияқты.

— ...Кейде сүйткен жаумен шүйіркелесіп бір туысқан сияқты боламыз. Олар да өзіміз сияқты. Сөйлесеміз, бірімізден-біріміз шылым алып тартамыз, соғыс оларды да тойғызыған. Әрқайсысы өзінің үйдегі шаруасын, қатын-баласын айтады. Імдап сөйлессек те бірімізді-біріміз түсінеміз. Австрия солдаттары өздерінің үй іші жандарының суреттерін ала жүреді екен. Солар-

ды көрсетеді. «Гайль революцион! Гайль» деп былдырлайды. Онысын сұрастырып байқасақ: «Революция жасасын!» дегені екен, сүйтіп тұрганда офицерлер айқай салып позицияға қайта әкеліп жатқызады, тағы да соғыс...

— ...Петроград, Мәскеуде революция болғанын естідік. Ол күні фронтта үлкен жиналыш, мереке болды, митингі жасалды. Әркімдер түрлі сөз сөйлемді. Меньшевик дегендері: «Соғысты үдеміз, немісті жеңгенше құралды қолдан тастанымыз» деседі. Большевиктер солдаттардың ойындағысын сейлейді: «Соғыс бітсін!» Крестьян жерге, жұмысшы фабрик-заводқа ие болсын! — дейді. Бір күні меньшевиктер Керенскийдің бүйрығын оқыды. «Соғыс тоқтамасын. Фронттардың барлығы да ілгері қарап шабуыл жасасын. Отанды қорғаймыз. Большевиктер немістерге сатылған адамдар...» делінген. Солдаттар жер-көкті бастирана көтеріп: «Жоқ! Біз енді онсыз да ашықтық! Бит те, құрт та, сузек те, барлығы еңсемізге асылды. Соғыстың керегі жоқ! — деп күркіреген күндей болып шулады. Солдаттардың көңілі кейінгі жақта болды. Сатылып кейін қашып жатты. Үкімет бұларды «дезиртер, қазан бүзар» деп полевой сотқа берді. Кейбіреулерін атқызып та тастанады. Бірақ оған қарап тыйылған солдат көргенім жоқ. Қаштық! Сүйтіп, істікті жерге қададық! — деді Қасен. Қалтасынан кесетін алып шылым орап тартты.

Манадан үйип тыңдалп отырган Тұңғат Қасенге жалт қарады да:

— Өзің қазір қайсы болып келдің? Большевиксің бе? Меньшевиксің бе? — деді.

Қасен жымысып күлді.

— Большевик болып келдім!

— Ба-а-а-с-с-е! — деді Бөгенбай шал мұрнына насыбай ііскеп, түшкіріп алып. Оның ол әуенінен «бәсе, большевик дегендеріңіздің түбі теренде жатыр екен гой!» деген мағына ұбылды. Шал онаң басқа дәнеңде де айтқан жоқ.

— Карагым, Қасен! Аман-есен екендігінді білсе, көрсө Айша өліп-тірлгендей болып қуанады гой! — деді кемпір.

Қасен күлімсіреді.

— Тәте!.. Мен әлі елге қайтпаймын. Мұнда жұмысым бар. Қалага келген кісіден естиді гой! — деді.

— Қайда боласың?

— Осында! — деді Қасен салмақты дауыспен. Бас-ка дәнене айтқан жоқ.

XXIII

Кейде күндей болып күркіреп, кейде зарлап, еңіреп, кейде тасыған судай болып оркестрдің дауыстары естіледі. Бақшаның іші барлық нұрдың қорын осында өкеп төккендей жап-жарық. Сол жақ аландары қара көлеңке, аргы түкпірі қап-қараңғы. Кейде қара көлеңке аланда, қолтықтасып сық-сық күліп, еркеленіп бара жатқан өйелдердің ағараңдаған кейлектері көрінеді. Бір жағында көк, қызыл, жасыл оттарды жан-жаққа буркіп, зырқырап айналып «бенгал оты» тұрды. Түнерген түнді қақ жаратындей болып тарсылдаپ фейрверг жарылып түсті.

Ресторанның алдындағы алана, ашық саҳнада оркестр ойнап жатыр. Бұғағы салбырап, қабағы екі көзін жауып әкеткен дирижер жұртқа сыртын беріп, жапжалпақ болып екі қолын селтең-селтең еткізеді. Оң жақ қолындағы кішкентай ғана шыбық шошаңдал тұрды.

Бақшаның қай жағына қарасаң да, қалың жапырақтардың астында шыр көбелек айналып жүрген қайнаган халық. Электрдің нұрына бөленіп анда-санды сыйдырлап тұрган жапырақтар, алыстан қараганда күздің күніндегідей болып қуарып, сарғайып тұрган сияқтанып елестейді.

Бұғін мұнда не бар?..

Бұдан бірнеше уақыттар бұрын, қаланың тоғышарлары кеш болса-ақ бекініп алып, үйлерінен шықпайтын еді гой! Тыста азғантай ғана сыйбыс білінсе-ақ, құлактары қалқылып, аңқылып тыңдай қалатын еді гой! Қазір неғып үйлерінен шыққан? Не өзгеріс болып қалды. Қазір неге құмырысқадай быж-быж қайнап жүр?.. Элде төменгі қалада жиналып жатқан атаман Волковтың казак-орыстары қаланы босатты ма? Тарқады ма? Қала иесіз қалды ма? Енді қауып-қатер өшті ме?

Жоқ! Казак-орыстар өлі баяғы қалпы. Азайып жатқан жоқ, үсті-үстіне келіп, артып жатыр. Элі де сол қалада екі ұдайы тұрган ие бар. Төменде казак-орыстар, жоғарыда — Красная гвардия.

Ресторанның аргы жағында қатар тіккен екі үлкен киіз үй тұр. Ол мұнда қайдан келген? Мұны Қызыл-

жардың өзі өз болып көргені осы. Оны кімдер тіккен? Неге? Әлде қымызышылар ма? Қымызышы Малиса ма? Зұлайқа ма?.. Мүмкін, онда сапырулы сары қымыз, тәтті ет бар шыгар? Айналасын күміспен қаптаған үлкен тегенеде сүр қазының жұмсақ сары майы жүзіп жүрген шыгар? Саба қарын бәйбішелердің бірі керіліп, кербезденіп сапырып отырган шыгар? Қала сыртында, Бескөл бойында, үй тігіп, бие сауып отырган шала қазақ байлары — қымызышылар сүйтетін еді ғой...

— Не деген әдемі от! Не деген көңілді әдемі кеш,— деді көп жүрттың ортасынан бір зарлы дауыс. Қазақ қызының даусы, жүректің терең түкпірінен қақ жарып шыққандай дауыс.

Етек-жәні керпештенген жібек ақ көйлекті бір қыз, иығында күміс оқалы пагоны бар әлдекімнің білегіне асылынып, кеудесіне басын сүйегендей болып, бақшаның қара көлеңке жағынан бері шықты.

— Біздің киіз үйге барсақ қайтеді? Папам сонда отырган шыгар!— деді тағы да сол баяғы дауыспен.

Талдырмаш, жұқа өнді, жібек ақ көйлекті қыз қасындағы орта бойлы, қара торы, сұлу мұртты жас жігітті киіз үй жағына тартты.

— Жәмжан!.. Сіз менен басқа адамды сүйесіз бе?— деді жігіт, сұлу мұрттымен қыздың құлағын қытықтап, сыбырлап қана. Қыз күлімсіреді. Көзі электр отының сәулесімен шағылысып жалтырай түсті.

— Uh!.. Сізден басқаны ма?.. Жоқ... сүйемеймін.

— Мен естіп едім...

— Нени естіп едіңіз?

— Жәй, әшейін...

— Жоқ, жоқ! Айтыңыз, әйтпесе мен өкпелеймін.

Жәмжан жігіттің қолтығының астынан қолын жұлып алды. Жігіт жымия түсті де, Жәмжанның қолын қайта үстады.

— Мен сізді Ақыжанмен тәуір деп естіп едім?

— Сол ма?

— Сол!

— Пішт... Сіз мені мысқылдан отырсыз!

— Е, неге, жоқ.

— Әйтпесе, мұны айтпас едіңіз.

— Неге?.. Ақыжанның несі бар? Ауқатты адамның баласы. Студент. Ақын. Әдемі.

— Оставьтө пожалуйста! Мен сізден сұраймын!

Жәмжанның өні бұзыла берді. Жүргегі лобылып, көзі жасаурады. Іштегі ызасы оттай қаулап, бұы алқымына келіп, қысылып тұрғандай болды. Бірақ оны ол сыртқа шығармады, күрсінбеді. Оның есіне Ақыжаннан өзіне арнаған өлеңі тұсті. Бір куплетін көңілімен айтып, сарнап тұрғандай болды.

Бірақ артынан үнілегенін өзі де сезбеді. Қасындағы жігіт оны сезді ме, ернін жымырды.

— Әбіш қалай жігіт? — деді, әлі өніне келмеген Жәмжанға...

Жәмжан ақырын күбірледі.

— Білмеймін... Әбішпен жақындығым жоқ. Оны Бетжаннан сұраңыз!..

Біраз уақытқа дейін екеуі де біріне-бірі үндемеді. Қасындағы жігіт өз бетімен ақырын ыскырып маңайындағы ерсілі-қарсылы жүріп жатқандарды көзімен сүзді.

— Шоқан Құнанбаев! — деді, әлдеқайсы өтіп бара жатып.

Жігіт өз аты-жөнін айтқан адамды іздел сыртына қарады. Бірақ таныс ешкімді көре алмады. Жәмжаннан құлағына сыйырлай қойды.

— Ресторанға барсақ қайтеді?

— Маган бәрібір!..

* * *

...Жасы қырық-қырық бес шамасындағы орта бойлы, шоқша қара сақалды, қайқы мұрт бір қара торы кісі даяршылық істеп жүрді. Белінде ақ алжапқыш, белін күміс кемермен қынай буган. Қаусыратын жерінде күміс жалатқан, алақандай жалпақ бетінде: «С. Арамқанов деп білесіз» деген жазуы бар. Басында ногайдың қара төбетейі.

— Е-е-е-е, заман екі айналып келмейді. Ішіндер, меймандар, ішіндер! — дейді, үлкен-үлкен ақ кеселерді әркімнің алдына тосып.

Төрде алқа қотан болып көп кісі отырды. Жұман, Несербай, Көбек, Бұқпан байлар, адвокат Салмақбай, Қали Бекешев, Бейсембай Бұланов... тағы бірнеше казак-орыстардың ұлықтары бар.

Сұқсырдың ойнақшыған екі көзі шаңырақтан асылынып тұрған «асрам» деген жазуы бар (фирманың аты) үлкен электр шамы қуығының өткір отына да

ұстаратын емес. «Жоқ-жоқ, үстай алмайсың!» деп тұрған төрізді.

Бұқпан минут сайын қеріліп тәмән түсіп бара жатқан қарынын анда-санда бір сипап ыржия берді:

— Жарықтық, қымыз! Кетіп атыр, кетіп атыр. Қасиеті күшті-ау!— деп бір қойды. Адвокат Салмақбаев жириен сақалын саусақтарымен салалап қойып езу жиырды.

— Маган, кажется... да, осы мен қымызды екі рет удачно ішіп отырмын. Бірі... бай, сіз оны білесіз!..

Сүйдегенше болған жоқ, Бұқпан қалың қабагын жоғары бір серпіп қалып:

— Кімді айтасыз?— деді.

— Анау бір жылдардағы, 16 жылы сіздің жиеніңіздің окоптан қалған тойын айтамын.

Қалимен бір казак-орыс қызы-қызы сөйлесіп жатты.

— Екіншісі осы. Садағасы кетейін, бір тәтті қымыз екен!— деді кесенің ішіне шөп жүгіртіп, тәмән қарап. Осы чех-словак дегендер көтерілді дей ме?— деді қасындағы Қалиға қарап тағы да.

Қали алдындағы казак-орыспен сөйлескен сөзін тастай беріп аңқия қалды.

— Ә?

— Чех-словак деген бірдеңе көтерілді деген қауесет бар ма?— деді Салмақбай тағы да. Қали басын изеді.— Уақытша үкіметтің чех-словак, венгр, румын, болгарлардан құраған алпыс мыңдық корпусы орталықтағы большевиктер үкіметтіне Сібір арқылы үйімізге қайтамыз деп ультиматум жасаған.

— Ресей отанын қорғайды ғой, ә? Большевиктерден қорғай ма, ә?— деді Салмақбай қадала қарап.

— Иә,— деді салмақпен ғана Қали. Артынан казак-орысқа қарап еді, ол мұрнын тыржитты:

— Да, чех-словак... бірақ олар нағыз православный емес, нағыз отан қоргаушылар, міне, біз боламыз!— деп мұртын ширатып қойды.

Шоқан мен Жәмжан рестораннан шығығ келіп, осында отыр еді. Жәмжанның екі езуі екі құлағында болды, құле берді.

— Сіз оқудан кім болып шығасыз?— деді сыйырлап қана Шоқанға.

Шоқан басын тәмен түқырып ойлағандай болды да, аздан кейін көтеріліп Жәмжанға қарады.

— Мен бе?.. Белгілі. Офицер.

— Қай үкіметке? Большевикке ме? Казак-орыстарға ма? Кадеттерге ме? Эсерлерге ме?

— Большевиктерде офицер жоқ, оларда комиссар, ол — бір. Екінші, меньшевик, эсер басқа-басқа болғанмен де, тілегі бір. Ол — екі. Мен кадетпін. Ол — уш.

— Солай ма?

— Иә.

— Мен алашқа қызмет етемін. Үкіметке бағына-мын.

— Қай үкіметке.

— Эрине, чех-словактарға емес, олар үкімет те емес.

— Енді кімге?

— Адмирал Колчак мырзага!

Шоқан сүйдеп, жымылып, қолындағы кесені қағып салды.

Жемжан мұнайып, екі көзін киіз үйдің өрмегіне қа-дады. Оның кез алдына бұрын үш қайнаса түсіне кірмеген халықтардың сөн-салтанаты елестеді. Чех-сло-вак, неміс, румын деген жаңа аттарды естігенде, оның ойна шетел тұсті. Париж, Берлин, Бухарест деген қа-лалардың аттарын ол үйіне келген чиновниктердің талайының аузынан естіді. Бір жылы Қытай қазақта-рының төрелері келгенде, солармен еріп Шугешек ар-қылы Қытайға да кетіп қалмақшы болып еді Бабасы қарсы болды. Оナン кейін Ешмұхан төрениң тұқымдары оны Парижга, Берлинге, Будапештке алыш барамыз десіп жүрді. Соны ойлап жүргенде мынадай, «қылы-қылы заман» болды. Оның құлағына тағы бір жаңалық шалынды. Ертең бе, бұрсігүні ме, онан аргы күні ме чех-словактар келеді. Татар, орыс байларымен тілекtes Бәтжанның әкесі Нөсербай да чех-словактар үшін ұпай ақша салды. Олар келсе, бәрібір, шетел келеді... Әдемі киінген сымбатты жас офицерлер... аяқтарында жыл-тыраған етік, өкшеде сылдыр қаққан шпор. Мұмкін, олар французыша сейлей шығар? Француз тілі қазір модаға асқан. Гимназияда жүргенде Жемжан әжепте-уір үйренді. Французыша біраз біледі. Әдемі, жас чех-словак офицері шпорларын салдырлатып, екі өкшесін біріне-бірін ұрып тық еткізе түсіп, Жемжанға қарап иіліп: «Вонжор мадмуазель!» деп тұrsa, Жемжан оған қарап күлімсіреп «Вонжор миссио» деп, кішкентайғана қолын ұсына береді.

Сол ойларды ойлап, тәтті қиялға батып күлімсіреп, өзі сеңбестен қолын соза бергенде, қасында отырган Шоқан Жемжанның қолына, үлкен бір кесе қымызды үстата қойды:

— Сусаган екенсіз гой!

Жемжан селк ете түссе де, шошынганын білдіргісі келмей кесені қолына алды.

— Сусадыңыз ба? — деді, Шоқан.

— Да! — деді Жемжан салқын ғана.

— Ендеше, ішейік, жаным!

— Ішем... Іше беріңіз, пожалуйста!

Артынан, «бетімді жылтыратып бір қарамасам, ренжіп қалар» деген кісідей болып Жемжан, Шоқанға жымып бір қарады да:

— Сіз, менсіз іше алмай отырысыз бр? — деді. Шоқан аузын бүрістіріп күлімсірей түсті.

«Ей, үлбіреген жүрек! Сен неге соиша нәзіксің? Аұмалы көңіл! Сен неге опасынсың! Ей, әдемілік! Сен неге елірте бересің?» — деді ішінен назаланып Жемжан. Жылтыраган екі көзінің ернеуінен бірнеше бүртік жас шашып шықты да, молдіреп темен қарай домалады. Оны орамалымен тез сүртіп, кезерген жұқа ерніне үлкен ақ кесенің ернеуін баса қойды...

* * *

— Бұл не? Бұл не?

— Мылтық атқан кім?

— Неге атты?

— Сыбызығы дауысы шықты гой!

Сүйдеген дауыстармен қаланың бақшада жүрген тоғышарлары түн ауған кезде бақшаның алдында топталып тұрды. Оқиға болған жерде алдымен жүгіргендер не болғанын біліп, екеу-үшеу болып тізбектеліп, шұбырып үйлеріне жөнелді. Бақшаның қараңғы түктірінде жүріп соң қалғандар, оқиғаның соңынан келіп, бірінен-бірі сұрап, аң-таң болды да, иірліп біраз тұрып, олар да бірте-бірте тарай бастады.

Дәл осы сол кезде Хлебников көшесін бойлап тура Миновный жағына қарай асығып аттап жалғыз бір адам бара жатты. Үстінде ескі шинелден тіккен қысқа бешшет, басында ескі каракуль берік, аяғында солдаттың қысқа қоныш дәү бас етіргі. Көше жым-жырт. Артта, бақшаның төбесінде, аспан мен жер екі ортасындағы ұзын-ұзын ақ діңгектер құсан электрдің нұры

тұрды. Жалғыз адамның соңынан келе жатқан ешбір қара көрінбейді. Анда-санда қақпасының алдынан еткенде кейбір үйдің қорасының ішіндегі иттер гана қақпаның астынан басын қылтитып соңынан үріп, абалал қалады.

— Сволочь! Бандит! — деді өз-өзінен зекініп, ашуын тісінің арасынан тістеп шығарып әлгі жалғыз адам. Артынан шырт еткізіп жерге түкірді.

«Не болар екен, ә?... Красная гвардия штабына барса... Мә, саған безгелдек! Қаланың тәменгі бір тарапуында үй бас сайын орнығып алған ақ казак-орыстар, атаман Волковтың қолы. Жоғарғы қалада «Красная гвардия» штабы. Бұл қалай?.. Біріне-бірі батып бара алмайды. Казак-орыстар көп, «Красная гвардия» аз. Бұларда барлық құрал — жалғыз грузовая машина, оның үстінде екі-үш қана пулемет, толық бір отряд бола алмайды. Казак-орыстарда мылтық аз, қылыш көп, бәрінің де аты бар. Және барлығы да карт казак-орыстар, фронтта болып ысылып алған адамдар. Қазан, Уфа, Челяба чех-словактардың қолында деседі. Ертең бе? Онан аргы күні ме, олар мұнда келеді деген сыйыс бар. Байлардың құлағы қалқып, мұрттарынан күліп жүр. Балта тағы бүгін олардың қолына түсті. Казак-орыстардың штабына әкетті. Бандит Сұқсыр Арамқанов Балтаны көзіміздің алдында казак-орыстарға ұстап берді. Е-ex!.. Балта, Балта! Біз екеуміздің қолымыздан не келеді деп бүгін осы бақшада жүрдік?!.. Қазір сені олар шомпалдың астына алып жатқан шығар. Тіпті атып та тастар!..»

Жалғыз адам Громов, Крайний көшеге қарап бұрылғанша осыны ойлап келді. Крайний көшеден батысқа қарай жүріп отырғанда, таудан түсе беріс жолда, сол жақта Кірпіш сарай. Оnda барса Домбай шалдың үйі, онда Қылыш бар. Онымен екеуі «Красная гвардияның» штабына, Аркадий Павловичқа бармақ.

Қаланың шойын жол стансасы жақ түкпірінде винтовка мылтықтың даусы шықты. Тыңдал тұра қалып еді — тағы да жым-жырт. Оң жақ көшеде әлдеқандай бір мас адам орысша өлең айтып келеді. Даусы басталып келіп үзіле кетеді:

Захочу — полюблю...
Захочу — разлюблю...
Я, над сердцем вольна...

Шойын көпірдің бергі жағында дүрсілдеп поезд жүріп барады. Тек паравоздың алдындағы қос көз гапа жылтырайды.

Әрі-беріден соң Громовтың кез алдына Сұқсыр Арамқанов елестеді. Шоқша сақалын уыстап ұстап, күліп тұрган сияқты. Громов тағы да кіжінді:

— Сволочь, бандит, қара жұз, тап дұшпаны!.. Көресің әлі? — деді жұдышырығын түйіп, Громов.

Сайдан түсіп бара жатқанда, алдында қап-қараңғы болып Қірпіш сарайының баяғыдан таныс аласа үйлери көрінді. Әрі жоғарыда Поляков тиірменінің ұзын мұржасы қап-қара болып о да түксіеді. Кейбір жерлерінде оттар жылтырайды.

* * *

Ұмысындық штабқа, Аркадий Павловичтың алдында солқ-солқ етіп жылап отырды. Кабинетте ол екеуінен басқа тағы бірнеше адамдар бар. Бұлар: Петров, Қылыш, Штейнер, Маша Гаврилова, Атымтай, Кәрім Бекешев, Қасен Әмежанов, Қаят және Белоусов. Барлығының да өндөрі жабырқаңқы, тәмен қарап тұнжырап отыр. Сырттағы үлкен залда, астыңғы үйде красногвардеецтердің аяқ дыбыстары, дабырлап сөйлеген сездері ауық-ауық естіліп тұрды.

— Жолдас Громов! — деді әлден уақытта, күңгірлелеген дауыспен Аркадий Павлович. Громов басын жоғары көтерді.

— Жолдас Громов!.. Бақшага баруларыңа не себеп болды? Сендердің ол жүрістерінді комитет мүшелерінен ешкім біле ме? — деді қабағын қарс жауып, екі қасының ортасы қатпарланып Аркадий Павлович.

Громов біраз уақыт үндемей отырды. Оның кескіні зор бір қылымыс істеген айыпты адамның кескіні сияқты еді. Ол өзін-өзі анығында-ақ үлкен бір соттың, революция сотының алдында отырмын деп ойлады. Бұдан біраз уақыттар бұрын жайдары мінезді, ашық шырайлы, күліп, өзілдесіп отыратын Аркадий Павлович, қазір мүлде өзгерген. Оның қазір түсі сұық. Ол осы отырганда ешкімнің бет-жүзіне қарғайтын емес, ешкімді айтын емес тәрізді. «Не деймін?... Мен айыпты емеспін, Балтанаң өзі айыпты деуге бола ма? Жоқ. Балтамен екеуміз де бірімізге-біріміз жауаптымыз. Екеуміз де бір тілектің — революцияның адамы-

мыз. Екеуіміз жанымыз да, тілегіміз де, революция алдында жауаптылығымыз да бірдей. Мен айыпты!— деді ішінен Петр Громов.

— Петр! Осы отырган адамдар сізден жауап күтеміз... Жауап бер!— деді баяғы екпінмен Аркадий Павлович.

Громов қозгалыңқырап тамағын кенеді.

— Жолдас Павлов!.. Мен айыптымын. Біздің ол жүрісімізді комитет адамдарынан ешкім білмейді. Біз ешкімге айтқамыз жоқ. Біз төрт кісі едік!— деді Маша мен Қаятқа қарап.

— Кім-кім?

— Маған рұқсат етіңіші, Аркадий Павлович! Оқиғаны бастан-аяқ мен түсіндірейін!— деді түрегеліп, үстелдің қасына келіп Маша Гавриловна.

Аркадий Павлович Машага жалт қарады.

— Пожалуйста! Отыр, товарищ Гаврилова!

Маша отырган жоқ. Васындағы тарағымен шашын бір тарап қойды да, сөйлеуге кірісті.

— Мұнда бір азғантай үй іші мәселелеріне байланысты. Сол күні кешкө таман Балта Төлендин, Петр біздің үйде отырдық. Сөзден сез туды да бүгін бақшаны аралап, біраз серуен құрып келсек қайтеді дестік әйелдер отырып. Балта мен Петрға жалындық. Жолдан Ұмсындықты да ала кетпекші болдық. Сүйтіп, бақшага келдік. Сөзге айналып Ұмсындықты ала кетуді ұмытып койыппыз. «Мен барып әкелейін, сендер күтіп отыра тұрындар» деп Балта түрегеліп үлкен алаңға шыға беріп еді. Сол екі ортада жұрт опыр-топыр болды да қалды. «Ұста!» деген айқайлаған дауыстар естідік. Бір кезде мылтық атылды. Иіріліп тұрган топқа жақындағанша болғанымыз жоқ, бірнеше казак-орыстар Балтаны извозчикке көтеріп ұрып шапқылай жөнелді. Артынан сатырлатып атты казак-орыстар шапты. Біз сол екі ортада Петрден айрылдық. Қайда кеткенін білмей қалдық. Соңап Қаят екеуміз (Надежда үйде қалып еді) жүгіріп осында штабқа келдік.

— Бас аяғы сол ма?— деді Аркадий Павлович.

— Сол. Петрда айып жоқ, айып бізде!— деді орнына отырып Маша.

Әрқайсысы орындарынан қозгалып қопақтап қойды. Белоусов төмен қарап ернін тістеді. Аркадий Павлович оның барлық қозғалысын көзінің қызығымен байқап еді.

— Жолдас Громов, сіз не айтасыз?

— Аркадий Павлович! Мен дөнене де айтпаймын. Жалғыз көргенім сол: басында қара тақиясы бар, шоқша қара сақалды, күміс кемерлі бір қазақ Балтаны извозчикке бірге салысты. Мен оны қасымда тұрган-дардан сұрап ем: «Вұл — осы қаланың жатағы Сұқсыр Арамқанов деген қазақ» деді. Жұрттың арасында жасырынып, сырттарында тұрып өңі-түсін байқап қалдымда, сырт айналып, Хлебников көшесіне тұстім. Әлгі қазақ... Арамқанов, казак-орыстармен бірге кетті.

— Сонан екеуміз штабқа келдік! — деді Қылыш тамағын кенеп қойып. Белоусов көзін жылтыратып Аркадий Павловичқа қарады.

— Менімше, мәселе ашық. Ендігі сез — Балтаны босатып алу, — деді Бекешев отырып.

— Қалай босатып аламыз?

— Соғыспен бе?

— Сұрап па?

— Не амал қолданамыз!

Отырғандар, Белоусовтан басқасы, сүйдеп самбырлай түсті. Аркадий Павлович үндеғен жоқ. Төмен қарап мөлііп отырған Ұмсындыққа көз салды. Әрі-беріден соң оң қолын қалтасына тығып, әрлі-берлі жүре бастады. Екі ортада төрт-бес адымдық жер ашық түр еді. Жұрт бері бұрылса, Аркадий Павловичтың тыртығы бар қабағына, сырт айналса қақпақтай болып тұрған жауырынына, былғары бешпентіне қарады. Кенет Аркадий Павлович басын жоғары көтеріп алғып, қалтасынан алып шылым орады да, Белоусовтан сірінке сұрады.

— Василий Тихонович! Сенің сіріңкең английский сіріңке. Өкелші мен бір жағып көрейін.

Белоусов қалтасынан сіріңкесін алып ұсынды.

— Английский емес, Аркадий Павлович, китайский!

— Солай ма? Черт білсін, әйтеуір қызық жанады. Сенде көп болуға керек. Мұны мен алайын.

— Пожалуйста, Аркадий Павлович!

Жеңіне үйкеп жіберіп еді, көк жалын жарқ ете түсті. Отырғандар жұбанған бала құсап өндөрі біраз жадырап қалды.

«Өзі қызық кісі ғой» деді ішінен Қасен Әмежанов отырып.

Аркадий Павловичтің өңі тағы да баяғы қалпына түсті, орнына отырып шамның от бол жанған білтесіне қарады. Есіне вагондағы шойын пеш, үстіндегі май шам түсті. Громовпен екеуінің кездескен күндері түсті. Громовқа қарады.

— Петр Иванович!.. Сіз айыптысыз да, жауаптысыз да. Оған не айтасыз?

— Дәнене айта алмаймын, Аркадий Павлович. Балтаны босатуды маған тапсырыңыз. Мен өзім істеген масқараышылықты сонымен жоғалтайын. Оған қалай қарайсыз?

— Ол дұрыс.

— Мұны қабыл алу керек.

— Ендеше, сүйтсін.

— Жарайды.

Отырғандар, Белоусовтан басқасы, тағы да сүйдеді. Жалғыз Белоусов қана кім сез айтса, соған жалтақтай беріп отырды.

— Сіз не айтасыз? — деді Аркадий Павлович Белоусовқа.

— Мен бе?.. Мен... Менімше, солай ету керек!

— Қалай?

— Босатып алу керек, больше ничего!

Аркадий Павлович мұртынан құлді де, Громовқа қарады.

— Ал, егер, сен босатқанша казак-орыстардың штабы Балтаны «расходқа» жіберсе, онда қайтпексің?

— Мені де расходқа жіберіңдер! Жауаптымын!

Громовқа барлығы да жалт бұрылды.

— Есіттіңдер ғой, жолдастар? — деді Аркадий Павлович отырғандарға.

Отырғандар бастарын изеді. Онан кейін Аркадий Павлович былай деді:

— Жарайды ендеше. Қанша срок берейін?

— Жиырма төрт сағат! Ертең осы уақытта нәтижесі мәлім болсын! — деді ұшып түрегеліп Петр Громов. Сүйдеп Аркадий Павловичтың қолын ұстады.— Мен кеттім, жолдас Павлов!

Петр Громов барлығымен қоштасып, аяғын қаттықатты басып шыға женилді.

Жолбарыстың аузында тұрган Балтаны Громов қалай босатып алады? Онысы тым қызулық емес пе?.. Тәменгі қаланың іші самсаған казак-орыстар. Эр жерде қарауылдары күшті. Екі есе қойған жерлері де бар.

Громов оны біле ме екен? Ол не ойлап батылдық істемекші болды?..

Қасен Әмежанов соны ойлады. «Революция оңайлықпен қолға түспейді екен гой! Фронтта социал-демократтар «қансыз революция жасадық» деп бөріктерін көкке шүйіріп еді. Большевиктер: «Нагыз революцияны зор күреспен, қарулы күшпен жеңіб орнатамыз. Революция үшін, пролетар~~т~~ устемдігін орнату үшін әлі талай құрбандар беріледі. Онаң тайынбаймыз!» деп еді. Осы басталып келе жатыр ма?» деді өз-өзіне Қасен.

Аркадий Павлович өткір қөзін Белоусовқа қадады,

— Жолдас Белоусов! Сізге де кезек келді. Сіз, как ысылған, тәжірибелі революционер, Громовтың соңына көз-құлақ болып жүресіз. Соған көмекке жіберілесіз. Оған қалай қарайсызы?

Белоусов ұшып түрегелді.

— Құп болады, жолдас Павлов!

— Ендеше, сіз де қазірден бастап Громовтың соңынан ересіз. Алда-жалда жазатайым жұмыс болса, дереу штапқа хабар бересіз!

«Егер бермесе, онда қайтем?» деді ішінен Аркадий Павлович.

— Құп болады, ендеше, мен де кеттім!

Белоусов та Громовқа еліктегендей болып Аркадий Павловичтың қолын ұстады. «Қолы мұздай гой, жүргегі де сондай ма екен!» деді зәресі ұшып Белоусов. Денесі тітіркене түскендей болды. Төмен қарады. Аркадий Павловичтың өткір сүр қөзі өңменінен өтіп кеткендей болды. Белоусов қоштасып шыға жөнелді. Артынша Аркадий Павлович ұзақ уақыт ойланды. Отырғандар селт еткен жоқ. Барлығының да көзі Аркадий Павловичта болды. Өте зор қошаметпен, мойын сұңғандық түрмен қарады.

«Ол барлығына да жауапты еді гой! Комитет солай үйгарып еді гой!» деді ішінен Қарім Бекешев.

— Жолдас Штейнер, жолдас Маша! — деді Аркадий Павлович салмақты дауыспен.— Біз барлығымыз да партияның қатардағы солдатымыз. Социалистік революция үшін, кеңестер үшін қандай ғана күреске болса даярмыз. Бұл күрестің тар жол, тайғақ кешулері әлі де алдымызда тұр. Сендер, мүмкін, жалғыз бір адам үшін, Балта үшін, сонша неге қамығады, азулы аңызың аузында тұрган Балтаны құтқару үшін күшті неге сел-

титіп жібереді? Оナン да төмен қалаға шабуыл жасасақ қайтеді деген ойды да ойлайтын шығарсыздар. Бірақ ол қате болар еді. Біз қазір жарым ашық, жарым жасырын түрде отырған үйымбыз. Өйтіп ашық шабуыл жасауға бізде күш аз. Айналдырған бірнеше адамдармен, үркердей ғана Қызыл гвардеецтермен, казак-орыстардың үлкен қолына шабуыл жасай алмаймыз. Оны да есепке алу керек. Кейде жаудың күшімен есептеспей болмайды. Білемін. Қазір ең қауіпті уақыт. Партияның темірдей тәртібін үсті-үстіне нығайтатын уақыт. Партия — барлығымызды да солай тәрбиелейді. Революция үшін осы күні әрбір партия мүшесі қымбат. Шын большевикті, революция үшін, кеңестер үшін құресетін адамды партия бағалайды. Міне, біз қазір сол сабактың алдында тұрмызыз. Жасыратын дәнене жоқ. Сен екеуің де әлгі жұмысқа аттанасыңдар. Бір жағы Балтаны босатуға көмектесу болса, екінші жағынан... Екінші жағынан... Екінші жағынан әлгі кеткен Белоусовқа сақ боласыңдар. Өзіне көрінбей отырып соңынан бір елі қалмайсыңдар. Егер аз ғана бұлтарса...

— Мир ун йедер Прейс, зур верништунг!¹ — деді, қолын жайқап қалып, жұлып алғандай болып Штейнер. Өз тілімен айтқанын сезбей де қалды.

— Аз ғана бұлтарса, қиянаты сезілсе, көзін жойындар! — деді Аркадий Павлович үстелді қойып қалып.

Отырғандар селк ете түсті.

«Белоусов шынымен-ақ сондай адам ба екен?» деді ойланып Қәрім Бекешев. «Ол ондай солқылдағы қиянаты сезілген адам емес еді ғой!» деді тағы да ішінен. Аркадий Павловичтың үстіне жүктелген міндеге есінеге түсті де, іші кеци берді.

— Жарайды!

— Орындаимыз, — деді Маша мен Штейнер.

Тыста тиірменнің гудогі естілді.

Енді бір минуттен кейін, Маша мен Штейнер отырғандардың арасында көрінбеді.

* * *

— ...Айтпайсың ба, сволочь? Айтпайсың ба қырғыздың мордасы, ә?..

Қара көлеңкелеу жанған шамның алдында қабагы

¹ Немісше: «Қайткен күнде де көзі жогалатын болады» деген мағынада.

түксіп, қолын сыртына қойып әрлі-берлі жүрген бір казак-орыс офицері Балтадан допрос алды.

Жүрген кеэде офицердің екшесіндегі шпормен бірге беліндегі қылыш та саудырайды. Жапсарда еңгезердей болыш бүкіл бір үйдің ішін алыш офицердің колеңкесі тұрды. Жүрсе, отырса бірге қозгалады.

— Қаруларың көп пе? — деді үстелге шынтақтай беріп.

— Білмеймін, көргенім жоқ.

— Ендеشه, мынау мылтықты қайдан алдың?

Офицер мойны сорайған ескі бір алты атарды қолында шүйіріп тұрды.

— Өзімдікі.

— Кім берді?

— Өзімдікі.

— Мұнымен не қылмақшы едің?

— Өзімді-өзім қоргамақшы едім.

— Кімнен.

— Жаудан.

— Қандай жаудан? Қазір жау бар ма?

— Бар.

— Ол қайда?

— Революцияға, кеңестерге қарсы жау қай жерде болса, сол жерде!

— Революция?.. Ол не?..

— Революция! Жұмысшыларды үкімет басына отырғызу, сүйтіл...

Сүйтіп, айтып бітіргенше болған жоқ. Қайдан келіп қалғаны белгісіз, бірнеше казак-орыстар Балтаны қойып-қойып жіберді. Көзінің алды жарқ-жүрк етті. Құлагы шыңылдай берді.

— Арда! Мә, саған жұмысшылар үкіметі!

— Мә, саған республика!

— Мә, саған Совет! Совдеп!

Сүйдеген дауыстарды құлагы анда-санда бір шалды. Одан кейін дәнецені естіген жоқ. Құлагы шыңылдалап, көзінің алды қарауытып, тек әшейін, бүктетіліп жата берді. Ауырған, жанына батқан жерлерін қолымен қоргады. Соққыда қанша жатқаны белгісіз, бір кеэде көзін ашып қарап еді, үсті-басы су, әлдеқандай бір қараңғы жерде екен, көзін ашып қозғалмаң біраз жатты. Өзінің бұл жерге қалай келіп қалғандығын ойлады. Есіне түсіп еді, көзін қайта жұмды.

Штабта отырғандар бірінен соң бірі Аркадий Павловичпен қоштасып шыға жөнелді. Кабинетте Аркадий Павловичтен басқа ешкім қалған жоқ.

«Не істедім, енді не істеуім керек?» деді Аркадий Павлович ойланып, екі қолын қалтасына тығып өрліберлі жүрді. «Сол! Онан басқа ешкім де емес!» деді тағы да өзіне-өзі. Бұл ойы Белоусов туралы еді. Қөзінің алдына вагондағы жағасы қоқырайған, желкесі күжірейген қара көзілдіркіті адам елестеді. «Черт!.. үқсайды!» деді тағы да Аркадий Павлович. Сүйтіп, есікті ашып сырттан кісі шақырды.

— Кім керек, жолдас Павлович? — деді, қолында бердеңкесі бар бір орыс жігіті. Басы Аркадий Павловичтың иығынан келіп тұрды.

— Эупілдеков бар ма?

— Атымтай Эупілдеков дежорга жаңа гана келді. Астыңғы үйде.

— Жарайды, жолдас Павлов!

Тағы да екі қолын қалтасына тығып, ерсілі-қарсылы жүріс. Тағы да он адым ілгері барып, он адым кері аттау.

Мен үтамын ба? Үтыламын ба?.. Егер... егер Балтанны казак-орыстардың полевой соты расходқа жіберген болса... онда... Громов Петр не болмақ?.. Э? Белоусовшы?.. Белоусов оны үстап берсе, өзі сол жаққа шығып кетпек! Олар Белоусовтың қиянатын қалай сезбек?.. Егер...

Аркадий Павлович сол ойлаған ойын бітіргенше болған жоқ, есікті ашып кіріп тұрған Атымтайға жалт бұрылды.

— Отыр, жолдас Эупілдеков!

— Сіз мені шақырдыңыз ба?

— Иә.

Аркадий Павлович ескі диванға Атымтаймен қатар отыра кетті.

— Жолдас Эупілдеков! Белоусовтың пәтерін біле-сің бе?

— Белоусовтың?

— Иә, Василий Белоусовтың пәтерін!

— Білемін.

— Ендеше, екеуміз... Иә, екеуміз соның пәтерін

барамыз. Қолыңдағы винтовканы таста да, қоймадан алты атар сайлап ал.

— Қазір барамыз ба, жолдас Павлов?

— Иә, дереу!

«Онда неге барамыз? Ол үйінен табылар маекен?» — деді ішінен Атымтай. Үйден шыға жөнелді.

XXIV

Аркадий Павлович штабтан таңертең қайтып көреуетке құлай кетіп еді. Жаңа ғана көзі үйқыға ілініп бара жатқанда екі гвардеец тарс-тарс етіп кіріп келді.

— Не болды? Не бар? — деді екеуіне кезек-кезек, қарап Аркадий Павлович.

— Жолдас Павлов! Вокзалда толық бір эшелон чех-словак солдаттары тұр. Сізді сұрайды! — деді демін ворға алып енгігіп секпіл бетті бір бала жігіт.

— Чех-словак! Не может быть!

Аркадий Павлович орнынан ұшып түрегелді де, маузерін мойнына асты.

— Оны кім көрген екен?

— Жаңа стансадан бірнеше шойын жол жұмысшылары қызыл гвардеецтер келді. Чех-словактардың бастығы сізді телефонмен хабарлассын депті. Станса бастығының кабинетінде күтіп отыр дейді.

Екі қызыл гвардеец Аркадий Павловичтың соңынан азар еріп отырды.

— Сөздер комитетке хабар беріңдер. Жұмысшыларға хабар берсін. Ондағыларды штабқа шақырыңдар! — деді тоқтай қалып Аркадий Павлович. Олар үлкен көшеге қарай жөнелді.

Аркадий Павлович кабинетіне кіре беріп еді, ішінде отырған гвардеецтер тәжім етіп амандасты.

— Стансадан келгендер кім?

— Біз, — деді усті-бастары майланған, бет-ауыздары қап-қара торт-бес депо жұмысшылары.

— Не хабар бар?

— Бұғін таңертең күн шығып келе жатқан мезгілде, қаланың стансасына бір эшелон чех-словак әскерлері көліп тоқтады. Команданты станса бастығының кабинетінде отыр. Мені большевиктермен сёйлестіріңдер дейді. Станса бастығы жөндерін сұрастырып еді, ашып айтпады. Бірсек «Омбыға барамыз» дейді. Бірсек

«осында біраз тоқтап, елге қайтамыз» дейді. Қару-жа-
рактары бар.

— Зенбірек көріне ме?

— Жоқ. Онысын көргеміз жоқ. Вагондарының ма-
найынан еш адамды жүргізбейді. Часовойлар тұр.

— Станция... Вокзал?.. Телефондагы кім?.. Чех-
словак эшелонының комендантты?.. Сізге не керек? Мен
кызыл гвардия штабының бастығы.

Вокзал жақтан дауыс келді:

— Мен чех-словак эшелонының комендантты Кама-
рок.

— Қ-о-ш! Қандай жұмысыңыз бар?

— Бізге қалаға кіруге рұқсат керек.

— Қалада не жұмыстарыңыз бар?

— Жоғарыдан бұйрық келгенше, осында жата ту-
рамыз.

— Қайда бара жатырсыздар?

— Елге қайтып бара жатырмыз.

Аркадий Павловичтың есіне чех-словактардың ор-
талықтағы Кеңес үкіметіне қарсы қойған «требование-
сі» түсті.

— Қару-жараптарыңыз бар ма? — деді, Камарокке
телефон арқылы.

— Бар, ол сіздерге неге керек?

— Керегі мынау: біз қару-жараптарыңызben қала-
ға кіргізбейміз. Оның барлығын да біздің қолымызға
тапсырасыздар!

— Тапсыра алмаймыз. Ол біздің өзіміздікі.

— Елге қайтатын кіслерге қару-жарап не керек?

— Қорғанамыз.

— Кімнен?

— Большевиктерден.

— Большевиктер қару-жарапсыз, зиянсыз соғыс
тұтқындарын не қылмақ? Еліне қайтуға ешбір бөгет
жасамайды. Қару-жараптарыңызды бізге тапсырыңы-
дар, біз де сүйтеміз.

— Ақылдасып көрейін.

— Кіммен?

— Жоғарғы командованиемен.

— Ол қайда?..

Сонан кейін вокзал жақтан дауыс келуді қойды.
Телефонда үн жоқ.

— Не былышылдайды? — деді Иванов түрегеліп.

Бұлар, Кәрім Бекешев, Надежда, Қабыл, Мақсұт,

Қылыш, Қасен барлығы бірге жаңа ғана кіріп отыр еді.

— Да! Қөптеген «меймандар» келді,— деді тұнжырап Аркадий Павлович.

«Егер тәмен қаладагы казак-орыстармен екеуі қосылып кетсе... онда құлағанымыз гой» деді ішінен тағы да.

— Да, қауіпті «меймандар!»— деді Иванов пен Бекешев.

— Заводтарға, тиірмендерге хабар айтылды,— деді Қабыл мен Қасен Аркадий Павловичқа.

Чех-словактармен екі ортадагы сез таңертеңнен кешке дейін созылды. Мардымды ешбір нәтиже болған жоқ. Чехтар казак-орыстармен астыртын өзара ақыл қосып, план құрып қойып еді.

Громов, Белоусов, Штейнер, Маша зым-зия жоқ болды. Олар таңертеңнен жоқ. Ешкім ізден таба алмады.

— Белоусовты қайткен күнде де тауып алыңдар!— деді бірнеше красногвардеецке Аркадий Павлович.

Кеш болды. Қас қарайып ымырт жабылды. Штаб, станция жақ қаланың төңірегіне красногвардеецтерден іріктеліп-іріктел қарауыл қойды. Қалаға қауіп орнады.

— Еш адамды қалаға кіргізбендер, ешкімді шығармандар!— деді қарауылдарга Аркадий Павлович.

* * *

Штейнер мен Маша тәмен қаланың шіркеуінің бергі жағындағы тар ғана көшпеде қолтықтасып алып олай-бұлай жүрді.

Күн әлдеқашан батқан. Түн түнеріп тұрды. Аспан қараңғы қара бұлт. Жалғыз-ақ көше-көшениң қараңғы түкпірлерінде сық-сық еткен күлкі, мас казак-орыстардың шырқаған өні ғана естіледі. Әлдеқайдан талып келіп гармонь даусы естілді.

Штейнер мен Маша Белоусовты көз ұшынан жоғалтқан жоқ еді. Белоусов осы көшениң бойындағы бір қызыл тас үйдің қорасына кіріп жоғалды. Қақпаның алдында казак-орыстардың часавойлары тұр еді. Штейнер мен Маша жақын жолаған жоқ. Сырттан ғана тоғып жүрді.

— Значит, Аркадий Павлович бірденені сезген. Белоусов предатель!— деді Маша Штейнерге ақырын ғана, сүйдеп сыртына жалтақтап қарай берді.

— Сволочь, муттер... тура кіре жөнелді. Часовойлар оны бөгеген де жоқ. Әрине, бұрын мұнда келіп жүрген. Әйтпесе, оған бұл үй, өз үйіндей бола ма?

— Мұнда атаман тұратын болар?

— Тұра тұр! Бұл қай көшे?..

Штейнер біраз ойланғандай болды.

— Жоқ! Штабтары мұнда емес. Есіл жақ көшелердің бірінде. Громовты жоғалтып алдық-ау,— деді Штейнер.

Сол кезде часовой тұрған қақпа ашылды да, тұтқа темір сылдыр ете түсті. Қақладан үш адам шықты. Бірі — Белоусов, екеуі — казак-орыс. Штейнер мен Маша дерек бөтен көшеге түсіп тасага қарай жүрді. Бірақ арттарынан көз алған жоқ.

Есілден бері екі көше тұрған үсті қызыл тас, асты ағаш екі қабат үйдің баспалдағының алдында қарайып ту ілініп тұр еді.

— Штаб, міне, осы,— деді ақырын гана сыйырлап Штейнер.

— Петр қайда? Көрінбейді ғой,— деді назаланып Маша.

Штейнер Машаны қолтығынан тартып, кешенің екінші басына, анда-санда бірдеңе қарайып көрінген жаққа нұскады. Екеуі бір қақпаның алдындағы отырғышқа келіп отырып, біріне-бірі ығысып, манағы қарайып көрінген затқа кез салды. Әрі-беріден соң ол жерде дәнене де көрінген жоқ.

«Осы Петр емес пе екен? Ол неғып Белоусовтан соңға қалып жүр? Анығында Белоусов оның соңында жүру керек еді ғой. Сірә, Петр де Белоусовтың кім екенін сезген болар»,— деді өзіне-өзі Штейнер.

Түн қараңғы, қара переддей болып жерге қарал түнеріп тұрды. Төмен қаланың күні-түні пыс-пыс етіп су тартып, буы бүркырап жататын «водокачкасы» да бүгін жым-жырт. Ең аяғы терезесінен жылтырап от та көрінбейді.

Көшеде бір тірі жан жоқ. Манағы әр жердегі сыйылықтаң күлгөн күлкі де, шырқаған ән де, бақырган гармонь даусы да естілмейді. Барлығы да демін ішіне тартып, «енді не болар екен?» деп, бірденені күтіп тұрған сияқты. Есілдің арғы жағындағы биік таудың басына қап-қара болып, түннен де бетер түнеріп шіркеудің кескіні тұр. Онда да үн жоқ. Есіл арқылы салынған ағаш көпірді тарсылдатып, дүрсілдетіп күні-түні

жүргіншілер, ауыл-деревня шаруалары жүріп жататын еді, онда да тым-тырыс. Жер де, көк те біріне-бірі қабақ түйіп түнеріп тұр.

Бір кезде Есіл жақ көшениң бойында тарп-тарп етіп аттаған бірнеше аяқ дыбыстары естілді. Қарайып төрт адам көрінді. Екеуінің қолында ыңғайлап, алдыңғы жақтағы біреуге тежең ұстаған винтовка мылтық, біреуі бос сияқты, қолында ұстаған дәненесі жоқ. Бірақ беліндегі қылыш әлсін-әлсін сирағына соғылып, сыпсып етіп барады. Бұлар Есілдің бергі жақ жағасын бойладап қаланың сыртына қарай жөнелді.

Балта аяғын әрең басты. Ол казак-орыстардың атура алып бара жатқандығын қақпадан шыққан соң-ақ біліп еді, оған дейін ол үміт кешкен жоқ. «Жатып-жаатып шығамын ғой!» деп ойлады. Қақпадан шығып Есіл жаққа айдал жүре бергенде-ақ, ол өзінен-өзі өкінді. «Тым болмаса жаумен жағаласып та өлмедім-ау! Қапылыста, арманда өліп кетемін-ау!» деді. Алғашқыда іші-сырты мұзды су құйғандай болып сұнына қалды. Жүрегі әлсін-әлсін тебінді. Көзі тұнып, аяғы ауырып, буыннан өлі кеткен сияқтанды.

— Шешін! — деді жардың биік жағасына таман келгенде, қолындағы алты атарының тұмсығымен тұртіп казак-орыс офицері. Балта үндеген де жоқ, орнынан қозғалған да жоқ.

— Тақсыр! Шешіндіріп не керек. Сол, шешінбеген бойымен-ақ жалпита салсақ болмай ма? — деді бір қарлықкан дауысты казак-орыс барылдан.

— Но, жарайды ендеше! — деді офицер, бәрібір деңген кісіше ерініп қана. Сүйдеп бұрыла бергенше болған жоқ, хейінде, жардың бойында әлдекім ауыр құрсінгендей болды. Артынан, жардың омырылып түскен бір кесегіндей болып бір нарсе терен суға күмп беріп түсті. Офицер казак-орыстың бірін сырт беріп тұрган Балтасың қасына қалдырып, біреуімен дауыс шыққан жаққа қарай жүгіре жөнеліп еді, жардың ернеуінен от жарқ ете түсті. Офицер омақатып барып құлағанша болған жоқ, от тағы да жарқ етті. Артынша мылтығын лақтырып барып қасындағы казак-орыс та құладады. Мылтықтың тарсылдағын жаңғырығы жым-жырт тунді тіліп барып, гулеп әлдеқайда асты.

Алдымен Громов, артынан Штейнер мен Маша жүгіріп келіп қалғанда Балта мен казак-орыс екеуі мылтық-қа таласып жағаласып жатыр еді. Штейнер казак-орыс-

тың сыртынан келіп өлденені кірш еткізіп жалкесінен батырып еді, казак-орыс ыңқ етіп барып құлай кетті. Тұяқ та серілкен жоқ.

Қуанып Громовтың мойнына асылған Балтаны қасындағылар жүгіріп ала жөнелді. Балтада ес жоқ.

— Есінді жи, Балта! Есінді жи! — деді ентігіп Громов.

Бұлар тау басындағы «Назаров» моншасының бергі жақ аралығымен жоғары өрлеген кезде, станция жақта мылтық дауыстары естіліп тұрды.

* * *

Тұнде сағат бір-екі шамасында чех-словактар қалаға шабуыл жасады. Алдымен көше-көшениң мүйістеріндеңі қарауылшы қызыл гвардеецтерді бір-бірлеп білдіртпей басып алды. Кейбіреулері түннің еңседен басқан зілдей салмағын көтере алмай қалжырап, үйіктап та қалып еді. Чехтың бір солдаты бомбасын жарып алып өлді. Бомбаның даусы жым-жырт тұнды жаңғырықтырып, кейбір қалғып-мұлгіп түрган гвардеецтерді шошытып жіберді. Дереу мылтықтарын аспанға атып, тревога беріп, штабқа қарай жүгірісті.

Консерв заводындағы жұмысшылар мен чехтар екі ортасында атыс әлдеқашан басталып еді. Атымтай мен Иванов солардың арасында жүрді.

— Дереу менің соңымнан жүріндер! — деді, чехтар штабының терезесінен бомбы тастаган кезде Аркадий Павлович. Жоғарғы басқыштан топырладап түсіп бара жатқан кезде, қарсы алдынан үш-төрт адам кез келді. Коридор қап-қараңғы еді.

— Жолдас Павлов бар ма? — деді біреуі.

— Бар!

Аркадий Павловичтың құлағына Громовтың қалың дауысы таныс еді. «Шынымен-ақ, Петр ма екен?» деді Аркадий Павлович.

— Жолдас Громов!

— Иә, мен Аркадий Павлович! Тапсырмаңыз орындалды!

— Жылдам кейін жүріндер! Жылдам! Соныра! Соныра! — деді Аркадий Павлович, маузерін төбесінен асыра ұсталап. — Оңбаган Белоусов қайда? — деді қақпадан қызыл гвардеецтермен жүгіре шығып.

Кешеде тарс-тұрс мылтық атылып, бомба жарылып жатты. Қызыл гвардеецтер атысып, консерв заводына қарай жылысты.

— Штейнер! Жолдас Штейнер...

— Да, мен! — деді бір жырақаның түбінде бұғып атып жатқан Штейнер.

— Белоусов қайда? Әкеліңдер Белоусовты! — деді ашулы дауыспен Аркадий Павлович, Штейнерге қарай ығыса беріп.

— Орындауды!

— Нени орындаудындар?.. Балта босады ма?

— Босады. Эне жур!

— Ал, Белоусовты?

— Расходқа жібердік,— деді тістенген дауыспен Штейнер. Онан басқа дәнене деген жоқ.

Қызыл гвардия отряды консерв заводына бекінді. Ұзақ уақыт атысты. Басқа жерде атыс өлдекашан базылып еді.

Алыстан тасырлап шауып келе жатқан дауыстар естілді. Бұлар төмен қаладан шыққан казак-орыстар еді.

— Казак-орыстар!

— Казак-орыстар шауып келеді! — деді айқайлас қызыл гвардеецтер.

Бомба тұстасынан жарылды. Жақында әйелдің шыңырған дауысы естілді.

— Маша! Маша! — деді, бір қалың дауыс.

Ешкім жауап берген жоқ.

XXV

Штейнер консерв заводының бергі жағында, бос қораның сыртында, терен орда жатты. Ол жаралы еді. Өне-байы үйіп, оң жақ иығы омырылып түсіп бара жатқан сияқтанды. Кейде сыйздайды.

«Бізді біреу ұстап берді. Бізді біреу ұстартты!» — дей берді ішінен. Бұл ой оның көnlіне чехтармен екі ортада атыс басталған соң-ақ келіп еді. Мұны ол ұмытқан жоқ. Басын жоғары көтеріп жан-жағына қарап еді — қараңғы, ешкім көрінбейді. Жалғыз-ақ, қала жағында бірен-саран мылтық атқан дауыстар естілді.

«Біздің жігіттер қайда?.. Негіз барлығы да хабарсыз қалды екен?» — деді ішінен тағы да. Шелдеп тамағы кеуіп бара жатқан сияқты. Қозғалып байқап еді —

зілдей, өзін-өзі көтере алатын емес. «Қалайда бір үйге тығылу керек! Қайда?.. Кімге?..»

Штейнер қозғалмай біраз жатты. Оның есіне Маша түсті. Ол қараңғы, құйма бойында атысып жатқан кезде жүгіріп бара жатып құлай кеткен Машаны көрген болатын. Оナン соңғысын білмейді. ОНАН соң ол көрінген жоқ. Бірақ оған дейінгісі Штейнердің көзінің алдында тұр, ұмытқан жоқ.

Жоғарыда аяқ дыбыстары білінді. Ауық-ауық естілген сөздеріне қарағанда чехтарға ұқсайды. Штейнер етбетінен бұғып жатып көзін жұмды.

«Іздеп жур, муттер...» деді ішінен, Штейнер.

Бірнеше минуттен кейін маңайда ешбір сыйбыс білінген жоқ. Әлдеқайда тауық шақырды. Таң білінген тәрізді. Штейнер ақырын көтеріліп, ордың ішімен жүріп отырып, консерв заводының аргы жақ сыртына шықты. Қаланың ішінде ешбір жылтыраган от көрінбейді. Сол жақта қап-қара болып сорайып Мұратов тиірменінің ұзын мұржасы көрінеді.

«Маша! Маша!.. Геноссе! Диесес Ербеніндерт нус, айн неуес Лебен зо вауен»¹— деді, тұксиген қараңғылыққа, қарайған үйлерге қарап келе жатып Штейнер.

Штейнер Надежданың үйіне қарай келе жатты.

XXVI

Бір кезде қатын-баласын, қыздарын пәуескеге тиеп алып, қоңыраулатып, Нәсербай мен Мәули де қаладағы үйлеріне келді.

— Большевиктердің үні өшті, қырылды, жойылды. Абақтыға түсті. Енді дүниеміз кеңіді!— деді Жұмажан Тілекұлы, Жиенбай Аманжолұлы, Бейсембай қажы Бұланов, Қали Бекешев сияқты «ел қамқорлары». Бұлар сүйдеп айқайлап байлардың алдарынан шықты. Нәсербайдың үйіне тағы да Қигаш, Шоқан, Әбіш сияқты офицерлер, адъютанттар, Ақыжан сияқты «бұлбұл ақындар» толып кетті.

Қаланың тоғышарлары, қара жұз бейбастақтары көшедегі чех-словак солдаттарының артынан шұбырды. Чехтың офицерлері бала жұбатқан тәрізденіп, арттарынан шұбырган оларға кампит берді, папирос үлестірді.

¹ Немісше: «Маша! Маша!.. Жолдас!.. Біздің жаңа тұрмыс түзуімізге бөгет болған міне, осы!»— деген сез.

Бәтжан, Жәмжан, Құлтай сияқты кербез «сұлулар» беттерінің бояуларын бұрынғыдан анағұрлым түрлендіріп, zech офицерлеріне бунақ-бунақ қып букет берді. Жұріп бара жатқандарында төбелерінен түрлі-түсті шұбар қағаздар шашты.

— У-р-рара! Ур-р-ра! — десті олар.

Сұқсыр Арамқанов та асығына қайтты. Ол қалада өзгеріс болатын күні басына құлапарасын жамылып, қашып барып орыс моласына жасырынған болатын. Басынан құлапарасын алып тастап, тақиясын шекесіне киіп, чехтардың соңынан ерді. Қара жұзді бейбастақтардың басын біріктіріп алып «большевик қайдасың» деп үйден-үйге жүгірді.

XXVII

— Ұста! Ұста!

— Ұстандар большевикті! Ұстандар!

Сүйдеген дауысты естіп, көшеде ерсілі-қарсылы жүріп жатқан халық жалт бұрылды.

Караванная көшесінің бойында, шашын, мұртын тап-таза қырдырып жалаң бас бір татар жігіті, алды-артына қарамастан жан-пәрменімен жүгіріп келе жатты.

— Ойбай, мынау Мақсұт қой! — деді, жүгіріп келе жатқан жалаң бас жігітті таныған адамдар... Сүйдеп біріне-бірі қарады. Жалаң бас жігіт Караванная көшемен Ровная көшениң түйіскен жеріне барған кезде, бірекі адам әлгі жігітті шап беріп ұстады да, қойып-қойып жіберді. Бұлар қаладағы атақты қара жұздіктер Кәметай және Шамсутдиновтің приказщиғі Жалали деген кісілер еді.

— Қоя беріңдер! Қоя беріңдер! — деп жұлқынып жалаң бас аққұба жігіт. Кәметай мен Жалали оны қоя берген жоқ. Жығып салып тепкілей бастады. Бұрқыраған шаң, қиратқан боктық.

— Сол керек, енендей! «Совдеп», «Красная гвардия» деп әбден тіпті, — деді ентігіп, ашуына булығып қуып келіп қалған жуан қарынды тасырайған көзді қара кісі. Бұл — Бейсембай қажы Бұланов еді.

Көшедегі жұрт иірліп тұра қалды.

— Е, не болды? Не болды?

— Неге үрасындар?

— Чехтарға алып бару керек!

— Не жазығы бар еді?

— Қажы! Бұларыңыз не?

Жұрт сүйедеп шулады. Әркім әр түрлі сез айтты. Бірақ оны тыңдаған Қажы жоқ. Оны тыңдаған Кәметай мен Жалали жоқ. Аяқтарын да, қолдарын да жұмсады. Үрді, тепкіледі.

— Жазық?.. Ол не деген сез? Жазық сол: большевиктерден біз жақсылық көрдік пе? Бұл итті білмейсіңдер ме? Бұл — большевик Мақсұт! Танымайсындар ма? Ұрындар, тепкілеңдер! — деді Бейсембай Бұланов жұртты ұшықтырып. «Шоқ-шоқ-шоқ» деді бірен-саран мас извощиктер, босқа жүрген бейбастақтар Мақсұтты топсылдата жөнелгенде, тағы да Бейсембай Бұланов.

Мақсатта үн жоқ, көтерілетін шама жоқ. Бет-аузын қан жауып кетті.

Белі бүкірейген, бетін әжім басқан, басында қара шәлісі бар, қарына бір кішкентай корзинка ілген бір орыстың кемпірі, міңгірлеп шоқынып-шоқынып былай шыға берді.

— Боже-мой! Боже-мой!.. Не деген жауыз адамдар, не деген мейрімсіз халық! Тапа-тал түсте кісі өлтіріп жатыр!

Бір талай адамдар бастарын шайқады. Кейбір әйелдер жылап, жаулықтарының шетімен көз жастарын сүртіп тұрды.

Көшедегі жүгірмек балалар опыр-топыр болған халықтың біресе о жағына, біресе бұл жағына шығып біріне-бірі айқайлады.

— Эни! Эни! Мақсұт абзины өлтірділер бит!

— Ұры ұсталды, ұрыны ұстап алып, ұрып жатыр.

— Өй!.. Ұры емес, большевик ағай!

— Большевик ағай?..

— Кәметай мен Жалали ұстады.

— Қажы қуып келді.

Дәл сол үақытта бір топ қызыл гвардеецтерді орталарына алып айдалап бірнеше чехтар өтіп бара жатты.

— Господин офицер... Большевик, большевик! — деді балпылдан, қолын сермен Бұланов.

Басында австриялықтардың киетініне ұқсаған қалпағы бар, жарқыраған құсты, қара мұртты бір чех офицері құдиып тоқтай қалды.

— Шая?.. Большевик?.. Красный?.. Аристовайт!

Офицер топталған халықты жарып өтіп, аяқтың астында бүктетіліп, аузы-басы қан бол, шаң-топыраққа

боялып жатқан Мақсұттың қасына келді. Етігінің түмсығымен бір-екі түртіп қалып қораздана түсті.

— Своловъ... Командант Камарок приказал! Служай, тұр, своловъ, собака!

Мақсұтта үн жоқ. Тек, шала-жансар еді. Қеудесі анда-санда бір көтеріліп қояды.

— Померал! — деді мұрнының ішінен міңгірлеп офицер. Сүйдеп жан-жағына бір қарап алды да:

— Извозчик есть? — деді Бұлановка.

— Есть господин офицер, есть!

Бейсембай Бұланов Кәметайды извозчик әкелуге жұмсады.

— Шагом марш! — деді тұтқындарды алдына салып тұрған солдаттарға офицер. Олар офицерді Мақсұттың қасында қалдырып, жалаң аяқ, жалаң бас тұтқындарды айдал алыш жөнелді.

— Айдал алыш бара жатқандары кім-кім екен? — деді шырылдаған дауыспен жуантық, саудагер құсаган бір сары кісі.

— Қебі орыс қой! — деді Бейсембай Бұланов ожырая қарап,

— Ішінде қазақтар да бар.

— Барсын! — деді қолын бір-ақ сермен Бейсембай Бұланов.

Офицер Мақсұтты ломовойшылардың төрт аяғы құсаган арбаға көтеріп салғызып, үстін жөкемен жапқызды да, алыш кетті. Өзі көшениң жиегін жағалап қоразданып жаяу жүріп отырды.

XXVIII

— Жұмысшыларды біздің қолымызға бер... Біздің кегіміз бар! — деді Маликов деген орыс байының үйіне келіп Сұқсыр Арамқанов.

Маликов үйқысынан жаңа ғана тұрып қатын, балашағасымен шай ішіп отыр еді. Сұқсырдың бетіне күлімсіреп қарай берді.

— Пожалуйста, Арамқанов, шайға отыр, шайға кел! — деді бір кішкентай қызын орындықтан тұрғызып жіберіп, Сұқсырға орын көрсетіп.

— Рақмет, господин Маликов! Тыста кісілер бар. Жұмысшыларынызды сұрай келдік — деді көзі ойнақшып, шоқша сақалын уystap.

Маликов шыны-аяғын тәңкөріп тастап түрегелді де, Сұқсырды ішкөргі үйге шақырды.

Кең бөлме. Іші қара көлеңке күннің көзін түсірмес-тей етіп терезелерін қалың пердемен жауып тастаған. Перделерін алып еді, күннің көзі еденге жарқ ете тұсті. Жапсарда бірінің астында бірі суреттер тұр. Бір жақ жапсардағы үлкен әйнекті суретте Николай патша мен өйелі Мария екеуі түрегеліп тұр.

— Господин, Арамқаныч! — деді жан-жақты көзімен сүзіп отырған Сұқсырга Маликов. — Өзің де білесің. Жұмысшылардың иесі осындағы большевиктердің комитеті. Егер білгің келсе, мен айтайын: Кәрім Бекешев. Мен тек әшейін жалдаушы гана.

— Кәрім Бекешев?

— Иә, господин Арамқаныч.

— Қазір большевиктер жоқ. Қала «халық армиясының» — чехтардың қолында, қазір біз жеңдік. Енді олар большевиктер, қайта айналып келмейді, — деді, ақырын үстелді ұрып Сұқсыр.

— Ендеше, тіпті жақсы, тіпті жақсы, господин Арамқаныч, — деді Маликов өні жадыраңқы түрде.

— О ит енді қайда екен? — деді орынан тұра беріп Сұқсыр.

— Кім?

— Кәрім Бекешевті айтамын.

— Е, ол әлдеқашан қашқан шығар! Қаланы чехтар алған болса...

— Қашып қайда барады. Бүкіл Ресей халық армиясының қолында тұр.

— Қайдам...

Сұқсыр Арамқанов Кәрім Бекешевтің үйінде болатындығын тіпті ойна да келтірген жоқ. Маслаковпен екеуі бірнеше би-бастықтарды, извозчиктерді ертіп Кәрім Бекешевтің үйінің алдында тоptалып тұрды.

Үйге Сұқсыр Арамқанов алдымен кірді. Әлден уақытта үйдің ішінен айқай естілді. Әлденеткен нәрсеслер тарсылдан еденге тұсті, шыны-аяқтар сылдырлап сыйнғандай болды.

— Мә, большевек! — деді Бекешевті жағасынан сүйреп алып шығып Сұқсыр.

— Қорасының ішінде сұлатамыз ба?

— Жоқ, көшеге алып шығындар.

— Қане, бұл большевиктің әуселесін көрейік!

Кәрім Бекешев жұлқынып байқап еді, өңгегердей жуан Маслаковтың қолы Кәрімді желкесінен бүріп алып қозғалтпады.

— Бандиттер, сволочтар! — деді Кәрім, жан-жағына қарап түкірініп.

— Этештенбе! Саган мұнда Совдеп жоқ. Әкеңді та-нып қой! — деді желексінен бір түйіп Сұқсыр.

Басы басталғаны сол-ақ. Кәрімнің үстіне жұдырық үсті-үстіне жауды. Кәрім бұлардың ниетін сезіп, айқай-лап берді:

— «Самосот» жасауға ешбір қақыларың жоқ! Баратын жерлеріңе алып барыңдар. Ұруға қақыларың жоқ! Ұрмандар!

— Ұрмауға?..

— Сотын міне, біз!

— Ұр! Жық! Теккіле!

— Мә, саган!

Кәрімнің ендігі айқайы естілген жоқ. Ол топырлаған өңшең қара жұз бандиттердің аяқтарының астына тус-ти. Әлдеқайсысы іскектеп тұрып Кәрімнің ұзын қою мұртының жұлды. Онысы іскек емес тістеуік еді. Әлдекім етігінің өкшесімен ауызға тепті. Тістерін қиратты. Еріндері жырылып, мұрны жарылып қалды. Алғашқы кезде Кәрімді ешқайсысы жерге жыға алмап еді. Маслаков бай әлдеқайдан жете тауып алып, сонымен ұрып жықты. Кәрім сонаң кейін бас қетеріп тұрган жоқ.

— Бәлем, қалай екен! Рабочийларға құдайсып...

Сүйдеп, Сұқсыр қан болған өкшесін көшениң топырагына үйкеді.

Айнала топталған, топырлаған халық. Оның арасында бұл аянышты оқиғаны, қара жұздліктің бұл жауыз қылыштарын көріп, күә болып қаланың жарлынашар жұмысшы халықтары: етікшілері де, зергерлер де, слесарьлары да, балта ұсталары да, көшеде ойнап жүрген балалар да, қазан-ошақ басындағы әйелдер де тұрды. Арашалап, арашага тұсуге ешқайсы батпады. Көздері қызыарып, білектерін сыйбанып қиратып боқтап жүрген бандиттер ешкімді аяйтын емес.

— Сен неге ұрмайсың, ө?

— Аяп тұрсың ба?

— Әлде сен де бірге болдың ба?

— Большевиктерге сатылған гой!

Топырлаған бандиттер жай тұрган кісілерге сүйдеп өкіренедеді. Кейбіреулер ақырын жүре берді.

— Эй! Kisi өлтірдіңдер. Kisi өлтірдіңдер, Әзімбайға айтамын. Біздің Әзімбайға айтамын! — деді топырлаған адамдарды шыр көбелек айналып тапал бойлы бет

аузын түк басқан жалпақ бетті біреу. Қарқылдаپ күлгөн күлкісіне, екі көзі тасырайып жұрген жүрісіне қараганда, ешкім мұны дені дұрыс деп ойлайтын емес.

Бұл осындағы «жынды Жұсіп» деген бір есі жоқтау қорғансыз босяқ еді. Басындағы қайыс бол қалған өзбек тәбетейін жерге алып ұрып аяғымен таптап, жылап қоя берді.

— Былай, былай таптадыңдар өздерің, өлтірдіңдер! Эй, Сұқсыр сені Әзімбайға алдымен айтамын. Учаскеге жапқызамын! — деді Жұсіп.

Бандиттер күлді. Сұқсыр желкеге түйіп Жұсіпті былай шығарды. Бірақ былайғы ешкім күлген жоқ. Соққыға жығып болып кейін тарқаган бандиттердің арасында етбетінен сұлап Кәрім Бекешев жатты.

— Өлді! — деді әлдеқайсы ішін тартып...

Бірнеше казак-орыстармен чех солдаттары Кәрім Бекешевті жүк таситын машинаның ішіне тастай берді де, ала жөнелді.

— Ей, құдайым! Таза жуып жаназасын оқып, кемүге бұйырмадан екен! Ей, Кәрім абзи! — деді бір татар әйелі жауалығының шетімен көзінің жасын суртіп. Жұмысшылардың арасында көбінің көзінің жасы бұртқітеніп беттеріне домалап түсті. Бірақ ешқайсысы оны білдірген жоқ. Үндеместен төмен қарап жан-жаққа тарады.

Кәрім Бекешевті ұрган, оған қолы тиген қара жұз бандиттер мәз-майрам болып, көшени бастарына көтеріп біріне-бірі мақтанды. Кімнің қолы мықты екендігін, кімнің тепкілегендігін, кімнің таяқпен, жетекпен ұрғандығын сөз қылып барады.

— Бәлем, енді қайтып совдеп ауызга алынбайтын шығар! — деді Мослаковке қарап Сұқсыр.

Мослаков ожырайып қарады.

XXIX

Чехтар консерв заводында соғысып қолға түскен большевиктерді, қызыл гвардеецтерді, іші қараңғы, лас, суық бір подвалға әкеліп қамады.

Қабыл, Надежда, Иванов, Қылыш және Омбыдан келіп қосылған бір қара жігіт — Қонар Әлібеков барлығы бірге қамалып еді.

Қонар Әлібеков ешбір дамыл тапқан жоқ. Подвал-

дың іші қанша тар болса да әрлі-берлі жүріп, әлсін-әлсін тісін шықырлата берді. Қескіні қазанның қара күйесіндегі болып, тістері ақсызып кезі аларып, ашуланып жүрді.

— Эй, Қонар! Сен осы подвалды бұзып-жарып шығып кеткелі жүргеннен саумысың? — деді дембелше ғана қара жігіт. Бұл Қабыл еді. Сөзі әзіл болса да, өңінде күлімсіреген із білінбеді. Надеждага қарады.

— Уай, қойындаршы!... Бүйтіп подвалда отыратынды білсем жаумен жағаласып, сол жерде өліп-ақ қалмағым ба? — деді Қонар Қабылды көзімен жеп.

Қылыш ақырын ғана күбірлей түсті.

— Іс өткен соң, балтаңды тасқа шап!

— Жолдастар! Бізді арамызда біреу әдейі үстап берді! — деді Надежда, Иванов пен Қабылға қарап. Надежданың омырауы ашылып аппақ болып кеудесі көрініп тұр еді. Қабылдың қадала қараганын біліп, жағасын қаусырды да, күлімсірей түсті.

— Да! Арамызда предатель болды! — деді Иванов, ойланған түрмен.

Ивановтың ойына мұндағы жоқ жолдастары түсті. Громов, Аркадий Павлович, Маша, Қасен Эмежанов, Атымтай, Штейнер, Балта, Мақсұт, Бекешев елестеді. Маша мен Мақсұттың, Бекешевтің не халде қалғанын бұлардың ешқайсысы да білген жоқ. «Олар түрмеде ме екен? Өлді ме екен?» деді ішінен.

— Надежда!.. Сенің үйінде кім қалды?

— Қаят!

Иванов пен Надежда біріне-бірі қарап біраз отырды.

— Штейнер, Балта қайда?

— Громовшы?

— Аркадий Павлович?

— Маша, Қасен?

— Бекешев, Мақсұт?...

Қызыл гвардеецтер отырган жерлерінен турегеліп бұлардың тәнірегіне ііріле қалды. Қонар жұдырығын түйіп, қара тутеніп қиратып боқтап жіберді.

— Кімді мұқатып тұрсың? — деді тағы да Қабыл.

Қонар лапылдаш сөне түскен оттай болып, жуасыған дауыспен мынқ ете түсті.

— Чехтарды, қаланың сволочь байларын.

Қабыл кішкентай екі көзін тесіретіп қалтасынан бірденең ізdegендей болды. Ол насыбай шақшасы еді. Оны чехтар тінтіп алып қалған болатын.

— Жең үшынан жұдырық көрсетіп негып тұрсың? — деді Қонарга.

Отырғандар, тұргандар барлығы да тесірейіп қарап тұрган соң, Қонар сырт бұрылды да, жапсарға қарай жөнелді. Қылыш Қонарды қасына шақырды.

— Әй, бері кел!

— Е, не болды?

— Кел, отыр, әңгіме айт!

— Әй, әңгіменің...

XXX

Бөгенбайдың үйі әлдеқашан жатып қалып еді. Әлдекім қақпаны қайта-қайта тепкілеп тұргандай болды.

— Бұ кім? — деді терезеден тұрып Бөгенбай. Ешбір дауыс жоқ. Әлден уақытта құйманы солқылдатып бірнеше адам қорага қарғып түсті. Енді есікті тепкіле-ді. Үйдің іші тегіс бас көтеріп қорқып отырды.

— Шал! Өзің барып сұрашы! Кім екен?

Кемпір сүйдел шалды жұмысады да, өзі, «әулие-әмбіелеріне» сыйынып балаларының қасында шыр көбелек айналды.

Бөгенбай бергі есікті ашып тыстағыларға дауыс бе-рип жатты.

— Бұлар кім?

— Аш!

— Е, неге ашамын?

— Сөйлеме, аш!

Бөгенбай есікті ашпастан бұрын кемпірге шам жак-қызыды.

— Большевик бар ма? — деді ұзын бойлы бір чех офицері алдымен саудырап кіріп келіп. Шал жуас қана дауыспен офицерге қарады.

— Тақсыр, мұнда не қылған большевик болсын. Балалар жас. Өзімізден басқа ешкім жоқ.

Офицер ішкегі үйді, шоланды қарап шығып Бөген-байды көзге шұқығандай болып:

— Байқа, старик! Я — комендант города! Хочу-аристую, хочу — растреляю, хочу — помилую, — деді.

Бөгенбай «жөн айтасың» дегендей болып басын изеді. Чехтар құймадан қарғып-қарғып шыға жөнелді.

— Тегі, біреу көрсеткен ғой!.. Кетті ме өздері? —

деді Қасен Әмежанов, подвалдың астынан басын қылтибып.

— Кетті, иттер! — деді Бегенбай артынан ақырын гана жөнеліп.

XXXI

1918 жыл, июнь айы.

Қош келдіңдер, қадірлі меймандар!

Тұнғат бақшаның сыртында тұрып, қақпаның маңдайшасындағы ақ шуберекке жазған кек сырлы осы жағуды оқыды да, «Күлтай да осында келді ме екен?» деді ішінен. Күлтай оның ойынан әлі де шыққан жоқ еді. Он бес-жисирма күннен бері оны керетін шама болған жоқ. Қайдан болсын!... Қала аумалы-төкпелі болды да тұрды. Біресе қаланың халқы көшеде құмырысқадай қайнайды. Біресе көшеде тірі жан жоқ; іннен басын қылтитқан сұыр құсан қақпасын, есігін тастай қып бекітіп, «енді не болар екен?» деген кіслерше терезелерінен үзіліп қарады да отырды. Әсіресе, бірнеше тұн осылай болды. Ә, қазір?...

Қазір, «жұрт» қуанышты, көңілді. Неге екені белгісіз, қазір өзіне бөлек, өзгеше бір «жұрт». Бұл, не қылған «жұрт?» Қалада алпыс-жетпіс мың халық бар. Соның барлығы да көңілді? Барлығы да сондай қуанышты ма? Жоқ!.. Ендеше, бұл қандай «жұрт». Бұлар ма? Бұлар бұдан бірнеше күн бұрын:

- Біз бақтысызбаз!
- «Қарағай басын шортан шалды».
- Қиыл-қиыл заман болды.
- Тар шенберде тұрмызы.
- Сауда күйзелді.
- Магазиндер бұлінді.

Құдай бермеген байлықты қолдан тартып ала-мыз деген құл-құтандар шықты! — деп күйінген «жұрт». Бірнеше күндер бұрын қызыл гвардеецтер, жұмысшылар лек-лек болып көшеде жүргенде, өзара құңқілдесіп «пыш-пыш» етіп:

- Пышт! Босяктер!
- Діннен безген, құдайдан безген адамдар.
- Жазаларыңды алла берсін! Аумин!
- Бәлем, сендерді ме? — деп зығырдандары қайнап, зекіріп тұрған «жұрт». Меньшевиктер де, төрелер де, кадеттер де, монархистер де, алашшылар да бұларды «жұрт» деп атады. Бұл, міне, солардың «жұрты» еді.

Қазір бұлар өздерін өздері «жүртпыш» деп жүр. Қазір бұларға чех-словактардың үшінші әшелоны «халық армиясы» келді. Бұлар қазір қуанышты, көнілді. Аспан-кектің қаладай бір кесегі кенет омырылып, осылардың дәл ортасына түскен сияқты. «Халық армиясы» келді. «Жүрт» көнілді, «жүрт» бақшада банкет жасап жатыр. «Жүрт» сыйқ-сыйқ күліп серуен құрып жүр. Сондагы «жүрт» дегені — осы өздері.

Қазір таудың басындағы жан-жағы қоршаулы екі қабат ақ тас үйде бүргеге, битке жем болып жүзедеген адамдар, қараңғы лас камераларда, еденде аунап жатыр. Ақ тас үй оларды, енді қайтып құшағынан шығармастай етіп қысып алған тәрізді. Мүйіс-мүйісте мұрындарын көкке шүйіріп «Біз жүртты красныйлардан құтқардық!» — деп чех солдаттары тұр. Құндіз қақпанының алдында ағаларына, балаларына, әкелеріне азық әкеліп, топырлап кезек күтіп тұрған жұмысшыларды, қала жарлыларын, қыз-келіншектерді, кемпірлерді көресің. Құндіз бұл ақ тас үйге әкелініп қамалынған адамдарды түн ортасы болса-ақ үшеу-төртеу қып алып шығып, Еслідің биік жарына қарай айдал әкетіп жатқанын байқайсың. Қайда? Мұны бұл «жүрт» әбден біледі. Бұлар соның үшін мәз-майрам.

Қақпаның маңдайшасындағы жазу, қанша «қош келдіңдер!» деп тұрса да, көшедегі көрінген адам ішіне кіре алған жоқ. Усті-басы жылтырап, қоразданып тұрған қарулы чех солдаттары әдейілеп шақырылған «жүрт екілдерін» ғана кіргізіп тұрды.

Тұңғат бірнеше өзіндей жігіттермен бірге қақпадан үціліп ішке қарай беріп еді:

— Своловь! Собака! Куда? — деді кеуделерінен итепіл жіберіп ат жақты тасырайған көзді бір солдат. Бұлар жеті-сегіз «бозбала» еді. Ішіндегі ең өткірі, тентегі, пысығы Ванька Черемухин болатын.

— Айда, ребята! — деді көзін қысып қалып қасындағыларға. Басындағы кішкентай қара бөрікті шекесіне таман киіп, басып-басып қойып Тұңғат та солардың артынан ерді. Ванька Черемухин қақпаның аргы жағында құйманың бойында тізіліп күнбағыс сатып, гүл сатып отырған қатындарды сүйкей етті. Кейбіреулерінің гүлін тартып алды, кейбіреулерінің күнбағысын уystап әкетті.

Ванька Черемухин бұларды бақшандың станция жақ құймасының түбіне қараңғы жерге алып келді де:

— Ребята! Бір-бірлеп ұрланып осыдан түсеміз,— деді ақырын сыйырлап қана. Тұңғат құйманың тесігіне қарап еді, онша биік емес. Бірақ ернеуін жоғары қара-тып сүп-сүйір қып тізіп тастаған машина шеге.

— Кім бұрын түседі? — деді Черемухин.

Ешқайсысы үндеген жоқ.

— Шегені қайтеміз?

Шапиқ деген татар бала сүйдеп Ванькаға қарап еді. Ванька жоғары көтеріліп бір-бірлеп шегені төмен жа-пұрды. Оны көріп алған соң басқалары да сүйтті. Ше-гені майыстырып тастады.

Құйманың ішкегі жағы қалың ағаш, түбі аласа бойлы тал.

— Патрульдер жүрсе қайтеміз? — деді Тұңғат Ванькаға қарап, үстіндегі австрия солдатынан сатып алған кек камзолын түймелеп. Шекесіндегі кішкентай қара беркін тағы да жымырып қойды. Жүргегі дүрс-дүрс соғып, көзілі қобалжи берді. Қасында тұргандар бір-бірлеп азайып барады. Тұңғат жоғары көтеріліп, ақырын қарғып, ішкегіре түсті. Ванька Черемухин ең сонын түсті.

Тарам-тарам болып айнала сұлап жатқан тап-тақыр жерде, аландарда таспадай болып тұтасып, тізіліп да-малар, қыздар, офицерлер, қаланың обыватель-тоғы-шарлары — «жұрты» ерсілі-қарсылы айналып жүр. Му-зыка ойнайтын күркешіктे ән де, күй де өзгеше. Онда қазір дирижер-музыканттар басы жалпайған Гольди-бассер емес, ұзын бойлы, екі жақ саны қоқырайған, үсті-басы жылтыраған чех офицері.

Тұңғат Құлтайды таба алмады. «Не гып келмей қалды екен?» деді тағы да ішінен.

Қаланың комендантты чех полковнигі Камарок Сұқсыр Арамқановты «алда-жалда керек болса» деген сақтықпен қақпаның алдына қойып еді. Тұңғат көзі түсіп кетіп жалт бұрылды. Сұқсырда бұл жолы бір гана «өз-гешелік» бар еді. Ол бүгін кек әйнекті көзілдірік киіпті. Сондықтан, оның жылтыраған көзі сырттан қараган адамға көрінген де жоқ. Оның қайда, кімге қараганы да белгісіз.

Ең үлкен аландардың бірінде жуан бір чех офицері-нің қолтығына қуыршақтай болып домаланып Жәм-жан көрінді. Оның артынан бір жақ аяғының сылтығы бар арық бір офицердің қолтығында асылынып бара жатқан Құлтай көрінді. Тұңғаттың көзі жыпық-жыпық

етті. «Жетіскең екенсің!» деді ішінен. Біраз қызарған-дай болып тұрды да, артынан қолын бір-ақ сермеп, сыртына бұрылғанша болған жоқ, бұлар түскен жақ құймадан берірек мылтық даусы тарс ете түсті. Құлагы жаман үйренген обыватель-тоғышарлар, бірінің қолтығынан бірі ажырап, көздері бақырайып біріне-бірі қарады.

— Не болып қалды?

— Тағы не пәле?

— Ол кім?

— Немене? Немене? — деді ,мылтық даусы шыққан жақтан келген адамдарға, аяғының сылтығы бар арық офицер. Аузы аңқиып, көзі тасырайып тұрган Құлтай-ды қайта қолтықтады да, мұртынан күлді:

— Ничего модмазель! Не боятся? Наш потруль мальчик убиль! Забор прыгал,— деді шала-шарпы орыс тілімен.

XXXII

Олар үшеу еді. Үшеуі да консёрв заводында алдыңғы қатарда тұрып төңкөріс жауларына қарсы оқ атты. Олар қазір түрменің камерасында жатыр. Екі күн болды. Қазір оларды кішкентай ғана бөлек бір камераға шыгарып қойды.

— Мен бір жұмадан бері үйден хабар алғаным жоқ. Алғашқы кезде піскен нанның ортасынан бір жапырақ қағаз алып оқып тұратын едім. Енді оны көргенім жоқ,— деді көзі үңірейіп ішке батқан, өні сарғайған бір орыс әйелі. Бұл — үшеудің бірі еді.

Тапал бойлы, қара мұртты, кішкентай қысық көзді, қара торы қазақ жігітті чехтар қалага кірердің алдын-дагы өз ойын сейлеп отырды:

— Сегіз пулемет. Басқа қару-жарақ бар. Біз неге оларға күні бұрын шабуыл жасамадық? Неге құр әшейін андысып қана жаттық? «Далаға күзет қойдық. Ешкім келмейді. Жиналышп жата беріндер!» деген кім осы? Сол кім?... Соны айтқан кісі-нағыз предатель!.. Мениң сол түні үйқым келген жоқ. Аландадым да жаттым. Тұнгі сағат екі кезінде тұрып терезеден қарасам, станса жақтан қаз-қатар тізілген қарулы чех-словактар келіп қалған екен. Жалма-жан жолдастарды, сендерді оятып мылтыққа жүгірістік. Өте кеш қалыптыз. Жарты-ақ сағат атыстық қой! Жарты-ақ сағат!

Мүйісте қисайып жатқан көмірдей қара жігіт тісін сыйырлатып ұшып турегелді:

— Сен не езіп отырысың? Өтіп кеткен жұмысты... Бізді енді атады! Сол! — деді зілді дауыспен. Эйел мәлиип қара жігітке қарады да, әлдене деп күбірледі. Артынан безгек ұстап отырган адамдай болып тітіреніп, қысық көзді жігіттің қолын ұстады.

— Мен тоңдым!

Қысық көзді жігіт ұстіндегі бешпетін шешіп әйелдің арқасына жапты.

— Өзіңші? — деді әйел.

— Мен тоңғаным жоқ.

Біраз уақыт ұшеуі де үндемей отырды. Түрме жымжырт. Түн терезеден түксіеді.

— Сагат неше екен? — деді қысық көзді тапал ақырын.

Оған да ешкім үндеген жоқ.

— Эй! Сен екеуің жүнжіп барасындар гой!

Көмірдей қара жігіттің сол даусына екеуі де селкете тусти.

— Кім?

— Сендер.

— Е, неге?

— Үндерің өшті?... Уайымданатын дәнеңе жоқ. Әйтеуір өлеміз. Өлең айтсақ қайтеді?

Оңи сарғайған әйел арқасындағы бешпентті екі жақ шынтағымен кейін ысырып тастап, ақырын өлең айтты.

Смело товарищи в ногу,
Духом окрепнем в борьбе!

· · · · · · · ·

Түрменің іші күнгір-күнгір етіп тұрды. Түрменің жапсары бірге сөйлегендей болды.

— Молчай! — деді тесіктен сығалап, қарауылшы.

Оған да өшкен жоқ.

— Молчай!

Алдында офицер, үш-төрт чех, түрме бастығы, кілтші саудырап кіріп келді.

— Молчай!

* * *

Олар үшеу еді...

Үш-төрт чех солдаттары оларды түрменің ішінен ақырын алып шықты да, «Әтеш қаласының» көшесін аралатып отырып, Есілдің биік жарына қарай айдады. Үшеуі де көздеріне жас алған жоқ. Үшеуі де бірдей аттауга тырысты.

Тұн-қабағын қарс жауып тұксиген қалпы. Қора-қорада тауық шақыргандай болды. Тәмен қала жақта водокачканың пыс-пыс етіп су тартқан дыбысы естілді. Әлдеқайда паровоз айқайлады. Міне, биік құлама жар. Айнала қап-қараңғы, әлденеткен қолаңсы иіс шығады. Боктықтың ісі.

— Шагом марш! — деді офицер үшеуін де сырт айналдырып қойып, винтовканың құлагы сатыр-сұтыр етті.

— Он бес қадам артқа! — деді, солдаттарға команда беріп тағы да әлгі даусы.

— Господин капитан! Дәнеңе көрінбейді!

— Чего?

Бір солдаттың винтовкасының құлагы тартылмады.

— Сволочь, Рутак! Сенбісің? — деді әлгі чехтың қасына жетіп келіп офицер. Шапалақ сарт ете түсті.

Винтовканың құлагы түзелді.

— Раз, два...

— Госпадин капитан! Дәнеңе көрінбейді!

Жалт бұрылып қараган офицер тұксиген қараңғылықтан басқа дәнеңе көре алмады.

— Сволочь, куда? Куда? — деді солдаттармен бірге жүгіріп барып.

Чехтар олай да, былай да жүгірді.

Үшеуі зым-зия жоқ.

Жарты сағаттан кейін, Қабыл, Надежда, Конар үшеуі қаланың сыртын айналып, қалың ағаштың ішіне кіріп бара жатты.

БІРІНШІ КІТАЛТЫҢ СОНДЫ

ПАРТИЗАНДАР

ПОВЕСТЬ

АУЫР КҮНДЕР

...Кеше таң атқаннан бері батыс жақтың дүңкілі ба-
сылмады. Кеше таң атқаннан бері, батыс жақтаи қарап
шұбырган қараның саны — ақтың солдаттары, казак-
орыстар, әлдеқай жерлердің бала-шағалары мен шұбыр-
ган байлары, обоз көбейе берді. Кеше таң атқан мезгіл-
ден бері ауыл байларының, ақсақалдарының «қара
шаңырақтары» алдында қазан арылмады, ошақ оты-
сөнбеді.

Қашқан актар, ақтың «шенді» адамдары: офицер-
лер, атамандар, ауылдың байларымен, қажыларымен
араласып, шүйіркелесіп кетті. «Тамыр» болды. Қазак-
тың байлары, қажылары, қу сәудегерлері ақтардың те-
релеріне барын аямады. Жақсы ер-тоқым, жақсы ат —
солардікі болды.

Бірсыныра офицерлердің ат қосшылары, малайла-
ры (денщик) ногай, башқұрт солдаттары еді. Қебінесе,
офицерлерге тілмаш солар болды.

Сөйтіп жатқан уақыт.

Үрсай еліндегі атақты байлардың бірі, Тұқпат қажы
актардан қару-жарақ сұрап алғып, елу адамнан отряд
құрды. Ауыл-ауылды аралап жүріп, қараша үйлі ке-
дейлірді, әлсіздерді зар қақсатты, сабады, тонады. Бі-
рін қорқытса, үркітсе, екінші біреулерді, араласып
жүрген ақтардың қолына ұстап берді. «Мынау нағыз
большевик жақтық!» деп, ауылдың қотанында атқызып
та тастады. Қараша үйлердің жетім қалған балалары,

жесір қалған өйелдері, көздерінен қанды жастарын сорғалатып Тұқпат қажының өзін, тұқымын қаргады. Шаштарын талдап жұлып, беттерін тырнады. Еңреді, боздады.

1916 жылы патша жарлығымен қазақтан солдат алынады деген кезде, онда да ауылдың зары, көз жасы сел болып еді. Онда да ауыл еңіреп, боздап, бет тырнап, шашты талдап жұлып еді. Онда да қара бұлт түнеріп, ауыл құңғреніп еді...

Бірақ бұл құңғрену, еңірену, ол күнде гіден ана ғұрлым басым, ана ғұрлым ацы зарлы, аянышты көрінді. Айналаны шолсаң, бір жағың шұбырыған мал, жан, обоз, қиратылып жол үстінде жатқан жаңа пәуеске, автомобіль, өліп жатқан адам, ат... Бір жағың — найза үйірген, қылыш жарқылдатқан ақ бандалар... Бір жағың — жылап шулаған бала-шағалар...

Тұқпат қажының отряды, ауылды дүрліктіріп, еркектерін ортаға алып жатқанда, олардың сонынан «ойбай бауырым!» деп ере шыққан өйелдерді, жас келіншектерді, екеу-екеу болып жүрген мас солдаттар, казакорыстар құшақтап өуре қылыш, шіліктің, үйлерінің ішіне қарай сүйрейді. Қараша үйлер дал-дал болды, еркектерінің (көбінің) қарасы өшті. Әйелдерінің әбүйірі көрінген банданың қолында масқара болды.

Сейтті, сондай ауыр күндер болды.

БЕТПЕ-БЕТ

Алпысбайдың Қостанайдағы қызыл партизандардың отрядынан аман қалып бері келгеніне, бір талай үақыттар өткен.

Мұны ауыл адамдарының көбі білмейтін.

— Қайдан келдін? — деген адамға, Алпысбайдың беретін жауабы:

— Жәй әшейін... Жер көріп, дәм татып келдім...

Алпысбайдың жатқан жері «К» ауылсындағы Темешбай дейтін бір бақташының үйі. Бұл ауыл. Тұқпат қажының ауылынан 22—23 шақырым қиғаш отыратын.

Алпысбай Қостанайдан партизандар отрядынан келген соң қарап жатпады, әйтеуір қашанда болса бір күні қызылдар келеді гой. Оған дейін, олардың жолын біртіндеп арши тұрайын, деген оймен, «Жанбота», «Самал», «Көбек», «Жоталы» деген ауылдарды өте сақтық-

пен аралап жүріп, кедей-батырақтардың арасынан орыс-казагы аралас отыз кісілік бір отряд құрды. Ол отряд бері келе зорайып, алпыс-жетпіс шамалы кісі болып, «Қызыл партизандар отряды», «Алпысбай отряды» аталып кеткен еді.

Көп уақытқа дейін бұлардың бәріне бірдей винтовка мылтық, қылыш түспеді. Найзалары үш сала айыр, басына істік темір шегелеген сырғық құсаған сойыл. Біразында берденке, бытыра, шиті мылтықтар болды. Біренсарап қолға түскен винтовка болса, оған патрон табылмады. Табылған күнде, бұрын мұндай соғыс мылтығын үстап көрмеген ауыл кедейлері, батырақтар, оны атудың тәсілін таба алмады. Алпысбай, бір жағынан отряд жинаса, екінші жағынан, бұларды мылтық ұстауга, винтовка атуға үйретті. Бірақ өте сақтықпен істеді. Бері келе Алпысбайдың отрядына Владимировка, Мусин (Явенко), Арканыской, Ровлевке, Балтавка деген поселкелерден азды-көбін орыс крестьяндары қосылды. Олардың көбі мылтық атудың тілін жақсы біледі. Қазақтардың көбін солар үйретті.

Алпысбай бұрын отрядта жүргенде бірнеше бомбыны беліне тізбектеп алып жүретін, аяғында сол бомбыларды еш адамға көрсетпестен елге ала келді. Бірнеше уін өзіне помощник болып жүрген Тарасқа (Тарас Иванович) берді. Өйткені, Тарас Иванович бұрын Герман соғысында журіп бомбаны қалай қолданудың әдісін біліп қалған адам еді.

Бір күні бірнеше қазақтарды бомбамен таныстыру керек бола қалды да Алпысбай, Тарас Иванович екеуі ауылдан аулақ, ойпандау бір жерге бомба лақтыруға келді. Ол кезде де ақтардың шұбыртынды бөлшектері айнала сабылып жүретін. Бірақ Алпысбай жатқан төңірекке ондайлардан еш біреу қалған жоқ еді. Өйткені қара жолдан көп бұрыс жер.

Алпысбай бомба лақтырардың алдынан еріп келген бірнеше адамдарға (қазақтарға) кейінірек барып бұғып жатудың керектігін айтты. Сейтті де, сырты қыртыс-қыртыс бомбалардың біріне капсул салып (бомбаны жарғызатын тетік) қасындағыларға:

— Ал, кейін барып жатыңдар, шапшаң! — деп айқайлады.

Бұрын мұндайды көрмеген Ақпанбек, Болатбек, Тасыбай, Жарымаған сияқтылар жиырма қадамдай жер кейін барып етбетінен түсіп, енді не болар екен деген

кісілерше көздері жылтырап, демдерін әлсін-әлсін алып, бұғып жатты.

Алпысбай бомбаны лақтырып тастап, Тарас екеуі жүгіріп келіп жата қалды.

Әлден уақытта бомба түскен жердің топырағы аспанға ұшты, қап-қара тұтін болып кетті. Даусы құлақтың ішін жарып кете жаздады.

...Кердің бе бәлем деген кісілерше, етбетінен жатқандар бір-біріне қарады.

— Жоқ ойбай! Мынауыңың ебін біз әлі білмеспіз!..— деп отрядтағы қазақтар (тіпті кейбір орыс жолдастар) бомбага жоламады.

Алпысбайдың отрядына бірталай адам болса да, олардың барлығын бірдей бір жерге топтап жату қын болды. Өйткені, ауыл арасында байлардың сыйыр-күбірі көтеріліп, ең аяғында бұл хабар Тұқпат қажының ауылындағы ақтардың құлағына шалынды. Тұқпат қажы:

— Алпысбайды жапырақ қып тураймыз!— деген хабар таратты. Сол «мұддесін» орындау үшін, ақтарды партизандармен күресуге көмекке шақырды.

Бір күні кеш еді.

Тұқпат қажының үйінде ақтардың шенділерімен аралас, байлар, Бұзаубай, Қабысбай, Аулабай, Әбді қажылар тегіс жиналып отырып мәжіліс құрды. «Тұн ішінде барып, абайсызда Алпысбайды отрядтарымен қоса қамап ұстап алу керек» десті. Әрқайсысы әр түрлі үйгарды. Біреулері «Сол ауылды тун ішінде мұлде ертеп жіберу керек. Бәрі де қызылдар жақ»— деді. Біреулері: «Алпысбайды тірідей ұстап, терісін жону керек»,— деді.

Офицерлердің бірінің даляршысы бір башқұрт солдаты бастығының айтқанын перевод қылған болып:

— Айқай, бай абзилар, қажы абзилар. Білмейдіңіз. Бид бит аңдай ененді... Қызылдарды ит орнына иойдық. Қызылдар бит олар, бідінің Заки абди¹ әйтмисли, иңламга қарсы иогысалар. Әйда тұтабыз да өлтірабыз,— деді.

Бұл неменің сөзін Тұқпат қажы аса қуаттап әкетті. Сақалын салалап, қарқ-қарқ күлді де былай деді:

— Әлеумет! Қызылдарға жем болғанша, ақтардың

¹ Зәки — Уәли — башқұрт байларының оқымысты адамы. Төңкеріс дүшпаны.

қатарында, дін үшін, патша үшін соғысып өтейік. Ысырайдың аруағын көтереміз десендер мынау атқа мінген арыстандай елу жігіт, әуелі құдай, екінші, мына кісілердің (ақ бандылардың дегені гой). Менің соңыма еріп жүріндер. Өлсек шэйт, қалсақ қазы боламыз!..

Сол серттен кейін басы Тұқпат қажы, елу жігіт, жиырма шамалы ақ бандылар болып, сол күні түнде атқа мінді.

Бұлар, сол күйімен бара тұрсын, енді Алпысбайға келейік.

Сол күні кешкे Алпысбай жатқан ауылға шапқышы болып кісі келді. Бұл келген кісі дәл Тұқпат қажының ауылынан емес, онан екі-үш шақырымдай гана қашық отырған ауылдағы Саналы деген бір батырақтың (бұл батырақ Алпысбай отрядына жазылған адам) әйелі еді. Саналы сол ауылда болып, Тұқпат қажының манағы ыңғайын естігеннен кейін-ақ, өз ауылына қайтқан болатын. Кісі көзіне түсіп қалмастай оймен, әйелін жіберген мәнісі сол еді.

Тұқпат қажының бұл хабарын естігеннен кейін әйелді ауылына қайтарып жіберіп, Алпысбай кісілерін жинады. Уақыт тығыз, етек-жәнді түгел жинап алуга мұрсатана жоқ. Тарас екеуі кеңесіп, төңірегіндегілерге істің мәнісін түсіндіргеннен кейін, мынадай серт қойды:

— Бұл жатқан ауыл, қайда барғанымызды білмесін, бұл бір. Екінші, біз келе жатқан қолдың алдынан шығайық. Қол келетін жолдың жиегінде «Тұлкібас кардоны» дейтін кардон бар. Соның ішінде жасырын күтейік. Бұйрық бермей, ешбір адам мылтық атуши, көзге көрінуші болмасын. Ешбір дыбыс білдірмендер, үшінші қақ жарымың мынау Тарас Ивановичтың-қол астында болындар. Олар жолдың екінші жақ жиегінде, картонның екінші бетінде тұрады. Мұндағы мақсат келген жауды екі жақ бүйірден соғу. Біздің жақтан қиқу шыққанда, сендер де қиқуды салып тұра ұмтылындар!.. Ұқтындар ма! — деді отрядқа.

Тарас Иванович орыс жолдастарға түсіндіріп жатты.

— Ұқтық! — деді отряд.

— Естерінде болсын, жаңадан қосылғандардың арасында кейбір жүрегі тұрмайтындарың болса, осы бастаң айтып қойындар. Ондай адамдар қалып тұрсын, — деді Алпысбай.

Ешкім бұған жауап бермеді. Әрқайсысының жүргегі асау аттай тулап, «не болса да бір көрсек екен, не болса да, жауды мұқатсақ екен!» деп тұрды.

— Қане, аттандық! — деді Алпысбай, атына мініп. Ауылдың сыртына шығып, отряд екі лек бола қалды. Бір бөлегі Тарастың соңынан, бір легі Алпысбайдың соңынан ерді. Бірақ кардонға жеткенше бірінен-бірі қалған жоқ.

Түн жым-жырт...

Аттардың тұяғы қарды кірт-кірт басады. Бірденеңің боларын аттар да сезген сияқты пысқырады. Әлдеқайда жол үстінде прешке арбаның салдырағаны естіледі. Отряд кейде тоқтап, құлақ салып тыңдайды. Кейде желе-жортып кетеді. Отряд кардонға жеткенше, жолдан қашық жүрді. Кардонға жеткенше ешкім бірін-бірі ым қаққан жоқ.

Алпысбай есіне Қостанай отрядында жүрген кезі, Далбалшевкедегі атыс сырғып түсті. Онда да партизандар отряды айнала қамаған жаудың ортасында жүрді. Онда да осындаған түнгі аттаныстар, қауыпты уақыттар болды. Бұз да сол сияқты. Айнала шұбырған, қашқан-пышқан ақтар. Фронт әлдеқайда алыс, жетпіс шақырым жерде. Онда қызылдар ақтарды бері тықсырып келе жатыр. Ақтардың алды соғыста, арты ауыл ауылды басып кейін қарай қашуда. Сол екі ортада жүрген мынау Алпысбай отряды... «Бір ойласаң қызық-ау!» — дейді Алпысбай өз-өзіне.

Тарас Иванович та өз басындағы оқиғаны ойлап кетеді. Ол 1919 жылы Герман соғысынан қайтып келді. Поселкесі — Владимировка. Әйелін, баласын өзі жоқ кезде ақтар, «Байыңды тап!» деп қамшысының астына ғалып, ең аяғында «қарсыластың» деп зорлап басып, найзамен шашып өлтірген. Мұны көріп тұрған он жастық баласы қыстың үскірік аяз түнінде далага жүгіріп шығып, поселканың көшесінде үсіп өлгөн.

Міне сонан бері Тарас Иванович амал таба алмай қашып жүріп, бұрынғы ашына, досы Алпысбайдың отрядына келіп бірнеше адамдармен қосылғып еді.

Алпысбайдың отряды екі жақтап кардон кіріп, біраз тұрғаннан кейін, ақтардың келетін жағында, жол үстінде дыбыстар естілді.

Ақтар ауылдан шыға сала ән шырқады. Басы офицер Мерошкин болып, мас еді. «Тәйір бұл жерлерде бізден басқа кім бар дейсің. Айналдырған бір төбет

қазақ отрядынан қорқамыз ба?» деген оймен, олардың көңілденіп «герой» құсап келе жатқан беттері болатын. Кейде ескі жорудың өзі де дұрысқа шығып қалады. Мұны қазақ «сәт» дейді. Сондай «сәт» жол үстінде Тұқпат қажының отрядында да болды. Алдымен аты сүрініп, барып Тұқпат қажы омағатып барып бір жыгылды. Осыны Тұқпат қажы іштеп жорып келіп, «әй алла, өзің дүшпәнға таба қыла көрме!» — деп бетін сипап, сақалын салалап қойды.

Алпысбай отрядының жау тосқан жері кардонды қақ жарып өтетін жолдың екі жақ жиегі еді. Екі ортасы қатарласқанда жыырма атты адам сиып өтетіндегі гана жер болатын.

Алпысбай манағы жоспарын азғантай гана өзгерти. Бұл жөнде Тараспен мына түрде ақыл қосты.

— Менімше, осы жер өте қолайлы. Біз жаудың алдыңғы тарауы бір жағымызға өте бергенде-ақ, екі жақтап бомба тастауымыз керек. Ол екі ортада отряд, екі айрылып кейіндеу барып тұрсын. Сен де сөйт, өз бастаған легінді онды-солды екіге бөл де, кейінрек қой. Алдыңғы бомбаны мен тастайын, ол жарылып болғанда-ақ сен екінші бомба таста. Соңан кейін ақ, жаудың алды-артын орай от қояйық! — деді Алпысбай.

Тарас Иванович Алпысбайдың бұл амалын өте жарамды деп тапты.

Уақыт жақын қалды, ақ бандалар шулаған бойларымен кардонға еніп келеді. Солардың шуының бір пайдасы кейде Алпысбай отряды жағындағы аттардың осқырығы оларға естілмей қалып тұрды. Аттар дамыл таппайды. Аяғымен қарды теуіп, құлақтарын қоқырайтып осқырады.

Алпысбай өз атын отрядтағы біреууге ұстатып, кейіндеу қойды да, беліндегі бомбаны алып «кәпсіл» салды. Тастаның ыңғайда алдында бір жуандай қайың ағаш түр еді. Оナン қашығырақ кетті. Бандылардың отряды қақ жартысы тұсына келіп өте бергенде бомбаның ыргақ темірін уысына қысып, «талмау тұсың осы ғой» деген кезде, серпіп кеп жіберді.

Бомбаның тас-талқан жарылған дауысы мылқау түннің жым-жырт қалпын бұзды. Кардон өкірді. Аны дауыстар естілді. Алпысбай басын көтергенше болған жоқ, екінші бомба түннің қараңғы кескінін быт-шыт еткен тәрізденді.

Жиырма минуттай уақыттан кейін, бір топ атты адам жау келген жаққа қарай сыйылып шыға қашты. Оның соңынан бір топ адам қиқу салып тұра үмтүлды. Онымен кардон ішіндегі атыс-шабыс тынған жоқ. Эр жерде, әр ағаштың түбінде жұлқысып жатты. Біреулер ыңыранды, біреулер шыңғырды. Біреулер бас-сауга сұрады. Тағы жиырма минуттан кейін Алпысбайдың ат үстінде тұрып: «Өй, қайдасындар?» деп отрядындағы адамдардың кейбіреулерінің аттарын атап, айқайлаған даусы естілді. Әлдеқай жерде мылтық атылды, қиқу естілді. Әрі-беріден соң жым-жырт бола қалды. Алпысбайдың даусын естіген соң-ақ:

— Алпа! Біз мінекей! — десіп, біrnеше адамдар тұс-тұстан шапқылап келді.

Алпысбай, аяқ астында тұс-тұста қарайып құлап жатқан денелерге, тыптырып тұрган аттарға қарап, төңірегінде гілерерге:

— Тарас қайда? — деді

Ешкім үндемеді. «Шынымен Тарассыз қалдық па?» деді ішінен Алпысбай. Жүргегі мұздай болды. Басы айналған тәрізденді. Аттан тұсіп, маңдайындағы терін жеңінің ұшымен бір үйкеп қойып:

— Жігіттер! Тұгелсіндер ме!.. Бірінді-бірің бай-қандаршы! — деді.

Тағы да ешкім үндемеді.

— Тарас бір топ кісі болып қашқандарды қуып кеткен сияқты болды-ау, осы! — деді шетте тұрган біреу.

— Иә, Тарас Иванович қашқандарды қууға жөнелді, рас! — деді орыс жолдастардың бірі, шала тілмен.

«Бәсе солай болса керек еді», — деді Алпысбай өз-еziнен.

Сүйдеп тұрганда алды жаяу, арты атты бір топ адам жақындалап келіп қалды. Алпысбай Тарас Ивановичтың даусын танып жетіп барды.

— Тарас Иванович, саумысың?

— Саумыз. Мынау иттерді тірідей ұстал алдық.

— Бұларың кім?

— Офицер Мерошкин және біrnеше бандалар. Орыс, қазақ аралас.

Мерошкин өкіріп келіп, Алпысбайдың аяғын құшақтай жығылып еді, Алпысбай теуіп жіберді. Офицер сылқ етіп барып құлады.

— Қане, өз кісілерімізді түгендейікші! — деді Алпысбай.

Тарас тұтқын бандаларды бір топ атты партизандардың ортасына ііріп қойып, Алпысбаймен екеуі аяқтың астында әр жерде жатқан адамдарды сіріңке тұтатып кейпін байқады.

Тұн салбырап қарап тұр. Ешқайдан бетен дыбыс білінбейді. Азғантай жел үрледі. Аспанда түнеріп тұрған қараңғы қара бұлттар бірте-бірте жоғала берді. Жұлдыздар тұс-тұстан жымыңдай берді.

Алпысбай мен Тарас екеуі, өз адамдарын байқап болып отрядқа мынаны ескертті:

— Жігіттер!.. Бізден жеті кісі тәңкеріс жолына құрбан болған, төрт адам жааралы. Бандылардан өлген адамдар жиырма сегіз... Тұқпат қажы үлардың ішінде көрінбейді. Тегі бірталай адам қашып құтылған болар.

Сүйідеп, Таразты аулағырақ шақырып алып, екеуі біраз сейлесті. Артынан Алпысбай тағы да:

— Біз жаудың ортасында, қамауда жүрген адамдармыз. Біз жүрген тәңіректе не тау, не онша бір қалың ағаш жоқ. Сондықтан, біз тұтқын алып жүре алмаймыз. Екінші, бізді ұстаса, бандылар бастан сипап қоя бермейді, ит қорлықпен өлтіреді. Тұқпат қажының қасындағыларының кімдер екендігін өздерің білесіңдер. Сондықтан үлардың... Көзін жоғалту керек. Бірнеше кісі қазір соны орындаңдар!

Тарас Иванович бұл сезіді орысша айтты. Соナン кейін бірнеше атты адам бандыларды ағаштың тасасына айдал алып жөнелді.

Бір кезде мылтық тарс-тұрыс етті. Әрі-беріден соң тағы да жым-жырт.

Алпысбай мен Тарас Иванович партизандардың алдына түсіп, кардон ішінен шығып бара жатты.

24 САҒАТТЫҢ ІШІНДЕ

Таң бозарып атты. Ауыл арасында біртіндеп қара көрінді. Өлдеқай үйдің қорасынан айырылып шөп алып төмен қарай тастап жатқан біреу есігінің алдында ала ту желпілдеп тұрған Тұқпат қажының үйіне, оның тәңірегіндегі байлаулы тұрған, арқасынан ер-тоқымы алғынбаған аттарға қарап қол былгады.

— У-у-уай!

Таңертеңгі жым-жырт дала да айғайға қосылып жаңғырыға қалды: У-у-уай!

Әлгідей болмай, бірнеше казак-орыстар мойында-рына асқан қылыштарына сүріне-жығыла, шөп тастап жатқан қораның бұрышына келіп, құшақтап-құшақтап шөп көтерді де, қораның ішіне кіріп жоқ болды.

Тұқпат қажының үйіндегілер, әлдеқашан үйқыла-рынан оянған. Тұқпат қажының тоқалы Күмісай құлаң қораның ішінде үлкен жез самаурынды шұқылап, түтінді бұрқыратып жатты.

Қай үйдің есігінің алдына қарасаң да қылыш, мылтық асынған казак-орыстар. Қонышы тізесін соққан ұзын бітеубас етікті, белін қынай бунаған жас жігіттер. Олардың да кейбіреулерінің белінде қылыш, кейбіреуінің қолында мылтық бар. Бұлар—Тұқпат қажының жігіттері.

Тұқпат қажының өзі қайда? Тұндегі «жорықта» ол не қып аман қалды?.. Оның ең аяғы мұрны да қанаған жоқ па? Ол, аман қалған күнде, не күйде? Не қылмақ боп жатыр?.. Әлде, ол райынан қайтып қалды ма? Енді большевиктерге, партизандарға қарсы шықпайтын болған шығар?..

Бірақ Тұқпат қажы аман қалды. Тұнде партизандардың алғашқы бомбасы тасталғанда-ақ, ол бірнеше жігітті ертіп, алды-артына қарамай қаша жөнеліп еді. Екі жақ біріне-бірі айқасып, наизаласып, қылыштасып қалғанда, Тұқпат қажы, Төлеңгүт қажының баласы Жұмагүл, Сәтбай сөудегер, ол айқасқан арасында әлдеқашаннан жоқ еді. Бұлар Мерошкин офицердің беліне қашқан кезінен бұрын кеткен. Сүйтіп, көзге де түспей қалып еді:

Ұзын бойлы, шикі сары, шоқша түмсықтылау келген алпамсадай бір казак-орыс самауыр жанындағы еңкейіп тұрган Күмісайдың бексерсіне алақанымен қатып қалып:

— Маржанықі қүйрық жақсы. Біздікі де маржа осындай болған.

— Кет, өй қағынды келсін сол! Онысы несі, жазған басым?

Күмісай қолындағы самауырдың ішін түрткіштеген тал шыбығымен казак-орыстың қолына ұрды да:

— Өй, тамыр. Жарамайды. Біздің закон қоспайды. Қажы моклашке береді!— деді, жымия қараган казак-орысқа.

Казак-орыс шегір көзін қыса түсіп, мұртын сылап-сипап қарқ-қарқ күлді.

Мұны байқал тұрган қара бұжыр, пұшпақ берік қазақ жігіті жетіп келіп, казак-орыстың жауырына бір қағып қалып, күлімсірей түсті.

— Бұл қажынікі қатын... Свой человек... Бұған ти-ме, мырза... Қажы өкпелейді. Сен мейман... Жара-майды...

Казак-орыстың ожырайып қараган түрін көрген соң-ақ жігіт зыта жөнелді.

Күннің көзі жоғары өрледі. Далада ақ қардың ұстінде қыбырлап, жыбырлап жүрген мал да, жан да көзге анық көрінді. Ауыл арасында олай-бұлай журу-шілер тағы да күндегі қалпына түсті. Әр жерде ай-қай-шу...

— Петро!.. 28-батальонның обозы Есілге қарай жөнелді.

— Малашкин!.. Қане, аттарды суар!

— Братья! Бұл ауылда өзіміз бармыз, алдағы ауылға тартындар!

Бұл қай ауыл?

— Тұқпат қажы... Тұқпат...

Батыстан бері қарай шұбырған атты, арбалы жаяу халықтың ішінде казак-орыстардың өлеңі де естіледі.

Пошли, девки, на работу,
Пошли, девки, на работу...

Артынан бірнешеуі шулап қосыла кетіп, даланы бастарына көтерді.

На работу, кума, на работу...

Тұқпат қажының жүріс-тұрысы, бұрынғыдай емес, өзгерген. Басын әлденеге таңып алған. Бірнеше казак-орыс төрелерімен, қазақтармен араласып үйден шықты да, ақырын басып отырып, шабағы қирап, доңғалақтарының бірі бар, бірі жоқ көсіліп жатқан өгіз арбаның қасына келді. Қасындағылар да сол жерге нірліп тұра қалды.

Қолындағы шолақ қамшымен етігінің қонышын сартылдатып ұрып бір казак-орыс тұр. Бұл жасауыл Самародов еді. Орта бойлы, сүйір мұрынды, қабағы қарс жабылған, беті қатпар-қатпар. Жәй тұрган түрінің өзі, шаш ал десе, бас алатын адам екенін анық көр-

сетеңді. Қанталаған көзін құтырған иттің көзі құсатып, бір тәңкеріп тастады да, Тұқпат қажының жауырынынан сипады.

— Бай, сен неге уайымдайсың?.. Біз жаяу солдат емес, атты адамбыз. Біз дәнеңеден тайсалып көрген смеспіз. Сен біздің большевиктен қорқып кетіп бара жатқан деп ойлама. Біз әшейін, уақытша, соғыстың бір тәсілімен шегініп бара жатырмыз. Что, бізге сенің қызыл бандыларың, два счета, біз оларды жоқ қыла-мыз. Міне, әлі атамандар келсе.. Фу, шіркін! Ойнаған екенсің бізбен. Раз ұрдық па, четыре зубы ваших нет! Жиырма төрт сағаттың ішінде красный банды ту-ту!..

Тұқпат қажы осы шын айтып түр ма деген кісіше, жасауылдың бетіне қарай қалды. Артынан құлімсірей түсіп, жасауылдың иығына қолын салып, жасырын сыр айтатын адам құсап, басын жақындаатты.

— Алпысбай, Тарас деген бандыларды тез жою керек. Олар тірі тұрганда бізге атар таң, шығар күн жоқ. Алпысбай мошенник, Тарас та мошенник! Біздің бірталай адамды солар өлтірді.

Бұлар иіріліп тұрганда, ауылдың сыртынан бір шана қатын, бала-шаға қастарына жақындаап келіп қалды да, әлгідей болмай, жоқтау айтқан, боздаған қатындар шанадан түсे сала қажыға қарай бет бұрды.

— Аллай, аллай, аллай!

— Құрмалдық-ай, жасаған-ай!

— Қарашығым-ай, құлымым-ай, боздағым-ай, арыстаным-ай!

— Аллай, аллай, аллай! Аллаа-ай!

Бұқірейген, бұкшендеген кәрі кемпірлер ауылды бастарына кетеріп, еңіреп қоя берді. Тұқпат қажы ба-пар жерін таппады. Бұлар түндегі жорықта Тұқпат қажының отряды жағынан өлген жігіттердің үй ішіндегі кемпірлер еді. «Ел құлагы елу» дегендей, түндегі болған оқиға бірталай жерге жайылып қалды. Ең аяғы, кімдердің өлгені, кімдердің тірі қалғанына дейін естілген болатын. Тұқпат қажы шыдамады, қолын бір сермел, жылағандарға ақыл айтты.

. — Ай, қойындар енді! Мұндай өлім бақытты өлім. Алла тағаланың тағдыры сол. Бұлар — дін жолында шейіт болған ерлер. Қаһармандар. Бұған, қайта, қуану керек. Соңыра ол бәріңе де шапағатшы болады...

Казак-орыстар «буларға не жоқ! Неге жылайды»

деген кісілерше, таңырқап қарап тұрды. Бір жасауыл Самародовқа қарап, күйінген іспетті болды:

— Е, Василий Васильевич, осылардың неге маңырағанын түсінесіз бе? Мен түсінбеймін. Тіпті, тұрпайы-ақ қой өздері... Анау кемпірді қара, ерні, тісі жоқтығынан, мұлде ішке кіріп кеткен. Анау біреуін қара, бір кезі жоқ, не поймешь!

Самародов қолақпандай қып ораган махорке шылымын қатты-қатты сорып, былш еткізіп жерге бір түкірді.

— Непоймешь, Иван Сидорович! Тіпті аянашақ халық...

Жылап-шулаған қатындар ауылдағы үй-үйге тарасты. Тұқпат қажы оларды тарқатып жіберіп, сақалын салалап терең ойға шомғандай тұр көрсетті.

— Бай!.. Байымданба!.. Бұғін бір әбден тынығып алайық. Ертеңнен бастап біз ол бандылардың күлін кекке ұшырамыз. Ертең бізге бірталай қол келеді. Соны тосып алайық. Оナン соң бір айтатын жұмыс мынау: бізде қазір онды ат жоқ. Бәрі де соғыста жүріп қалжыраған, болдырган аттар. Сен бізге бірнеше жігіттерінді ертіп бер, біз олармен жүріп ат жинаймыз, кімде жақсы ат болса соны біз алатын болайық.

Самародовтың бұл сезін естіген Тұқпат қажы қолын кеудесіне қойып, қошемет көрсеткен тұр берді.

— Баракалла, айтқаныңыз орындалды. Тек жалғыз большевиктер құритын болсын!..

Айнала үйірліп тұрған казак-орыстар қарқ-қарқ құлді. Самародов бір көзін қыса түсіп, бір көзін бір нүктеге қадады да, қажының қасына келіп қолын ұстады.

— Нока, бай! Сенің ол мерзавец бандыларынды ертең жиырма төрт сағаттың ішінде жоқ қыламыз. Біз жаяу солдат емеспіз. Біз атышулы, казак-орыс атала-мыз. Әзір жасауыл Самародов тұрғанда, бұл маңайдан тышқанды да жүргізбейміз.

Күмісай құлаң қораның есігінен шығып тұрып қажыға бірдеңе дегендей болды. Қажы Самародовқа қарап езу тартқан бойымен:

— Ал, қане, тамырлар, үйге кірейік. Қолдарыңды жуындар,— деді.

Бес-алты казак-орыс қылыштарын сартылдатып, тез-тез аттап Тұқпат қажының соңынан еріп жөнелді.

Күн түс уақыты. Ауылдың бір шетінде бір топ казак-орыстардың ән шырқаған дауыстары естіледі. Әлдекайда қой маңырайды, ешкі бақылдайды. Үш-төрт жас қыздар қарды кірт-кірт басып, шолпылары сылдырлап, көршідегі үйлердің біріне бара жатты. Жанжаққа жалаңдап қарайды, аяқтарын асығып басады.

— Эне, ойбай келіп қалды. Қамила!

— Әу!

— Жұр, жылдам, жұр!

Көршідегі құлаң қораның есігі сықырлап ашылды да, қайта жабылды. Қыздар сонда кірді.

МИХАЙЛОВТЫҢ ЛАВКЕСІ

...Неге екені белгісіз, базарға келушілер бұрынғыдан ана ғұрлым көп. Қойдың, сиырдың стәгі, үн, бидай... Шана-шана бол қатар түзеген. Аяқтың асты — малдың тезегі, шөп-қоқым...

Әр жерде бірі алғып, бірі сатып жатқан, дабырлаған халық. Төңіректегі он бес, жиырма шақырым жерлердегі ауылдардан келген қазақ шаруалары «Суббота базарында» толып жұр. Оның ішінде бай мырзасы, алышатар сөудегері, әсіресе көп. «Суббота базары» сайын дөндеген. Тұра қалған жерлері сарт-сұрт шапалақ. Не сатып алады, не сатады, не айырбастайды.

Базардың бір жақ түкпірі бас жіп, ноқтаға тізген мал, бұл мал базары. Мұның ішінде казак-орыстар да аралас. Казак-орыстар мұнда мастир де, «базарбай» да, сатып алушы да, тартып алушы да, қит етсе боқтап балағаттап, желкелеп ала жөнелуші де болып жұр.

Бұлардың аузынан түспейтін дағдылы сөзі:

— Ей, ененді... Атанды... Шірік! Сатсаң осы бағаға сат, сатпасаң, айда, жұз басыға жұр!

— Своловчы! Ертең большевик келе қалса, астына жұмсақ көрпе салып, май-мақан беріп, қалай қошеметтер едің! Қане, бері жұр!

— Тимошке! Сол қырғызбен несіне саудаласып тұрасың. Аузына бір қой да, алыш жүре бер. Не қамшымен бір сал! Шабаш!

— Саган базар керек, ақша керек, а бізге подвод керек. Бері алыш жұр ат-шананды! Айда, скотина! Таңдайы тақ-тақ етіп, тұлкідей buquerque құйрыққа салып, көзі ойнақтап тұрган құ сәудегерлерге, бай-мырзаларға казак-орыс тие де қойған жоқ. Барын, жан

ашыр малын базарға салып, киінуге тұрган кедей шаруаларға, крестьяндарға казак-орыстың қара жүректері, ділір таяқты көп ойнатты.

Егер жұғыса кеткен казак-орыстар болса, қу сәудегерлер, мырзалар «ың жағына» шығып:

— Эй, тамыр!.. Сен бізге жақынсың... Сен мені «кеべш» базарында талай көрген боларсың! Прокофийді білемісің?.. Ол біздікінде болған. Біздің ауыл осы жerde, жақын. Келіп, мақан же! — деп ақшаларын сыйтырлата қояды. Ақша ауыздарына тығын салады. Оны місе тұтпағандарына шанада тұрган стактен ет шауып береді, ұн болса одан өлшеп береді, қалайда көңілдерін аулайды, жарамсақтанады.

Базардан аз-ақ қашық тұрган көк күмбезді, ақ тас шіркеу қоңырауды ерте-ақ қағып-қағып қойып еді. Базарға жұрт жинала берген сайын шіркеудің де қоңырауына дамыл болмады. Біреке даңғырлатады, біреке шіңгіл-шіңгіл етеді. Біреке қаланы өрт шалғандағы қоңырауындай болып, қатты-қатты қағады.

Саналы шіркеудің даңғыр-дұңғырына мазасы кеткен адам құсан, бетін тыржитып, жогарыға бір қарады да, ішінен «Осы не қыл деп тұр? Жар шақырғаны ма? Бұзаубай қажының дәкпіріндей дәкпір ме? Базарға жұрт жиналған түрі ме?» деп қойды.

Саналы Бұзаубай қажының үйінен бір шана бидай артып әкеліп еді. Оナン арылғанша қажының мырзасы мен екеуі базардағы у-шудың ең ортасында тұрды.

— Қалған бір қапты босатсақ, Михайловтың лавке сіне барып кездеме, қант-шай алар едік! — деді, қажының мырзасы, арық қара шұбар, жас жігіт. Аты Ботай еді.

Саналы үндемеді. Оның ойына Алпысбайдың отрядына жазылып тұрып, байдың бидайын артып, базарға келіп жайланаپ жүргендігі түсіп отыр еді. Ол отрядтың басшыларымен жолығып қалғанына, міне бүгін бір жұмадан асты. Соңан бері партизандар отрядынан ешкімді көрген жоқ. Олардың қайда кеткендігі, осы күні қайда жүргендігі белгісіз. Оларды кім біледі? Әлдебір жерде көп ақтардың қолына кездесіп, жазатайым қыргынга ұшырады ма? Әлде қолға түсті ме? Әлде бір жерде бұғып жатыр ма? Бұл Есіл тәңірегінде бүкіл бір отряд бұғып жататында саялы жер бар ма? Қалың ағаш бар ма? Тау бар ма? Биік құз бар ма? Жоқ! Ендеше, олар қайда жүр?..

Мал базарының төңірегінде олай-бұлай ат шабыс болып жатты. Әсіресе, қара сақалды, бүйра шаш бір сыған доп-домалақ бір қара жорғаны олай да, былай да жіберіп, жіберіп алды. Жұрт бірте-бірте мал базарына қарай ағылып барады.

Саналы мен Ботай бидайды сатып тауысып, мал базарында біраз жүрді де, шіркеудің бір жақ бүйірінде, бір кек дүкенге, Михайлотовтың лавкесіне келді.

Михайллов Евгенге поселкесіндегі бай да, амалқор да, жауыз да болатын. Ол ел қазақтарымен көтеп ашына. Ол сол төңіректегі Ірсай елінің атақты атанған байларының, қажыларының барлығымен де істес, барлығымен де жақын таныс. Ол поселкедегі крестьянға өтпеген товарын сол өзінің елдегі бай таныстары, тамырлары арқылы оп-оңай өткізетін, қонған түстенген байларды, ол өзінің үлкен қорасының ішіндегі пілегір үйіне жатқызатын; етпен, арақпен, шаймен, жұмсақ қалашпен сыйлайтын. Аяғында барып, сауда жұмысындағы амалқорлығын жүргізетін, мақсұтын орындаитын. Елдің бала оқытқан мұғалімдері шеттен хатты, газет-журналды сол Михайлотовтың адресі арқылы алатын. Өйткені оның адресі арқылы түскен почта жоғалмайды — бір; екінші — оны поселканың барлығы біледі, әсіресе почта тез біледі!

Қажының мырзасы Ботай Михайлотовтың лавкесіне кіре жөнелгендे, Саналы сыртта тұрды.

Тұс ауган. Базардағы жұрт бірте-бірте қаланың көшелеріне тарам-тарам болып тарқай берді. Анда-санда топталған атты казак-орыстар наизаларын тік ұстап шапқылап өтеді...

Михайллов-еңгезердей, буырыл сақалды, поптарша үзын өсіріп, сыртына қайырган, үлкен сұр көзді, мұрны қол тоқпақтай, қарынды орыс.

Лавкеде приказчигі мен екеуі ғана. Алушының кебі ел қазақтары еді. Михайллов қысқа көйлегінің артқы етегін бір тартып қойды да, есіктен кіре сала күлімсірей түскен Ботайға қол созды.

— Э, здарстый, здрастый! Бұзаубай аман ба? Қалага неге сирек келеді қартайды ма? Алжи бастады ма? Екеуміз жасты едік қой! Мен әлі алжығаным жоқ, қа-қа-қа... Айда, қош келдің!

Ботай қойнын ашып, қызыл шыт белбеуді босатың-қырап, езу тартып жымия қойды.

— Кемпір-шалға шай керек, қант керек. Етікке үлтан керек. Бар ма?

— Табылады. Эзір Михайлов тірі тұрганда, не табылмайды. Басқаға таппасақ та Бұзаубайға табамыз!

Басқа жүрт аласа бойлы, жирен сақалды приказчиктің төңірегінде турлі товар сұрап дабырлап жатты:

— Анау қызыл сатенге не сұрайсың?

— Барқыт бар ма?

— Анау шұбар сисанды көрсетші!

— Шылиялық қайысқа не сұрайсың?

— Шайың не тұрады? Нешінші?

— Маган бес өлше!

— Былғары жоқ па? Көзел...

Михайлов Ботайдың сұраған товарын алдына қойып, шот қақты.

Далада шананың үстінде отырган Саналының қасында түйе жұн шекпен киген, ескі елтірі тымақты салт біреу тұрды. Кескіні анық көрінбейді, көзі жылтырайды. Сыртқы түріне, атқа отырысына қараганда, былай өтіп бара жатқан адам, «тәйір, Ырсайдың көп үрүларының бірі шығар», — деп ойлар еді.

Бұл салт атты белгісіз кісі мен Саналының екі ортасында кейде сыйбыр, кейде күбір сияқтанып мынау сездер естіліп тұрды. Маңайдан өтіп бара жатқан адамға тек Саналы ғана мойын бұрын қарайды.

— Саналы, сен әлі Алпысбайдың отрядынан хабар-ошарсыз жүр екенсін.

— Е, қайдан білейін... Құр көңіл білдіргенім болмаса, өзім әлі күнге отрядқа араласып, жаумен бір жағаласып көрген емеспін.

— Әуелі — құдай екінші, сен себепші болдың ғой, өйтпегендеге түнеугүні Тұқпат бастап әкелген ақ банды жігіттердің қолына оңай-ақ түсетін едік. Тарас пен Алпысбай әлі күнге осыны айтып қоймайды. Бірен-санран әлгендер болмаса, басқамыз аман құтылдық.

Саналы шанадан түсіп, салт атты адамның торы тебел атының жалынан ұстады. Салт атты адам Саналыға қарап тағы да төменірек еңкейе түсті.

— Қазір өздерінде күй қалай?

— Күй онша қауыпсыз да емес. Жер-жерге бытырадық. Бірталайымыз Ақжар төңірегінде, бірталайымыз Андреевекенің күн батысында, Тарас, Алпысбай жөне бірнеше адам осында бытырап, жер-жерде баспа-на қып жатырмыз.

— Эй, казак-орыстар тосып жүр ғой! — деді, селкете түсіп Саналы,— көзге түсіп қаларсыңдар...

— «Суббота базары» сұлтау болды. Анау қаланың сыртындағы тиірменді білесің ғой?

— Жеті тиірмен бе?

— Ия, соның бер жағындағы бұзылған қорада. Гүргірейдің жесір қатынының үйінде жатырмыз. Тарас Гүргіреймен тірі күнінде өте достас болған екен.

Шіркеу тағы да қоңырау қақты. Бірнеше мас орыстар, мосқал қатындар бірі мен бірі құшақтасып ән шырқап, теңселе басып өтіп бара жатты. Саналы салт атты адаммен қоштасып, оны көзімен шығарып салды. Желе жортып, қарды артқы екі аяғымен кірт-кірт басып, лақтырып тастап бара жатқан аттың тұяғына салт атты адамның екі жақ бүйірін сабалаған екі қолының тіркесіне Саналы ұзақ қарап тұрды.

— «Әттең, бала-шага... Әйтпеген күнде бұлардан қалатын не бар?» — деді ішінен Саналы. «Е, олардашы!.. Оларда бала-шага жоқ па екен? Сөз бе екен?» — деді артынан тағы өз-өзінен.

Көп ұзамай Ботай да Михайлотовтың лавкесінен шықты. Сыртқы шұға күпінің қойны, саба қарынды үлкен, семіз бәйбішелердің кеудесіндей. Жиегін қызыл пұлішпен тыстаған ұзын қонышты байпақтың біріне қолды салып жіберіп шақшасын алды да, үлкен шақшаны ерінге көтерді. Артынан шақшалы қолын ұсынып тұрган Саналыға берді де:

— Жылдам ауылға жөнелейік. Соғысты жаман атап түр ғой!

— Кім?

— Михайлов шал.

— Не қылпты дейді?

— Не қылғаны сол. Атты бүршы!

Саналы атты оқысырақ бұрып қалғанда, кашво шана бір жағына қарап аударыла түсті.

— Байқап, байқап бүрсаң болмады ма?

Ат Есілдің биік жарынан төмен қарай шананы алды ұшып бара жатты. Есілден әрмен өтіп шыққанша шанадағылар біріне-бірі ым қаққан жоқ.

Саналы, қажының мырзасы Ботайды иттің етінен жек көретін. Оның мәнісі — Ботай өлгенше монтаны, боқтампаз, қыт етсе-ақ Саналыны әкесіне шағыстырыш келетін. Былтырғы жылы Ботай «Саналы қотаннан қой үрлап сойып жепті» деп, соның кесірінен Са-

налы қажының шебін шауып беріп, егін орып, соғып, үш-төрт айдың ішінде құннан әрен құтылған еді. Әйелі қажының үйіндегі құндіктен әлі құтылған жоқ. Сондықтан, Саналы Ботайға, оның үй-ішине өте жексүрүн көзбен қарайды. Оның жүргегіндегі кек, ыза баста осы жөнмен барып, ұлғайды.

«Не Баганалы, Тама елдерінің бірі болсам, басыңды өлдеқашан боктыққа жастап кетер ем, әттең араңда отырмын», — дейтін өз-өзінен ыздаланып Саналы. Тәңкөрістің тарихи алғашқы толқынымен бір аударылып түскенге дейін, жүргегінде алғашқы рет тап сезімі оянғанға дейін, Саналының кегі, ашулы түйіні, өзіне ғана жәберлік еткен Бұзаубайда ғана болды. Бері келе, Саналы өзі құсағандардың тіршілігін, тұрмысын салыстыруға кірісті. «Шорман» аулындағы Жақып Қыстаубайұлының, «Мәтен» ауылдындағы Алпысбай Сұт-емгенұлының, Тоқан, Салық, Көмекбай, Мергенбай батырақтардың ауыздарынан естіген, көрген жәберліктері, жүректегі түйінді кекті ұлғайтуға себепші болды. Бірақ ол ойды іс жүзінде біріктіру үйістыру деген мәселеге Саналы жете алған жоқ. Мұны поселка байларының бақташыларында орыс крестьяндарымен араласып өскең Алпысбай, Жақып сияқты батырақтар ғана үғына білді.

1918—1919 жылдары азамат соғысының окоптарына тәңкөріс рухын жұқтырып әкелген жабайы солдаттар ғана поселка-поселкага әкелді.

Алпысбай, Жақып сияқты «қой аузынан шөп алмас, момын» деген қараңғы қара батырақтардың салынауын ашып оларды пысық батырақ еткен, сонау сырттағы Қостанай партизандарының арасына алып барып қосқан себептері де, осы болатын.

Саналы жолшыбай шұбырган казак-орыстарға, көліктеге жол беріп, жолдан бұрылып:

— Келіп жатыр, келіп жатыр. Жаным-ау, осы не-мелер қайда бұғып жатқан халық? Осылар біздің жақтың халқы емес, ішкергі жақ болуға керек! — деді.

Анығында Саналы мұны жаңа ғана таңсық көріп таңданып отырган жоқ еді, мұндайды ол үш жетіден бері көріп келеді. Тек әшейін Ботайдың тілін шыгару, манағы Михайлотовтан естіген әңгімесінің шет жағасын байқау еді.

Ботай тамағын кенеп, кеудесіндегі қақырығын тар-тып, жерге бір түкірді:

— Соғыс жақындаپ қапты. Большевиктер Үпіні алып, ақтарды бері серпіп келе жатыр дейді.

— Михайлов айта ма?

— Енді кім дейсің?

— Е, ол пәле шал. Біліп айтады.

— Большевиктер ақтардан ана ғұрлым тиышсыз көрінеді.

— Қойшы?

— Қатыннан қатын, малдан мал қоймаса керек. Әсіресе, мешіт пен шіркеуге, молда мен попқа еш дейді.

— Қатындарды қайтеді екен? Соғысқа тамақ пісіруге алатын шығар?

— «Моя-твоя, твоя-моя» дегені бар дейді.

— Ол не дегені?

— «Сенің қатының менікі, менің қатынның сенікі» дегені дейді.

— Бекер емес пе екен? — Саналы көзінің құйрығымен Ботайға бір қарап қойды да, езу тартты: Біздің қатындарға өзі де қызықпас. Ақ отаудағы бұрала басқан қыз-келіншектер болмаса...

Ботай Саналыға қарай жалт бұрылғанда, Саналы атқа қарап қамшы салды.

«Осы иттің сөзі қалай?» деді ішінен. Оның ойна келіншегі түсті. Қылған қасты, таспа белді торы әйел көзінің алдында тұрган сияқтанды. Саналының әлгі сөзі жүргегін қызықтап өткен тәрізді болды. Саналыға жалт бұрылып тағы бір қарады. Саналы оны байқады, бірақ білдірмеді, жауап қатқан жоқ.

Оң жақ қолда, Иау ауылның төбесін көк сырмен сырлаған ағаш мешіті қалып барады. Әлдекімдер ағаштың ішінен отын теріп жүр. Ауылдың иті қатты-қатты үріп қала берді.

Саналының ойна манағы өзімен сөйлескен салт атты адамның сөзі түсті.

«Алпырмай, бұлар не қып быт-шыт бол тозып жүр екен?» — деді ішінен. Оның көз алдына жалпақ бұжырлау бетті, жалпақ мұрынды, қырма сақал, тікірейген күрең мұртты етегі білтеленген, түйе жүн шекпенді, көптен басынан түспей келе жатқан кішкентай қара қалпақты Алпысбай елестеді. Осы түрімен Саналы бұдан екі жұма бұрын, түнде өзінің жаман шым үйінде көріп еді.

Алпысбайдың осы кескінін көзіне елестетіп тұрып

Саналы партизандар отрядын, ондағы таныс адамдарды бірте-бірте есіне түсіре берді. Біресе оның көз алдына үнемі қуанышы қойнына сыймай тұрган кісішे күлімсірек беретін Жақып елестейді. Ұзын бойлы, ат жақты, селдір мұртты, қошқар тұмсықтылау келген жігіт. Мойнында сылып тастаған бездің тыртығы бар. Көзі үнемі күлімсіреп тұрады. Отрядтағы батырақтардың көбі оны «пірадар» деп атап кеткен. Сейткен тұрмен Саналы бірталай адамдарды қөзінің алдынан елестетіп шықты да, «бұлар қайда бытырап жүрекен?» деді тағы да ішінен.

— Тұқпат қажы жігіттерін казак-орыстарды ертіп аттаныпты дейді гой!

— Кім? — деді ерінген кісіше Саналы.

Ботай, көнтектенген ерніндегі насыбайын бас бармагымен тырнап түсіріп, шырт-шырт етіп бірнеше түкірді. Бірақ барғанин кейін:

— Әлгі Алпысбай итті іздеуге аттаныпты.

Күн батып бара жатқанда бұлар ауылға жетті. Бұзаубай қажының үйіндегі катын, бала-шаға базаршылардың алдынан шығып, Ботайдың қойнын босатып жатты.

Ауыл үйлері түн ортасына дейін ояу отырды. Базар әңгімесі бірталайға созылды.

Ертеңгі күн Евгенге қаласына қаптап келген ауыл адамдары, «еткен түнде Михайловтың лавкесіндегі барлық товарды сыптырып әкетіпті» деген хабар әкелді.

Мұны әркім әр түрлі жорыды. Бірақ көбі анықтап жори алмады. Мұны жалғыз Саналы ғана білді. Үйде шай ішіп отырып, аңы құртты «кірт» еткізіп бір тісте-ді де, мырс етіп мұртынан күлді.

— Не көрінді? — деді әйелі Қәтіш, бесіктегі бала-ны шешіп жатып.

— Жәй, өшейін... Біздің кейбір жігіттер Михайловтың лавкесін кәдеге асырған екен, — деді,

Кәтіш «арасында жүрсең сен де үлес алар едің, не-сіне, күлесің» деген кісіше, әкпе көрсеткен тұрмен, аузын торситып, Саналыға бір қарал қойды.

САТЫНДЫ САЛМАҚБАЙ

— ...Маган наныңыз қажы!.. Менің ақ патшага сіңірген енбегім аз емес еді гой! 1916 жылы Жамантуң болысындағы шабармандық еткен кезімде ақ патш-

ның жарлығына мойын сұнбаган талай қуларды крестяński нашандікке ұстатқызып бергізгем. Оны енді өзіңіз де білерсіз. «Алпысбайдың отрядында болған» деуіңіз қате. Оларды көргенім рас, бірақ қосылғаным жоқ. Мынау орыстарыңызға айтып түсіндіріңіз. Ақ патшаның өмірінен әлде болса таймаймын, қолымнан келген көмегімді беремін...

Алпысбай отрядын іздел жүріп Тұқпат қажы отряды «Шілікті» қыстауына қонып отырғанда, Салмақбай деген құ Тұқпат қажыға осыны айтып отырды.

Қазан асулы. Ауылдың «игі жақсы» адамдарының көбі Тұқпат қажының үйінде, қажымен қатарласып төрде отыр. Самародов пен бірнеше казак-орыс карта ойнады.

Тұқпат қажы күпісін жамылып, сақалын салалап, тамағын қайта-қайта кенеп алып:

— Нанбасқа да болмайды. Нанбай отырған күнде де ат пен шапан айып тартқызатын ой тагы да жоқ. Әкең Шектібай марқұм менімен құрдас адам еді, жаңы жаңната болғай-ақ. Алпысбайды көрдім деп өзің айтып отырсың гой. Нақақ екендігінді ісіңмен ақта. Әуелі құдай, екінші, ақ патшаның жолына қиянат еткен Алпысбай тәрізді мұндарларды ұстап беруге көмек ет. Ат арытып, ізденіп жүргендері мәніміз осы... «Себабіл мұсаппап» дегендей, себепкерлік ет, мақсұт қасыл болсын, ия, сұйт!

Қажының қасында отырған «игі жақсы» ауыл ақсақалдары «енді не айтар екен» деген кіслерше, барлығы да Салмақбайға қарады.

— Ия, қажы Қарамейін дұрыс айтады.

— Тұғырың төмен болғанмен де, атқа мінген атағың бар. Әлде болса ақта!

— Құдай үшін, дін үшін деген.

— Ия, Салмақбай шұбыртпалық ет, жолдасың қызыр болсын!

— Аумин!

Қатарда отырған ауыл ақсақалдарының біразы сейдеп көңілдесіп қойды.

Салмақбай төмен қарады. Оның манадан тосып отырғаны да осы сез еді. Ол ежелгі қара жұз тыңышы еді. «Ұлықтарға» жағыну, бірдің сезін бірге жеткізу, ұстап бергізу — оның ен жақсы көрген кәсібі болатын. Оның ойына осы жөнмен істеген талай жұмыстары тусты. Әсіресе, 16-жылы Жамантұз болысында шабар-

мандық етіп жүргендегі еткен «еңбегіне» крестьян на-
чальнігі арқылы алған жез медаль оны толғандыра
берді. «Мұны да көрсін» деген кісіше қойнын аша ту-
сіп еді, қызыл ала бауга жапсырган кеудесіндегі жез
медаль көрінді.

— Адал еңбектің белгісі анау ғой! — деді медальді
алдымен көрген ақсақалдардың бірі.

Тұқпат қажы оны көріп құлімсірей берді Салмақ-
бай көзінің астымен қарап қойды да:

— Мен ертең сіздермен бірге аттанамын. «Осын-
да» деген күдікті жерлерге түсіремін, құдай қуат бер-
се, себепкерлік етемін. Басым садаға! — деді.

Біраздан кейін Салмақбайдың кеудесіндегі медаль-
ді төрде бір жақ түкпірде отырган казак-орыстар ке-
зек-кезек тамаша етті.

Қажыдан медаль алғандықтың мәнісін сұрап еді,
қажы нобайлас түсіндіріп айтып берді.

— Значит, біздің кісі! — деді Салмақбайды арқаға
қағып Самародов.

Салмақбай, жымынып тісін ақсита қойды.

Қажы имамдық етті, отырган ақсақалдар ясиқ на-
мазын оқып алды. Кірі айғыз-айғыз дастарқан
жайылды. Ет отырган жұрттың алдына келіп еді, кейбі-
реулер қол жуатын оймен түрегеле бергенде, Салмақ-
бай шылапшынды алдарына әкеп, үлкен қара құман-
мен қолдарына су құйды.

Ет желініп болып, әрі-беріден соң жұрт далага
шықты.

Ай қараңғы, қара бұлттар бөлшек-бөлшек болып
аспанда тұксисіп тұр. Қыстау жым-жырт, Ешқайдан
дауыс білінбейді. Тек сыртта иттер ғана абалап үреді. Әлдекімнің қорасында, плетен сыртында от жарығы
көрінді. Онда казак-орыстар, отряд жігіттері қонып
жатқан, аттарын қарап, жем салып жүр еді.

— Эй, тыш, тыш!

— Так, так, так!..

БҮРҚАН МАҒЗҰМ

Есіл бойындағы қыстаулардың бірінен, капава ша-
наға, жеккен пар ат, аласа бойлы, сидаң шіліктердің
арасына кіріп біраз жоғалды да, әрі-беріден соң сопаң
етіп, батысқа қарап шыға жөнелді.

Кашаваның үстінде екі-ақ адам. Бірі — ұзын қара тұлымпқа оранған көшір. Бірі — төрде кашаваның бір мүйісіне жантайып жатқан сүр шенелді, үлкен сенсөң бөрікті жас жігіт. Өніне қараганда татарға ұқсайды. Кашаваның бір жақ мүйісінде тік сүйеніп қойылған карабин мылтық тұр.

Жақынырақ келіп қараганда адамға кашаваның алдыңғы жағы орта белінен орап-орап тасталған тәп-тештеулі сары қағаздар. Бұл «Қ» қаласында ақтардың шығарып тұрған, татар тіліндегі «Отан» жөне қазақ тіліндегі «Жас азамат» газеттері еді.

Кашавада отырған жас татар жігіті осы газеттерді таратып, әрі өзінше «уағыз-насихат» айтып большевиктерге неше турлі пәлені үйіп-төгіп журді.

Көшір бол отырған жігіт «Қ» қаласындағы жатақтардың бірі Бөгенбай Нұсерұлы деген қазақ еді.

Шанадағы татар жігіті басын жоғары кетеріп жанжағына бір қарап алды да, Бөгенбаймен әңгімелесуге кіріsti.

Бөгенбай алдындағы қарды қамшының сабымен біраз қаққыштап алғып, атты біраз аяңдатып, шанадағы жігітке бұрылышырап отырды.

Бара жатқан беттері қар басқан жазық дала. Бір жағында Есілдің биік жары көрінеді. Жардың төбесінде, тарғана сарғайып жатқан жолда, олай-бұлай өткен жалғыз-жарым атты, жаяу қара көрінеді.

— Эй, сенің есімің кім? — деді Есілдің биік жарын көзімен сүзіп келе жатқан көшірге татар жігіті.

— Бөгенбай Нұсербаев!

— Шолаймыни? — Мен сенің өзіңі Нұсербай деп жүрийін әлі. Алай екен!.. Эй Нұсер... Иоқла... Бөгенбай, қазір ненди ауылға барамыз?

— Қазір алдымызда жеті-сегіз шақырымнан кейін «Қойсойған» ауылы келеді, онан кейін «Тайсойған» бар, онан кейін «Түйесойған» келеді...

«Осы не айтып отыр өзі?» деген кісіше, татар жігіті Бөгенбайға біраз аңқырап тұрды да:

— Эй, Бөгенбай, сен миыңда әлләнәләрні боташтырдың аңламай қалдым... Өзің сен мұндағымы?

— Осындағы.

— Шәһәрдә көптен тұрасыңмы?

— Е, әлдеқашан бала жасымнан бері.

— Сен, бұжерлерні қайдан білесің?

— Е, қатынап тұрған соң...

— Қатын алып тұрғаш дейсіңмі? Қатынны шошындан алдыңмы?

— Жоқ, ойбай, қатынап, араласып тұрған соң деймін!

— Ә-ә-ә...

Біраз жерге дейін біріне-бірі сез қатқан жоқ. Та науынан ақ көбігі атқан аттар анда-санда пысқырып қояды. Басылып қалған қар шананың табанын жалап ысқырып, аттардың түяғы кірт-кірт басады. Анда-санда шана окопқа ұрынады да, отырғандарды олай-бұлай теңселтеді, бастарын сылқ-сылқ еткізеді.

Шанада отырған жас татар жігіті көзін біраз жұмады да әлгідей болмай, селк ете түсіп қайта ашады. Ол, Бөгенбайға сенбейді. «Освободительная армиядағы» газетші жігіттер ел арасындағы турліше ғұрыппәдettерді, қауыпты оқигаларды айтып, оның үрейін алған болатын.

— Қырғыздар алар begіrək қайлакер болалар. Іслам дінінің ең еткір жазаларын айтып қорқытmasag болми. Мұфти, ақон имам, молла... Міне аларның риғая ете тұрған адамлары. Шоңа көрә, нишикте болса дини яғынан көбірек сүйле, әсер берерге тырыш. Яқса қарап боласың! — деп еді оған «Отан» газетіндегілер.

«Жас азамат» газетіндегілер де, «алашылар» да бұған соны айтқан. Елге шыққанда, өсіреле, қазақтың байларымен, қажыларымен, молдаларымен мықты байланыс жасауды түсіндірген болатын.

Татар жігіті Бұрқан Шиябутдинов ақтың «Освободительная армиясына» фронт Уфадан недәуір әрі жатқанда кіріп қосылған бір молланың баласы мағзұм еді. Ақтар газеті мұны сонда-ақ инструктор қып алған еді. Жолшыбай ақтар Сібірге қарай шегінердің алдында сол тәңіректегі башқұрт ауылдарына шығып, башқұрт солдаттарын ақтар жағына еліктіруге себепші болғандардың бірі де осы мағзұм Бұрқан Шиябутдинов болатын. Атышулы қызыл әскер шабуылды күштейтіп, ақтар қолындағы қала бірінің соңынан бірі қызыл әскердің қолына кеше бастағаннан кейін-ақ ақтың «Освободительная армиясы» баспасөзін күштейтіп, қызыл әскер туралы неше түрлі өтірік-өсекті таратты. Оларға көмекші ретінде бері келе, алашышылар «Жас азамат» газеті қосылды. «Батан» газеті не десе,

«Жас азамат» газеті соны неше түрлі қып «нештап» қазақ байларының тілімен сейледі.

Міне, Бұрқан магзұмның да мойнына жүктелген «міндеп» осы еді.

Кеш. Үймырт жабылып қас қарайып бара жатқанда, пар ат жеккен кашава шана Сапақ ауылына келіп тоқтады.

— Молда әбзи қайда тұра? — деді, шолпысы сылдырлап аяғының ұшымен ғана басып, бір қораға кіріп бара жатқан жас қызыга татар жігіті.

Қыз үндемей аңтарылып тұрып қалғанда Бөгенбай сұрады.

— Мешіттің сыртындағы анау ағаш үйдің қасында, — деп қыз қораға кіре берді.

Бұлар қыз нұсқаған жаққа қарай жүре бергенде манағы қыз кірген қораның ішінде бірнеше кісілер қақпаның алдында бұларды қарап тұрды.

Сапақ ауылының имамы Телпекбай молла Бұрқаның магзұм екендігін білгеннен кейін, астына төрт қабат көрпе салып, жанбасына жұмсақ жастық тастанды. Шорам үйдің ішіндегі асқан қазанға ет үстеледі, самауыр қойылды. Ауылдың дағдысы белгілі, ауылға жолаушы келсе, біртіндеп бала-шага жиналады. Мұнда да сейтті. Үлкен-кіші аралас молланың үйіне жұрт жинала бастады. Бөрінің де таңданғаны татар жігіті. Жас балалар аузына бас бармағын салып таңданып, біресе Бұрқанның сыртында жапсарда тұрған карабин мылтыққа, біресе есік алдындағы тәкпештеулі сары қағаздарға, газеттерге қарайды. Айналып келіп бәрі де көзі кіртип, анда санда есінеп қойып отырған татар жігітіне қарайды.

— Сүйтіп, большевиктер бұл араға келмейтін болды ма? — деді Телпекбай молда Бұрқан магзұмға.

Бұрқан магзұм ұзақ есінеп, аузын жабар-жаппас:

— Ие, молла абзал. Біз жеңеміз... аларыны дінсізлерні біз жеңеміз. Міне, шоңар көр «уағыз-насихат» айтіргэ шықтым, — деді де. Газеттерді әперші деген тұр көрсетті анадай отырған Бөгенбайға. Бөгенбай сары бунақ газеттерді әперіп, манағы орнына барып қайта отырды.

— Міне, босы «Батан», міне, босы «Иаш азамат», оқыңыз таратыңыз! — деп бастап Телпекбай молдага, онан кейін маңайдағыларға лақтырып-лақтырып тастай берді.

«Жас азamat» газетінде «Соғыс майданынан» деген ірі жазудың астында, мынандай хабарлар тұрды. «Большевиктер енді ұзақ жасамайды. Енді көп болса, жеті-ақ күн өмірі қалған шыгар. Колчак, Дутов, Юденич, Деникин... сияқты ардагерлер тұрганда, біздің «Алты алаш» большевиктерге жем болмайды.

— Э, бәрекелді! Бәрекелді! — деді Телпекбай молда хабарды оқып болып.

Есік жақта отырған жұрт, біріне-бірі қарады, тусінбеді.

— Е, әлі ақтар күн сайын шұбап қашып жатқан жоқ па? Әлде олар бөлек пе? — деді аңқаусымақ бір кедей шал, қасындағыларға алақ-жұлақ қарап.

Бұрқан мәғзұм күлімсірей түсті. Бірақ оның күлкісі ызалы күлкі еді. «Ененди ұрайын башының бітіриммі!» деген ашулы күлкі еді. Телпекбай молла Бұрқан мәғзұмның көзқарасын байқады да, жаңағы сөзді айтқан шалға қарап:

— Тәйт, былшылдама, Құдаке! Дәнененің иісін білмейсің, құр бекер сез қып...

Шал айыпты болған адам құсап, азғантай қопақтай түсіп, төмен қарады.

Телпекбай молла, ел ішінің тышсыздығын айтып келіп, Алпысбай мен Тарас Иванович деген бір «қашқынның» партизандар отрядын үйымдастырғандығын, оған қарсы Тұқпат қажының отрядын айтты. Партизандар отрядының кейде алыстан, кейде жақыннан қалатындығын айтты. Тыңдал отырған Бұрқан мәғзұмның көзі тасырая берді.

— Бізге бо қақта хәбәр иоқ! — деді тамағын кеп... сыртында тұрган карабинге бір қарап қойып. Әйтсе де білдірмеген болып:

— Эй, постяк!.. Тұтып аларға керек! — деп қойды.

Бұрқан мәғзұм тыстағы дыбысқа құлақ қоюшаң болды. Ең аяғы кенеттен тыста ит үрсе де селк ете түсті.

Алпысбайдың отряды туралы, қызыл партизандар туралы сейлегенде есік жақта отырған манағы шал және оның қасындағы бірнеше жалбыр қаудыр тонды жігіттер құлағын тігіп, Телпекбайдың аузына қарады. Мәғзұм тұтып аларға керек деген кезде, олар біріне-бірі қарап мұрттарынан құлген сияқты болды. Оны ешкім байқаған жоқ.

— Тұқпат қажының отрядын Салмақбай бастап

әкетіпті ғой, ол соқыр, пәле соқыр! — деді молланың қасында отырған Бұзаубай қажы.

Сонан кейін, сөз саябырлады. Есікте отырған кейбіреулер өздері шыға жөнелді. Шықпағандарын Телпекбай молланың қасындағы Бұзаубай қажы балагаттап, ұрысып, шығарады:

— Бұл итерге сез не керек екен? Ауылға біреу келсе дамыл бермейді. Тесірейіп сез аңдып қарайды да отырады. Әлде маған сол!..

Қайнаған қазан әлдекашан түсірілген, ет желінген. Еттің артынан біраз шай ішіп, далаға шығып келді де, Телпекбай молланың үй іші төсекке жатты. Бұрқан мәғзұм бәрінең соң жатып еді, көпке дейін үйіктамады. Оның көз алдына әлденелер елестеді. Телпекбай молланың манағы сезі, партизандар туралы әңгімесі Бұрқан мәғзұмның көңіліне қобалжу кірді. Ол партизандар туралы оқиғаны армия арасынан естіп қана білетін. Оның көз алдынан әр жерден үйір-үйір бол шапқылап шыққан партизандар келді. Өнді, түстері қорқынышты. Беттерін түк басқан. Белдерінде неше түрлі қару-жарактың барлығы да бар. Олар қабағын түкситіп ентелеп келіп, Бұрқан мәғзұмның кеңірдегінен алайын деп тұрган тәрізді.

Бұрқан мәғзұм көпке дейін үйіктай алмады. Біреу се тұрып отырды, көзінің алды қараңғы шым үй. Да неце көрінбейді. Төңірегінде корылдан ұйықтап жатқандар. Тағы қайта жатты. Оның көзіне есік алдында отырған манағы кедей қазақ шалы елестеді. Ол көзінен сорасын ағызып Бұрқан мәғзұмға мөлиіп қарап тұрган тәрізді. Ерні әлдене деп қимылдайды. Әне... Жағасынан алғалы келе жатыр. Бұрқан мәғзұм шегініп барады.

Бұрқан мәғзұм ұшып тұра келіп, жапсардағы мылтығын қойнына алып жатты.

БҮКІР КЕМПІРДІҢ АЖАЛЫ

Гүргірейдің үйі, қаланың ең шетінде еді. «Суббота базары» күні кешке ымырт жабылған кезде Алпысбай Тарас Иванович екеуі де салт, қораның түкпіріне әкеліп аттарын байлады да, ақырын басып Гүргірейдің үйінің ішіне кіріп кетті.

Олардан бұрын Жақып бір келіп, «Гүргірейдің үйі-

нде бүкір кемпірден басқа еш адам жоқ. Баласы Матвей подвод айдап кетті» деп хабар берген болатын.

Алпысбай мен Тарас Иванович кіріп барған кезде, бет-аузы қатпарланған, көзі ілбиген бұкшендеген кәрі кемпір қолын қеудесіне қойып, бұрыштағы суретке қарап шоқынып тұрды. Есік ашылар-ашылмас-ақ бұрылып жалт қарады.

— Бұл кім?

Сол қолының алақанымен қабағын қалқалап, кемпір бері ауыз үйге қарай шыға бергенде, Алпысбай мен Тарас екеуі қасына жетіп барды.

— Біз шешей! Біз Алпысбай, Тарас...

Кемпір аңтарылып аузын ашып тұрып қалды да, бірдене деп мінгірлеп, кірген адамдарды басынан аяғына дейін көзімен бір сүзіп шықты.

— Амансыздар ма?.. Ә, Алпысбай!.. Пожалуйста, жоғары шығыңыздар! Әй, шіркін-ай! Матвей үйде болмады-ау, ол сендерді алдыңғы күні ғана айтып отырып еді.

Алпысбай, Тарас екеуі ішкегі үйге кірді де, бірі пештің қасындағы үлкен сандықтың үстіне, бірі тереzenің тубіндегі тақтай отырғышқа отырды.

Үйдің іші жалаңаш. Отырғыш үстел, ағаш керует, бетін шыбын-шіркей ыластаған сынық айна. Бұрыштағы шоқынатын сурет. Осылардан басқа дәнене жоқ. Келген екеуі үйдің ішіне біраз кез жүгіртіп шығып, есіктің қасында тұрған бүкір кемпірмен әңгімеге кіріsti.

— Шешей, тұрмыс қалай?

— Несін сұрайсыздар, дүние бүлінді ғой!.. Тұрмыс күннен-күнге нашар. Жалғыз ат болмады, пәле болды. Матвейді екі күнде бір подводқа айдайды да тұрады. Осы жолы кезегіне де қарамай жіберді. Е-е-қ, балалар-ай!

— Бұл үйлерге тегі казак-орыстар жоламайды ғой?

— Ойбай, жоламағаны қалай? Бүгін ғана босап отыр. Поселкедегі үйдің бәрі де «постоялый двор» сијакты. Күнде бірі келеді, бірі кетеді.

— Нәрсеге тимейтін шығар?

— Несін алсын енді! Алатындарын алып болды. Ең, аяғы, асырап отырған бірен-сарап тауық, үйрегі бар үйлердің онисын да қойған жоқ. Келген солдаттар сойып жеп бітірді. Үйдің ішіндегі киім-кешек ол әлде-

қашан көзі жойылған. Шұбырып жүргендер, күтпеген жерден келген «меймандар» алып қойды,

— Матвейді алысқа әкетті ме?

— Құдай білсін қай жерге дейін алып баратында-рын. Қару-жарақ тасуға әкетті. Тұнеугұні көршідегі Тимофей «анау деревиядан қайтарымыз» деп, фронт жатқан жерге дейін алып барыпты ғой! Масқара қып Матвейді де сүйте ме деп қорқып отырмын. Үйде атына жем де қалған жоқ. Қаладағы казак-орыстар қораның сыртында тұрған шөпті таратып, тасып алып кетті. Бермеймін деп жүріп таяқ жеп қалдым! — деп бүкір кемпір көзінің алдындағы қара, күйген ісікті көрсетті де, жылап қоя берді.

Алпысбайдың көңіліне осы бір жерде будан екі жыл бұрын өлген кәрі шешесі елестеді. Бұл 1917 жылдары еді. Алпысбай ол кезде Шоғалалы ауылында бақташылық етіп жүретін. Бір күні елден шығын жи-нап жүріп болоснай Шоңайдың Ысқағы бұлардың ауылына тиіп жатты. Шығын Алпысбай үйіне де салыныпты. Алпысбай төрдегі ақ отауда жатқан болоснайдың «дидарын» көруге барды. Есік алдында отырар-отырмasta болоснайдың қасындағы шабарман Алпысбайдан шығын сұрады. «Жоқ», деді Алпысбай. «Табасың!» деді көзі жайнандап болоснай. Сол бойымен Алпысбай шығып кете барды. Екінші күні таңертең қайтып келсе, шешесі боздап жылап отыр. Қолдағы жалғыз тайыншаны «Алпысбай шығыннан бас тартты» деп протокол жасап, болоснай алып кеткен. Бас жілтен үстап айырылмаған кемпірді болоснайдың «жігіттері» қамшымен бір тартып, талдырып тастаған. Алпысбай шешесінің иығындағы қамшының ізін көрді. Дірілдеп-қалшылдаған ернін, мөлтілдеп аққан кез жасын көрді. Осыны ойлап келіп: «Қайда қара-саң бір қорлық!» — деді Алпысбай өз-өзіне.

— Шешей!.. Сізде подвал бар ма? — деді самауыр қойып жүрген бүкір кемпірге Тарас Иванович.

— Бар, балам, бар!..

Тарастың мұны сұрағандағы ойы — сақтық еді. Алда-жалда қауіпті сағатқа кездесе қалса, баспана іздеудің амалы еді. Алпысбай Тарасқа қарап аз гана жыныиды да, тұра келіп үстіндегі тоқыма қаптал шекпенді шешіп шегеге іліп қойды.

— Кеш болғанда мұнда енді ешкім келмес. Бұл үйде не бар деп келеді? — деді міңгірлеп Тарасқа.

Бұқір кемпір Тарас пен Алпысбайдың беліндегі мылтыққа, домалақ қыртыс-қыртыс бомбыларға қарап-қарап қойды. Бірақ үндемеді.

Бұлар шай ішуге үстел басына отыра бергенде есік алдында тықыр білініп еді. Таras ұшып тұра келіп есіктің түбіне қолына мылтығын ұстап тасаланып тұра қалды.

— Бұл кім?

— Мен, Жақып.

Жақып күлімсіреп кіре бергенде, Таras оның иығына қолын салып, қарқ-қарқ құлді.

Біраздан кейін үй ішіндегі адамдардың саны он-он бес, жиырма шамалы болды. Үйдің іші тартқан темекінің тұтіні болып буланып кетті.

— Мен бұғін Михайловтың дүкенінің алдында Саналыны көрдім,— деді бір жігіт, Алпысбайға жақындалп. Алпысбай Таrasпен күбірлеп сөйлесіп отырган жерінен жігітке қарап жалт бұрылды.

— Е, неғып жүр?

— Мырзасымен базарға келіпті.

— Е, мана айтқан жоқ па едің?

— Соны айтам-ау..

Жігіт бірдеме айтуга оқталған адам құсады да, төмен қарады.

— Ал?

— Байдың үйін басспана қып қатарға қосыла алмай жүр. Сол немененің өзі ізге түсуден сау ма екен?..

Алпысбай Таras Ивановичке мойын бұрды. Жігітке дәнене айтқан жоқ. Әрі-беріден соң жерге «шырт» етіп бір түкірді де:

— Саналы ма?.. Саналыдан күдікtenуге болмайды.

Оның жайын мен білемін. Саналының пайдасы елде жүрсе де тие отырады. Тұнеугұні бізді жаудан құтқа-руға себепші болған сол емес пе? Егер оның қатыны келіп хабар айтпаса, желкеміз қыылатын емес пе еді? Ол есінен шықты ма?..

Отырғандар:

— Рас, рас!— деп басын изеді.

Алпысбай сөзін жалғастырып:

— Мен Саналыны жақсы білемін. Ол үйінің ішін қимайды. Онда қатын-бала бар.

— Е, басқамызда жоқ па?

Жігіттің бұл сезіне отырғандар орындарынан қопақтай түсті де, Алпысбай мен Таrasқа қадала қарады.

— Тыста аттарға көз-құлақ болатындар бар ма? — деді Алпысбай есіне жаңа ғана түскендей. Артынан неге айтқанына өзі де түсінген жоқ.

— Бар, бар! Ол жагынан уайым жеме! — деді Тарас Иванович.

Біз аттарымызды шеттегі үй-үйлердің сыртына қойып күзеттіріп тұрмыз! — деді орыс жолдастар жагы.

Манағы Алпысбаймен сейлескен жігіт орнына отыра бергенде Тарас Иванович өзінің Герман соғысындағы көргенін айта бастады.

1917 жыл. Біз Герман фронтында, окоптамыз. Онда әскер мұндағыдай ма? Бір-бір катарының өзі тіzlіп отырып жұз шақырымдарға барады. Миллиондаған қол зеңбіректің оғы түсіп отырған жерге, қырылған жұздеген, мыңдаған адамның орнына айырбасталып келіп отырады. Қысқасы, зеңбіректің жемі болдық та жаттық. Басынды қылтитсаң болды, пулемет сатыр-сұтыр етеді. Оқ оңды-солды зуылдан әте шығады... Пулеметтің оғы былай тұрсын, қит етсөң-ақ ауыр-ауыр зеңбіректен атады. Тіпті жер солқылдайды... Айналан, аспан өртеніп тұрған тәрізді. Қызыл шоқ болады да тұрады... «Бетпе-бет наиза ұстап атакіге шықпайсындар!» деп офицерлер, жандаралдар бізге ұрсады. Қайда саған, оңай ғана жер бетіне шығу! Немістер маңайына келтірмейді, жапап тастап отырады. Міне, большевиктер сейткен миллиондаған аш, жалаңаш әскерлердің арасында жүріп те өздерінің жұмыстарын жүргізді. Ондағы біздің көбіміз большевик жолын анықтап білмейміз. Кейбіреулеріміз «Е бізді кім үйге қайтарып жіберсе, сол жақпыз» деп соғатын едік. Менімен бір ротада болған бір жолдасым большевиктердің жасырын ұйымына қатынасып жүрді. Ол екеуміз окопта жатқан солдаттардың арасында большевиктердің үндеу жазған қағазын да таратып едік. Сол айтатын: «Біз мұнда зеңбірекке жем болып жатырмыз. Біздің үйдегі қатын-бала не күйде екен? Біз кім үшін соғысамыз осы? Өзің ойлашы!» дейтін. Мұны ойлайтын жалғыз мен ғана ма екен? Мұны мың миллион аш, жалаңаш солдаттар ойлайды. Мұны ойлай-ойлай мыңдаған, миллиондаған бас дал-дал болды. Онда большевиктердің үндеу қағазында «Соғыс жойылсын! Мылтықтарында байларға қарсы кезеніңдер. Жиһангерлер соғысын азамат соғысына айналдырып, байларды жойындар. Уstem болыңдар!» — деп жазылған ұрандар болды. Біз бұл туралы

көп ойладық. Аяғы келіп большевиктердің айтқаны дұрысқа шықты. Қазір.. Байқайсындар ма? Большевик жеңіп келеді. Қазіргі қызыл эскерлердің көбі сол күні аш, жалаңаш окопта жатқан солдаттар. Олар қазір большевиктер. Э, біз кім. Біз солардың алдынан шығушилар. Біздікі солардың алдынан шығуға істеген да-йындық. Е-е-ек, құрбылар! Олар тез келсе екен! Менің ойымша, біз ол күнге әлі-ақ жетеміз!

— Тарас Иванович бұл сөзді қазақша-орысша быттыстырып сейлесе де, отырғандар ұқты. Алпысбай Тарапастың бұл сезіне бір көтеріліп қалды. Өні құбылып, қысық көзі құлімсірей түсті. Жұмысып еді, тістері ақсиып, шамның жарығымен жылтырап тұрды. Алпысбай басқаларға қарағанда Тарапастың бұл сезін анық ұқты. Неге? Өйткені, Тарас бұл жүрісте құр жай көмекші емес, ақылгей үстаз бол жүрді. Тарас Иванович онша үлкен төңкерісшіл болмаса да, соғыстың ашы-тұщысын, елдің бақытсыздығынан басқа дәнене қызығын көрмеген қара шаруаларынан ана ғұрлым бұрын көрғен болатын. Оның «қызығы», сның басынан кешірген сабақтары, азғантай болса да, төңкерістің күшті рухы, келешекке сенушілік ой еді. Тарас Иванович өзінің осы сияқты болмашы бір өзгешелігімен, жалбыр тонды, көн етікті, ескілікten қажыған, мұқалған бір уыс қана қазақ, орыс қара шаруа партизандарының арасында қылтиып қана жанған шам тәрізді еді. Бірақ ол шам осы жүрісте төңірегіне әлденеше шам жақты. Әсідесе, Алпысбай мұны жақсы түсінетін. Сондықтан да ол Тарас Ивановичтың берген ақылынан бір минут те айрылмайды. Ол онан сабақ алды, ол сабақты өз арасына талдап түсіндірді. Бұл, арадағыларға жігер берді. Қайрат берді.

Түн ортасы болған кездे үйдегілер біртінде жоғала берді. Бүкір кемпір үлкен бір тұлышты ауыз үйдегі ақ пештің үстіне жайып салып, үйқыға жатты. Біраз уақыттан кейін ішкергі үйде Тарас Иванович пен Алпысбайдан, Жақыптан және Кузьма деген ұзын бойлы еңгезердей бір партизаннан басқа ешкім қалған жоқ.

— Біз таң атар-атпаста бұл қаладан шығуымыз керек! — деді Тарас бір есінеп алып, шашын салалап.

— Да! — деді Алпысбай.

Ауыз үйдегі кемпір күрк-күрк жөтеліп, әлдене айтып сандырақтап жатты.

— Апирмай, әлгілер казак-орыстардың қарауылы-

на кездесіп қалмаса жарап еді,— деді Алпысбай әрібері ойланып. Сүйтті де, көзі жұмылып үстелге басын сүйей берді.

Тыста аттардың қасында түкпірде отырған Жақып пен Кузьма екеуі бір-біріне сыйырлап сейлесіп отырды. Көшеде тықыр білінсе құлақтарын салып тындал тұрды да, өшкен кезде тағы да біріне-бірі сыйыр-күбір етеді. Бұлар Михайловтың лавкесін бүгінгі түні аршуға тиісті. Отряд адамдарының не күйде екендігін ойлаап отырды. Кім біледі? Мүмкін қолға түсіп қалар. Өздерінің ғана қолға түскенімен қоймай, отрядтың түгел табылуына, казак-орыстардың қолына түсуіне себепші де болар. Егер сүйтсе... Қой!

- Бір көйлек-дамбал киіп қалсақ екен.
- Қайдан?
- Кездеме қолға түссе...
- Кім тігіп бермек?
- Элде әйел аз ба?
- Эй, қойшы Жақып!

Тұнгі сағат үш кезінде аспаннан ақырындал ақша кар түсे бастады. Бір аздан кейін азғантай жел үрледі...

Тастай бірдене кеудесіне батқаннан кейін пештің үстінде жатқан бүкір кемпір көзін ашты. Үйдің іші қара көлеңке, терезеден атып келе жатқан таңың сәулесі агарападады.

- Э, ә, Алпысбай... Тарас...

Ақырындал басын көтергенше болған жоқ, дәл құлагының түбінен ақырган дауыс шықты.

— Эй, мыстан кемпір! Бандылар қайда? Оларды қайда жасырдың? Айт жылдам!

Бүкір кемпір көзін ашып, дауыс шыққан жаққа қарады. Есіктің алды толып тұрган қылыш-мылтықтылар, арасында қазағы да бар. Дәл бас жағында жирен мұртты, секпіл бетті бір казак-орыс тұр. Кемпір оны таңыды. Оның ойына бұдан бір күн бұрын қораның сыртындағы шөпті тасып әкеткен казак-орыстардың ішіндеңдегі қоразданған осы жирен мұртты түсті.

— Мен білмеймін!— деді кемпір пештің үстінде отырып ақырын ғана.

- Балаң қайда?— деді тағы біреуі.

— Балам подвод әкетті. Оны өздеріңіз жіберген жоқсыздар ма? Әйтеуір сендердің кісілерің жіберді.

- Балаңды қайда жібергенін көрсетерміз біз саған!

Балаң банды, большевик. Өзің большевиктерді тығасың. Оңбаган кемпір! Айт жылдам, олар қайда кетті.

— Кім? Құдай сақтасын...

— Құдай сақтасын?.. Көрсетермін мен саған!— Кемпірдің көз алдында қамшы ойнақтады. Бірнеше адамдар ішкөргі үйді астан-кестең қып журді.

— Алпысбайдың белгілі бір тамыры осы Гүргірей болса, осында болған,— деді тұлкі тымағы бар ілбиген көзді бір қазақ. Ол Салмақбай еді.

Қасындағы шоқша сақал кемпірдің қасында тұрган жириен мұртқа қарап күбір ете түсті.

Ол шоқша сақал — Тұқпат қажы еді.

Казак-орыс Самародовтың атын атап қажыға бас изеді.

— Сен кәрі ит, бандылардың қайда екендігін айтасың ба?— деді кемпірді қамшымен бір тартып қалып.

Кемпір өкірді. Жаурының ұстап барып пештің басынан төмен қарап құлап, сылқ ете түсті де, бүктетіле қалды. Казак-орыс оған қараған жоқ, үйдегілерді ертіп тысқа жөнелді.

Бүкір кемпір, сол жатқаннан тұрмады.

Қала у-шу. «Михайлотовтың лавкесін талапты» деген хабар қала халқының барлығына естілді. Жұрттың көбі таңертептің у-шу шыққанда-ақ бірінің соңынан бірі жүгіріп лавкенің алдына тоқтады. Бай Михайлов жұртты иіріп қойып әлдене сөйлеп, аузынан ақ кебігін ағызды. Бірсесе, қабағын қарс жапты, бірсесе жұдырығын түйіп көкке сермелеп ант-су ішіп тұрды.

— Большевиктердің, бандылардың тұқымын құртуға бар малымды аямаймын!— деді бай Михайлов көзін алартып, құтырынып.

Қаланың кедей шаруалары, бірін-бірі нұқып қалып, іштен тынды. Кейбіреулері мырс етті.

— Тұқпат қажы бай Михайлотовтың қасына келіп қолын ұстады да, көңіл айтқандай болды.

— Құдай тірлік берсе, мал-бас садақасы. Тек, Михайлов тамыр, тірі бол! Ие соны айт!— деді.

Михайлов бай төмен қарады.

„СІЗ, БОЛОСНАЙГА ЖӨНЕЛТІЛЕСІЗ!..“

«Н» ауылды дуанмен қатынасып тұратын үлкен жолдан аз-ақ қашық. Жоғарғы елдің кіре тартқан адамдары, қалашылар, жазы-қысы сол жолды басып жүреді.

Был қыс бойы да жол үстіне қалаши арылмайды. Таңтерең ерте тұрып ауылдың сыртына, жол үстіне, қарған адам аттарын шулап айдал, сырқырлап етіп бара жатқан не шөпшілерді, не қазна кірешілерін, не қалаға ет, бидай алып бара жатқан ауыл адамдарын көреді.

«Н» ауылдың мұғалім Байсалбайұлы бір күні дағдылы өдеті бойынша ерте тұрды да, қораның сыртына шығып қарап тұрды. Үстінде арқасына жай жамыла салған түйе жүн күпі, басында қара елтірі пүшпақ бе-рік... Ауылда мұғалімнен басқа ерте тұрган жан жоқ. Тек ауылдың аргы шетінде отырган бір шым үйдің қорасынан күйентесі мен шелегі бар бір жас келіншек қарды кірт-кірт басып шықты да, құдыққа қарай жөнелді. Күйентенің екі басындағы шелек кезек-кезек шайқалып шиқылдайды:

Шиқ-шиқ... Шиқ-шиқ...

Келіншектің аяқ басуынан, шелектің шиқылдағанынан шошып ауыл арасындағы сидаңдаған биік-биік қайың ағаштардың басындағы отырган ала қарғалар қарқылдап, жан-жаққа бытырап ұша жөнелді.

Қарқ-қарқ... қарқ!...

Оның артынан құдыққа қасына барған келіншектің құдыққа тастаған шелегінің қаңғыр-күңгір етіп суға қарай түскен дыбысы естіледі.

Мұғалім Байсалбайұлы күнде таңтерең тұрганда ауылдың осы көріністерін байқайтын, зерттейтін. Бұл тұрысында да сүйтті.

Онда ел сағыну, туған, өскен жерді сағыну, жабыр-қау деген нәрсе жоқ еді. Оның бір гана мақсаты бар! «Оқыту, іштегі бар білімді, тұла бойын тыр-тыр қасынып, кім көрінгенге көзін мөлітіп қараған жарлы үйдің балаларына үлестіріп беру. Сонда гана олар көзін ашады, сонда гана тұла бойдағы кірден тазарынады, дүниені таниды, өзіндей болады» деп үғынатын еді.

Оның табан тұрақтатып тұрган ауылы — езінің ауылы. Оның өсетін, өрбитін үрім бұтағы да, жұбанышы да, қуанышы да оқып жүрген кедейдің балалары «жылтыраган танаулар» еді. Ол, бұл кезде тап жігін талдал үғынбайтын. Бүкіл жер жүзінде таптар жігінің бар екендігі, ол таптардың соңырағы күні бірімен-бірі жүлкүласып екі үдай болатындығын, бірін-бірі жедетіндігін жете білмейтін еді. Бірақ, неге екені белгісіз, сның қөңілі-тұрмысы, күн көрісі кедей, ескіліктің соққысын, озырлығын, көп көрген жаққа — шаруага

тарта беретін. Олармен жеке-жеке әңгіме араластырып, сұрайтын, тыңдайтын, ойланатын.

Ол бұдан біраз уақыттар бұрын Алпысбаймен де жолығысып, әңгімелескен болатын. Анығын айтқанда Алпысбаймен ол құрдас кісі құсап ойнайтын, әзілдесетін. «Әй, осы сен жұрым-жұрым боп жүргенниң не табасың? Сен оқы! Мен оқытайын» дегенде Алпысбай оған мырс етіп күліп: «Мені оқытпақпышың? Қой, шырағым!.. Сенің оқытқаныңды мен әліпті таяқ деп танымасам да білемін» деп құлық сөзге бұратын.

Мұғалім Байсалбайұлы ойланып, ұзақ қарап тұрып, жол үстінен тізбектенген шаналарды қалашыларды өткізді. Жол үстіндегі қарайған қара бірте-бірте алыстанап, ауылдың сыртына түсіп жоқ болды.

Бұдан екі күн бұрын бұл ауылға қазақ арасында бала оқытып жүрген башқұрт мұғалім Қалиболла (патша тұсындағы солдаттықтан қашқан кісі) келіп, Байсалбайұлымен күліп ойнап, жатып кетті. Ойбой! Қой, енді ол Қалиболланы! Неше түрлі сөздерді айтып адамның ішек-сілесін қатыратын. Әсіресе, жаздықуні қызық. Не ол Байсалбайұлы бала оқытқан ауылға, не Байсалбайұлы Қалиболла жатқан ауылға баратын. Түстен кейін бала оқытып, қол босаған кезде, ауылдан әрі өріске шығып екеуі әңгіме соғатын. Қалиболла жырға шебер. Ол кең сахарадағы башқұрт елдерінің неше түрлі жырларын айтатын. Оның ұзақ жырды бірте-бірте көтеріп шырқап, аяғында:

«Мәдинекей, гүлкей будра сәш!»—
деп қойғанда, Байсалбайұлы қызығып тыңдал отыратын еді. Байсалбайұлы ойынан сергіп, қораның аузына жетіп келе бергенде, көрші-қолаңдардың есігінің алдында жұрт жыбырлап жүріп жатты.

Таңертенгі шай ішілген. Ауыл үй адамдары әрқайсысы әр жаққа жұмыстарына кірісті. Зергер Мұсаның жағында ауыр балғаның темір шыңдаған дауысы, Қарымсақ ұстасының қорасында ағаш қаққыштаған, жонған дауысы үйдің ішінде отырсаң да естіліп тұрды. Мұғалім Байсалбайұлы балаларды әлдеқашан жинап алды оқытып отыр еді.

Зада мұғалімге қарап, күлімсірей түсті. Оның мұғалімге қараган көзқарасында, күлімсіреуінде «сіз білесіз бе? Менде бір жасырын сыр бар. Сіз неге оны осы күнге дейін сезбей жұрсіз?» деген сияқты мағна бар еді.

Мұғалім Заданың бетіне тура қарап тұрды да, ұн демеді. Төңірегінде отырған бөтен балаларға мойын бүрді.

Зада — сол ауылдағы бір кедей шаруаның қызы. Ол бұл мұғалімге өткен күзде сабак оқуға келді. Балалардың арасындағы естияры да, үлкені де, сөзді сыпайылап сөйлейтіні де Зада еді.

— Неге күлдің, Зада? — деді, оның қолындағы кітапты өзіне тартып мұғалім. Зада ұялып төмен қарады.

— Жай... Әшейін...

Артынан қадала қарап тағы да күлімсіреді.

Мұғалім Заданың қасына жақындей бергенде, сыртында отырған кішкентай қара бала, ұры мысықша кезін тесірейтіп, қарап тұрды. Ол, мұғалім мен Заданың екі ортасында қандай жақындық бар екендігін бұдан бірнеше уақыттан бұрын байқаған бала болатын. Өзінше пысық, тандайы тақ-тақ етіп, өсек айтып, ауыл үйді бұлдіргіш аталып жүрді. Балалар оны «қара мысық» деп келемеж қылатын. Дұрысында-ақ, қазанның қара күйесіндей еді. Сабаққа түк ынтасты жоқ. Бір сез айтсаң көзі жасқа толып, ерні бұлкіл қағып, қашып шыға жөнелетін. Сол бала бір күні кепкө мұғалім мен Заданы құлан қораның ішінде сыйырласып, сөйлесіп тұрғанда көріп қалды.

Анығында, мұғалім Байсалбайұлы мен Зада екі ортасында шектен тыс шығып кеткен ешбір теріс «жұмыстар» жоқ еді. Әрине, мұғалім Заданы ішінен жаңсы көреді, ұнататын. Зада енді бір жылдан соң бой жеткен ауыл қызы қатарына қосылатын бала еді. Мұғалім ішінен ойланып: «Өзім тәрбиелеп өсіріп көңіл жарасытырармын, жүрек қосамын!» деп жүрді. Бірақ... Әсекке таңғандай «ауыр қылмыс» істеген жоқ болатын.

Зада мұғалімнің нұсқаған сабагын қадағалап оқуға кірісті.

Бала қалаға бара, қала сала...

«Мұғалім Сәни» әліппесі бірден бірге көшіп, ернеуі бүктеліп, түте-түте болып, жыртылып, кірленіп қалған. Мұғалім кітапты саусақпен тұртіп «кірлөтіп оқымаңдар, таза ұстандар» дегеннен кейін, балалардың барлығы да, ауыл шәкірттеріндегі дағдыны қолданып, қағаздан әріп нұсқағыш істеп алып еді.

Мұғалім орнына келіп отырды да, сол кезде Орынборда татар тілінде шығып тұрған «Яна уақыт» газетінің ескі бір номеріне қадала қарады. Бірақ көзі газеттің

жолдарын сүзсе де, көңілі әлдеқайда болды. Оның көңіліне ой түсті. Көзінің алдына оқушылық кезі, Троицкідегі «Рәсүлие», «Уазипа» мектептері, онда оқыған жолдастары елестеді. Сейтіп отырганда даладан у-шу дауыс естілді. Орнынан тұрып, сыйырайған кішкентай әйнектен үңіліп қарағанша болған жоқ:

— Мұғалім, мұғалім! Тысқа шығыңызы! Солдат келіпті! — деп бір әйел есікті ашып, асығып қайта жаптады.

Мұғалім Байсалбайұлы үйден шығып, қорадан тысқары барғанда, наизаларын шошаңдатып, бүкіл ауылды бастарына көтеріп айқайладап боктап, балағаттап тұрган казак-орыстарды, олардың төңірегінде жуасыған қойдай боп тұрган ауыл адамдарын, қатын-қалаштарды көрді.

— Не болды? — деді қолында қашауы, аузы аңып, сақалын салалаған Қарымсақ ұстаның қасына жетіп келіп,

— Мынау... Әлті... подвод сұрап тұр. Бірдене деп боктайды. Тіліне түсінбедік. Аттар ауылда жоқ еді. Қалаға подводқа жегіп кетіп еді, соны...

— Сізге не керек еді? — деді аты тыптыршып, үстінде қопақтап аласа бойлы, сенсең бөрікті қара бұжыр казак-орысқа.

— Сен ауылнай ма?

— Жоқ, мен мұғалім.

— Ие, ие... Мұғалім біздікі молда, бала оқытады, — деді Қарымсақ, мұғалімді арқага қағып.

Басқа тұргандардан шалдың айтқандарын дұрыстап бастарын изегендей болды.

— Ауылнайларың қайда?

— Бізде, мұнда ауылнай жоқ. Ол бұдан он шақырым. Қебек ауылында тұрады.

— Бізге подвод тап!

— Ауылда ат-шана жоқ. Қалаға бидай тартқыза кеткен. Подвод әкеткен. Ауылдың қожайындары да сонда кетті. Мұнда қалған кемпір, шал, бала...

Мұғалім сүйдегенде казак-орыстың бірі тепсініп, ожырайып мұғалімді наизамен басқа қағып қалды:

— Сен неге өтірік айтасың? Әлде сені большевик үйретті ме? Банды үйретті ме? Байқа! Шалтай-балтай не керек, подвод табасың!

— Тақсырлар, мен қалай табамын. Мен мұнда оқы-

туши ғана. Ауылдың расын айтып тұрмын, ат шана жоқ.

— Эй, молла... Сенің ауылың — бай ауыл. Ақша да көп, мал да көп, мақан да көп, маржа да көп, айда бізге подвод бер? Әйтпесе, біз тауып алсақ, сенің басынды жоямыз! — деді кейіндеу тұрган бір казак-орыс.

— Иттердің қазақша судай біліп тұрганын көрдің бе? — деді зергер Мұса төнірегіндегілерге міңгірлеп.

— Қап! Енді бұларға не амал? — деп мұғалім Байсалбайұлы жылғандарға қарады.

— Жаңым-ау, бұлар өлтіре ме? Осы күні кеше ылау аттандырып отырмыз. Осы «подвод-подвод» деп айналдырады да, осы ауылға келеді. Бас-аяғы алты-жеті-ақ үйміз. Анау сыртта отырған бай ауыл неге ылау бермейді. Әлі осы күнге дейін бір ат терлеңтіп көрген жоқ. Барсын сол ауылға! — деді, қүйініп, ыза болып зергер Мұса, тұрган жерінде тыптырап, шыжалақтап.

— Сен ененді, әкенді!.. Неге айқайлайсың. Қазынаның жұмысынан бас тартасың ба! Өй ененді, алжыган шал! Мен сені наизаның ұшына іліп, қарныңды ақтарып жіберейін бе? — деп қара бұжыр казак-орыс зергер Мұсаға төне бергенде, мұғалім тізгінінен ұстап алды.

— Тақсырлар! Мынау ауыл — ең бай ауыл. Қажы да, бай да, молла да сол ауылда. Ол ауылда ат та көп, май да көп. Олай-былай өткен сіздей адамдарды сыйлап тойғызып жіберіп тұрады, — деді жұмсақтау тұр көрсетіп күлімсіреп.

Казак-орыс сыртындағыларға қарап күбір ете қалды. Бір уақытта қамшы «сарт» ете түсіп еді, мұғалім кейін серпілді.

— Байқа, бұл есінде болсын! Енді бұдан былай бізді алдаушы болма! — деді казак-орыс атының басын кейін бұрып.

Ақ казак-орыстар қарқ-қарқ құліп шауып кете барғанды, түсінен шошынған адам құсан мұғалім көзін жыптықтатып, олардың кеткен ізіне қарап тұрды.

— Ұрды ма? — деді төңіректегілер мұғалімнің қасына жетіп келіп.

— Ұрды. Кетті ме өздері. Кетсе болады!

Қарымсақ шал казак-орыстардың кеткен жағына мойның бұрып қарап тұрды да, қашау ұстаган қолын кетеріп, зекіп күбір етті.

— Жазаларыңды құдай берсін! Большевиктер берсін! Еншалла, өздерің де енді көп ұзамассыңдар!

— Жең үшынан жұдырық көрсету осы болады! —
деді зергер Мұса Қарымсақтың қасына келіп, шақша-
сұрап.

— Мені айтасың ба? — деді Қарымсақ.

— Бәрімізді айтам.

— Алпысбай жағы қайда жүр екен осы? Осы неме-
лерді...

— Е, олар аз бұлар көп. Алпысбай не қылмақ? Ал-
пысбайдың артына түскен жау аз бол па! Түқпат қа-
жының отряды да оның артында; казак-орыс та, посел-
каның, елдің байлары да сол Алпысбайдың артына
түсіп, іздең жүр.

— Тек, құдай жазып, большевиктер келетін болсын.
Бөлем, талай шұбар тәстің таңбасын бетіне бастырар-
мын! — деді зергер Мұса.

Әрқайсысы үй-үйіне тарады.

— Күпі гой, қамшы өткен жоқ шыгар? — деді қо-
рага кіріп бара жатқан мұғалімге жөнеле беріп Қарым-
сақ.

Мұғалім күлді.

— Кетсе болғаны гой!..

Тұс ауган. Мұғалім Байсалбайұлы үйде тынығып
үйшіктап жатты. Тұртқілеген біреудің дауысына көзін
ашып қараса поштабай Мақан.

— Е, ал!

— Мынау біреуді ауылнай сізге оқысын деп еді. Қо-
лындағы пакетті мұғалім Байсалбайұлының алдына
тастай берді де, үйдің ішінде жіп иіріп отырган Қади-
шага амандасты.

— Мал-жан тиыш па?

— Шұ-шұ-шұ-кір... Өздерің мал-жандарың аман ба?

— Құдай деп, құдай деп...

Қағазды алып оқи бастағанда-ақ мұғалім ағараң-
дай берді.

— Не депті, мұғалім, қарагым? — деді Қадиша.
Мұғалім үндемеді. Әлден уақытта мынаны оқыды:

8-ауылдың ауылнайына!

Жамантұз болысының концелары осы қағазды жаз-
ды, нақыманың үшінки, қол астыңызда бала оқытып
турған жырық етік мұғалімдер болса, үшбу қағазды
алысыңызбен сол айтқан жырық етіктерді, қысаны кісі
ертіп болыс концеларына жөнелтесіз. Ешбір кешеуілдет-

пей жөнелтуіңіз керек. Әйтпесе, мировойға берілесіз. Жоғары ұлықтардан келген бүйрық солай.

Даяов жазғушы Жамантұз волосной: Шонаев

Тілмаш:

Мыржакбайұлы

— Соны сізге нарычнаймен жіберіп отыр. Тыста ат күтіп тұр, киіне қойыңыз! — деді, түрегеліп поштовой Мақан.

— Мұғалімді қайтеді екен? — деді Қадиша үрейленіп, ұршығын қойып, ақырын түрегеліп.

— Қайдам... Біздікі алып тапсыру...

Ауыл адамдары көздерін мөлітіп, мұғалімді шығарып салды. Бұлар ауыл сыртына шыға бергенде, қарсы алдарына пар ат жеккен кащава шанада екі кісі жолықты, олар Бөгөнбай мен Бұрқан мәғзүм еді.

— Э, шошы кім ауылы? — деп айғайлап қалды қолына карабинды ыңғайлап ұстаган мәғзүм өтіп бара жатқандарға.

— Мұқаш, Мұқаш ауылы!...

Кашавалы пар ат ауылға кіре бергенде, бұлар ағаштан әрмен асып көрінбей кетті.

Ертеңінде мұғалім Байсалбайұлының «тағдыры» туралы хабар ауыл-ауылға дүңк ете қалды.

— Волосной Шонайдың Ысқағы мұғалімді қолына кісен салғызып «Кегерін» қаласына жаяу айдапты! — деді көрші ауылдан келген біреу.

Мұқаш ауылының шаруалары, күрсініп төмен қарады.

ҚАШАН-ҚАШАН?..

Қызыл әскердің 5-армиясы «Челябіні» алдып, Қорған қаласына қарай ақтарды ығыстырып келе жатты.

Фронт бері қарап жақындаған сайын, қашқан-пысқандардың да саны артты. Елдің молда-қожалары, байлар «алласына» мінжат қып большевиктерге қарғыс айтты. Ақтардың тырнағы батып әбден соққы жеп көресіні көріп қалған кедейлер, орта ауқаттылар минут сайын, тілек сайын тілек тілеп большевиктердің келіп қалуын күтті. «Қашан?.. Қашан?..» десті...

Байлар да қарап жатпады. Дуаннан келген ақ газеттердің хабарын әлденеше құлпыртып, неше түрлі

есекті таңып, жұртты үрейлендіре сейлекен болып жүрді.

Бір күні, кешке таман Сапақ ауылының ақсақалда-ры Қожамберді байдың үйінде жиналышып отырып мы-надай әңгімені соқты.

— Осы большевик деседі, соның өзі қандай екен? Кәдімгі біз сияқты екі қолы, екі аяғы бар ма екен? — деді жасы жетпіс бес-сексен шамасындағы бір шал, ба-сын әлсін-әлсін селкілдетіп.

— Осы, Тайлақбай, сен айтшы! Тұнеугұні «дуаннан естіп келдім, біліп-көріп келдім» деп бірдеңе айтып ең гой. Соныңды анығырақ айтып түсіндірші! — деді екін-ші біреуі, қасындағы бурыл сақалды Шымбайұлына.

Шымбайұлы қақырынып, түкірініп сөзге кірісті.

— Большевик дегенінді білмеймін, оның нағыз үлкені соцынан келеді дейді. Аттары коммунист бола-ды деген. Оларды қылыш та кеспейді, оларға оқ та батпайды дейді. Жердің жүзін қайыстырып, жолына кесе көлденең тұрган тауды, тасты жайпап, тас-талқа-нын шығарды дейді.

Тыңдал отырған Шоқан молла сақалын салалап, ор-нынан қопақтай түсті:

— Алла тағала сақтай көр...

— Е, ал! — деді маңайда отырғандар Шымбайұлы-на тағы да.

— Менің естуімше, солай. Олардың тағы да бір орасан жұмыстары болса керек, оны айтуға аузым да бармайды...

— Е, айт!

— Несі бар?

— Жақсылық-жамандықты біле отырайық.

— Айт, айт!

Шымбайұлы шырт еткізіп жерге бір түкіріп, көзі-нің құйрығымен Шоқан молдага бір қарап қойды.

— Құдай жазбасын, айтуға аузым бармай отыр.

— Е, әкесі өлгенді де естіртеді кісі, айт! Несіне ір-кілесің? Тыңдайық.

Большевикті қолына ұстап тұрақтауға отырған кісідей Қожанберді бай жуан қарнын керіп шалқия түсіп:

— Айт, айт,— деп кимелей түсті.

— Бүкіл жер жүзінің хабарын бір өзі ғана білетін кісідей Шымбайұлы әрі-бері бұлданып алып:

— Айтсам айтайын енді... Дінге қарсы дейді. Бар-

лығы да шетінен дінді білмейді дейді. Моллаларды алдымен өлтіреді дейді.

— Алдымен дейді?!

Отыргандардың барлығы да орындарынан қозғала беріп, молдаға қарады. Молланың көзі ақиған, аузы балықтың аузы құсап ашыла қалған. Сасқаннан қолына ұстап отырган тәспіні жылдам-жылдам тартып жіберді. Дәнеңе деген жоқ. Қасындағыларға жалтақ-жалтақ қарапады.

— Тағы да сорақсысы бар,— деді Шымбайұлы.

Бұл жолы ешқайсысы да «айт» деп аузын ашқан жоқ. Бірсек агарападаған, бірсек қуараңдаған молдаға қарай беріп отырды.

Бір ыдыстан ас ішкізеді, менікі, сенікі деген болмайды дейді.

— Ойбай, жап аузынды, жел алсын!— деді шыдамай Қожанберді бай.

Соны ғана іздеп отыргандай-ақ, Шымбайұлы алақа-нымен аузын басты.

Отыргандарда ешбір үн жоқ. Бірталай уақытқа дейін ешқайсысы аузын ашпады. Өз сөздерінен өздері шошынғандай болды. Өз дауыстары өздеріне жат көрінеді.

Даладан үсті-басын қаққыштап сықырлап кіріп келген Телпекбай ғана үйдің ішіндегі «тиыштықты» бұзды. Отыргандар иегін көтеріп, бәрі де Телпекбайға қарады. Телпекбайдың подводқа барып, жаңа ғана келіп тұрганы осы еді. Оның артынан «Ойбай қарағым» деп Қожанбердінің әйелі Қамила бәйбіше кірді. Телпекбайдың аман келгендігін көзben көріп онды-солды қарап алғаннан кейін үйдегілер тағы да аз тым-тырыс отырды. Қамила оны-мұны сұрай берді.

— Қарағым, жолға пісіріп алған бауырсағың жетті ме?

— Жетті.

— Қол басындаш шыртылдақ та салғызып ем.

— Жедім.

— Ет те...

— Жедік.

Шымбайұлы манадан бері тек отырган кісі, тамағын кенеп Телпекбайға қарады.

— Жолшыбай не естідің? Не білдің? Большевиктер қайда дейді?

— Большевик келе жатыр дейді ғой. Алыс өмес білем,— деді құңғрлел Телпекбай.

— Қай жерге келгенін біле алмадың ба?.. Жоғары жақтың адамдары Сарыоба болысына біраз большевиктер келіп қалды деп жүр еді ғой, оны естіген жоқсың ба.

— Жоқ, оны естігем жоқ. Алпысбай отряды тура-лы естідім.

— Е, ал, Алпысбай дейсің бе?

— Ие... Қойлыбай түбегінде жатқан бір топ казак-орыстармен атысып, казак-орыстарды жеңіп, қырып-жойып кетіпті дейді. Тұнеугұні осында газет таратып жүрген бір ногай бар еді ғой?!

— Ие, ие...

— Бұрқан мәғзұм ба?— деді Шоқан молда қозгала туспін.

— Соны Алпысбай отряды ұстап алып, жанындағы қаруын сұптырып алып, сойып-сойып қоя беріпті,— дейді.

— Жаяу қоя беріп пе?

— Жаяу, ат-қосшы қазагы аттарымен сол Алпысбайлардың қолында болса керек.

— Қап! Мына құдайдың жазғанына амал болмас. Байғұс неме. Әлгі молла баланы айтам, жақсы бала еді. Осында отырғанда «Мен большевиктерден қорықпаймын!» деп-ақ отыр еді. Масқара болған екен!— деді Қожанберді таңдайын қағып.

— Ол сол бойымен тұрсын. Көбеш пен екі ортадағы қара жолда бір топ казак-орыстарды түнде басып, аттарын, қару-жарактарын алып кетіпті. Казак-орыстардың өздерін қайда қоя бергені белгісіз.

— Ә, бұл бейбақтарды қарай көр. Нысапсыз немелер! Алланың, дін-исламның дүшпаны болғаны ғой. Колчак газеттерінің дүкіментіне қарсылық қой. Бұларды дін-ислам «баби» деп атайды. Яғни бас тартқандар дейді,— деді Шоқан молда.

Ол күні бұлардың ермегі көрген-білгенді өздерінше жору болды.

Ертеңгі күні, Алпысбай отрядының күшейгендігі ар жағында қызыл әскердің бері таман жақындал келе жатқандығы, ауыл-ауылдың барлығына да жайылды. Әр ауылдан подвод тартып барған шаруалар естігенін соқтырып жатты. Тепкі көрген кедей үйлер бұл хабарға қуанды.

— Енді қашан келер екен? Большевиктер аман-есен келсе екен? Айтатын мұңқ көп! — десті өзара жиналысып отырғанда.

Бірі, Шонаидың Ысқағының 16-жылды баласын оқопқа жібергендігі туралы, екінші біреуі, Тұқпат қажының күшпен мал сойып жегендігі туралы айтып, әрқайсысы өздерінің түрліше зәбір көргендігі туралы айтып ол зорлыққа большевиктер жағынан ауыр жаза күтті.

— Олардың жәбір көрсетпейтіндігін қайдан білесіздер? — деді кейбір күдікті немелер.

Бірақ көпшілік, кедей шаруа келе жатқан қызыл өскер жағында болды, олардың тез келуін күтті.

ҚАН

Күн қызарып бәртіп, үясына қарай сырғанай берді. Ұшы-қиыры жоқ көгерген кек күмбездің батыс жағы ерт шалған төрізденіп тұрды.

Айнала жым-жырт.

Қалған тоғайы төрт-бес шақырымға дейін ылди, ойпаң жерде болатын. Бір жағында әбден қар басып қалған көлдің әр жерде селдір-селдір қуарған қамыстары гана басын тербел қояды.

Әлден уақытта кенеттен тарсылдаған дыбыс естіледі. Тиыш жатқан даланы жаңғырықтырды, оның артынан:

— Трат-та-та-та...

У-шу, қиқу...

Бұл не? Әлде қиғаш отырған елді жау басты ма? Әлде қалың кардон ішінде өріп жүрген ақ бандылар ма? Абайсыз жатқан жерінде қызыл өскер келіп қалып, басып алды ма? Әлде...

Мылтық, пулемет үсті-үстіне сатыр-сұтыр етті.

— Бұл не?

Қаладан кіре тартып, подвод әкеле жатқан, тоң жамыла келе жатқан жүргіншілер мылтық, пулемет дауысын естіп, аттарының басын бұрып кейін жүрді.

— Уай, Бекмахамбет қайдасың?

— Е, мен мұнда!

— Е, бұл не?

— Соғыс.

— Айда атынды.

— Болдырған аттар жүре ме?

- Ойбай, жүргіз.
- Эй, ей! Тұра тұрыңдар.
- Шана ауып. Шана ауып қалды.
- Тартыңдар кейін қарай!..

Атқан мылтықтың қаңғырған оғы, мысықтың да-
уысын шығарып, мияулап жүргіншілердің төбесінен
асып, көкке өрледі.

- Ойбай, қырылдық!
- Тек, антүрган!
- Жүр, жүр, жүр!

Жүрмей келе жатқан аттарға қамшы жан жағынан
сарт-сүрт етті. Жүргіншілер өрге қарай кейін жүрді.

- Бұл не екен?
- Большевиктер келіп қалған шығар!
- Бұл қалайша?
- Бұл солайша.
- Жүр, жылдам жүр.
- Е, аттар жүрмей келеді.
- Әрі тарт!

Жауыз, сатынды Салмақбайдың ұстап берушілік «енері», төңкеріс дүшпандарының пайдасына асты. Салмақбай Алпысбай отрядының түстенген, қонған жерлеріне Тұқпат қажының жігіттерін, Самародовтың казак-орыстарын әкеп отырып, ең аяғында Алпысбайдың ізіне анықтап түсті.

Фронт көрген казак-орыстардың амалы асты. Бір легі Алпысбай отрядының артына түсті де, екінші бір легі, елу шамалы казак-орыс Алпысбайдың алдына орай ұмтылды. Сүйтіп келіп, ең аяғында Андреевке по-селкесінен он шақырым жерде, «Қалған» тогайында Алпысбай отрядын бандылар қоршап алып еді.

Алды-артынан қоршай шапқан жаумен қанша ар-
палысса да Алпысбай отрядының әлі кетті. Оқ тау-
сылды.

— Енді қалайда құтылып қараңдар?!— деді жігіт-
терге Тарас Иванович.

Алпысбай отряды жан-жаққа бытырап, әр жерде атысып, жау жоқ жакқа қарай ыға берді.

Тарас, Алпысбай, Жақып үшеуі бірыңғай жүріп,
отрядқа қажыр беруге тырысты. Бірақ кеш еді. Казак-
орыстар қынаптарынан қылыштарын суырып отрядқа араласып кетті. Қолында қаруы жоқ жігіттерді, мыл-
тықты сойыл құсатып кезеніп жүрген жігіттерді қы-
лышпен турақтай берді.

— Но, Алпысбай! Tipi болсақ бірімізді-біріміз көрерміз, қош! — деді қылышын онды-солды сілтеп, Алпысбайға жақындалап келіп, Тарас Иванович. Алпысбайдың көзінен жас ытып шығып кетті. Бірақ есін жиып, дереу атқа қамшы басты. Бірқатар сүрінді, омақатып барып қарға шөгө қалғанда, Алпысбай ұшып түсті. Басын көтеріп тұра беріп еді, сылқ етіп қайта жығылды.

Таңертең жолшыбай жүрген жүргіншілер әр жерде қызыарған қанга бөленип, қырылып жатқан адамдарды көрді.

„ЧОНДА“¹

1923 жыл. Қызыл әскерлердің Бесінші армиясы Колчактың бандыларын алдақашан кеңес жерінен айдаган. Қебі қырылып, жойылып, қалғандары Қытай шекарасынан өткен. Одан бергі болған бандылар көтөрілісі де басылып, банды көтөрілісіне басшылық өткен бай-кулактар тәңкеріс, сотынан жазасын алған кез.

«К» қаласының бір көшесіндегі биік ағаш үйде «Чонның» күзетіне келген бірнеше адамдар «кезекші» бөлмеде кезектерін күттіп әңгіме соғып отырды. Қабырға түсында әдейілеп мылтық қоюға жасалған ағашта, винтовкалар тізбектеліп тұр.

— Ал, соңан соң қайда болдың? — деді тапалтақ қызыл шырайлы бір жас қазақ жігіті, қасында отырған табақ бетті бұжыр қара жігітке.

— Онан соң ба? — деді сөз бастап қара бұжыр жігіт. Андреевке қаласында қызылдарға барып қосылдым. Алдымен қызылдың командирі менің партизан екендігіме наңған жоқ. «Өтірік айтасың» деді. Бірақ мен мұны іс жүзінде анықтадым. Менің қасыма Жақып та келіп қосылды. Қызылдың командирі «Уш күн ішінде Қебешті ал!» деп Жақыпты Қебешке жіберді.

Мен жолмен таныспын. Айса тоғайында қызылдарды Мұсінге өткіздім. Онда Есіл үстінде көпір жоқ еді. Колчактар біздің бір сақшымызды атып түсірді. Мен Колчактың бір бастығын атып түсірдім. Мұсінді бір сөткеде алдық. Таңертең Шоңайда атыстық. Жәнібек мешітінде екі сағат алыстық. Онан кейін Капсотин қаласын алдық. Ақтар «Оразға» бекінді, онда да алыс-

¹ «Чон — часть особого назначения» деген сөз.

тык. Үш сағаттан кейін ақтар шегінді. Бес шана етік, бір шана мылтық, бір шана бөрік біздің қолымызда қалды. Ровлевкеде жарты сағат, Балтевкеде бір сағат алыштық. Балтевкеде көп қырғын болды. Мен Омбыга дейін қызылдармен бірге бардым. Омбыда ауырып, кейін қайттым. Онан ел ішіне барып, ячейке болдық,— деді қара бұжыр жігіт.

— Михайлотовтың лавкесін талау неліктен болды?

Сүйдегенде, бұжыр жігіттің маңдайы қатпарланып, қабагы шытынап қоя берді.

— Ол арадағы кейбіреулердің қараңғылығынан, өз бетімен істегендігінен, аш-жалаңаштықты көтере алмағандығынан шыққан нәрсе. Сонынан, тәңкеріс үшін күрестің маңызын талау деп түсінген ондайларға сот құрдық.

— Жақып қайда қалды?

— Жақып соңғы Қарашекпен базы станциясында өлді.

— Тарас Иванович...

— Ол поляктармен соғысуға кетіпті. Соナン бері хабар жоқ... Енді, міне, сендердің араларында «чон» адамы бол отырмын!— деп қара бұжыр жігіт, қалтасынан алып, 2429 номерлі «Чон» көртішкесін көрсетті де, күлімсірей түсті.

Алпысбайымыз осы еді.

ЖҮН ЖАЙҒАНДА

Бұл — 1915 жылдың июнь айында болған оқиға. Сібірдің бір қаласы. Есіл тасығанда қалған ұсақ-ұсақ қара сулардың суалмаған, құрымаған кезі.

Күн төмен қарай сырғанап, қаладан екі-үш шақырымдай қашық тұрган шойын көпірдің төңірегіндегі тогайдың ішіне қызара бөртіп жасырынып барады.

Дәл осы кезде мойқадагы жүн шайған, жүн жуған, жабагы кептірген, ұлken-ұлken қалтарға жүн, жабагы толтырған қазақ, татары аралас жұмысшылар да жаяу-жалпылап қалаға қарай шұбырып жатты.

Қызы-келіншек... Жас-кәрі... Бала-шаға.... Мойкамен қаланың арасы екі шақырымдай жер еді. Мен өзім сияқты жүн жаюшы көрші жұмысшылардың арасында өкшесі қисық, аяғымды қажаган етікті кендір жіпке байладап, таяқтың басына іліп, иінге салып, алды-артыма жалтақтап, ақсай басып келе жаттым.

У-шү...

Мойқадан былай шыға бергенде-ақ, мойка жұмысшылары арасына шөп тиеп өкеле жатқан шөпшілер де, Есілге кір шайған қатын-қалаштар да, далада жатып мереке құрып келе жатқан сырнай-кернейлі далашибалар да, ат баққан балалар да жолшыбай қосылып аласып кетті.

Ұзактың сары күні шаң-шайырдың арасында жүріп қажыған жұмысшыларға (мойкашыларға) бұл бір дагдылы жұбаныш, көңілашар кешкі бір керініс еді.

— Қарақас, қосылып жырлап бақ әлі,— деді бір жұмысшы татар қасында келе жатқан тапалтаң, қараторы татар әйеліне. Сүйдегенше болған жоқ.

— Ал Қарақас, жырла! Жырла! — десіп алды-артымыздың тұнжырап, иығы төмен салбырап келе жатқан әйел-еркегі аралас жұмысшылар да манағы өйелдің маңына ііріле қалып.

Қарақас отыздарға келген, нақырустау, есі аздау, жеңіл мінезді, бір жесір әйел еді.

— Қойығызышы, иырламаймын, қарын ашты әлі. Нан бергіз иырлаймын,— деді сыйқылықтай түсіп Қарақас.

Бұл байғұс әйелді кім көрінген мазақ қыла беретін.

— Нанды жырлап алып же,— деді менің қасымда келе жатқан Домбай деген бала.

Қара жолдың бір жақ жиегіндегі далашылар гармонь даусын үзбестен, қалага жеткенше тартып келеді. Кебі мас.

Күн тогайдың артына жасырынды. Биік жардың үстіндегі қаланың көшелері шапақтың сәулесі түсіп қызырлып, кейбір әйнектер жалынданып, шоқтай бол жайнап тұр.

Әлден уақытта Қарақастың жырлаган даусы шықты.

Сам саманат келген шақта,
Капказ меркәз нол бирә,
Біз сияқты нетімлергә,
Құдай өзі жөн бирә,—

деп қойды Қарақас.

— Атаңның басы құдай береді. Ұзақ сары күнге жұмыс істеп, қап түйгіштеп алғаның 75-ақ тиын. Берер саған! — деп қойды сырт жақтан бір жұмысшы.

Бергіз нанығызыны! — деді Қарақас, біраз жырлап алып. Нан берген ешкім жоқ. Өйткені ешқайсысының да тاماқ салатын дорбасында нан жоқ, құлдырап тұр еді.

— Е-е-е... Қарын ашты... Бұғінгі алған 40 тиынға нан аласы бар әлі,— деп Қарақас топтың ортасынан жырылып қалага қарай зымырай жөнелді.

Қыран-топан күлкі.

Қала жақын... Төбесін шырмал, көшкен бұлтқа ұсап тұрған паровой тиірмендердің ұзын-ұзын мұржасынан шыққан тұтін тұман сияқтанады.

Сонау дөңесте мөңіреп, азан-қазан бол, қаланы бастарына көтеріп, қаланың табаны да көрінді...

— Қарақас қалага бәрімізден бұрын кірді,— деді Домбай.

Мен жас бала едім. Маған мойканың бір жұмысынан бір жұмысы қын көрінді. Сол кезде мойка үшеу еді. Олардың аттары: «Қажы мойкасы», «Ахметжан бай мойкасы» және «Орыс мойкасы» делінетін. Мен Қажы мойкасында едім. Далаға жайған жұннің бір жақ бетін құн қызыу кептіргеннен кейін, жұнді бастан асыра лақтырып, аударыстыра бастаған кезіміз еді. Байдың приказщиғі қолымнан жетелеп алыш, мені бақауыздың ішінде қапқа жұн толтырып жатқан жұмысшылардың арасына өкелді.

— Анау бақауыздың бұрышында төбеге тиеп тұрған жұнгеге мініп, бері қарай құлата бер, мынау қыз-қатындар арбага жығылта берсін. Ақына жалғасы 10 тының өсіреміз... Қане, болыңдар! — деді.

Үш-төрт бала жығыла-сүріне жоғарыға міндік. Шаң-топырақ шайырдың сасық иісі...

Жұмысшылар әбден ентігіп шаршаған кеаде, түс ауа, түскі тамаққа шақырған керней даусы құлаққа естіледі.

Әрқайсысы істеген ісін тастай сала, барапқа қарай жүгірді. Үш төрт бала біз-дағы жұн төбесінен төмен қарай домаладык.

— Қарақас, Қарақас!..

— Әу-ү-ү...

— Айда баракке... Нан ашыйбыз... Нан!..

Дауыс шыққан жаққа мойнымды бұрсам, бірнеше татар қатындары барактың алдындағы қырық шелектің үлкен көк бөшкенің маңында беті-қолдарын жуып жатыр.

Қатындар қараган жаққа мен де қарадым.

Еңгезердей былшық сары, байдың приказщиғі, жұмысшылардың үстінен бақылап тұратын дәберней, бақауыздың сыртында Қарақасты жібермей қолынан бақауызға қарай тартады. Қарақас біресе тұра келіп шіреніп, біресе жерге аунап дәбернейдің ыңғайына бармайды.

— Жібер... Жібер. Қажы абзыйга айтам...

— Ыш-ыш! ...Бұғінгі ақынды арыттырамыз... Біз жыбырлаган барак үйлердің ішіне кіріп кеттік.

Жұмысшылар тамақтанды.

Тағы да керней. Барактағылар асып-сасып әркайсысы өз жұмыстарына қарай шұбырды. Біз таңтертең бір жерде болған уш-төрт бала бәрінен де бұрын бақауызға жүгіріп келдік. Жоғарғы жұннің төбесіне мін-

гендей болған жоқ, бір бұрышта жүн өзінен-өзі қыбырлап сілкініп, дәбернай жігіттің басы жұннің арасынан қылтиып көрінә қалды.

Біз бір-бірімізге қарадық.

— Айда, бұл жерден енді кетіндер, мұнда жұмыс бітті... Жұн жаятын жерге барындар! Жылдам!

Дәбернайдың сүйткен дауысына жоғарыдан дома-лап түсіп, секіріп бақауыздан шыға жөнелдік.

— Мұнда неғып жатыр екен? — деді Домбай.

— Арақ ішіп жатқан шығар, — деді бір бала.

— Сен білесің бе?

— Білмеймін...

Күн дағдылды ұясына қарай сырғып барады. Тағы да кеш. Тағы да күндік ақыны үлестіретін дәбернайдың алды.

Қолдарына бір-бір жапырақ қағаз ұстаган мойка жұмысшылары қатарға тұрып, өз кезегімен күміс-бақыр аралас ақшаны сылдырлатып алғып жатыр. Ақшаның көбі бақыр, бір күміс тисе, ол бір қуаныш.

Күндік ақы алушылар ақыларын алғып, азайып келе жатқан кездे, өлдекімді балағаттаган дәбернайдың даусы шықты.

— Сен бұғін жұмысты аз істедің.

— Нигә?.. Нигә!.. син өзің бит... өзің бит...

— Мә, тағы да 5 тыын.

— Жоқ... жоқ алмаймын...

— Неге?

— Миңа бір сом дедің...

— Не үшін?

— Өзің устерәп жібермудәң иш. Бир сом бирәм диден.

Ілгері ұмтылып барып қарасақ, жанжалдасып жатқан Қарақас екен. Дәбернайдың қасына омыраулап барып қалған жерде дәбернай кеудесінен итеріп жіберіп, Қарақасты шалқасынан түсірді.

Қарақас өкіріп тұрып жылады. Біреу аяйды, біреу қүледі...

Бұғін жұмыстан өте кеш босандық. Қас қарайып барады. Жұмысшылар күндеғісіндей жаяу-жалпылап, қалага қарай шұбырды. Мойканың бір жағындағы екінші, үшінші қара суға дейін барақта жападан жалғыз жылап қалған Қарақастың дауысы естіліп тұрды. Мен ол күні 10 тыын артық алдым. Жап-жаңа 10 тыындық күміс еді.

ТҮНГІ КӨБЕЛЕК

(Талпынып жарыққа шыға алмаған әйел)

Жаз...

Июнь, июль айларының кезі...

«Жылымдының маңайы қаптаған қалың ел. Бір ауыл мен екінші, үшінші ауылдардың арасы жарты шақырым, ең алысы бір шақырым шамасында.

Сонау күн шығыс жақ ұшы-қыры жоқ кең дала-ның арғы бетінде, кейде сағым көтерген көшкен бұлт сияқты бол, кейде мұнартып, тұтінденіп, өртеніп, уыс-танып қалың орман сияқты бол Жамантау жалғыз көрінеді.

Бір жақ бетің — бірталай жерге дейін сұлап жат-кан дала, бір жақ бетің — бірталай жерге дейін селдір шоқ. Арманырақ көз жүгіртсең қалың орман етектеніп отырып күн батыс жақ, солтустік жақ белдеуге қарай тартады. Жердің өні бүйраланып, жиектеніп тұрган аппақ селеудің көптігінен, күздігүнгі бүркырау сияқ-танып елестейді. «Жылымдының» жиегі қалың көк ала қамыс, суы дәл ортасында айнадай бол жарқырап жатыр. Аспандагы бұлттар көлдің бетінде жүзіп жүр-ген сияқты. Күн көл бетінде күлімсіреп тұрган сұлу қызыға үқсайды.

Анда-санда мұнды даусы жүрегінді тіліп жіберген-дей сыңылдап, ұшып-конып жүрген шағалалар да кө-рінеді.

Жаздың әдемі кездерінде Жылымды жағасындағы дөңеске шығып, тамаша қылып отырсаң — маңайдагы жаратылыстың күндізгі бір көркі осындаі еді.

Біз, елге тыныска барған, Қөпен екеуіміз, тұс ауа сол Жылымдының жағасында дөңестеу бір жерде шал-қамыздан түсіп жатыр едік. Қөпен әлгідей болмай шо-қыып отыра қалып, ауыр күрсінді.

— Е, не қылды? Қатының өлді ме? — дедім.

— Қайдағы қатын? Менде қатын бар ма? — деді. Әшейін бірдеме есіме түсе қалды... Бұл надан адамдардың өзі жастықтың қадырын білмейді екен-ау! — деп жан-жағына қаранып алды.

Мен де басымды көтердім.

— Мен саған, азғантай болса да, бір әңгіме ай-тайын ба?.. Тыңдайсың ба? — деді Қөпен.

— Е, айт. Тыңдайын! — деп, мен-дағы Қөпеннің қасына таман жанбастап қисая кеттім.

Көпен әңгімесін бастап жүре берді.

— Эне!.. Оңтүстік жақ даланың бір бетінде Жылымдыдан бір-екі шақырым қашығырақ қараша үйлері аралас Жағалбай ауылы отыр. Ол — маған көптен таңыс ауыл. Жас кезімде мен сол ауылдың молласынан оқығам. Сол ауылдағы Сағындықтың үйінде жатқам. Онда, менің әкем тірі еді, мені аямады. Шыбығынан кедей балаларының қаны тамған Бектас дейтін моллаға оқуға берді. Менімен бірге Сағындықтың қызы Айғаным да оқыды. Айғаным есіме түскенде молланы ұмыта кетемін.

Міне, мен молланы ұмыттым...

Мен ауыл арқылы Айғанымды кездестірдем. Ол кезде мен қандай жас болсам, Айғаным да сондай жас еді. Әрі кедей, әрі жетім болсаң, жасыңда не көрмейсің? Әкем мені барлығынан оқытпаған жоқ, кедей еді. Бір жағынан, мен Сағындықтың үйінде жатып оқу оқысам, екінші жағынан, мен Сағындықтың қойын бақтым. Егін уақытында егін басында болдым, шеп шабыстым, машинаға отырдым, ат айдадым... Еңбек менікі, істеген ісім Сағындық үйінікі болды.

Мен осы еңбегіммен оқу оқыдым. Мұның бірі де менің қөnlімді өсірмәді. Бері келе мен мұны қаперіме де алмайтын боп кеттім. Өйткені, Айғаным маған жұбаныш болды. Айғаным екеуміз кәдімгідей сырлас болдық. Сол ауылда мәні атайтын, менің жүрегіме жылы сез тигізетін Айғаным ғана еді десем қалай өтірікші болар ма екем?!

Кейде сабагымды білмей жылап, кейде Сағындықтың боктығын естіп, үйдің сыртына шығып, әке-шешемді, өткен күндерімді ойлад мұңдайып отырсам, жалғыз Айғаным ғана жүгіріп келіп:

— Қөпеш!.. Неге бүйтіп отырсың? Біздің ағам тіпті өрескел кетеді... әлде молланың манағы ұрганына жылап отырсың ба?.. Ағамдар үйде жоқ. Жүр ендеше, сабадан қымыз құйып ішайік,— дейтін еді.

Міне, мені Айғанымның өзі де, сөзі де сейтіп жұбататын. Мен кім? Мен бір малай, қойши. Айғаным кім?.. Ол ма? Ол — Сағындықтың қызы, байдың еркесі. Ол мені неге аяйды? Ол неге әке-шешесі сияқты тас бауыр емес? Әлде мені аяу үшін ғана туған Айғаным ба?!. Сен мені ертегі айтып отыр гой дейтін шығар-

сың?.. Мен саган ертегі айтпаймын. Мен Айғанымды айтамын. Ертегінің жын-перісі, сұлуы, ханы, алтын саралы менің Айғанымым тұрғанда адыра қалсын!.. Шырағым, мен басымдағы қалпағыммен, үстімдегі жұқа пальтоммен, аяғымдағы бәтепкеммен көктен түсе қалған Көпен емес едім. Дауым жоқ сен де солай шығарсың... Тыңда!.. 1920 жылдың февраль кезі. Қыс. Далаға шықсаң, кешегі жайлау есіңден шығады. Сықырланған қар, сидаңдаған қыстаудың ағаштары, қар басқан қыстаудың үйлері!.. Кешегі бар деп жүрген тамықты еске түсіреді.

Төрт-бес жыл дәмдес болған ауылды тастап, үйге кетейін деп жүрген кезім. Әкем науқас боп төсекке жатып қалғандықтан, шешем қалаға қатынап тұрған ауыл адамдарының біреуіне: «Баламды әкеп тастаңдар. Әкесі науқас. Мен өзім кісі үйінің шаруасында жүрмін» деген екен. Айғанымды тастап кетемін деген ойым жоқ болса да, үй ішімнің анадай күйі мені екі оттың ортасына салды. Бірақ іш жаққа көңілім ауа берді. Ойлап болып, «қайтамын» деуге бел байладым.

Қалаға жүретін күннен үш күн бұрын ауылдағы Томпақбай дейтіннің үйінде қатыны жас босанып, шілдеханасымақ бірдене болды. Айғаным екеуміз сонда болдың.

Шілдеханың жайын өзің білесің гой. Ойнадық. Өлең айттық. Баяғыда Қоянды ауылында болған Нұркей ақынның бір ауыз өлеңі менің аузымнан түспейтін. Қай жерде өлең айтуда кезек келсе:

Дәл тоқсанға келгенде торгайдайсын.
Көшкенде өз атынды зорға айдайсын.
Қатын-балаң тілінді алмаган соң,
Күл сабап, ат басында ойбайлайсын,

дей беретін ем. Мұнда да соны айтып, отырган жүрт қыран-топан болды. Мұны маған Тепеңнің үйіндегі әжем үйретіп еді.

Сол күнгі шілдехана ойын-сауықпен, жаңа дүниеге шыққан сәбидің қуанышты кеші тәрізденіп өте шықты. Бұл шілдехана менің ауылдағы көрген шілдеханамның ең соңғысы еді. Ертең жүремін, кешке таман, Айғаным екеуміз РАЗИЯНЫҢ үйінде отырып көп сөйлестік. Айғанымның сенімді сырласы РАЗИЯ ГАНА еді. Сол күні кешке РАЗИЯНЫҢ күйеуі маңайдағы орыс поселкесіне кетіп, содан қайтқан жоқ еді. Үй оңаша болды. Менің РАЗИЯГА айтқан сондағы сөзім мынау еді:

— Менің де, Айғанымның да сырын өзің білесің. Мен болсам жиырма-жиырма бірдемін. Айғаным болса, он жеті он сегізге келіп қалды. Әлі ешкімге отастырган жоқ... Мұндай қыздың көбі осы күні басына кимешек салып, әлди қағып отыр. Біздің баяғыдан бері сырлас екенімізді өзің білесің... Мен бұл сырымды сенен басқа біреуге айтсам, ол маган: «Сары майдан дәметкен кеуден құрсын» дер еді. Неге? Әрине, баяғыдан бергі ата құрпымен қараганда, мен Айғанымға тен өмеспін. Менің мындаған қой, жуздеген жылқым жоқ. Қыз айттырып, қалың мал беру түгілі, ішкен асқа да, киген киімге де әрең жарып отырган адамбыз. Әкем науқастаңып жатыр. Шешем қала байының үй ішіндегі күң бол жүр. Мен болсам төрт-бес жылдан бері қарай кісі есігінде жатып оқу оқып, әрі малайлықта жүріп енді, міне, үйіме кетейін деп отырмын. Менің қалага барып не боларым белгісіз. Сол сияқты Айғанымның да мұнда қалып не болары белгісіз. Мінекей, Айғаным қасымызда отыр гой, өзіңің ойын айтсын. Кім біледі, әлдеқандай байдың баласы ауызға алыш, иемденіп отыр ма?.. Күн белгілеп, екі ортага жеңеше жүргізгелі отыр ма?..

Мен осы сөзді бастай бергенімде, Айғаным шынтағымен түртіп қалып:

— Қойши әрмен! Мен малға сатыламын деп отырмын ба. Әуелі ағамның алдынан өтейік. Оナン өнімді ештеңе шықпаса, қаладан төрт-бес жігіт әкеліп, мені алыш кет. Мен дайынмын! — деді. Айғаным бұл сөзді оп-оцай айтты. Бірақ менің үшін бұл оцай көрінбеді. Сағындықтың мені маңайына жолатпайтынын білемін гой, әйтсе де, Айғанымның бұл сөзіне қуандандай болдым. Қуандым. Разия өз басындағы бұрынғы жетімдік, кедейлік, малға сатылғандық мұнын айтыш келіп:

— Байлықлен адамның өмірін сатып алу қыын гой. Жастық әр адамға бірдей. Ақ батадан қорқып қырық-елуге келген адамға он төрт жасымыздан күйеуге шығып отырмыз. Байдың баласына барып қарық бол отырган қазақтың әйелі жоқ. Бір-бірінде көңілдерің болған соң, қамығудың не жөні бар? Үәделесіп, құдайға тапсырып қойындар. Еркемнің (Айғанымның), бұдан былай қарай да сырлас, мұндас бол, теңіне, сүйгегініне қосылғанына тілекtes бола жатармыз. Ер жігіттің

қолынан не келмейді. Тәнір жазса, бір күндеңгідей болмас. Әуелі құдай, екінші мен куә!— деді.

Соңғы тұн, соңғы тұндегі сыр сол бойынша түйінде-ліп қалып отырды.

Мен қалаға жүрдім.

Жиырма бір, жиырма екінші жылдар өтті. Жиырма үшінші жыл келді. Мен есейдім. Өзімдей адамдардың қатарына кірдім, оқу оқыдым. Дүниені таныдым, кім дос, кім қас екенін айырдым. Сүйтіп жүріп үкімет міндетін артып, бір кезде ел аралауға шықтым.

Жаз еді...

Баяғы мен көрген ауылдар, жерлер көзімнің алдынан өте берді. Әрбір жайқалған ағаш, қимылдаған шөп-шөлек, көгерген дала, ұшқан құс, жайылған мал енді не болар екен деген секілденіп жым-жырт бол алдынан өтіп жатыр. Күн жымияды, кейде ұсақ бұлттар бүркене қойып жасырынады, ұялған іспетті болады...

Даланың әдемі қош иісі мұрнымды жарып, көnlімді өсіріп, жүрегімді тулатып әкетіп барады...

Біз ел арапап болыс-болыста жиылыш өткізгелі келе жатқан уш кісі едік. Үшеуіміз де бір арбадамыз.

Ел онда қыстаудан алыстап, жайлауға бет түзеп отыр еді. Жағалбай ауылынан төрт-бес шақырым бері бір ауылға күн бата келіп түсе кеттік. Таныс ауыл адамдары бала-шаға барлығы менің маңайыма жиылышп, қасымдағы жолдастарға менің бұрынғы күндерімді, жас кезімдегі мінездерімді, өздерінің баласындағы болғандығымды айтып түсіндіріп жатыр. Әсіресе, мұны сол кезде тірі кәрі-құртаңдар-ақ әлсін-әлсін айтып қоймайды. Кейбір қызыу келіншектер:

— Көпен орыс бол кетіпті гой, бетім шіркін-ау. Екі жақ шабындағы (галефе шалбарды көріп) есектің құлағына ұсал қоқырайып тұрган неменесі?— десіп біздің үстіміздегі киімдерімізге мін тағып, таңырқап, бірін-бірі шымшып қалып, сыйыр-кубір етіп тұрды. Бұлардан Айғанымды сұрасам қайтер екен? Қой! Әзір сырымды білдірмейін, ауыл арасының өсегі көп болатын деп, бір ойлап қойдым.

Жүрегім лүпілдеп, көnlім ұшып тұр. Айғаным сенің келе жатқаныңды білді... Үйдің сыртына шығып, сені күтіп, телміріп қарап тұр.

Ол сені сағынды, Айғаным осы күні тал шыбықтай бұралып, бота көзі жаудырап, қасы қылышп, қара шашы толқынданып, шолпысын сұлдырлатып кіріп-ши-

тып дамыл таппай жүр... Бар жылдам, бар, үш! — дейтін сияқты.

Біз отырган үйге ауыл адамдары жиналыш келеді. Бір уақытта бір-екі адаммен Сагындық кіріп келді. Мен аңқия қалдым... Сәлем бердік, қол ұстастық. Сагындық менің қасыма таман келіп отыра кетті. Сагындықтың әрі-беріден соң сұрағаны — сайлау болды.

— Сайлауға келген шығарсың? Қашан басталауды? — деді. Біраз отырганнан кейін, ымдаپ мені далага шақырып әкетті.

Айғаным туралы бірдеңемізді біліп қойды ма екен деп, шыға беріп, ойланып келемін. Жүргерім дүрсіл қағып қоя берді. Бірақ Сагындық ол туралы ештеңе айтпады. Оның айтқаны басқа болды.

Өзінің осы сайлаудан үміті барлығын, әрі асса — болыстықтан, бері келсе — ауылнайлықтан дәмелі бол жүргендігін айтты. Бірақ бұл маған жұбаныш болмады. Үққаным жоқ, тек, «ие» дей бердім. Бұл келгенде, біздің ниетіміз сайлау өткізу емес, сайлау алдынан кедейлерге түсінік беру, жиылыштар өткізу екендігін айтЫП, қысқаша түсіндіріп өттім. Сагындық менің мұнымды жөндең тыңдаған да жоқ, қолындағы салт қамшымен жұн шекпенінің етегін қаққылай беріп:

— Өзімізде өскен бала едің. Заман болса мынандай болды. Осы күнгі закүн қит етсең-ақ, боржайсың дейді. Оған еріп көн етігі етіне қатқан кедейлердагы тәбемізге шығып барады. Тұнеугұні Айғанымды берген жерден пәлән мал алды, қызын малға сатты деп, сол кедейлердің біреуі мені сотқа мәлімдепті. Ел аралап жүрген сот ертеңен арғы күні біздің ауылға келсе керек, — деп қоя берді.

Оне бойым шымырлап, ыстықты-суықты бол кетті. Не айтарымды білмедім. Ішімнен: «Ендеشه, жаның шықсын, ендеشه, жаның шықсын,» — дей бердім.

Сагындық тағы да сөйлей бастап еді, бірақ мен оны тыңдай алмадым. Сөзі құлағыма кірмеді. Бар қайратымды бойыма жинап алып, білдірмestей бол:

— Қайырлы болсын... Айғанымды құтты жеріне қондырыпсыз. Қай ауылда? Кімге? — дедім.

Менің мұны сұрағандағы ойым не де болса Айғанымды бір көру еді. Сагындық бұл туралы маған жөнді жауап бермеді. Эйтсе де, Айғанымды алған Қоянды аулындағы Сарбастың он екі жасар баласы Әбділда екендігін білдім.

Сағындықпен көп сөйлесуге орын қалмады. Оның ендігі әңгімесін сайлау туралы дәмесін менің тыңдағым да келмеді. Қош айтысып айырылысып кеттік.

Бұл ауылда бір түн қондық. Мен сұрамасам да ауылдың қыз-келіншектері Айғаным туралы хабарды маған түгендеп айтты.

Айғанымның ұзатқан жерінен жаяу қаша жөнеліп, қара суға түсіп өлемін дегендегісін, әке-шешесінің үйінде науқас боп жатқандағысын, кейбір мыстап кемпірлердің дуа қыламыз десіп әлдеқандай ішірткелер бергендердің, «екі жасқа маҳабbat бер» деп дүмше молдалардың Айғанымға дем салғандағысын — бірін де калдырган жоқ, ауыл жастары маған айтты.

Ең аяғында:

— Тере болдың ғой, Айғанымның көз жасына қалма, Әbdілданың тепкісінде шірітпе. Әbdілда ұрып-соғып күн көрсетпегеннен кейін, Айғаным бір күні ожаумен қойып қалып, Әbdілданың басын жарыпты. Енді қайтсін... Алып кет шырағым! — десіп маған ақыл берді.

Мен қайткен күнде де Айғанымды көруге бел байладым. Ол ауыл біз жиылдың өткізуге баратын жолдың устінде еді. Тұс ауа сол ауылға беттедік.

Қас қарайып, ымырт жамылдып барады. Келе жатқан жолымыз — қалың ағаштың іші. Қояндыға екі шақырым ғана жер қалды. Айғанымның ауылына жақындап келеміз...

Маңайымыздан бір салт атты адам біз келгэн жаққа қарай жортып өте берді.

— Ай, тоқтай тұр! Сен кімсің?...

— Мен мынау ауылдың адамымын.

— Мынау ауылың, қай ауыл?

— Қоянды ауылы.

— Е, жол болсын.

— Эли болсын. Тәменгі ауылга қаладан сайлаушылар келіпті деп еді, соны білгелі бара жатырмын.

— Сайлауши дегендерің, міне, біз боламыз, бармай-ақ қой. Қане, ауылыңа қарай алып жүр.

Тұндіктегі сәуле, жер ошақтағы от, абалаган ит, мал айдаған қатын-қалаш дауысы дәл алдымыздан шықты.

Тура Сарыбастың үйінің алдына келіп, арбадан түсіп, үсті-басымыздың шаңын қағып жаттық. Іздеген көзім, жер ошақтың басындағы сүт пісіріп, шымшыурымен тезек қаққылаپ отырған, Айғанымға түсті. Тұ-

ра қалдым. Қасына жетіп баруга үйден шығып келе жатқан адамдардан тартындым. Жолдастарыммен үйге келіп кірдім. Үйдің ішімен түгел танысып алдық. Айғанымды әперген Сарыбастың баласы Әбділданы да көрдім. Ілбиген көзді, тыртиған бетті, аузы көнтекті, аяғына екі түрлі: бірі сары, бірі қара бастама етік киген, басында ескі елтірі бөрік, устінде қысқа ногайша камзол, белін қыл арқанмен буынған. Амандасу жок, Сарыбасқа қарап, мұрнының bogы жылтырап:

— Құла айғыр, арам қатқыр неме. Кардонның сыртына шығып кетіпті, әрең тауып алдық,— деп үйдегі оттың басына шоқысып отыра кетті.

Біз шай ішіп болғанша, Айғаным үйге кірмеді. Үйдің сыртында сыйбыр-күбір естіледі, шолпы сылдырлайды.

Әлден уақытта далага шықтық. Айғаным баяғы жер ошақтың басында, қасында тағы да бір-екі келіншек отыр. От жалындаш шалқиды. Тұнгі көбелектер қазан төңірегінде шыр айналып жүр.

— Бар сейлес, не қылар дейсің. Екеуің келіссендер, біз жауап алыш, бүгін таң алдынан, не қазір жүріп кеттін болайық!— десіп жолдастарым болмады.

Не болса да болар, көріп, сейлесіп байқайын деп, жер ошаққа жақындаш, Айғанымның қасына отыра кеттім. Байқасам, Айғаным жылап отыр екен. Мен барған соң-ақ басындағы кимешегінің құйрығымен көзін сүрте берді. Қасындағы екі жас келіншек те менімен амандастып, ақырын жылдысып жүре берді.

— Неге жылайсың?... Біз екеуіміз де айыпты емес. Менің естігөнім рас болса, сенің басыңа қыыншылық күндер туған көрінеді. Мен өлі де болса сол уәдемдемін. Сенің не айтарыңды білмеймін. Сені әдейі көрейін деп келдім,— дедім.

Айғаным жылады. Қезінің жасы бүртіктеніп, отпен бірге жылтырап, иегінен ағып, жерге түсіп жоқ болды. Өні жүдеу. Аяғында жалаң аяқ киген ескі кебіс. Устінде түте-түте қызыл көйлек, басында кірлі кимешек.

— Осында келгелі тепкіден басым шіритін... Ағам мен апам еріксіз берді... Өлмекші де болдым. Тас түсін жеріне ауыр емес пе, қайын енемді қимаймын, мен кетем десем жылайды. Қарғыстан қорқамын. Өзің білесің... деп Айғаным қезінің жасын сүрте берді.

Мен үндемедім. Не амал қыларымды білмедім.

От біресе лапылдан жаңып, біресе сөніп, қараңғы-

ланып тұрды. Қазанды шыр айналған түнгі көбелектер біресе көзге көрініп, біресе жоғалып кетіп тұрды.

Аспандағы айды бір қара бұлт қоршап алып, жасырып, жұлдыздар жесір қалған секілденіп, көзін жұмып қалып, ашып жымыңдасып тұрды...

— Негып отырсың, атаңа нәлет! Үйге кір! Сүтті апама бер!— деп зекіп қоя берген Әбділданың даусынан екеуміз де сескеніп кетіп, ұшып тұра келдік.

Амандастып айырылыстық.

Мен соナン кейін Айғанымды көре алмадым. Осы күні оның не болғанын білмеймін.

Көпен әңгімесін бітіріп, тағы да күрсінді.

— Осыған күрсіндің бе?— дедім.

— Иә... Сенің түнде далага от жағып, жер ошақтың басында отырганың бар ма?— деді.

— Ал, иә. Онан соң?— дедім.

— Отты шыр айналып ұшып жүрген түнгі көбелектерді көрген шығарсың?...

— Иә....?

— Айғаным сол түнгі көбелек сияқты болды. Надандық — дүлей қатын тәрізді рой. Айғаным түн жамылған түнгі көбелек тәрізді, жарық сәуле іздейді. Ол талпынып, сәуле іздеп, қараңғы түннен жарыққа шықпақшы еди. Бірақ ол болмады. Түн оның еңсесінен басты.

Жалындаған от маңайында шыр айналып жүрген түнгі көбелектерді көрсем, менің есіме Айғаным түседі!— деді.

МАЗМУНЫ

Қызылжар. Роман	3
Партизандар. Повесть	169
Жұн жайғанда. Әңгіме	218
Түнгі көбелек. Әңгіме	222

МАЖИТ ДАУЛЕТБАЕВ

КРАСНЫЙ ЯР

Роман, повесть, сказы

(На казахском языке)

Редактор *Т. Тлеуханов.*

Художник *Т. Мухагов.*

Художественный редактор *Б. Машрапов.*

Технический редактор *Б. Карабаева.*

Корректор *У. Иманбаева.*

Сдано в набор 30/I-76 г. Подписано к печати 23/VI-76 г.
Бумага № 2. Формат 84×108 $\frac{1}{3}$.—7.25 п. л.—12,18 усл. п. л.
(11,82 уч.-изд. л.). Тираж 60 000 экз. Цена 49 коп. УГ03054.

Издательство «Казушы», г. Алма-Ата,
проспект Коммунистический, 105.

Заказ № 984. Набрано на Фабрике книги, отпечатано в
Полиграфкомбинате производственного объединения по-
лиграфических предприятий «Кітап» Государственного
комитета Совета Министров Казахской ССР по делам из-
дательства, полиграфии и книжной торговли, 480002,
г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.

41-беттегі сілтеме: «Панисламизм» — бұқіл жер жүзіндегі мұсылмандарды бір мемлекетке біріктіруді уағыздайтын діни, реакциялық-саяси әдеми болып оқылады.